

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЖУРНАЛИСТИКА – 5В050400

БАСПА ІСІ – 5В0042200

ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН БАЙЛАНЫС – 5В051400
СЕРИЯСЫ

2 (30) 2011

2011
“ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ”

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Ғылыми редактор:

Е. О. Алауханов,

заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР ЖОО үздік оқытушысы;

Ғылыми редактордың орынбасары:

С.М. Медеубек,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері;

Қазақша мәтіндердің жауапты редакторы:

Бақыт Әсембаева,

аға оқытушы;

Орысша мәтіндердің жауапты редакторы:

Светлана Велитченко,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Ағылшынша мәтіндердің жауапты редакторы:

Азел Жәнібек

докторант PhD;

Безенші:

Қойшыбек МУБАРАК

аға оқытушы;

Теруші –қалыптаушы:

Перизат Тасполатова

маман

ЖУРНАЛ МЫНАДАЙ КІТАПХАНАЛАРҒА ТАРАТЫЛАДЫ:

1. ҚР Президент Аппаратының кітапханасы
2. ҚР Орталық ғылыми кітапханасы
3. Астана қаласының Академиялық кітапханасы
4. ҚР Ұлттық кітапханасы
5. Л.Н.Гумилев атындағы Евразия университетінің кітапханасы
6. Өзірбайжанның Ұлттық кітапханасы
7. Тәжік мемлекеттік университетінің кітапханасы
8. Өзбек Республикасының Ұлттық ғылым академиялық кітапханасы
9. М.Ұлықбек атындағы Өзбек Ұлттық университетінің кітапханасы
10. Қырғыз Республикасының Ұлттық ғылым академиялық кітапханасы
11. М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу университетінің кітапханасы
12. Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің Ғылыми кітапханасы
13. Новосибирск мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы
14. Томск мемлекеттік университетінің кітапханасы
15. Ғ.Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы
16. Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік ғылыми кітапханасы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

А.-Х. Мархабаев – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ЖОО үздік оқытушысы;
С.Қ. Қозыбаев – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ЖОО үздік оқытушысы;
Ш.Ы. Нұрғожина – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ЖОО үздік оқытушысы;
К.К.Қамзин – филология ғылымдарының докторы, доцент, ҚР ЖОО үздік оқытушысы;
Л.С.Ахметова – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ЖОО үздік оқытушысы;
С.Х.Барлыбаева – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ЖОО үздік оқытушысы;
Г.С. Сұлтанбаева – саяси ғылымдарының докторы, доцент, ҚР ЖОО үздік оқытушысы;
Е.И.Дудинова – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚР ЖОО үздік оқытушысы;
А.В.Рожков – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚР ЖОО үздік оқытушысы;

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Ж. Бекболатұлы – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері.
Ш.Р.Елеукенов – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты;
Ә.С.Қалмырзаев – философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері;
Ә.Ы. Ыдырысов – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері;
В.И. Жумагулова – филология ғылымдарының докторы, профессор;
Ф. Муминов – филология ғылымдарының докторы, профессор, (Өзбекстан);
К.Т. Ирнараров – тарих ғылымдарының докторы, профессор, (Өзбекстан);
В.М. Халилов – филология ғылымдарының докторы, профессор, (Қырғыз Республикасы);
Т. Жапаров – филология ғылымдарының докторы, профессор, (Әзірбайжан);
К.В. Эрлих – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (Германия, Гамбург);
Н.О. Омашев – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері (Астана);
Қ.М. Аллаберген – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ЖОО үздік оқытушысы (Павлодар);
Қ. Ерғобек – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ЖОО үздік оқытушысы (Түркістан);
С. Б. Матаев – Қазақстан Журналистер одағының төрағасы;
Ж.О. Кенжалин – «Қазақ газеттері» АҚ Президенті; саяси ғылымдарының кандидаты,
Б.Ө. Жақып – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ЖОО үздік оқытушысы, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты;
Е.Қ. Бекхожин – ҚР Президенті ТРК-нің Президенті;
Ж. Қорғасбек – «Жас өркен» АҚ Президенті, ҚР Мәдениет қайраткері;
Н. Жүсіп – «Айқын» газетінің Бас редакторы, ҚР Мәдениет қайраткері;
Б. Әшірбаев – «Заң» газетінің Бас редакторы, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты;
А.Т. Мухамбедьярова – «Юридическая газета»-ның Бас редакторы, саяси ғылымдарының докторы;

БҰЛ САНДА:

ПРОФЕССОР ТАУМАН АМАНДОСОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

Кәкен Қамзин, Деканымның жезде екенін сол кезде білсемші...	9
Сағатбек Медеубекұлы, Аузы дуалы абыз Амандосов...	12
Бақыт Әсембаева, «Қалдырған ізің мәңгілік...»	16

ҚАЗАҚ РАДИОСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

Қосылған Әбжанұлы, Радиожурналистиканың шеберлік сырлары	20
Жидегүл Әбдіжәділқызы, Ұлт ұнжариясының келешегіне керек мәселелер	23
Светлана Велитченко, На волне моей юности	26
Лариса Нода, Мое радио	29

«АҚИҚАТ» ЖУРНАЛЫНЫҢ ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

М.Б.Салқынбаев, «Ақиқат» – ғасыр шежіресі	34
Жұмабек Кенжалин, Дәстүр сабақтастығын сақтадық	39
Талас Омарбеков, «Ақиқат» қалай ақиқатты айта бастады?	42
Гүлнар Өзбекова, «Ақиқат» журналының қалыптасу ерекшеліктері	45
Жания Әбдібек, «Қызыл Қазақстан» – «Ақиқаттың» түпқайнары	49

ЭЛЕКТРОНДЫ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

Клара Қабылғазина, Электронды БАҚ-тың қоғам дамуындағы маңызы	54
Ольга Ложникова, Радиостанция классической музыки	58
Молдахан Кәріпбайұлы, Телехабар әзірлеуде сөз бен дыбыстың үндестігі	61

Макпал Аргынбаева, Казахстанский интернет и развитие гуманитарного знания: к постановке проблемы.....	64
Мұрат Шаймаран, Қытай орталық телевизиясы - CCTV.....	68
Ибрагимов Ниетжан, Интернет - журналистика – это симбиоз телевидения, радио и печатной газеты.....	72
Айгерим Альжанова, Развитие казахскоязычной прессы.....	74
Әтіргүл Тәшімова, Жаңа медиа мен дәстүрлі БАҚ: өзара кірігуінің (конвергенция) мәселелері.....	77

ЗАМАНСӨЗ ӘЛЕМІ

Есберген Алауханов, Максут Самалдыков, Права казахстанского журналиста в вопросах возмещения морального ущерба нуждаются в защите	82
Сагымбай Козыбаев, Журналистское образование Казахстана.....	90
Шарван Нургожина, Информация в процессе коммуникационной поддержки социальных акций.....	95
Сауле Барлыбаева, Телевизионные журналисты со студенческой скамьи.....	98
Нарбинь Кенжегулова, NET - мышление как новаторский фактор в СМИ РК.....	101
Асель Кундахбаева, Электронные СМИ Астаны как фактор глобализации телевидения Казахстана.....	104

ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН БАЙЛАНЫС БАҒЫТТАРЫ

Айгуль Ниязгулова, В новую эру развития с новым государственным стандартом.....	108
Жетпісбай Бекболатұлы, Қазақстандағы жұртшылықпен байланыс (PR) мамандығының бүгiнi мен ертеңi	111
Досан Баймолда, Қазақ тiлдi шетел радиоларының қоғам дамуына әсерi.....	117
Орынтай Ошанова, Аудиториямен байланыс орнатудың психологиялық әдiс-тәсiлдерi.....	123
Римма Жақсылықбаева, Әбу Насыр Әл-Фараби шығармаларында мораль, мiнез-құлық, әдептiлiк нормаларының дәйектелуi.....	126

БАСПА ІСІ ЖӘНЕ БАСПАСӨЗ

Назгүл Шыңғысова, Өңірлік мерзімді баспасөздің тәуелсіздік жылдарындағы даму үрдістері.....	130
Алмагүл Құрманбаева, «Айқап» және Мұхаметжан Сералин.....	135

Бәтіш Омарова, Полиграфиялық басу машиналары.....	138
Елена Дудинова, Лариса Мухамадиева, Стилистика зарубежной аналитики о Казахстане: бинарность редактирования.....	142
Дәрмен Смайыл, Мемлекеттік тіл – ақпараттық қауіпсіздік кепілі.....	146
Мария Майлықұтова, Жаңа әліпби және «Жаршы» журналы.....	150
Ғалия Майкотова, Қазіргі кітап басу ісінің проблемалары.....	153
Мизамхан Бағлан, Баспасөздегі грамматика және көптік категориясы.....	156
Айжан Шамсуидин, Қазіргі таңдағы Қазақстан баспаларының технологиялық үрдісі.....	159

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

dr Łukasz Donaj, dr Saken Nurbekov, Kazakh National University named after al- Farabi - Department of Journalism The Leninist Concept of the Press. History and the Dilemmas of Modern Journalism. A Contribution to the Discussion.....	164
Юлдузхон Каюмходжаева, Расследования в стиле новостей–специфическая особенность современного телевидения Китая.....	168
Элмурод Курбонов, Проблемы соотношения информационной глобализации, массовой культуры и национального самосознания в печати Узбекистана.....	172
Алиханов Б.Б., Особенности освещения парламентской деятельности в СМИ: современный опыт Узбекистана.....	177

ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

Құдайберген Тұрсын, Адамзат құндылықтарының жаршысы.....	186
Сейдулла Садықов, Национальная проблематика в творчестве Олжас Сулейменова – публициста	191
Нургазина М.Б., Мысаева Қ.Н., Қазақстан Республикасындағы инновациялық білім беру технологияларының тиімділігі.....	201
Вера Абишева, Этические аспекты фотожурналистики.....	208
Назым Есхұатова, Просветительская публицистика Мухаммед-Салиха Бабаджанова в XIX веке	213

ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕРІ

Назым Жұртбай, Жаһандану жайлы ой.....	218
Анастасия Скрипникова, Индивидуальный подход к журналистам в пресс-службах и PR-отделах.....	221
Еңлік Малимбай, Особенности перевода официально-деловой документации в межкультурной коммуникации.....	225
Азамат Тұралиев, Ақпарат тасқынының арналары.....	228
Дилара Иса, Бауыржан Момышұлы публицистикасының өзіндік ерекшелігі.....	230
Жанат Досхожина, Проблемы и пути создания новых форм менеджерального устройства телеканалов Казахстана	233
Динара Қиялова, Жаһандану мәселелері және баспасөз.....	238
Қаламқас Ерходжаева, «АРЫС» баспасынан жарық көрген кітаптарға сын.....	240
Дана Байгожина, Ұлттық журналистикадағы ресми ақпараттың берілу қисындары	243
Қабатан Гүлаим, Қазақстандағы сандық телевизияның даму болашағы	247

ИБ № 5566

Басуға 5.12.2011 жылы қол қойылды. Пішімі 70x110 1/16. Көлемі 18 б.т. Офсетті қағаз.
Сандық басылыс. Тапсырыс № 1031. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды

**ПРОФЕССОР
ТАУМАН
АМАНДОСОВТЫҢ
ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ**





ДЕКАНЫМНЫҢ ЖЕЗДЕ ЕКЕНІН СОЛ КЕЗДЕ БІЛСЕМШІ...

(рисала)



Кәкен Қамзин,

*филология ғылымдарының
докторы, доцент*

Осы күні кеше, ақпанның он бірінде белгілі ақындар Аманхан Әлім, Бауыржан Қарабекпен өзіміздің 3-залда кездесу өтті. Не айтары бар, бірсыпыра адам бас қостық. Негізінен бірінші, үшінші курс шәкірттері – өлең, жырдың нағыз жанашырлары. Қазір ақындар мәжілісіне алпыс мыңдық стадион жинайтын, не болмаса Мәскеудегі Политехника мұражайының залына халық лық толатын заман емес. Поэзияның өзі ардақтылар алаңы, элиталық өнер емес пе. Талғампаздардың, эстеттердің шығармашылық клубы десек те артықтық етпейді. Бұл жолы да «жақынның қабағын жақын бағады, ақынның қыбын ақын табады» дегендей, жүздесу тізгінін төртінші курс студенті, келешегінен көп үміт күттіретін жас шәйір Бауыржан Әлқожаның қолына бердік. Жұрт ауанын қалт жібермей байқап отырмыз. Әттең, кеш қызықты диалогқа, елең еткізер полилогқа ұласса ғой шіркін. Ұласа алмады. Ол жүргізушінің де, келген қонақтардың да кінәсі емес. Негізгі кінәрәт отбасы тәрбиесінде, орта мектеп бағдарламасында, студенттердің көркем әдебиеттен бірте-бірте аулақтап бара жатқанында ма деймін. Осы күні зиялылық

Автор эссе размышляет о логике эволюционирования современной национальной школы журналистики, развитии образовательных и научных традиций профессора Т.С. Амандосова.

The author of the essay reflects on the logical evolution of a modern national school of journalism, the development and scientific traditions of Professor Amandosov T.S.

денгейінің де жер бауырлай бастағанын бармақ тістей еске ала кетуге тура келеді. Не десек те, тап осы арада интеллект, ой өріс мәселесі қайта-қайта қылаң береді. Қалай сілтесек те, білім берудің сымдай тартылған сыналған жүйесінен біз көз жазып қалғандаймыз-ау осы. Байырғы сораптан да бұрыс кеткен сияқтымыз ба, қалай? Жаңасы, сонысы сіңіспей жатыр ма, орныкпай жатыр ма, қайдам – білмеймін. Осындайда жақында ғана «Литературная газетаның» тілшісімен сұхбат құрған орыс оқымыстысы Ф. Ф. Кузнецовтың: «...В моём представлении сегодняшний жизненный героизм заключается в том, чтобы оставаться верными базовым принципам подлинно человеческого существования, по которым деньги, материальные блага есть не цель и смысл, а лишь условие подлинно человеческого бытия. Мы можем потерять фундаментальную нравственную основу, на которой стояли века и которая формировалась тысячелетиями народной жизни. Сегодня осуществляется планомерная, глубоко эшелонированная и последовательная атака с целью глубинно видоизменить наш нравственный менталитет. Идёт растрепанность души народа – и стихийно и намеренно. Борьба с этими растрепанностями, которые ради личной корысти и преуспеваемости подменяют идеалы потребительством и ради этого растаптывают людей и саму жизнь, - вот что сегодня требует героизма. И это героизм особого рода. И не все к этому готовы», - деген пікірі ойға орала кетеді /1/. Автор орыс халқының тап қазір бастан кешіп отырған жай-күйін сөз қылып отырғанымен, «қызым саған айтам, келінім сен тыңдаға» келетін сықылды... Сол кездесудің ертеңінде үйге Аманхан Әлім бауырымыз телефон соқты. Кешегі мәслихат туралы біраз пікірін ортаға салды, көкейге қонарлық ұсыныстарын айтып жатыр, айтып жатыр... Құлағым Аманхан ақында болғанымен, желең ойым өткен-кеткенді шарлап, қоштасқан ғасыр шаң-тозаңының астында қалған үлгі-өнегелерді қағып-сілкіп жатқандай.

Ол уақытта журналистика өріне негізінен дарындылар, кеудесінде сәулесі барлар ұмтылатын. Шығармашылық үдерісінде қайта ланбас қолтаңбамды қалдырамын, шынайы қоғамдық пікірлесу алаңын дүрілдетемін деген романтикалық үмітпен келетін жас толқын. Болашақ қаламгерлердің, басқа факультет шәкірттеріне қарағанда, жалдары күдірейіп жүретін. Өйтпей ше? Талайлар журналистика жоғары мектебі табалдырығын әскери, я, кем дегенде, екі жылдық еңбек өтілімен аттайтын. Олардың газет, журналдарға жарияланған материалдары, өлеңдері мен әңгімелері

қырық оқытушыға жүк болардай десем, еш қателеспеймін. Аты аңызға айналған айбынды деканымыз Т.С. Амандосовтың: «журналистика факультеті ақын-жазушы дайындамайды, біздің міндетіміз – бұқаралық ақпарат құралдарына кадрлар даярлау», - деп күнде құлақ етін жегенімен, шабыты ернеуінен асып төгілген жас жігіттер әдеби басылымдарды, Жазушылар одағын бірінші курстан бастап жағалайтын. Оған уақыт та табылатын. Түске дейін оқимыз, түстен кейін қол бос. Киносы бар, театры бар, кітапханасы бар – бәріне үлгеруге тырысамыз. Бірінші курстың өзінде екі рет – бір-бір аптадан аудандық газеттерге танысу практикасына бардық. Алматыдан едәуір Есік қаласына Әбілфайыз Ыдырысов ағамыз жетектеп апарса, мына тұрған Қаскелеңнің жөнін кураторымыз Қабиджан Құсайынов тауып қойыпты. Осының бәріне – лайықты оқу бағдарламасынан өндірістік тәжірибеге дейін бас-көз болатын, әрине, факультет басшысы, әрі дәріскер, әрі шебер ұйымдастырушы, әрі ғалым, әрі тенор Тауман Салықбайұлы Амандосов. Бәз-біреудердің иландыра айтуына қарағанда, Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романындағы әнші Бораштың прототипі дәл осы Тауман Амандосов көрінеді.

Біздің курстағы 50 студенттің 7-8 ғана қыз бала. Сегізінші наурызда еш қиналмаймыз, ал 23 ақпанда біздің қыздардың дедек қаққанын көрсеңіздер! Аяп кетесің. Біз мүсіркегенімен декан мүсіркемейді. Тауман Салықбайұлы Амандосовтың болашақ журналистер корпусын іріктеудегі, сұрыптаудағы басты кредосы: «Журналистика – далеко не женская профессия». Бұл принциптен ол кісі еш уақытта айныған емес. Ол осы уәжін үлкен мінбелерден де қаймықпай айтып жүрді. Кім не десе, о десін, өз басым да журналистика мен педагогикадағы гендерлік саясатқа абайлай да тосырқай қараймын. Шығармашылық салаға, жалпы, қай қиырға болмасын шиыршық атқан бәсеке, тұяқтан от шығар дүбірлеген жарыс жарасады. Цифр қуалаушылық, жасанды өсім, әйелдерді сапа жағынан емес, сан жағынан көтеру – кеңестік кезеңнің сарқыншағы. Тәнді жұмсап емес, жанды жұмсап еткен еңбек – нағыз еңбек. Жасанды нәзіктік, аяқ астынан қылымси қалу, қоғамы, ғылыми айтыс-тартыстарда жоқ жерден ибалық таныту, сызыла қалу жатағандыққа, тақұл-тұқылға, таяздыққа апарып жығатынын аңғарып та, көріп те жүрміз. Бүгінгі журналистика өндірісіне өжеттік, қажыр-қайраттылық, ер мінезділік, ой өріс, өмірлік тәжірибе жетпей жатқан сияқты көрінеді де тұрады маған. Бір-екі мысал. Бұл күндері аты қазақ оқырмандарына жыға таныс, дарынды жазушы Смағұл Елубаев –



ол жылдары бізден екі курс жоғары оқитын сақа студент. Смағұлдың сюжеті Сергей Есениннің атышулы бір өлеңімен өзектес «Бұралқы» атты әңгімесі «Жас қалам» атты қабырға газетіне басыла қалды. Басынан бастап соңғы нүктесіне дейін қалдырмай тамсана оқып шықтық. Атың өшкір тұрпайы социология әдісі құрдымға кетсе де, жылымықтың есті лебі есіп тұрса да бір ірі ағамыз сол әңгімеден кеңестік құрылысқа қарсы зиянды идеялық ілік тауып, ойбайға аттан қосып жер тепкілемесі бар емес пе? Егер сол қысылтаяң мезетте Таукең босандық танытып, Смағұлды университет қабырғасынан аластаса не болар еді? Ректорат мәжілісінде де, факультет партия ұйымының жиналысында да талантты студентінің шығармашылығына орай өзінің жағымды, принципті пікірін көпшілікке өткізе алды. Ондай жақсы ошарды біз сырттай болса да естіп жатамыз. Өйткені сол жақта біздің өз құлағымыз бен көзіміз бар. Курсымыздың «шалы» деген құрметті дәреже алған Амангелді Құлмашев – партия мүшесі. Факультет партия ұйымының жиналысына ұдайы қатысып жүреді. Сондағы ұстаздарымыздың арасындағы анау-мынау кикілжіңді «әке-көке» десең де бізге айтқан емес. Сыр шашпайды. Бірақ оқта-текте маңдайы жіпсі келе, іштегі запыранын андамай ақтарып та тастайды.

Біздің курс «А» және «Б» тобы деп жіктеледі. Бірінші топта – тісқаққандар, екінші топта «бұзаулар». Сол «бұзауқандардың» ішінде бір еркеуеу, дәулеттілеу бозбала оқыды. Кейін білдік, деканымыз Тауман Амандосовтың университетті бірге бітірген досының баласы екен. Қолы шебер, көркемсурет түсіруге әуес. Есігінің алдында әмісе қыздар қиылып тұрады. Сол жігітті біреуге әлімжеттік жасағаны, бұзақылық қылығы үшін оқудан қуды да шықты. Қазір ойлаймын, дүние күйіп кетсе де, неге қорғап қалмадық, қол сынса жең ішінде, бас жарылса бөрік ішінде емес пе еді? Мына деген бір азаматтың жүрегі жараланып, тауы шағылды ғой. Бәлкім, қазақ журналистикасы өзінің болашақ Василий Пескованың дәл сол мезет айрылып қалған шығар.

Тауман ағамыз көңілденген кезде былайғы жұртқа айта бермейтін сырларының да шетін шығаратын. Арғы жағы Мәскеу, бергі жағы Алматының жоғары мекемелеріндегі сөзі өтетін

шәкірттерін санамалап бір кететін. Ұлы Мұқтар Әуезовтің ізін ала Үндістанға барған сапары туралы да тартымды жайттарды еске ала отырып /2/, Мұқаңның өзіне ғана жарасатын мінез-қылықтарын мырс-мырс күле біздің көз алдымызға елестететін. Филология факультеті орыс бөлімінің студенті Мамыр Рақымқызы Омаровамен қалай танысқанын, жоқшылық жылдары отбасын қалай құрғанын да жасырмай жайып салатын. Өттең, бір өкініштісі, мен Мамыр апамызбен бір ауданнан екенімді университет бітіріп, жұмысқа орналасқаннан соң, көп жылдан кейін ғана білдім. Ол кезде жерлес іздеу, туыс жағалау әдеті бізге жат еді. Кейін аңдасам, сол «жерлестігім» үшін маған кей дәріскерлерім қырын қарап, деканның «балдызын» аяқтан шалып қалуға ақпар жинапты. Тағы бір білетін дерегім: Тауман ағамыздың қайынатасы – Рахым ақсақалдың кеңес қызметінде жүрген кезінде Илияс Жансүгіров, Ғали Орманов сынды қазақ әдебиетінің классиктеріне қол ұшын бергені. Бұл мағлұматты бертініректе ақын Сәкен Иманасов ағамыздан там-тұмдап естігенім бар.

Бір есептен Тауман Салықбайұлының жезделігін білмегенім, сезбегенім де көрім болған шығар, әйтпесе марқұм Өтежан Нұрғалиев сықылды бір сабаз:

Сені оқуға түсірген – Қонаев пен Дүйсетай,

Мені оқуға түсірген – Махамбет пен Исатай, - деп сайрамасына кім кепіл?

Өмір өткелдері, ғұмырлық сабақ деген осы. Қазір өзім де журналистика факультетінің оқытушысымын. Таукеңнің ғылыми-педагогтік ғибратына, санамалап айтқанда, оның докторлық диссертациясындағы жалқылық және жалпылық ұстанымдарға, қылдырықтай мойын қыл шылбырдан құтылған жылдары дүниеге келген «Қазақ-совет баспасөзінің жанрлары» /3/, «Совет журналистикасының теориясы мен практикасы» /4/ атты еңбектеріне жүгіне отырып, қазіргі қазақ баспасөзі мәтіндері өркендеуін зерттеп жүрмін. Деканымыздың екінші ұлағатына да адалмын деп нық айта аламын. Өйткені бірбеткейлік, төзімділік, желбуаздар мен екіжүзділерге жалбақтамау жағынан да оның жолын қуудан, ұстазыма шамашарқым жеткенше ұқсаудан ешқашан қашып құтылмасымды бек жақсы білемін.

1. Шатохина О. «Жить по совести сегодня – уже подвиг» // Литературная газета, 16 февраля 2011.

2. Амандосов Т. Ганга жағасында // Қазақ әдебиеті, 1 сәуір 1960.

3. Амандосов Т.С. Қазақ-совет баспасөзінің жанрлары. – Алматы: Мектеп, 1968.

4. Амандосов Т.С. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. – Алматы: Мектеп, 1978.





АУЗЫ ДУАЛЫ АБЫЗ АМАНДОСОВ...

Сағатбек Медеубекұлы,

*Баспа ісі және дизайн
кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарның
кандидаты, доцент*

Есік айқара ашылып, таяқ кірді, одан соң таяқ ұстаған қолы кіріп келе жатқанда, «бұ кім?» деген сауалдың салмағынан тұра алмай, бәріміз орнымызда отырдық та қалдық.. Артынша-ақ иегін сәл көтере денесін тік ұстап, қырғи қабақ, қыран тұмсықты, артқа қайырған қайратты шашы ашаң жүзіне айбат қосқан бейтаныс профессор бір аяғын сыртқа жібере сылти басып, таяғына сүйене адымдап ішке енді. Бір кісідей орнымыздан тік тұрып қарсы алдық..

- Сәлеметсіңдер ме?

Жалт еткен жанарымен жасқап өтті. Демімізді ішке алдық..Бір кісідей:

- Сәлеметсіз бе?-дегенімізде үніміз сапта тұрған солдаттардың қолбасшыға сәлем бергеніндей бірдей шығып, аудиторияны жарып жібере жаздады. Алдын ала дайындалып алғандай мұндай ауызбірлік танытқанымызға таңданды ма, әлде сүйсінді ме, профессор сәл езу тартты. «Отырындар» дегендей ым берді де өзі де төрдегі орындыққа бір аяғын сыртқа созып тастап, шалқая жайғасты. Біз де жапырлай тізе бүгіп, үн-түнсіз отыра қалдық..

Ағай алдына қараған күйі мойнын бұрмастан

шуақты қарашығымен бәрімізді бір шолып өтті де қалтасынан тарағын алып, бурыл тартқан қайратты шашын артқа қарай асықпай тарады.

Оның әрбір ісі бізге қызық, «профессор қандай болады екен?» деген сұраққа жауап іздеп келгендер көрсін деп әдейі істеп отырған секілді. Біз ынтықпыз. Ағамыздың лебізін естуге асықпыз.

Амандосов! Әр аудиторияға студенттік алғыс пен акеділ әңгіме, ақпейіл әзіл сіңіп қалған әйгілі Амандосов! Біреу «қатал» деп қорқытты, енді біреу «өңі сұсты болғанмен, жаны жұмсақ» деп жұбатты. Келесі бірі:

Амандосов дегенде Амандосов,

Амандосовпен жүргейсің амандасып.

Амандосовпен жүрмесең амандасып,

Амандосовпен қаларсың жамандасып,- деп жаңылтпаштатып «ескертті»... Қойшы әйтеуір, аға буын студенттердің бұ кісі туралы сөзін бұрын естігенмен, өзімен бетпе-бет тұңғыш жүздесіп отырмыз.

Ауылдан келген қарадомалақ балалардың көз алдында болмысы мүлдем бөлек адам. Менің де бұ кісіні әлдекіммен салыстырығым келеді:

Үнемі былғары етігімен еденнің емен тақтайын шықырлата, сықырлата басып келіп зілді көзбен қарап, қабағын шытып тұратын мектеп директоры мына кісінің қасында әзірейіл секілді екен...

Қолтығына журналын, дәптер-кітабын, бірнеше бүктелген әлем картасын және солардың арасына салып алған үкәскесін қысып ап үнемі тік және мұнтаздай боп жүретін, көзінде көзілдірігі бар, мойнынан галстугі түсіп көрмеген, қоғамтанудан дәріс беретін ағай мына профессордың қасында зиялының киімін киіп ап оқымыстының образына кіре алмай жүрген актер секілді...

Енді кіммен салыстырсам..? Ә.. Жас жағынан әлгі тарихшы ағайға келеді. Бірақ мінездері мүлдем бөлек секілді. Ол кісі кіре сала тәртібінді түзеп тұрып алатын. Түзу тұр... тыныш тұр.. қолыңды түсір, иегінді көтер... маған қара... демінді ішіне ал... Ал енді...

Саламатсыңдар ма?.. Қане, бірдей жауап береміз... Саламатсыңдар ма?..

Бәрібір мектептегі бір де бір мұғаліммен шендестіре алмадым, тек Бірімқұл атама бір жерлері ұқсайды... Қабағы ма әлде шуақты жанары ма.. салмақтылығы ма... сырт көзге сұстылығы ма... таяқ ұстасы ма... әйтеуір маған ерекше ыстық бір ұқсастық бар...

Енді бірде бұған дейін аудиторияға кірген оқытушы-профессорларға ұқсай ма десем, Зейнолла Қабдолов... басқа! Темірбек Қожакеев...

тіпті бөлек! Әбілфайыз Ыдырысов... ұқсамайды! Зейнолла Тұрарбеков... өзгеше! Жо-жоқ, ешбір жанға түрі де тұрпаты да шендеспейтін ерекше жаратылған жан. Қарашы отырысын. Орындықтың арқалығын артқа итере шалқақ жайғасқан. Бәрімізге барлай қарашығымен жүгірте қарап шығып сәл күлімдеді де:

- «Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл», - дейді қазақ. Менің атым – Тауман...

- Амандосов..,- деді арт жақта отырған біреу.

- Ия, дұрыс. Студенттер менің атымнан гөрі атамның атын жатқа біледі...Ал әкемнің аты - Салықбай... Толық аты -жөнім – Тауман Салықбайұлы Амандосов.

Кейбір жаңа танысқан мұғалімдеріміз секілді атағын да, дәрежесін де, қызметін де, жасын да айтпады. Тіпті, қайсыбір ағайымыз сияқты биттің қабығындай кітапшаларын жоғары көтере көрсетіп, мақтана жарнамалаған да жоқ. Сол тік отырған қалпы:

- Енді сендермен танысайық, - деп журналдағы тізім бойынша аты - жөнімізді толық атап, арасында қосымша сұрақ қойып, сабырлы қалпын бұзбастан жайбарақат таныса бастады. Біз енді сырын білмейтін ағамыздың алдында абдырдық та, саскалақтадық та, күмілжідік те, жасқаншақтадық та, жүрексіндік те, инабатты, ибалы да болдық, ұяңдық та, ұялшақтық та таныттық. Осындай қоңырқай психологиялық райымыз аяқ-астынан бұзылды.

Тауман ағай аты-жөнін атағанды қойды да басын көтеріп тура қарсы алдында отырған бір студентке:

- Сен тұршы, - деді сыпайы.

Ұзын сары бала үн-түнсіз орнынан сергек тұрды. Үні нық шықты.

- Мектепті қайда бітірдің?

- Сарыжазда...

- Ол қай жерде?

- Нарынқол ауданында...

Ағай басын көтерді де ерекше зейінмен қарап қалды.

- Нарынқолдан мықты адамдар шыққан. Білесің бе?

- Білем!

Студенттің үні бұрынғыдан да сенімді де жарқын естілді.

- Аташы...

- Шоған абыз., Әлмерек әулие., Райымбек батыр..,

- Бергі замандарда...

- Бергі замандарда Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесінің басты кейіпкерлері Жәмеңке, Ұзақ, Әубәкір батырлар шыққан.



- Ол повесть не туралы еді?
- 1916 жылғы Қарқара көтерілісі туралы...
- Ақындар шыққан ба?
- Шыққан. Арғысын айтайын ба, бергісін айтайын ба?

Тауман аға жымыды да:

- Білсең арғысын да, бергісін де айт. Біз де біле отырайық,- деді қаламын столдың үстіне қойып.

- Майкөтпен айтысқан Құланаян Құлмамбет, Жамбылмен айтысқан Бөлтірік ақын, Көдек ақын... беріде Мұқағали Мақатаев, Еркін Ібітанов...

- Жазушылардан кімдерді білесің?

- «Қайдасың, Гауһар?», «Он бес жасар капитан», «Бастан кешкен», «Өлгендер қайтып келмейді» деген кітаптары бар Бердібек Соқпақбаев...

- Оның басқа бір әйгілі шығармасы бар еді ғой. Оны оқымадың ба?

- Оны жұрттың бәрі біледі, Ол –«Менің атым – Қожа».

- Бердібектің өлең кітабы да шыққан...

- Иә. «Бастау» деген.

Ағай жадырап отыр. Манағы алғаш көргендегі сұсты қабак Жайықтай жазылып кеткен.

- Күшігім менің саққұлақ,

Келеді әне шапқылап.

Сақтығыңды көрейін,

Мал бағуға берейін

Колхоз қойын күзетіс,

Қасқыр келсе ала түс,- Қандай тамаша тақпақ.!

Балалардың жандүниесіне осыншама

жақын жаза алатын Бердібек ақын ретінде де қазақ балалар әдебиетін көкке көтерді. Мен бұл тақпақты балаларымның аузынан естіп жүріп жаттап алдым. Бала тұрмақ мен жаттап алған соң өлеңге басқа қандай баға керек, ақынға өзге қандай мәртебе қажет? Өлеңін жаттамақ тұрмақ ешкім білмейтіндердің атағынан ат үркеді. Білмеймін, ондайлардан адамдар неге шошымайтынын... Жә.. Сонымен... Журналистерден Нарынқол жақтан шыққан кімдер бар?

- Ұзақ Бағаев, Сапар Байжанов, Тельман Жанұзақов,..

- Сен мұның бәрін қайдан біліп жүрсің?

- Мектепте әдебиет сабағынан, әдебиет үйірмесінен... үйде әкемнен...

Тауман ағай жанарынан от ұшқындап, сол жайдары қалпын бұзбай, жымыған қалпы қолын сыртқы төс қалтасына салды. Біз тым-тырыспыз. Демімізді ішімізден алып, мына бір тақылдап қалған сорайған сары балаға қызыға да, қызғана да қарап, іштен тынып отырмыз. «Мана неге маған осылай сұрақ қоймады?» деп өкінгендер де, «мен неге өз ауылымның тарихын білмей келдім?»

деп опынғандар да, «ағай неге осыған сонша мейірлене қалды?» деп іштей күдіктене іштарлық жасап отырғандар да бар әрине.

Ағай қалтасынан кішкене қобдиша суырды. Ұзын сарыға бірдеме бере ме екен деп қалдық. Ол кісі өйтпеді. Қақпағын ашты да ішінен көзілдірік шығарды. Сол қолының сұқ саусағы мен бас бармағының ортасындағы ілдіргісінен көтере ұстап тұрды да оң қолымен шалбарының қалтасынан беторамал алды. Мен талай ағаның қалтасынан шұбатыла суырылған мыж-мыж, умаж-умаж өңі түскен беторамал көріп едім. Мына кісінікі қалтасында жүрсе да үтіктің астынан жаңа шыққандай теп- тегіс те тап-тұйнақтай төрт бүктелген екен. Таңданып отырмын. Не деген таза адам. Ана әппақ жейдесінің жағасы әдейі қатырып қойған секілді, бірде бір қыртыс, сызығы жоқ. Костюмі иығына нық отырған. Галстугі де ерекше тартымды. Саусақтарын айтсаңызшы. Өмірі кір зат ұстамағандай тап- таза да терісінің ар жағынан көк тамырлары анық көрінеді. Ақсаусақ емес, нағыз ақсүйектің өзі. Осының бәрін студенттер асықпай көріп алсын дегендей сабырлы күйде әлгі беторамалының ортасына көзілдірігінің әйнегін енгізді де мипаздап сүрткілеп жатып ұзын сарыға «отыр» деп ишара жасады. Біздің көзімізге сорайып, зорайып көрінген студент зып етіп жеңіл отырды. «Бұл кім өзі» деп танымайтындар бір-біріне сұрақ қойып, білетіндер білмейтіндерге пыш-пыш айта бастағандағы күбір-сыбырды ағайдың үні бұзды:

- Мен көзілдірік тағатындарды ұнатамын. Өйткені олар көзәйнекті ертелі-кеш кітапты көп оқитындықтан, көз жанарын алдырып алмас үшін тағады,-деп өзінің көзілдірігін киді де әлгі сұхбаттасына «солай ма?» деген сұрақты пішінмен көз алмай қарады:

- Атың кім?

Анау:

- Алтынбек,-деп нақ та нық айтты.

- Фамилияң?

- Сәрсенбаев...

Тауман аға айырықша мейіріммен сүйсіне қарап отырды да:

- Сәрсенбінің сәтінде туған әкеңнің алтын ұлы екенсің, қарағым,-деді.

Деді де орнынан көтерілді. Бұл енді сабақтың аяқталу сәті еді. Біз ол кісінің аузынан «сабақ аяқталды» деген сөзін естімей орнымыздан тұруға қақымыз жоқ болғандықтан «тағы да не дер екен» деген емексіген көңілмен тым-тырыспыз. Тауман аға тұрған жерінде еңсесін тіктеп көзінің қиығымен бәрімізді барлап алды. Жымыды. Жымығаны- разы болғаны. Жанарынан ұшқын

атады. Біздің еңсеміз көтерілді. Алғаш көрген сәттегі жүрексізудің бәрі ада. «Қаһарлы» деген ағай шуақты, «қатал» деген ағай мейірімді болып шықты. Өзіміздің қамқор әкемізді көргендей жанымыз жай тауып сала берді. Сол иегін көтере тура қарап тұрған қалпы тандайын болар-болмас тықылдатып алды да:

-Пай-пай, шіркі-і-і-ін, болашақ министрлердің, директорлардың, бас редакторлардың, атакты ақын, әйгілі жазушылардың, ғалым-профессорлардың отырысы-ай!- деді. Мен осы сәтте екі қолымды қуысырып алып арқамды партаның арқалығына шірене тіреп отыр едім. «Ағайдың мына сөзі кекеткені я мысқылы, оны маған қарата айтты» деп күдіктеніп, қолымды түсіре қойдым. Ол кісі менің ойымды оқып қойғандай:


- Бұл менің сендерді кекеткенім де, мысқылдағаным да емес. Бұл менің сендерге деген сенімім әрі ақ батам,- деп бұрылды да сыртқа беттеді. Біз орнымыздан қопарыла көтеріліп жаңа танысқан алып профессорымызды барықыласымызбен сүйсіне шығарып салдық.

Арада жылдар өтті. Мына шындыққа қараңыз. Сол күні Тауман Амандосовтың ақ батасын алған студенттер кейін шындығында алды Алашқа белгілі тұлғаларға айналды: Алтынбек Сәрсенбаев – Бас редактор болды, министр болды, елші болды, Алашқа аты мәлім қайраткер деңгейіне көтерілді. Нұрлан Мәукенұлы (ол кезде Берғазиев) – әйгілі ақын, Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты; Бақыт Досымов – Қазақ радиосы Балалар редакциясының редакторы; Гүлзира Молдажапарова – «Егемен Қазақстан» газетінің бөлім редакторы; Бейбіт Құсанбек – әйгілі телепублицист, Президент сыйлығының ла-

уреаты; Бұлар қырықтың о жақ бұ жағында қазақ журналистикасының аспанында жарқырап жанып тұрып, ерте ағып түскен жұлдыздар қатарында ұлт тарихында алтын әріппен жазылып қалды.

Қазіргі күнде Дархан Мыңбай – мемлекет қайраткері; Шәмшиддин Паттеев – «Түркістан» халықаралық апталығының бас редакторы; Жүсіпбек Қорғасбек – «Жас өркен» ЖШС бас директоры; Нұртөре Жүсіп – «Айқын» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы; Баян Бекетова – ақын, Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты; Бейбіт Сапаралы – жазушы-көсемсөзші, дінтанушы; Серғазы Мұхтарбек – «Қазақстан» қоғамдық-саяси газетінің Бас редакторы; Еркін Қыдыр – «Егемен Қазақстан» газетінің вице-президенті; Жұмағали Арғынбай – сатирик ақын, жазушы; Қарашаш Тоқсанбай – публицист-журналист; Әлісұлтан Құланбай, Александр Тасболатов, Таңсұлу Мирманова, республикаға белгілі журналистер; Әлімжан Жарылқағанов – ғылым кандидаты; Дүйсен Молдақұлов – Жамбыл облысы Талас аудандық газетінің Бас редакторы; Сүндетолла Әбілов – Мойынқұм аудандық газетінің Бас редакторы, бұлардан басқа өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында таңдаған кәсібіне, Амандосов аманатына адал қызмет атқарып жүрген курстастар қаншама...! Анау Алтаева Үмітайдың ақындығы қандай, Қасым Ағабектің айтқыштығы өз алдына, қаламы жүйрік жазушы екендігін «Өмірдің өзі» деген алғашқы кітабымен-ақ дәлелдеп берді. Бұдан әрі тізе беру қажет те емес шығар...

Осыдан кейін Тауман Салықбайұлы Амандосовты әулие демей, көріпкел демей, көреген демей, аузы дуалы абыз демей көріңіз...





Бақыт Әсембаева,

*Журналистика факультеті
Баспа ісі және дизайн
кафедрасының аға оқытушысы*

Данная статья посвящена видному ученому, педагогу, общественному деятелю Т.С. Амандосову. Автор дает многогранный портрет учителя, подчеркивает гражданское звучание его творчества,

«ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘҢГІЛІК...»

Журналистика факультетінің «Журналистік шеберлік және әдеби өңдеу» кафедрасында оқығанымды әлі күнге дейін мақтан тұтамын. Кафедра меңгерушісі профессор Тауман Салықбайұлы Амандосовтың дәрістерін тыңдау арқылы біздер ең алдымен журналистика деген мамандықты игерудің қиын да күрделі екендігін түсіндік. Ұстазымыздың өзін өзі қалай ұстайтыны, мұнтаздай таза киінуі, кейде қалжыңдаса да орнымен сөйлеуі, өмірлік тәжірибесінен сыр шертіп, біздерді үнемі жақсы мен жаманды ажырата білуге үйретуі - осының бәрі өз алдына бір мектеп еді. «Жақсы кітапты да , жаман кітапты да қатар оқыңдар. Сонда жаман кітаптың кемшілігі қай жерінде екенін түсінесіңдер...» деп үнемі бізді еңбектенуге, ізденуге ынталандырып отырушы еді. Тауман Салықбайұлы кафедра студенттерінің оқу мен тәжірибені ұштастыруына үлкен көңіл бөлетін. Әлі есімде бізді «Дәуір» газет-журналдар баспаханасына жіберді. Міндетіміз - баспахананда еңбек етіп жатқан мамандар туралы, олардың күнделікті атқарып жатқан жұмыстары туралы әрбір студент мақала жазуы тиіс. Нәтижесінде мақалалардың басын біріктіріп тәжірибелік газетті басып шығару. Фотосуреттерді де орналастыруымыз керек. Осы-

лайша жиі-жиі газет шығаратынбыз. Оқу процесі де жүріп жататын. Ал өндірістік тәжірибені 1-курста міндетті түрде аудандық газеттен, 2-3 курстарда облыстық газеттен өту оқу бағдарламасы бойынша жоспарланған. Өндірістік тәжірибеден өтпеген студент келесі курсқа көшірілмейді. Кафедрадағы осындай темірдей берік тәртіпті бұлжытпай орындауды Т. С. Амандосов мектебінен сол кезде тәрбие алған ұстаздар да қадағалайтын. Сол кездегі ұстазымыз Қапан Қамбаров аудиторияда отырған 50 студенттің өндірістік тәжірибе кезінде газет бетінде жарық көрген мақалаларына жеке-жеке жанрлық, тақырыптық, мазмұндық талдау жасағанына сүйсініп отыратынбыз. Ұстаздарымыздың әрбір студентке ертеңгі журналист, редактор ретінде қарауы, әрине, біздерге одан сайын жауапкершілік жүктейтін. Біздер әрбір мақаламыз жазылған сайын, ол мақала көпшіліктің алдында сын көпірінен өткен сайын шыңдалатынбыз және тағы да алға ұмтылатынбыз.

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» деп Тауман Салықбайұлы сияқты бар өмірін тек шәкірттерінің өмірдегі өз орнын табуға көмектесіп, қолтықтап, демеп жіберуге қашан да асық болған ұстаздарға арналып айтылғандай. 1958 жылдан 1991 жылға дейін журналистика факультетінде оқығандар өздерін Амандосовтың шәкірттері санайды. Және де Амандосовтың шәкірті деген атқа олардың әрқайсысы да лайық. Бірі ғалым, бірі қаламы жүйрік журналист, енді бірі баспагер-кәсіпкер болып, ұлттық бұқаралық ақпарат құралдары жүйесінде және басқа да салаларда өз ісінің шебері атанғандар.

Журналистика бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жазатындар Т.С. Амандосовтың еңбектеріне сүйеніп ғылыми талдаулар жүргізеді. «Журналист анықтамалығы», «Совет журналистикасының теориясы мен практикасы», «Газет жанрлары», «Журналист және өмір», «Қазақ баспасөзінің жанрлары», «Бүгінгі қазақ публицистикасы» сынды еңбектері әлі күнге дейін болашақ журналистерді дайындаудың базалық негізі болып табылады.

1966 жылы журналистика бөлімінің филология факультетінен бөлініп, өз алдына шаңырақ көтеруіне мұрындық болған да профессор Т.С. Амандосов еді. Қанша жылдар бойы журналист кадрларын дайындап шығарып жатқан ұяның берік тұғырын орнатып кеткен ардақты да аяулы ұстазымыздың бейнесі біздің жадымызда мәңгілікке қалды. Ұстазынан шындықтың, адалдықтың, қарапайымдылықтың нәрін бойына сіңірген шәкірттері осы ұғымдарды өздеріне өмірлік серік етіп келеді.

1985-1990 жылдары оқыған біздің курстың кураторлары Әбілфайыз Ыдырысұлы және Ләтипа апай болатын. 1986 жылы желтоқсан оқиғасы да біздің курс үшін, ұстаздарымыз үшін де ең бір ауыр

күндер болды. Бірақ осындай ұстаздарымыздың ақыл-кеңесіне құлақ түру арқылы біздер ол кезде де ұйымшылдық көрсетіп, бірлігімізді сақтап қалдық. Сол курстастар өткен жылы 20 жылдан соң қара шаңыраққа келіп, алтын ұямызға деген сағыныштарын бір басып қайтты. Олар Т. С. Амандосов, Т. Қожакеев, А. Қыраубаева дәріс оқыған аудиторияларға қайта отырып, олардың рухы алдында бас иіді. Міне, бұл шәкірттерінің ұстаз тағылымына беріктігінің көрінісі.

Журналистік шеберлік кластарын түрколог ғалым Асқар Егеубайұлы, ғалым Алма Қыраубаева және белгілі баспагерлер мен журналистер келіп өткізетін. Сабақтан кетіп қалу дегенді біз білмейтін едік. Өйткені әрбір ұстазымызбен кездесуді асыға күтетінбіз. Өзіміз де өте қызықты тақырыптарды таңдап алып, семинар сабақтарын жүргізетінбіз. Ондай кезде курстастар арасында әртүрлі көзқарастар шеңберінде айтыс-тартыс күшейе бастайтын.


Университеттің және факультеттің қоғамдық жұмыстарына да біздің курс студенттері белсене араласатын. Олардың әрқайсысы сол кезден бастап, басқарудың, ұйымдастырудың мектебінен өтті. Біздің бойымызға осындай жақсы қасиеттерді сіңіруге атсалысқан ұстаздарымызға біз қашан да ризамыз. Және олар берген эстафета біз арқылы кейінгі ұрпаққа жалғасып, өміршеңдігін жоймайтынына сенімдімін. Өйткені ұстазың көрсеткен өнеге - ол өмірлік азығың, рухани байлығың болып қалады. Дүниеде оған тең келетін байлық жоқ деп ойлаймын.

«Журналистік шеберлік және әдеби өңдеу» кафедрасының негізінде 1998 жылдан бастап «Баспа ісі және редакциялау» кафедрасы құрылды. Қазір «Баспа ісі және дизайн» кафедрасы.

Кафедра бүгінгі күні тәрбиеленіп жатқан студенттерін ардақты ұстазымыздың өмірбаянымен, еңбектерімен таныстыру мақсатында көптеген игі шаралардың ұйтқысы болуда. Көрнекті ғалымның туғанына 90 жыл толуына орай «Амандосов рухымен алты күн» апталығы өткізілді. Т.С. Амандосовтың әріптестері, шәкірттері және ұрпақтары келіп, студенттерге тәрбиелік мәні зор әңгімелер айтты. Сонымен қатар университет студенттері арасында өткізілген ғалымның өмірін өлеңмен өрнектеген жас ақындар мұшайрасы да өзінің ізгілікті таңбасын қалдырды.

Қазақ журналистикасының зерттеушісі, белгілі ғалым ұстаз ретіндегі орнының айқындалуы - оның ұстаздық үлкен жүрегінің шуағы бүгінгі жас ұрпақтың жүрегіне жол тауып жетуінде деп түсінемін. Т. С. Амандосовтың шәкірттері бар жерде оның ғылыми мектебі осылайша жалғасын таба бермек. Адалдықтың туын желбіреті ұстауды біздерге аманат еткен аяулы ұстазымыздың бейнесі әрқашан биікте тұрмақ...





**ҚАЗАҚ
РАДИОСЫНЫҢ
ҚҰРЫЛҒАНЫНА
90 ЖЫЛ**





РАДИО- ЖУРНАЛИСТИ- КАНЫҢ ШЕБЕРЛІК СЫРЛАРЫ

Қосылған Әбжанұлы,

*филология ғылымдарының
кандидаты, баспасөз және элек-
тронды БАҚ кафедрасының
доценті*

Статья посвящена 90 – летию казахского радио. В статье прослеживается эволюция радиотехники с 70 – х. годов по настоящее время. А также рассматриваются грани творческого мастерства диктора А.Байжанбаева.

Article is suspended 90 – fly the Kazakh radio. In particular it will be a question of interrelation of radio journalism with technologies. Ability to own technics finds creative possibilities of the journalist. In article evolution of radio engineering with 70 – x is traced. Years on the present. And also it is considered sides of creative skill of announcer A.Bajzhanbaeva.

Казақ радиосының 90 жылдық мерейтойы аталып жатқанда, мен де қара шаңыраққа ризашылық ықыласымды білдірмей қала алмаймын. Өйткені университетті бітірердегі мемлекеттік тәжірибені осы еліміздің бас радио кешенінің қабырғасында өткенмін. Сөйтіп, Алматыдағы шығармашылық жұмысым осы жерден бастау алған-ды.

Студенттік тәжірибеден екі ай өткеннен кейін де радиожурналистикадан кете алмадым. Сөзбен өрнектелетін қаламгерлікке әжептәір шындаған болуым керек, аға буын ұстаз журналистердің ұсынысымен, мені штаттан тыс тілші етіп қалдырды. Содан табаны күректей бес ай бойы радиода жүріп, оның жаңалық-ақпараттарынан бастап, радиоочеркке дейінгі деректі жанрлардың бәрін де игеріп жаза беретін болдым. Сол үшін де қазақ радиосының аға журналистеріне алғысым шексіз.

Айталық баспа қаламгерлерінен радиожурналистиканың негізгі айырмашылығы, бұлар технологиялық процестерге бейімделген. Ауызекі сөзді қағазға түсіріп, тыңдарман құлағына жеткізгенге дейін, көптеген техниканың

қызметін пайдаланады. Бұл орайда, профессор Н.Омашевтың: «Жанрдың эволюциясын бәрінен бұрын коммуникациялық техниканың дамуынан... көру керек!» – деп жазады. Біздің кезімізде, кешегі ғасырдың жетпісінші жылдары, «Репортер-5» деген дыбыс жазу құралы болған. Сегіз келідей салмағы бар сол сандықшаны иыққа салып алып, ақпарат көзін аулап кете баратынбыз. Қашықтағы қалалар мен алыс-алыс ауылдарды аралап Р-5-тің ұнтаспасын кейіпкер сөздерімен толтырып келгенде, еңбегің ақталса жақсы. Ақталмай, шатысып-шатасып жүретін кездеріміз аз болған жоқ. Жазып келген ұнтаспаны дыбыс цехына тапсырып, көшірмені аларда талай сөздер естиміз. Ең жаманы «брак–жарамсыз» деген «үкім». Бұл сөзден кейін, көпке дейін күнің қараң!.. Онан басқалары төзімді: «замечание по уровню записи»–жазылу деңгейі төмен, немесе жоғары; «нечистая запись»–кейіпкер сөзіне шыртық дыбыстар еніп кететін жағдайлар.

Енді осыларды талдап танып көрейік. Дыбыс жазудың жарамсыз болатын себебі техника тілінен мақұрым болғандығымыздан. Р-5-тегі бес тетіктің бірі дұрыс қосылмаса–жұмыс жарамсыз болады. Бұл микрофонды, тетігін басып іске қоспағанда, не сымдарын дұрыс жалғамағанда, тағы сондай сәттерде орын алатын керіағар жәйттер. Біздерге көбіне опық жегізетін тышқанның көзіндей ғана бір түйме. Оны бір басқанда көзі көгереді –дыбыс жазылады, екінші басқанда қызарады– дыбыс жазылмайды.

Екінші жағдайда әлгі бес тетіктің бірінен қате кетеді. Кейіпкерді сөзге дайындап болған соң, репортердің «күйін келтіру рәсімі» болады. Аппаратты іске қосып, микрофонды қолға алып: «рас,рас-два...» дей отырып дыбыс жазу деңгейін қоямыз. Осыдан кейін кейіпкер сөйлейді. Біз–журналистер сөз тыңдай отырып, дыбыстың жазылу деңгейін бақылаймыз. Сөйлеуші адам дауысын бірқалыпта ұстап сөйлесе арман жоқ қой, кей кісілер өзі жақсы білетін жәйттерді айтқанда, немесе ойы мәнсабын өсіріп арқаландырып жібергенде екпіндеп, тіпті елеріп сөйлейді. Мұндайда дыбыс деңгейінің құлақшасымен арпалысып отырасың!

Ал үшінші жағдайдың машақаты көп. Ол үшін сөйлеушіні жазуды бастардың алдында басқалардың тыныштық сақтап отыруын, балаларды алысырақ ұстауын өтінесің. Бірақ оларға түшкірме, жүтелме дей алмайсың ғой! Бола қалған жағдайда, мұндай «бүлдіргілердің» жарасы жеңіл. Не монаж кезінде кесіп тастаймыз, не табиғи құбылыс деп «ақтап аламыз». Бұл істе кесірді көп келтіретін екінші бір деңгейдегі оқыс дыбыстар. Дыбыс жазып отырғанымызда үй түбіндегі терек-

ке қарға қонып алып қоймай қарқылдайды, немесе сиыр мөңіреді, түйе боздайды,...ал есек ақырса ше?!.

Міне біздің заманның журналистері, ойзердесінің жарынан көбін осыларға құрбан етіп-ақ, талай тамаша хабарлар жасаған!

О кездегі монтаждың да қиындықтары мен қызықтары жетерлік еді. Жалпы «монтаж» термині грек тілінен аударғанда құру, құрылым дегенді білдіреді. Радиодағы монтаж, жазылған мәтіндерді белгілі бір ретпен, яғни логикалық жүйемен құрастыру болып шығады. Құрастыру принципі радиосценарийде көрсетілген талаптарға негізделеді. Онда диктор мәтіні, кейіпкер сөзі сонан соң, қай жерде қандай музыка немесе табиғи дыбыстар берілетіні рет-ретімен нақтыланатыны белгілі. Десек те дәл солай, сценарийде жазылғандай болып хабар шыға бермейтіні анық. Радиода да телевизиядағы сияқты сценарий, болған емес, болатын жәйттерді, оқиғаларды, құбылыстарды баяндайды. Өз кезегінде мұндай шығармашылық журналистерді болжам жасауға мәжбүр етеді. Ал болжам әрдайым ақтала бермейді. Ақырында хабар жаңа сценариймен жасалып шығады. Бұл оңай шаруа емес, мұндайда радиожурналист қырқуға түскен ешкінің күйін кешеді. Жоғарыда айтылғандай, жолсапардан алып келген ұнтаспадағы жазбаларын монтаждаудың қиындығын көпшілік түсіне бермейды. Жасыратыны жоқ, біздің қазақтың бәрінің тілі орамды, сөзі сұлу, сөйлемі жинақы бола бермей-ді. Кейде ойы терең, айтары бағалы азаматтарымыздың бізге берген сұхбаттарын тыңдарманға түсінікті етіп жеткізу үшін, жүйкеміз жұқаратын кездер болады. Шұбар сөйленген кейіпкер сөзін маман монтажшылардың өзі «тазалаудан» бас тартады. Осындай сәтке алғаш тап болғанымда, маған көмекке келген тәжерібелі журналист – Мәлік Шыбынтаев болатын. Ол менің материалымды алып, өзі монаждады. Белуардан келетін темір жәшіктің (МЭЗ-28) үстінде айналып тұрған екі табақ ұнтаспаны қолмен бір айналдырып, бір тоқтата тұрып, қажетсіз фразалардың екі жағындағы паузаларды дәл тауып, сол жерден тырнақпен кесіп, жарамсыз сөздерді алып тастап, дұрыс тіркесті ацетонмен жалғау арқылы монтаж жасады. Сол өнерді кешікпей мен де үйрендім. Міне радиожурналистің техникамен жұмыс істей білуі керек деудің мәні осыдан.

Қазіргі журналистерімізге қолмен монтаж жасаудың қажеті жоқ. Әйтсе де кейіпкер сөзін «тазалау» жұмыстары жетілдірілген компьютерлік техника-мен атқарылады. Яғни, техника өзгергенмен радиожурналистің сөзмәтінді ре-дакция-



лаудағы сөйлемді кесіп-жалғау жұмысы сол қалпында, инемен құдық қазғандай, төзім мен тапқырлықты қажет етеді. Сондықтан бүгінгі журналистика шәкірттері өз кезеңінің заманауи технологиясын уақытында игеріп, меңгеріп жүргендері орынды. Әсіресе, компьютердің, сағат сайын қосылып тұратын, жаңа тәсілдерін тез үйренуге дағды алған студент осы ғасырдың озат азаматы болады.

* * *

Қазақ радиосы деректі-ақпараттық берілімдерге маңыз бергеннен гөрі, тарихи-танымдық, ұлағатты-тәлімдік тақырыптардағы салауатты хабарларға көбірек ықылас қояды. Мұндай шығармалар ауызекі-әдеби тілмен көркемдеу тәсілдерін барынша мол пайдалану арқылы жазылады. Ал оны көп ретте дикторлар оқиды.

Қазақ радиосының ата дикторы Әнуэрбек Байжанбаевтың мәтін оқу шеберлігіне мен де куә болғанмын.

Әнекеңді алғаш көрген сәт әлі күнге есімнен кетпейді. Редакция құлаққа ұрғандай тып-тыныш. Әркім өз жұмысын жазып, тылсым толғаныс күй кешіп отырғанбыз...Кенет: «Хаммаңа бір сәлем!» деген зор дауыс естілді. Бәріміз елең еттік. «Ох, әнекең келді!» -деп Мәлік Шыбынтаев ағамыз орнынан тұрып, тысқа шықты. Мен де ере шықтым, өйткені Мәлік аға маған жетекшілік жасайтын.

–Ой, Әнеке-ай, шығуға сылтау таппай отыр едім, келгеніңіз қандай жақсы болды,– деп қол алысты.

–Иә солай, мен болмасам сендердің шылымдылардың шегілмей, пырым-пырымдарың шығады ғой, жүр!-деп екеуі ілгерілеп кете барды...

Бір күні менің материалымды диктор оқитын болды. Мәлік ағайым мені жетектеп, дыбыс жазатын студияға әкелді. Студияда баяғы Әнекең отыр.

–Кәне, әкел,-деп қолын созды. Мен жазғанымды ұстата қойдым.

Ол материалды алды да, жылдам көз жүгірте бастады. Кенет, «Мына жерде үтір болу керек емес пе? –деді де өзі жөнделді. Сәлден кейін, –мынаның қате-сі көп,жөндеп әкеліңдер!»–деді де материалымды маған қарай ысырып тастады. Мен жасқана жүрексініп, материалымды алып, жетекшіме қарадым. Ол– иә, жылдам қайта қарап шық,-деп Әнекеңмен екеуі тысқа шығып кетті.

Мен намыстан жарыла жаздап,материалымды шұқшия отырып оқып шықтым, алып бара жатқан ештемесі жоқ екен, бір тасымал, бір үтір, екі әріп қатені жөнделдім.

Материал оқылды,эфирден өтті. Бірақ, сондағы не редактор емес,не бас редактор емес жәй ғана диктордың маған «қоқанлоққы» жасағанына күйініп біраз жүрдім. Кейін байқасам ол кісі мендейлерді басынан қысып, ширатып алатын ағалық әдеті бар екен.

Әнекең көп жағдайда, алдына келген мәтінді дайындықсыз оқитын. Бірде қазақтың шоқтығы биік режиссерларының бірі–Сұлтан Ходжиковтың «Ардагерлер» деген деректі телефильмінің қазақша мәтінін ырғағына келтіріп, ықыластана желдіртіп оқып отырған. Кенет зор үн тынып қалды да, пыс-пыс еткен дыбыс шықты. Қарасам Әнекең жылап отыр екен. Мен диктор блогінің еігін ашып қасына келіп, «Не болды, аға?»-деп үрейлене құрақ ұштым. Ол кісі сәл отырды да, басын көтерді:-Кешегі соғыстың сұмдық сәттері көз алдыма келіп, өксітіп жіберді ғой!» деп күрсінді.

Міне бұл Әнекеңнің өзіне ғана тән дикторлық феномен еді. Қағазға түскен мәтінді алдын-ала қарап шықпай, бірден оқи отырып, оның мәнін де, мағынасын да түсініп отыратын. Сол арқылы дауыс ырғағын, үн бояуын дәл келтіріп оқитыны содай, кейде өз жазғанымды өзім танымай қалатынмын.

Қазақ радиосының өткеніне үңілсек, талай таланттарларын танытуға болады. Ендігі тілек – солардың ізбасарлары олардан да озық шеберлік үлгісін көрсетсін демекпін.

1. Н.Омашұлы, «Ұзынкұлақтан Қазақ радиосына дейін». «Санат» -2007ж.

ҰЛТ ҮНЖАРИЯСЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІНЕ КЕРЕК МӘСЕЛЕЛЕР



Жидегүл Әбдіжәділқызы,

*филология ғылымдарының
кандидаты, баспасөз және элек-
тронды БАҚ кафедрасының
доценті*

Казақ халқының қасиетті қазынасындай ұлттық үн шежіресін ұрпақтан – ұрпаққа аманат етіп, музыкалық мұрасын мөлдір де тұнық түпнұсқа қалпында сақтап, тарих толқынын туған елінің сара жолымен сабақтастырып, рухани өзегін өзгеше қолтаңбасымен танытып келе жатқан Қазақ радиосы намыстан жаралған қаһарман халықтың салмақты да салиқалы сөзі, кешегі «малым-жанымның, жаным-арымның садағасы» деп абыройы мен ар-ұжданын маңдайалды мәртебе деп білген ата-бабамыздың артында қалдырған көзі десек болғандай. Бұл жай ғана баяндаманы бастау үшін айтыла салған сөз емес. Бұл шын мәнінде көзімізбен көріп, қолымызбен ұстаған дүние, шынайы факті, айна қатесіз ақиқат. Біріншіден, Қазақ радиосының «Алтын қорындағы» 111 мың дыбыстық жазбаны құрайтын қазақ халқымен бірге жасасып келе жатқан дауыстар, сан алуан бағыттар мен жанрлардағы бай музыкалық мұра – соның айғағы. Екіншіден, астын сызып айтатын тағы бір мәселе – тек ғана қазақ тіліндегі әуенімен де, өлеңімен де, орындау шеберлігімен де ұлттық нақышқа сай келетін музыкалық шығармаларды ғана сараптан өткізіп, қабылдап алатын Қазақ

Статья посвящается 90-летию Казахского радио. Автор статьи делает краткий обзор исторической летописи Казахского радио. Анализируются малоизвестные факты, которые были представлены в научных трудах Р. Сагымбекова, М. Барманкулова и Н. Омашева. Также делаются выводы о перспективах развития Казахского радио.

Article is devoted 90 letiyu the Kazakh radio. The author of article does the short review of historical annals of the Kazakh radio. The little-known facts which have been presented in R.Sagymbekova, M.Barmankulova and N.Omasheva's proceedings are analyzed. Conclusions about prospects of development of the Kazakh radio Also become.

радиосының көркемдік кеңесі. Үшіншіден, тек ғана ана тілінде хабар тарататын Қазақ радиосының әуе толқынындағы қастерлі аймағы «Шалқар» арнасы – қазақтың иесіндей, қазақ үнінің киесіндей айтулы бір әлем. Ағайынды ардақтап, айтар сөзді салмақтап, ақ пейіл мен түзу ниетті өмірдің құны деп білетін ауыл-аймақ үшін Қазақ радиосы – бір төбе, басқа барлық радио-арналар – бір төбе, тіпті, олар Қазақ радиосынан басқа арнаны іздемейтініне де талай рет куә болып жүрміз. Төртіншіден, Қазақ радиосының мерейін үстем етіп тұрған тағы бір мәртебесі – қазақтың дархан даласындағы дүйім жұртты жұмылдырып, алақанға сиғызып тұрған аудиториясы. Бесіншіден, тамырын тереңге жіберіп, бұтағын кеңге жайып, жасыл жапырағын жайқалтып, биік өскен зәулім бәйтеректей үнжарияның бұл мерейтойы тұсында шегелеп айтатын тағы бір түйін – оның 90 жылдық тарихы. Бұл – бүгінгі күннің жаңалығы емес, осыдан 5 жыл бұрын Қазақ радиосы дәйектелген дерек бойынша өзінің 85 жылдық мерейтойын тойлады. Ендігі жерде 90 жылдық тарихының салтанатын паш етпек. Бұл тарихи жеңістің туын желбіретіп, шежіренің шыңына апарып қадаған біздің бәріміздің ұстазымыз, қазақ радиожурналистикасының негізін қалаған зерттеуші-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Намазалы Омашевтің «Қазақ радиосына қанша жыл?» деген ғылыми еңбегіне жүгіну - парыз. «1921 жылдың қазан айын Қазақ радиосының туған күні деп атауға толық негіз бар. Дәл осы айдан бастап, арнайы кесте (сетка) бойынша республикада жұмыс істеп тұрған радиостанциялар арқылы елді мекендердің барлығына дерлік жүйелі түрде хабар таратылғанын дәлелдейтін деректер бар» /1/ деген тұжырым жасайды профессор Омашев. 1-дерек: «Орынборда 1921-жылдан радиобюллетень таратыла бастады» /2/ деп жазған профессор Барманқұлов өзінің «Четыре даты рождения радио» деген еңбегінде. 2-дерек: «Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1921-жылғы 29-қыркүйектегі шешімі бойынша Орынбордағы радиостанция арқылы күн сайын 1600 сөзден тұратын өздері дайындаған радиобюллетеньді республикаға таратуға құқық берілді» /3/. 3-дерек: «Орынбордан кейін Қазақ КСР-інің астанасы болған Қызылордада 1926 жылдың 3-қазанынан бастап Қазақ радиосы өз хабарларын тұрақты түрде таратуды одан әрі жалғастырды» /4/. 4-дерек: «1920-жылы Жетісу майданы таратылған кезде ақтардан алынған радиостанциялар Ташкентке жіберілді. Мұндай радиостанциялардың біреуі жергілікті қоғамдық-өкімшілік органдардың талап етуі бойынша

Алматыда қалдырылып жұмыс істей бастады. 1921- жылы станция әскери өкімет орындарының қарауынан почта, телеграф ведомствосының қарауына көшіп, одан әрі жұмысын жалғастыра берді» /5/. 5-дерек: Алматы радиостанциясының хабарлары 1931жылдың 1мамырынан беріле бастады. Маусым айында тұрақты түрде таратылатын хабардың көлемі тәулігіне алғашқыда 4 сағат, кейінірек 6 сағаттан 12 сағатқа дейін жетті /6/. Соңғы дерек кейбіреулердің Қазақ радиосына 90 жыл емес, 80 жыл деп шатасуына себеп болатыны-заңдылық. Алматы - ұзақ жылдар бойы еліміздің астанасы болған, қазақ мәдениеті мен өнерінің ошағына айналған үлкен қала. Ал Орынбор – тарих толқынындағы ежелгі Астанамыз. Сол деректерді жіпке тізген моншақтай мөлдіретіп, еліміздің ресми басылымы «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде жариялап, Қазақ радиосының дерекнамасына енгізген профессор Омашевтің ғылыми негіздемесін ұлт үнжариясының шежіресін ұлықтаған айғақтама деп бағалау-парыз. Бұл –Қазақ радиосының тарихы туралы қысқаша тұжырым. Егер ғылым көкжиегіндегі зерттеу нысаны тұрғысынан келсек, Қазақ радиосы – қазақ радиожурналистикасы ғылымының қайнар көзі, тәжірибелік тәлімі, маңызды мәліметтерге толы мұрағаты, келер ұрпаққа үлгі-өнеге етер көрсеткіші, бір сөзбен айтқанда, айғақ етер асыл мұрасы. Біздің Қара шаңырақтағы журналистика мамандығы бойынша Қазақ радиосынан қорғалған еңбектердің орны бөлек. Олар: «Қазақ радиодраматургиясы» (Т.Көпбаев.), «Әдеби – драмалық хабарлардың қалыптасуы және даму бағыттары» (О.Ошанова), «Тікелей эфир табиғаты және кәсіби шеберлікті шыңдау проблемалары» (Ж.Әбдіжәділқызы), т.с.с.

Дегенмен, Қазақ радиосы алдағы уақытта әлі де зерттеп – зерделеуді қажет ететін ұланғайыр деректік база, орасан зор өнер өрісі. Сол өлшеусіз қазынамыздың құнын еселеп арттырып, тұғырынан түсірмей іркіліссіз ілгері бастыру үшін болашақта қандай мәселелерге назар аудару қажет? Қазақ радиосының қазіргі таңдағы хал-ахуалына қарап, өткенін оймен шолып, келешегіне көз тастай отырып, қандай бір жайттарды қаперімізге алуымыз керек?

1. Ұрпақ сабақтастығы – аға буынды алмастырып, дәстүр мен жаңашылдықтың озық өнегесін дамытып, жас буын өкілдерін баулитын рухани мектепті қайтадан қалпына келтіру қажет. Қазақ радиосының көзі тірі ардагерлері мен жұлдызды жылдары еңбек етіп, ерекше көзге түсіп, телеарналарға, басқа да БАҚ салаларына қызметке ауысып кеткен, қазіргі уақытта да жоғары кәсіби деңгейімен табысқа жетіп жүрген журналистер-

ді шақырып, олар өз ұшқан ұясына келіп шеберлік сабақтарын /мастер-класс/өткізіп, Қазақ радиосының кәсіби деңгейі туралы ой-пікірлерін ортаға салуы қазіргі ұжымның жемісті еңбек етуіне тек ғана оң бағытта әсер еткен болар еді.

2. Кадр мәселесі – Қазақ радиосында кәсіби деңгейі жоғары, табиғи дарыны мен кәсіби біліктілігі үйлесім тапқан маңдайалды журналистер қызмет етуі тиіс. Өйткені, Қазақ радиосы бірден-бір мемлекеттік арна ретінде өзінің көшбасшылық ролін одан әрі арттырып, кәсіби деңгейін әлемдік сатыға көтеріп, өркениет өрісіндегі өз соқпағын табуы тиіс. Қазақ радиожурналистикасының кәсіби шеберлік мектебіне айналған бұл киелі шаңырақта қызмет ету жас журналистердің қол жетпес биік арманы болуы – шарт. (80-90 жылдар аралығы-«Тәулік тынысы»-«Понарама дня» ақпаратты-сазды бағдарламасынан өткен жаңалықтарды эфирден қайталап беру үшін екінші экземплярын Қазақ телевизиясы мен «Хабар» арнасы әдейі келіп сұрап алатын. Өйткені, ол жаңалықтар тақырыптық мазмұнымен, берілу тәсілімен, ең бастысы, оперативтілігімен, яғни, жедеғабыл сипатымен ерекшеленетін). Бұрын қазақ телевизиясы, «Хабар» телеарнасы Қазақ радиосының эфиріне шығып, көзге түскен алғыр журналистерді жоғары жалақы қойып, қызметке шақырып алатын. (Ерлан Бекхожин, Нұржан Жалауқызы Сұраншиева-Мұхамеджанова, Еркін Байғабыл, Сергей Понамарев, Азамат Қалымбет, Қайрат Мұсақұлов, Махат Садық, т.с.с).

3. Ұлттық музыкалық формат - жастардың көңілін баурап, жүрегін жаулап алумен қатар, ұлттық рухтарын оятып, ұлт тағдырының тарихынан тағылым, боямасыз болмысынан туған халқының табиғатын танытатын тәлім алуға жол ашатын қазақ музыкасын барлық жанрлар мен бағыттар бойынша насихаттайтын танымдық - көңілашар бағдарламалар кешенін әуе толқынына шығару – парыз. Сонымен қатар, Қазақ радиосы өзінің Қазақ музыкасын насихаттаудағы ролін өз тарапынан ұйымдастырылған республикалық, халықаралық конкурстар мен фестивальдар арқылы паш етуі керек. Бұл бір жағынан қазіргі заманғы қазақ музыкасындағы кереғар құбылыстарға тосқауыл қойса, екінші жағынан

таңдаулы туындылардың танымал болуына, сол арқылы көпшіліктің музыкалық талғамын қалыптастыруға жол ашар еді. Бұл ретте, 2005-2007 жылдар аралығында Қазақ радиосының тікелей эфиріне шыққан «Жанрлық музыка сағаттары», уақыт мезгіліне байланысты берілетін «Рауан», «Назқоңыр», «Жүректен -жүрекке» сияқты диджейлік сағаттар, әлем таныған қазақ музыкасының жарық жұлдыздары (Нұржамал Үсембаева, Майра Мұхамедқызы, т.с.с) туралы музыкалық радиоочерктер тілге тиек етуге тұрарлық құбылыстар еді. Дәл қазіргі уақытта әуе толқынынан берілетін музыкалық бағдарламалардың арасынан «Қазақтың 1000 әні», «Қазақтың 1000 күйі», «Әннің де естісі бар» атты бағдарламаларды атап айтуға болады. Өйткені, үшеуі де қазақ музыкасын насихаттауға арналған.

4. Мақсаттық аудиторияны меңгеру мәселесі – Қазақ радиосы аудиториясының ауқымы кең, қатары толық сияқты көрінгенмен сапалық қырларына назар аудары, ден қою қажет екенін ескеру қажет. Өйткені, Қазақ радиосының аудиториясы кеудесінде жаны бар еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейінгі барлық қазақты қамтиды, олардың арасында қарапайым үй шаруасындағы әйел де, академик те, т.с.с –бәрі бар. Біреу операны естігісі келсе, екінші біреу халық әндерін тыңдағанды ұнатады, үшінші біреу аспаптық музыкаға әуес. Тыңдармандардың тағы бір тобы экономика тақырыбындағы бағдарламаларды қажет етеді. Оқымысты азаматтар ғылыми-танымдық бағдарламалардан тың мәліметтер мен тосын жаңалықтар күтеді. Сондықтан да аудиторияның талап-тілегін қанағаттандыратын талғамдарына сай келетін тартымды да мазмұнды бағдарламалар ұсыну – маңызды міндет. Бүгінгі таңда тыңдармандар үшін ең керекті бағдарламалар қатарына «Кіндігімді кескен жұрт», «Мемлекеттік тіл», «Ұлтым деп соқсын, жүрегің!» атты хабарларды жатқызуға болады.

Әлбетте, әріптестік ниетпен айтылған бұл ойтолғамдар бүгінде ғасырға жуық тарихын таразылып, уақыт аясында өз соқпағымен сапар шегіп бара жатқан ұлт үнжариясының келешегіне септігін тигізер деп сенеміз.

1. Омашев Н. Ақпарат әлемі. Алматы: «Қазығұрт» 2006ж. 2-том, 4-13 бб.
2. ҚР Орталық Мұрағатының 30-қоры, 56-іс, 71-б.
3. «Ұлттың үнжариясы», Алматы: «Қазақпарат», 2007ж, 32-б.
4. ҚР Орталық Мұрағатының 179-қоры, 22-іс, 831-б.
5. Сағымбеков Р. «Алматыдан сөйлеп тұрмыз», Алматы: «Қазақстан» 1979, 47б.





НА ВОЛНЕ МОЕЙ ЮНОСТИ

*(юбилею Казахского радио
посвящается)*

Светлана Велитченко,

*к.ф.н., доцент кафедры печати
и электронных СМИ*

Автор анализирует свою работу в молодежной редакции Казахского радио.

The author analyzes the work in the youth edition of the Kazakh radio.

Среди множества научных работ о развитии радиовещания в Казахстане, к сожалению, малоизученным остается вопрос о работе молодежных редакций, деятельность которых в воспитании и просвещении юного поколения трудно переоценить. К таким творческим и идеологическим сообществам относится легендарная молодежная редакция Казахского радио. Ее деятельность, к сожалению, закончилась вместе с разделением казахстанского РВ на форматные радиостанции. Вместе с тем принципы работы редакции, которые были заложены еще в 80-е годы XX столетия, сегодня представляются более чем актуальными.

«Работает радиостанция «Молодежная»... Эти позывные прозвучали в моей творческой судьбе в 1988 году, когда я, студентка журфака, пришла на радио, чтобы сделать контрольное задание по «Основам радиожурналистики». Пришла, совершенно не предполагая, что останусь там на 10 лет... Впрочем, они пролетели, как один день. Творческие задания, запись тематических программ, работа в прямом эфире – все это воспитывало будущего журналиста лучше, чем самые прекрасные лекции преподавателей. Творческое содружество признанных мастеров эфира – Ларисы Ворониной, Тамары

Калеевой, Игоря Денисова, Раисы Кулатовой, Джамили Байкановой и начинающих журналистов типа меня было дружеским и искренним. Меня учили самому главному – работе с Фактом и Словом. И сейчас, по прошествии многих лет, эта школа не потеряла своей актуальности. Правда, когда я сейчас говорю своим студентам о сложности работы в радиоэфире, они смотрят на меня с недоумением: ведь главное – подольше болтать, чтобы в эфире не было «дырок». А уж о чем и как – вопрос даже не второй, а десятый... Собственно, современное радиовещание опирается совсем на иные принципы, главный из которых – коммерческая успешность. Принцип форматного вещания определил собственную специфику, приемы и формы деятельности, требования к текстовому оформлению программ, особенности интерактивной коммуникации и многое другое. Трехединая задача радиовещания на современном этапе сформулирована весьма кратко: «информировать, просвещать и развлекать». Но приходится констатировать, что особенно активно выполняется лишь третья составляющая, а информирование и просвещение сводятся к банальным викторинам, вопросы и ответы которых достойны интеллектуального уровня третьеклассника средней школы...

Впрочем, сейчас не об этом. Не хочу омрачать воспоминания о работе в молодежной редакции, тем более – сравнивать принципы существования в эфире журналистов разных поколений. Хочется написать о воспитательной роли программ, которые выходили в эфир «Радиостанции «Молодежная», и которые, как мне думается, могли быть востребованы и в современном формате.

Кстати, благодаря работе в «Молодежке», сформировалась тема моей кандидатской диссертации – «Специфика, приемы и формы освещения проблем семьи и брака в СМИ Казахстана». В течение трех лет, еженедельно (!) в эфир выходила программа, посвященная семейной проблематике. Идея выпуска подобных программ зародилась не на пустом месте. Опыт в освещении подобных вопросов в редакции молодежного вещания Казахского радио уже был. Два года (1985-1986) в эфир выходила программа «Клуб молодой семьи». Вела ее журналист Лариса Воронина. Передача выходила раз в квартал, была строго дифференцированной, вследствие чего за время, прошедшее от программы до программы, в какой-то степени терялась связь между слушателями и редакцией. Слово «семья» звучала также в названии редакции «Семья и школа», просуществовавшей на Казрадио в течение 15 лет. Рубрики и циклы программ были сориентированы на проблемы образования, передового опыта учителей республики, психологические аспекты воспитания детей, пропаганду многовековой мудрости народной педагогики.

Начинать работу над созданием программ о семье было довольно сложно. Во-первых, потому, что существовали печатные издания, занимающиеся вопросами семьи (в частности, центральная пресса – «Семья и школа», журнал «Работница», «Клуб молодой семьи» газеты «Комсомольская правда») и жесткая конкуренция со стороны тогда еще Всесоюзной молодежной радиостанции «Юность» с ее фирменной программой «Молодая семья». В этом плане сегодняшним молодым журналистам, желающим освещать на радио проблемы семейной жизни, и проще, и сложнее. С одной стороны – масса разнообразной информации из Интернета о любой проблеме семейных отношений – копируй текст и вещай. С другой – общество уже соскучилось по качественным, поистине просвещающим программам, которые бы помогли многим молодым (и не очень!) людям решать какие-либо общие проблемы взаимоотношений.

Творческой «сверхзадачей» в программах «Жили- были муж с женою» являлось конкретное отображение проблем жизни молодой семьи. Проблем, которые возникают в самом начале совместной жизни, и с течением времени превращаются в конфликты, преодолеть которые семья часто бывает не в силах. Мы использовали метод «включенного наблюдения», описанный в теоретической литературе, но не востребованный на практике,

Данные наших мини- исследований обсуждались со специалистом-психологом, автор- журналист постоянно обращалась к научной литературе по проблемам семьи и брака, широко использовались статистические данные. Вместе с тем программа должна была нести в себе разноплановую и емкую информацию, выходящую за рамки усредненного статистического отражения действительности. Тематический диапазон программ делал необходимым поиск различных форм, способов работы, позволяющих отразить действительность во всем многообразии ее черт и признаков, во всей полноте эмоционального отношения журналиста к действительности.

Говоря о структурном построении программ, отметим, что радиожурналист всегда располагал достаточно обширным арсеналом выразительных аудиосредств, помогающих адекватному восприятию программ. Это сегодня все сводится к банальному «интерактиву», который зачастую бывает инсценированным. А тогда мы использовали и метод инсценированной ситуации, и «летучие интервью», и элементы радиорепортажа. Слушатели настолько точно воспринимали наши инсценировки, что считали актеров, разыгрывающих мини-спектакли, настоящей семейной парой и даже недоумевали в своих письмах – почему они все время ссорятся...

Жанровые задачи программы «Жили-были

муж с женою» были комплексными: это не «интервью», не «очерк», не «круглый стол», не «пресс-конференция». Но вместе с тем это и «социологический опрос», и «документальная хроника», и «художественно – постановочный радиоочерк». Кто сейчас использует эту жанровую палитру? Равно, как и композиционное построение программы - сейчас авторы владеют лишь одним приемом композиции - чередованием информации и музыки. А между тем композиция – это «не только симметрия внешней формы произведения, но и гармония его внутреннего содержания» /1/. Рассредоточенная композиция, самоустранение автора программы теряет свой главный адрес - широкую зрительскую или слушательскую аудиторию.

В современный период радиoproграммы строятся на принципе популярности собственно ведущего. Человек у микрофона определяет и фактологию, и композицию, и логику развития сюжета, и даже реакцию аудитории! Парадоксально, но сегодня профессия «ведущий – журналист» на форматных радиоканалах не востребована! От сотрудников канала требуется лишь некая ориентация в информационном поле и умение проговорить текст, желательно без слов-паразитов и дефектов дикции. А уж «заумные» термины типа «сенсорное восприятие» и «драматургическая конструкция» – и вовсе анахронизм...

Как отмечает Ю. Богомолов, «коммуникативная роль образа слушателя в организации материала оттеняется ролью ведущего. Он – главный исполнитель, аранжировщик контекста, в котором подается передача. Программа нуждается в условной рамке, которая имеет собственное «эстетическое поле», так или иначе воздействующей и на реципиента, и на саму программу» /2/. Подобной условной рамкой был диалогичный принцип ведения программ цикла «Жили-были муж с женою». И это была не просто информация, разложенная на два голоса - мужской и женский. Каждый ведущий вел диалог со своим собеседником, спорил, подталкивал к совместному размышлению. Более того - как выяснилось из писем, приходящих в адрес программы, слушатели воображали ведущих семейной парой, идеальной в аудиовосприятии. Такой задачи перед ведущими, разумеется, не ставилось, но это лишним раз подтверждает на практике мысль о богатейших возможностях радио и пробуждении фантазии радиослушателя. Для молодых журналистов здесь представлены неограниченные возможности.

Безусловно, успешная работа по созданию программы о проблемах семьи и брака не лишила последних некоторых недостатков. Во-первых, в передачах не всегда получалось достаточно глубокое исследование той или иной проблемы. Несмотря на обязательное привлечение специалистов-психологов, уровень программы должен был быть достаточно популярным. Чрезмерное усложнение программы означало скатываться к академизму. Во-вторых, форма передачи со временем стала несколько однообразной. Интервью с участниками, размышления специалистов, информация социологической службы - этот круг приемов построения программы начал понемногу надоедать. Но придумывать новые формы не хватало времени - поджимали сроки подготовки одной программы, потом еще и еще... Кроме того, обсудив в передаче одну проблему, в следующей мы говорили о другой. С одной стороны - не хотелось стоять на месте, а с другой – мы очень быстро «выплеснулись», выговорились, стремясь выдать больше информации – и в итоге оказались в своеобразном тупике.

И, наконец, еще одна причина, по которой выпуски «Жили-были» постепенно «сошли на нет». Начиная с 1988 года, страницы прессы захлестнула волна публикаций на темы семьи. Причем в подавляющем большинстве это были материалы на тему сексуального воспитания, проблемы интимных отношений, в нерешенности которых авторы видели первопричину всех трудностей молодой семьи. Подобную озабоченность не разделяла р/ст «Молодежная». Поток писем в адрес программы начал ослабевать, и редакция, видя свои программы о семейной жизни агонизирующими, решила прекратить их выпуск...

Сегодня эти данные – уже история. Однако жаль, что они не учитываются при написании учебников и методических пособий для студентов факультетов журналистики. История молодежной редакции Казахского радио на заре перестройки (1985г.) – это история становления форматных радиостанций. Принципы, которые были заложены в основу работы «молодежки» – профессионализм, креативность, мобильность, соответствие требованиям времени, умение прогнозировать перспективы – сегодня являются определяющими для сотрудников эфира. Вот только жаль, что в Интернете про молодежную редакцию и замечательных журналистов, которые в ней трудились – ни слова...

1. Дзялошинский И. М. Творческая индивидуальность в журналистике. – М., 2000

2. Богомолов Ю.Л. Курьеры муз: диалектика продуктивного и репродуктивного в творчестве на радио и телевидении. - М., Искусство, 1986.

МОЕ РАДИО

Илье Синельникову,
редактору, наставнику, другу*



Лариса Нода,

*Старший преподаватель
кафедры печати и электронных
СМИ*

Впервые на радио я попала в восьмом классе. Совершенно случайно. По средам в школе работали факультативы. На первой неделе, как обычно, полно людей, на второй, понятно – чуть меньше. Третью неделю лил дождь, а потому на факультатив по истории кроме меня никто не пришел, и учительница повела со мной разговоры «за жизнь». Поведала, что ее дочь работает редактором на областном радио в школьной программе, которой именно сейчас нужны юнкоры, юные корреспонденты. «Давай пробуй, у тебя получится!» Эта уверенность учителя придала сил. День спустя я уже входила в Кировский областной радиокomitee. Премилая женщина-редактор еженедельной передачи «Школьный меридиан» Ольга Ивановна Ситникова все мне рассказала-показала, провела экскурсию по студиям и монтажкам, а под конец беседы предложила взять тему для подготовки сюжета. Я легкомысленно согласилась.

А согласившись, подписала себе вечный приговор! С той поры понятия «свободное время», «досуг» для меня перестали существовать. А тем паче никак не могла понять нытье сверстников «Скучно!» Да куда ни посмотри – всё есть тема!

Автор өз мақаласында Қазақ радиосына алғаш рет қалай келгенін, кейін журналист атанып, әртүрлі тақырыпта жасалған радиохабарлары туралы сыр шертеді. Сонымен қатар тәжірибелі журналистердің мектебінен өткенін мақтан тұтады.

Автор статьи рассказывает о своих первых шагах на пути к профессионализму, о радиопередачах на разные темы.

А также с гордостью называет имена журналистов, которые помогли ей влюбиться в своё дело.



Твори, выдумывай, пробуй! И я попробовала. Сентябрь 1978 года. Как сейчас помню – тема моего первого сюжета на радио – сбор макулатуры в нашей школе, традиционно, из года в год занимавшей 1-е место во всероссийском масштабе.

Записывала я в библиотеке, как оказалось, самом тихом месте школы. Все было по-взрослому: магнитофон Reporter-6, заедающая кнопка включения, пляшущий индикатор записи, микрофон, который никак не хотел стоять на треноге, чуть не севшие батарейки. Помню, как дрожал мой голос во время той первой записи. Но дрожащие вопросы таки прозвучали в эфире.

Вот с тех пор и завертелось: темы, герои, телефонные переговоры, запись, расшифровка, материал, студия, монтаж, эфир... И по новой. В редакции мы много экспериментировали, не ощущая давления сверху. «Писала» я пионеров и пенсионеров, учителей-новаторов и лучших пионервожатых, отличников и двоечников, ветеранов войны и труда, комсомольских лидеров, искренно болеющих за дело. Кружки, секции, станции детского творчества, дворцы пионеров, дворовые клубы. И школы, школы... Сотни метров пленки, часы кропотливого труда над материалами. «Школьные годы чудесные!» Результат адского труда – звание лучшего юнкора Кировской области и награда – поездка на международную юнкоровскую смену в лагерь «Артек» – мечта всех школьников Советского Союза.

Проблемы – куда поступать после школы – не было. Ясное дело, на журфак, на родину. Огромную пухлую папку с моими радиоматериалами, характеристиками и рекомендациями оценивал сам Марат Карибаевич Барманкулов, бессменный заведующий кафедрой радио и телевидения. Марат Карибаевич пролистал мою папку с радиоматериалами, внимательно что-то прочитал и, довольный, закрыл. Когда очередь дошла до меня, всё всем про меня и поведал, как будто мы знакомы сто лет! Уточнив моменты, касающиеся работы на радио: «На какой технике работали? А что такое «Reporter-7»?», Борман молвил: «Наш человек!» и, улыбаясь, кивнул в мою сторону, удовлетворенно хлопнув по моей огромной папке с эфирными материалами.

В Главную редакцию пропаганды Казахского радио я пришла на втором курсе университета, до этого вкусив все прелести городского радио. И ни разу не пожалела об этом своем предпочтении самой сложной, но и самой престижной редакции республиканского радиовещания, в которую по негласному закону студентам путь был заказан: сложно, не справятся. Главный редактор

А.Е. Мулин был удивлен моим выбором и первые несколько минут разговора все силился послать меня этажом выше – в молодежку. Молодежная редакция гремела на всю страну! Там и интересно! И весело! Да и сверстники все там.

На улице Мира, в 325 комнате меня встретил Илья Владимирович Синельников. Человек энциклопедических знаний, талантище каких поискать. В этом человеке меня сразило всё: как он строит предложения, виртуозно выражая простейшую мысль, оттачивая на любом слушающем свое мастерство. Как относится к работе – дотошно, кропотливо. Как отзывается о коллегах – не просто с уважением, а с нескрываемым восхищением! Как разрабатывает и подает темы – виртуозно. А когда он подарил мне свою книжку детских стихов «Как сорока медведя спасла», восторгу моему не было предела! Книжку храню, с Синельниковым дружу до сих пор. Именно он и стал на годы моим самым главным редактором.

А тогда первые его слова «Надо набить руку на информашках» вызвали у меня недоумение: у меня опыт! Я делала получасовки, не говоря уж о еженедельных десятиминутках. Редактор оценил мою любовь к радио, хорошую настырность. Я благодарна ему за карт-бланш: он моментально поверил мне и в меня! И задания-то я получала без скидок на студенческую юность, моталась с тяжеленным магнитофоном-репортером везде, бралась за любую тему!

Впрочем, время показало, что всем всегда надо набивать руку. Причем, не важно, на чем – информашках, колонках. Писать и писать – ничего другого для журналистов не придумано.

Сколько лет прошло, а я до сих пор помню, как Синельников давал мне задания. Годы спустя, сама став редактором, напутствуя молодых журналистов на очередное интервью, я не раз ловила себя на том, что говорю так же, как мой редактор, выворачивая тему всю, рассматривая все нюансы, повороты проблем. Именно у него я научилась компоновать тему, искать рациональное зерно в каждом абзаце, редактировать чужие тексты, бережно сохраняя стиль – большое, скажу вам, искусство.

Вот с тех пор и завертелось: темы, проблемы, герои, чиновники, а также простые смертные, телефонные переговоры, запись «в поле», перепись на бабину, расшифровка, написание материала, редактирование, студия, запись, монтаж, эфир, летучка... Огромна предэфирная подготовка каждого сюжета. И так изо дня в день. Как-то Илья Владимирович изрек: «Живем как в тюрьме – от передачи до передачи». Скабрезно? Цинично? Но зато как точно! 100 % попадание.



Он учил меня работать «до звука»! Радио моментально выдаст фальшь, некомпетентность. Запустили, и сегодня, когда радио стало иным, люди слушают тех, кто их искренно любит, относится к слушателям с душой. Слушателя-то не обманешь.

А когда на летучках стали хвалить и выписывать повышенный гонорар – Мулин был очень справедлив! – то коллеги из той же молодежи не раз звали-переманивали к себе. Особенно настаивал Игорь Денисов – еще один ас радиовещания. Не поддалась. «Из пропаганды – ни ногой!» Да и коллеги стали наперебой давать задания: сюжет в получасовку, десятиминутку забери себе... А рядом-то корифеи: А. Солдатенко, В. Колотуша, Г. Омарова (кстати, чуть позже - гендиректор алматинской радиостанции NS).

Я работала и училась: слушала программы и анализировала, выделяя положительное и отмечая промахи. Кстати, это умение приходит не сразу – ему действительно надо учиться, но, объективно оценивая других, больше понимаешь и в своих писаниях. Ничто не проходит даром – и эти навыки пригодились, когда годы спустя работала консультантом телерадиоканалов. А тогда, как-то раз усомнившись в том, все ли я делаю правильно, напросилась на запись к одному журналисту. Понимала, что процесс-то чуть ли не интимный, но жажда посмотреть, как человек работает, поучиться писать так, чтоб и твои герои говорили легко, по делу, пересилила. Журналист недавно появился

в редакции, слушая его материалы, я замирала от восторга: здорово! Вот бы также писать!

В один из летних дней мы поехали на БАК. Строительство Большого Алматинского Канала шло полным ходом, а редакция освещала всё: ход стройки, ее проблемы, досуг рабочих. Журналист поздоровался пятиэтажно, угостив рабочих сигаретами, отвесив двадцатипятиэтажные маты, «со вкусом» произнес каждому – что и как требуется сказать на микрофон, четко, без воды, а кто не сможет, повтор многоэтажного мата, он не отвечает!

О! Для меня это была хорошая анти-школа. Больше я ни к кому не просилась, а моталась по городу и области и писала, писала. Работа на радио дала мне опыт. Научила общаться с людьми. Умение делать материал в сжатые сроки. А главное – думать, анализировать, размышлять.

Единственное, о чем сожалею – ушла сейчас проблемная составляющая радиоэфира. Хорошо, что ушла идеология. Ушло назидание. Огромный сегмент СМИ отдан «формату». Это только кажется, что есть разнообразие, на самом-то деле все проще. Музыка + информация + развлечение = современное радио.

Но здорово, что современные ведущие, как бы они ни назывались, стремятся сделать свой эфир интересным, захватывающим. Ведь главный критерий прост: чтобы нас слушали. Чтобы слушатель включал, ждал свою передачу, своего ведущего.

* СИНЕЛЬНИКОВ ИЛЬЯ ВЛАДИМИРОВИЧ, алматинский журналист и любимый многими казахстанский поэт. В 1970-90-е гг. - ведущий авторских литературных и общественно-политических программ на Казахском радио и телевидении. В н. XXI в. – корреспондент газеты «Вечерний Алматы».

Награды: бронзовая медаль ВДНХ СССР (1984) за цикл радиоочерков; звание лауреата премии Академии журналистики РК «Алтын Жұлдыз» (1997) - за радиопрограммы «Помоги себе сам» и «Жусан» (о казахской культуре). Автор книжек-сказок: «Серебряные трубочки» (1979), «Как сорока медведя спасла» (1984) и нескольких поэтических сборников, в первом из которых – «Свои слова» (1999) – собрана лирика разных лет, стихи-перевертыши, а также переводы ряда стихов народного поэта РК Мухтара Шаханова и уйгурского поэта Абдураима Муталлипа.



**«АҚИҚАТ»
ЖУРНАЛЫНЫҢ
ЖАРЫҚ КӨРЕ
БАСТАҒАНЫНА
90 ЖЫЛ**





«АҚИҚАТ» – ҒАСЫР ШЕЖІРЕСІ

М.Б.Салқынбаев,

*«Ақиқат» қоғамдық-саяси
журналының бас редакторы*

Мындаған жылдардан бері ұлы Далада тіршілік кешкен көшпенділердің ғажайып мәдениетінің қазіргі мұрагері қазақтар екені даусыз. Тамырын тереңнен тартқан тарихымен қоса көшпенділер өркениетін дүниеге әкеліп, өзінің төл мәдениетін өркендеткен қазақ халқы қилы-қилы замандарда басынан өткерген ұлы оқиғалар мен әлеуметтік жағдайларына байланысты тудырған эпостық жырлары мен тарихи аңыз әңгімелері арқылы бүткіл тарихын, мәдениетін, дүниетанымын ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткізіп келді. Жетпей қалғаны қаншама... Ал, сол тарих қойнауына кеткен тарихи оқиғалардағы қазақ халқының ерлігін, жалпы өмір жолын қоғамның жылнамасы іспетті басылымдар тасқа басқанда, тарихымызды мүмкін басқаша таразылар ме едік деген ой келеді. Мұндағы біздің айтпағымыз қыпшақ даласында жазу-сызу болмады деген сөз емес. Болды. Сонау көне түркі заманындағы балбал тастардағы жазулар мен орта ғасырдағы ғажайып әдеби ескерткіштердің жөні бөлек.

Ал біздің айтпағымыз қазақ қоғамындағы болып жатқан оқиғаларды күнделікті, аптасын-



да, айында тасқа басып мәңгілікке айналдыратын газет-журналдар еді. Ал, сол кездегі қоғам үшін әрі күрделі, әрі абыройлы мұндай мерзімді басылымдардың жұмыс істеуі аңыз болатын. Себебі қазақ даласында мұғалімдік те болды, шипагерлер де болды, тәржімашы-тілмаштар да болды. Ал журналист мамандар болмады. Олар тек XIX ғасырда ғана қалыптаса бастады. Сондықтан да халықтың көзі, құлағы һәм тілі болған газет-журнал сияқты ақпарат құралдары туралы түсінік ол кезде аңыз болған деп айтуға негіз бар деп ойлаймыз.

Сонымен патша өкіметі тұсында жарық көрген «Түркістан уәлаяты», «Дала уалаяты», «Айқап», «Қазақстан», «Қазақ» сияқты алғашқы газет-журналдардың қазақтың мүддесін қозғап, дербес ел болуға шақырғаны патша өкіметінің де, большевиктердің де саясатына қайшы болып, мерзімді басылымдарды жауып тастайды. Дегенмен де, жаңа өкіметтің саясатын, ұстанымын халыққа насихаттайтын басылым керек-ақ еді. Сондықтан «Еңбекші қазақ», «Лениншіл жас» газеттері мен 1920 жылы қазіргі «Мысль» журналын ашса, 1921 жылы қыркүйекте «Қызыл Қазақстан» қазіргі «Ақиқат» журналын басып шығара бастайды.

«Ақиқаттың» тұңғыш редакторы Абдолла Асылбеков бастаған Ерғали Алдоңғаров, Мырзағұл Атаниязов, Нәзипа Құлжанова, Нығмет Нұрмаков, Смағұл Сәдуақасов, Ораз Жандосов, Ә.Байдилдин және басқалар қостаған журналдың тұрақты авторлары басылымның алғашқы сандарында өзекті де құнды мәселелерді көтере біледі. Олар патшалық Ресейдің отаршылық саясатының кеңес өкіметі тұсында да жалғасып келе жатқанын, орыстардың қазақты тең азамат санамауын батыл сынға ала отырып, оның асқынған түрі ретінде жергілікті халықтың басты байлығы – жерін тартып алуы қазаққа өте қиын тигенін ашына жазады. Осы тұрғыдан келгенде қазақ халқын ояту үшін, сауатын ашу үшін алаш арыстары «Қызыл Қазақстан» журналында өздерінің публицистикалық мақалаларын үзбей жариялап отырды деп айтуға болады. Мұнда олар жанайқайға толы сол замандағы өзекті мәселелерді көтере білді. Оған біз «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналының биылғы 90 жылдық мерейтойына орай 1921 жылдың 15 қыркүйегінен бастап «Қызыл Қазақстан» деген атпен жарық көрген басылымның алғашқы сандарында қандай өзекті де тың бастамалар көтерілген, қандай ұлттық мәселелерге байланысты құнды дүниелер бар екен деп сарғайған беттерін парақтағанда, халқына адал қызмет еткен алаш зиялыларының нағыз қазақ аза-

матына тән, кәсіби журналистке лайықты жазған публицистикалық мақалаларының молдығына куә болдық. Олардың публицистикалық еңбектерінде сол заманның ақиқатын батыл айта білгендігіне, тақырыбының маңыздылығына, тілінің көркемдігіне қайран қаласыз. Жастық жігерлері өрттей лаулаған алаштың сол кездегі көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары дәйім алғы шепте, алдыңғы лекте жүріпті. Өткір мәселелерді көтеруде большевиктік цензурадан ықпаған, тіпті, оларды кеңестік жүйенің қатаң бақылауына бағынбаған деп те айтуға болады. Мәселен, Смағұл Сәдуақасов «Ақиқат» журналының алғашқы сандарында ұлттық проблемалардың бірі ретінде ұлттық теңсіздікті сынай отырып, қазақ жігіттерінің елеусіз орындарда ғана қызмет атқарып отырғанының мәнісі олардың өнер-білімі сондайларға ғана жеткендіктен емес. Бұл отаршылардың (колонизаторлардың) істеп қойған айласы деп өткір айтады. Сонымен қатар өмір бойы отар болып келе жатқан елдегі құлдық сана туралы да керемет ой айтады. Ол былай дейді: «Адамда әдет деген бір сипат бар. Неге болса да адам әдеттенгеннен кейін үйренеді. Үнемі біреу мұң-мұқтаждықты көрмесе, аш-жалаңаштықты білмесе, жұмыс қылмаса, ол адам өмірінше сол тұрмысқа әдеттенеді. Тамақ табу үшін еңбек ету керек. Жұрт ашығып жатқанда сендер азырақ ашығу керек деген сөздерді ол адам ұқпайды. Себебі оның көңілі ондайды ойлап көрген жоқ. Оған оның сол тұрмысы дұп-дұрыс, әп-әділ секілді.

Екінші түрлі адам бар. Олар жасынан қорлықта, көргені кемшілік, зорлық, зомбылық, жегені таяқ, білгені құлдық. Жақсы өмір бар, жайлы тұрмыс бар, жұрттың бәрі тең, біріне-бірі қарындас, аға дегенді ондай адамдар алғашқы кезде түсіне алмайды. Себебі олардың миы мұндай пікірді ойлап көрген жоқ. Ойласа да ондай өмір болады деп сеніп көрген жоқ. Олар өмірінше құлдыққа үйренді. Адам баласы әдеттенсе, құл болу да дұп-дұрыс нәрсе! [1,29-б.]

Ал, «Ақиқаттың» алғашқы редакторы, алаш зиялыларының бірі Абдолла Асылбековтің 1921 жылғы Қазақстандағы аштыққа байланысты нақты дәлелдерге сүйене отырып «Қызыл Қазақстанда» жариялаған мақаласында сол жылғы аштықтың нақты себептері ашық айтылады. Қазақ халқының елді жайлаған жұттан емес, қызылдардан да, ақтардан да қатты жапа шегіп, сол әскерлердің ылаңынан қырылғанын әшкерелейді. Ал, жерінен бір айрылып, бағатын жері болмаған соң малдан екі айрылған қазақ болса, 1921 аштыққа ұрынады. Ал Абдолла осы



аштықтың себебі мен салдарын батыл сынға ала отырып, мәселенің ушығып бара жатқанын айттып дабыл қағады [2]. Мұндай мәселені көтерген мақалалар басылымның әрбір санында шығып тұрды десек, артық айтқандық болмас. Жер дауына, аштыққа және басқа да ұлттық мәселелерге арналған хаттар газетте жиі басылып тұрды. Тіпті большевикпін деген орыстардың араққа сылқия тойып алып, орыс тілін білмейтін қазақтарға жасаған неше түрлі бассыздықтары да осы журнал арқылы әшкереленді. Алаш зиялылары мұндай жағдайлардың әсіресе, Жетісуда, Ақмолада және Қарқаралыда өршіп бара жатқанын басылымда күйіне жазды. Не істеу керек, амал қайсы? – деген сияқты сауалдарға жауап ретінде қазаққа өз шаруасын түзеп, кәсіппен айналыспаса құрып кететінін жарыса жазды.

Сонымен қатар мақалада сол кездегі қазақ халқының санын көрсететін статистикалық мағлұмат та өте маңызды орын алған. Қазақ Республикасындағы төрт облыстағы халықтың екі миллионнан астамы, яғни 59 пайызы аштыққа ұшыраған дейді, – Абдолла Асылбеков. Осы дәйекке сүйене отырып, егер төрт облыста 3 миллионнан астам қазақ болса, онда қалған аймақтағы халық санының қанша болатынын оймен шамалауға болады. Бұл жерде әңгіме тек қазақ халқына байланысты айтылған фактілер деп түсіну керек.

Олардан бөлек Ә.Байділдиннің «Ұлт мәселесі һәм Октябрь революциясы», Манап Шамильдің (Сәкен Сейфуллин) «Аштардың рухы», «Октябрь һәм ұлт мәселесі», О. Исабаевтың «Ұлт мәселесі һәм Октябрь төңкерісі», Нәзипа Құлжанованың «Октябрь төңкерісі және әйел мәселесі» және т.б. авторлардың мақалаларында қазақ халқының сол кездегі жай-күйі батыл айтылды. Тіпті қазақтардың орыстардан да көп теперіш көріп отырғанын жасырған жоқ. Осындай келелі мәселермен қатар қазақ қаламгерлерінің алғашқы көркем шығармалары да жарияланып тұрды. Оның мысалы ретінде Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күнін», Сәкеннің «Тар жол тайғақ кешуі» мен өлеңдерін, Бейімбеттің «Шұғаның белгісі» және басқа көптеген әдеби еңбектерді айтуға болады. Демек, журналда әдеби материалдарға да мол орын бөлінген. С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Әуезов және т.б. көрнекті ақын-жазушылардың көркем шығармаларының осы журналда жариялануы басылым оқырмандарының көптігінен хабар беріп тұрғандай. Сонымен қатар әдебиетші ғалымдар үшін «Қызыл Қазақстанда» басылған шығармаларды қазіргі өзіміз оқып жүрген мәтінмен салыстыра зерттеудің де үлкен

маңызы бар деп ойлаймыз. Мұндай дәйектерді көптеп келтіруге болады.

Ал енді неге большевиктер сол кезеңде баспасөзге, әсіресе Алаш ардақтыларына еркіндік беріп қойды деген мәселеге келер болсақ, біздің ойымызша алаш оқығандары бір жағынан заңға сәйкес жұмыс жасады. Екінші жағынан, олар Қазақ Республикасын дербес мемлекет ретінде құруды мақсат етті. Себебі қазан төңкерісінің алғашқы күндерінде Ресей боданында болған халықтардың құқықтары жайында арнайы жарлық жарияланды. Онда былай делінген:

Біріншіден, Ресейде тұратын ұлттардың бәрі де бірдей, бірінен бірінің артығы жоқ. Екіншіден, әрбір ұлт Ресеймен одақтас автономия боламын десе де, болмаса мүлде бөлініп өз алдына жеке өкімет боламын десе де ерікті. Үшіншіден, бір ұлтты екінші ұлт құлдану, кемшілікте ұстау мүлде жойылады. Үшіншіден, бұрын қорлық көріп езілген ұсақ ұлттардың еркі мен көркеюіне көмекші боламыз деп айтылған. Демек, бұл айтылған мәселелер қағаз бетінде ғана қалған жоқ. Бұрын орыс патшалығының отары болған ұсақ ұлттар өз алдына тұрмыстарының ыңғайына қарай жеке-жеке республика болуды немесе автономиялы республика болуды көздеді [3, 2-б.].

«Қызыл Қазақстандағы» мақалалардың өткірлігіне, көтерілген тақырыптың ұлттық сипат алуына, материалдардың мазмұнына қарап, 1925 жылға дейін алаш қайраткерлері ұлттық журналистиканың нағыз үлгісін салып кеткендей ме деп қаласыз. Ф.Галашекін келгенге дейін цензура да өте қатты дәрежеде болмаған секілді. Сондықтан да олар ең әуелі қазақ ұлтын басқа халықтардан кейін қалмауға, кем болмауға үндеді, қазақ қоғамын жарқын болашаққа жеткізу жолында ештенден қаймықпай күресті деуге болады. Заман ағымына сай қазақтың іргелі проблемаларын барынша ашық айтып, мәселені тікесінен қойып, оны шешудің жолдарын да көрсетіп отырды. Сондықтан да Алаш зиялыларының атқарып жатқан ұлттық болмыстағы қарқынынан қорыққан кеңес өкіметі Галашекінді арнайы тапсырмамен жібергендігі байқалады. Сөйтіп, Алаш арыстарының әрекеттерінен шошыған билік басылымның форматын өзгертіп, оны тек саяси-ландырып, компартияның жұмыстарын халыққа насихаттау бағытындағы мақалаларға ғана орын бөліп отырды. Содан бастап сирек жағдайда болмаса, олардың ұлттық мәселелерді қаузаған маңызды мақалалары көп басылмады. Сөйтіп, 1925 жылдан кейін алаш зиялыларының арыны басылғандай көрінеді.

«Қызыл Қазақстанның» беттерін парақтай

отырып, қатаң цензураның бақылауындағы оның мүмкіндігінің қаншама шектеулі, құрсаулы болғанына қарамастан қазақ қоғамының, қазақ жерінің шын мәніндегі айнасы бола білгенін пайымдаймыз.

Әрқашанда ақиқаттың ақ жолында парасат биігінен сөз қозғап, ой толғаған Алаш арыстары сипаттаған қазақтан бүгінгі қазақтың мінезі көп жағдайда өзгермеген сияқты. Осы жағынан келгенде, тіршілігіміз түзелді, заманымыз жаңарды, бірақ әлі де болса, кейбіріміздің ой-санамыз Смағұлдың жүрегіне оқтай қадалған сөздегі қалыпта қалғаны мазалайды. Кейде Смағұлдың мақаласы бүгінгі күнге арнап жазылған ба деп те қаласыз.

Басылым сандарын ақтарып отырсаңыз халықтың өмірі, қоғамдық сананың дамуы жөнінде шежіреге бергісіз мәліметтерді де табысыз. Журналдың ондай жүкті арқаламауға құқы да жоқ еді.

1921 жылы Орынбор қаласында шығып тұрған журналдың аты белгісіз себептермен қайта-қайта өзгеріп отырды. Ол да болса кеңестік коммунистердің жымысқы саясатының бір қыры болса керек. 1924 жылдан 1932 жылға дейін Қазақстан КП (б) өлкелік комитетінің органы ретінде «Қазақстан большевигі» деген атпен оқырманға жол тартса, 1932 жылы бірнеше ай «Ауыл коммунисті» деп басылым атауға да ие болады. Ал, 1932 жылдан 1941 жылға дейін журнал «Коммунист» деген атқа өзгертіледі. Ұлы Отан соғысы жылдарында біраз уақыт шықпай қалған басылым, 1947 жылы ақпараттық кеңістікке қайта шығады. 1952 жылы журналдың аты «Қазақстан коммунисті» тағы да жаңа атқа өзгеріп, 1991 жылға дейін шығып тұрды. Заман ағымына, биліктің саяси танымына қарай «Ауыл коммунисті», «Қазақстан большевигі», «Коммунист», «Қазақстан коммунисті» деген атпен еліміз егемендік алған күнге дейін атын қайта-қайта өзгерте отырып, ақырында «Ақиқатқа» тоқтаған журнал осы күні көп оқырмандардың көңілінен шығатын қазақтың беделді де байырғы басылымдарының біріне айналды. Еліміздің егемендік алуына орай 1991 жылдың 15 қыркүйегінен бастап «Ақиқат» деген атпен шығып келеді. Бұл жайында басылымға алғаш «Ақиқат» деген атауды ұсынып, тіркеткен авторы белгілі жазушы-публицист Камал Смайылов ағамыз былай деп жазған болатын: «1991 жылы Орталық Партия Комитеті тарап, журнал бұрынғы атымен шығуын тоқтатқанда оны қалай сақтау керек деген әңгіме, мәселе туды. Ғылым академиясына, «Білім» қоғамына барыңдар деді. Олардың өздері жетісіәп отыроған жоқ, журнал-

ды қалай алсын? Содан ойланып, бір телефоннан соң Жоғарғы Кеңестің төрағасы Ерік Асанбаевқа бардым. Әңгімелестім. Екеуміз Орталық Комитетте қатар қызмет еткенбіз. Ол – ғылым бөлімінің, мен – мәдениет бөлімінің меңгерушісі. Оған айттып едім келісе кетті. Екі газеті бар Жоғарғы Кеңес енді екі теориялық-саяси журналды алса да көптік жасамайды ғой деп ұйғардық. Ендігі саясат – халықтікі, идеология, теория – мемлекеттік дегенге келдік. Оның атын өзгерту керек болды.

Редакцияда бәріміз жиналып атын іздедік. «Саясат», «Шындық», «Ой көкжиегі» деген аттар ауызға алынды. Біреулер маған айтты: «Парасат» деген ат тамаша келіп тұр, бірақ сіз оны ана журналға беріп кеттіңіз ғой. «Парасаттан» шығып соған ұқсас, мағыналас сөз еске келді. «Ақиқат» деп атайық деп мен ұсыныс жасадым. Бәрі қостады. Осылайша мен екі журналдың атының авторы болдым. Сөйтіп журналдың аты өзгерді» [4, 80-б.].

Қазақ елінің ақпараттық кеңістігінде өзіндік брэндке айналған «Ақиқат» журналының еткен еңбегі еленбей қалған жоқ. Басылымның жемісті еңбегін жоғары бағалаған ел ағалары әруақытта тиісті сыйлықтарымен марапаттап отырды. 1976 жылы «Халықтар достығы» орденімен, 1996 жылы Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің Құрмет Грамотасымен, 2002 жылы Қазақстан Журналистер Академиясының «Алтын жұлдыз», 2008 жылы Қазақстан Журналистер одағының сыйлықтарымен марапатталған журнал, биылғы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында Байланыс және ақпарат министрлігі ұйымдастырған конкурста «Ең үздік қоғамдық-саяси басылым» аталымы бойынша жеңімпаз атанды.

«Ақиқаттың» нөмірлерінде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған дәстүрлі Жолдауы мен осы Жолдауға сәйкес елдің әлеуметтік, экономикалық ахуалын көтеру мақсатында атқарылып жатқан игі істері тұрақты түрде жарияланып тұрады. Сонымен бірге Елбасының тапсырмасы бойынша облыс, аудан әкімдерінің атқарып жатқан жұмыстары жөнінде де маңызды сұхбаттар кезегімен беріліп тұрса, еліміздегі белгілі қоғам қайраткерлері мен ғалымдардың жариялаған құнды материалдары журналдың беделін көтеріп, маңызын арттырып отырады. Осыған қарап журналдың мазмұны мен бағыты өзгеріп, бұрынғы партияның басылымы болып қалмай, бірте-бірте ұлттық сипат алғанын байқауға болады.

Еліміздегі жүзеге асырылып жатқан саяси-



экономикалық өзгерістерді халыққа уақытында жеткізуде, сондай-ақ, Қазақстанның дамыған 50 елдің қатарына қосылу процесін жеделдетуде және Елбасының жыл сайынғы дәстүрлі Қазақстан халқына арнаған Жолдауында атап көрсеткен маңызды міндеттерден туындайтын мәселелерді насихаттауда және биылғы жылғы Қазақстанның Ислам конференциясы Ұйымына басшылық қызметін атқарудағы әрбір оң істері мен кадамдарын «Ақиқат» республикалық қоғамдық-саяси журналы халыққа жеткізіп отырады. Осы тұрғыдан келгенде еліміздегі саяси-экономикалық жағдайларды сараптап, халыққа түсінікті тілмен жеткізу журналдың басты міндеті болмақ.

Қазіргі таңда «Ақиқат» журналы қоғам дамуының маңызды тұстары, соның ішінде саясат, тарих, философия, экономика, мәдениет және филология салаларындағы өзекті мәселелерді уақытылы көтеріп, маңызды да ғылыми құнды мақалалардың жарық көруімен ерекшеленеді. Басылымның заман талабына, уақыт лебіне сай жылдан жылға жасап келе жатқан жарқын жаңалықтары, өсуі мен өзгеру үдерістері оқырманның көз алдында өтіп келеді. «Ақиқат» журналы қай кезде болсын ақиқаттың алдаспанына айналып, салиқалы ой толғайтын, елдегі болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер иіріміне бойлай отырып, мейлінше терең сараптама жасайтын басылым ретінде қалыптасты.

Тәуелсіз еліміздегі журналдардың ішінде бас басылым болып табылатын «Ақиқаттың» айдарлары елге ұнамды, мазмұнының әсерлілігі, мақалаларының құндылығы көпшілікті баурап алатынын дәлелдеп жату артық болар. Әсіресе, «Заманхат» айдарымен Әл-Фараби, Абай сынды даналардың, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Смағұл Сәдуақасов секілді алаш зиялылары мен Ақжан Машани, Өзбекәлі Жәнібеков және т.б. қазақтың белгілі тұлғаларының ойлы пікірлері мен салиқалы сөздері үнемі журналдың бетін ашып тұрса, «Маржан сөз» айдарымен қазақтың аузы дуалы билері мен шешендерінің тура да тауып айтқан маржан сөздері қорытындылайды. Бұған қоса «Жақсы жүрген жерінде із қалады», «Тарихтан тәбәрік», «Тұлғалар тұғыры», «Руха-

ни қазына», «Дүниетаным ділі» сияқты айдарлар көпшіліктің көңілінен шыққандығын баса айтуға болады. Сөйтіп «Ақиқат» Қазақстанның тарихы мен мәдениеті, рухани дүниесі мен әдебиеті жайында тың мәселелерді көтеретін бірінші журналы болуымен қатар Қазақстан ғылымының дамуына атсалысатын ғылыми журнал ретінде де танымал болды.

Бүгінде «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналы ұжымдағы қажырлы қайраткер журналистердің ерен еңбегінің арқасында Тәуелсіз Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде үлкен құрметке ие болып, еркін жүзіп келеді. Басылымның өмір жолындағы жетістіктері журналистика әлеміне жаңа кадам басқан жастарға Темірқазықтай жол сілтейді.

90 жыл бойы көкірек көзі ояу, жүрегі қазақ деп соққан әрбір азаматтың сүйікті журналына айналған басылымның еліміздегі қоғамдық сананы ұлттық санаға айналдыруда өлшеусіз үлес қоса береді.

Журналдың 90 жылдық мерейтойына тарту ретінде айтар тағы бір жаңалығымыз ол Журналдың күні бүгінге дейін белгісіз болып келген №1 санын таптық. Бұл уақытқа дейін «Ақиқат» журналының алғашқы екі саны мүмкін белгісіз себептермен жоғалған, мүмкін алғашқы жарыққа шыққан жері Орынбордың архивінде болмаса, басқа болады-ау деген біраз жерден табылмаған болатын. Журналдың тоқсан жылдық мерекесіне дайындық барысында табылып қалар деп, сол нөмірлерді қайта іздей бастадық. Бұл игілікті іске Ұлттық кітапхананың қызметкерлері зор көмек көрсетті. Солармен бірлесе отырып, Ташкент, Мәскеу, Орынбор және Қазақстанның өз ішінен журналдың жаңағы нөмірлеріне сұрау салдық. Сонымен жақында сол сұрау салған жердің бірінен бірінші нөмірі бар деген жауап алдық. Қолымызға тигені микрофильм қалпындағы нұсқасы. Бұны біздің редакция ұжымының журналдың тоқсан жылдық мерейтойына тартқан үлкен сыйлығы деп білеміз.

Қазақ елінің болашағы жарқын болсын, өз елінің көзі, құлағы һәм тілі болған «Ақиқаттың» өз шыққан биігінен аласармай, заңғар биікке самғай бергенін тілейік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Смағұлов. Қостанай- Торғай. – //«Қызыл Қазақстан», Орынбор, 1922, 28-33 Б.
2. А.Асылбеков. Қазақ Республикасындағы аштықтың ауданы. – // «Қызыл Қазақстан», Орынбор, 1922, 7 январь.
3. А.Байдильдин. Ұлт мәселесі һәм октябрь революциясы. - // «Қызыл Қазақстан» , №3, 1921.
4. К.Смайылов. «Ақиқат» деп қалай аталған. – // «Ақиқат», Алматы, 1996 №8.

ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫН САҚТАДЫҚ



Жұмабек КЕНЖАЛИН,

*«Қазақ газеттері» ЖШС-нің
Бас директоры – Редакторлар
кеңесінің төрағасы.
Журналдың 1996-1997 және
2006-2009 жылдардағы
Бас редакторы*

1 ОСЫДАН БІРЕР ЖЫЛ бұрын, дәлірек айтсам 2008 жылдың шілде айында қазақтың асыл перзенттерінің бірі Бәйкен аға Әшімовпен жолығысып, сырласудың сәті түсіп еді. Көпті көрген көнекөз қария алғашқыда сұхбаттасуға келісім бергенімен бірден шешіліп кете қоймады. Әңгіmemіз тақ-тұқ, тіпті кібірткіреп қалған тұстарымыз да болды. Қария әңгімені басқа күні жалғастырайық дегендей ыңғай таныта бастады.

Тоқтамды сөз айтпасам, кездесуге нүкте қойылғалы тұр.

– Аға, енді біреер жылда тоқсанға толғалы отырған журнал оқырмандарына жарытып ештеңе жеткізе алмайтын болдық-ау, – дедім, аз-кем үнсіздіктен соң:

– Жұмабек, мынадан қарап шығып бірдеңе құрастыра салмайсың ба? – деді. Ағамыздың мегзеген жағына мойын бұрсам бір бума болып «Қазақ» газеті жатыр.

– Қоғабайдың газетіндегіден қосып айтар ештеңе қалмаған сияқты.

– Ойбай-ау, ол Қоғаш ағамның тасқа бастырған сөзі, мен оны жамап жасқап "Ақиқатқа" қалай бастырам.

– «Ақиқатқа» дейсің бе, ә? Менің «Ақиқат» жур-



налынан келгенім қарияның сол сәтте есіне түсті ме:

– «Ақиқаттың» аты «Ақиқат» қой. Оның жөні бөлек. Ол бұрын «Қазақстан коммунисті» болды ғой, ә? - деді әр сөзін салмақтап.

– Иә, дәл солай!

– Қазақ елінде бас газет бар. Ол – «Егемен Қазақстан», ал бас журнал – «Ақиқат».

– Дәл, солай!

– Онда «Қазақстан коммунисті» боп тұрғанда Құрманбек істеді ғой.

– Иә.

– Азулы, алғыр еді. Кәкімжан, Камал, Сарбас басқарды ғой, ә? Бәтрін білемін. Біздің тұсымызда қызмет атқарған азаматтар. Ал енді былай болсын, сұхбат беріп жүрміз ғой. «Ақиқаттың» оқырмандарына хат жазайын. Соны бассаң, әңгімеміздің орнын сол толтырап.

Қуанып кеттім. Қарт кең залдың ортасында әрліберлі жүре бастады.

– Ал енді жаз. Мен негізгі ойды айтайын, әрлеп, қиыстырып көтүресің.

Арада біраз уақыт өткенде журналымыздың беташарында Бәйкен аға Әшімовтің хатын жарияладық, Журналдың 90 жылдығы туралы мақала жазуды қолға қалам алғанда осы бір кездесу еріксіз ойыма түскені.

Иә, «Ақиқаттың» аты аталғанда оған құрмет білдіре әңгіме қозғайтын азаматтар көп-ақ. Соның бірі әлгінде біз әңгімеге тартқан Бәйкен аға Әшімов еді. 90 жыл бойына қазақ оқығандарының, зиялы қауымның көз қуанышы бола білген бұл басылым небір жақсылар мен жайсандардың шыңдалу мектебіне айналғаны жасырын емес. Журналист кадрларын даярлаудың ұстаханасы бола білгені тағы бар.

2. ОСЫ ҰСТАХАНА табалдырығын мен 1996 жылы ақпан айында аттаған едім. Республикалық «Халық кеңесі» газеті жабылатын болды да, оның қызметкерлері республикалық бірнеше басылымдарға жіберілді. Маған «Ақиқатқа» бас редактор болып баруға ұсыныс түсті. Ол бір өлара кезең еді. Анда, барам мында барамын деп саудаласып жататын уақыт емес. Бір назар аударарлығы бұл басылымда бас редактор лауазымында Сарбас аға Ақтаев отыр еді. Мұның алдында «Халық кеңесін» мен ол кісіден қабылдап алғанмын. Енді ізін қуғандай болып, тағы сол кісінің кеңсесіне барғалы отырмын.

Осы жайлы министрімізге түсіндіріп көріп едім:

– Бұл енді саяси шешім. Қаласаңыз да, қаламасаңыз да осы, - деді.

Сонымен ақпан айында жұмысқа кірісіп кеттік. Нарықтың жойдасыз қыспағына қарамастан екі жылдай сүттей ұйыған ұжыммен тіл табысып жұмыс істедік. Бар мүмкіндігінше редакцияның ішкі өмірінде, жалпы басқару жүйесіндегі қалыптасқан

жақсы дәстүрлердің баянды болуына күш салдым. Онымыз өз нәтижесін берді де. Білікті ғалымдар мен мамандар журнал жұмысына белсене араласты. Профессорлар Ғарифолла Есімовтың, Талас Омарбековтың, Тұрсын Жұртбаевтың, Құлбек Ергөбектің, Нұрақым Райхановтың қаламынан туған дүниелер «Ақиқат» арқылы ғылыми айналымға түсе бастады. Сөйтіп, біз журналдың қоғамдық саяси мәртебесімен қоса оның ғылыми-көпшілік басылым болуына да көп күш-жігер жұмсадық.

Редакция еңбек ұжымының қоғамдық өмірінде біздің келуімізбен бірге үлкен серпіліс туды деп ойлаймын. Біз деп отырғаным, «Халық кеңесі» жұмысын тоқтатқаннан кейін менің бірінші орынбасарым Жанболат Аупбаев осы ұжымға бірге келіп, бас редактордың бірінші орынбасары қызметін атқара бастаған. Ал макет атаулының майын езіп ішкен Қыдекең - Қыдыралы Қойтай редакцияның жауапты хатшысының орынбасары қызметіне бекітілді. Нұрбибі Қыдырова, Айгүл Күнторова, Айжан Мырзаханова, Элмира Ерғазина жаңа ұжымды жатсынбай бірден білек сыбана жұмысқа кірісіп кетті.

Редакцияда қазақ зиялыларымен шығармашылық кездесулер, дөңгелек үстел басындағы сұхбаттар, журнал редакциялық алқасының көшпелі мәжілістері жиі-жиі өтіп, мұның өзі басылымның мазмұндық жағынан байи түсуіне ықпал етті. Редакцияда дәстүр сабақтастығы берік сақталды. Сарбас Ақтаев, Есләм Зікібаев, Болат Бабақұлы, Марат Мәжитов, Батық Мәжитов, Мұрат Күлімбетов секілді ағалар қалыптастырған тағылымы зор игі бастамалар Есенжан Қуандықов, Мұрат Төлеев, Мұхтар Анарбеков секілді жастардың құлшынысын оятты.

«Ақиқат» журналының 75 жылдығына әзірлік және оны өткізу редакция ұжымында үлкен бір серпіліс, құлшыныс туғызды. Оған тайлы таяғымызбен қатыстық. Ортақ шаруаға қоғадай жапырыла кірістік. Техникалық қызметкерлеріміз Жексеш Қабылжанова, Гүлжан Күлімбетова, Шайзада Байкенова, Марта Жомартова, Мәлік Мамырбай сондай-ақ Қонысбай Шәжімбаев та бұл науқаннан тыс қалмады.

75 жылдық дүркіреп өтті. «Дәуір» баспаханасының мәдениет үйінде салтанатты жиын болды. Бұрын ұжымда жұмыс істеген еңбек ардагерлерін, қоғам қайраткерлерін шақырдық. Билік өкілдері келіп, құттықтау лебізін білдірді. О, жылдары журналымыздың құрылтайшысы Қазақстан Халықтары Ассамблеясы еді. Соның жетекшілерінің бірі Әлихан Байменов компьютер сыйлады.

Ұжымның шығармашылық мүшелері арасында бәйге ұйымдастырылған болатын. Соның қорытындысы шығарылды. Төл мерекемізге орай аудандарда, жекелеген еңбек ұжымдарында, жоғары оқу орындарында ұстаздармен, сту-

денттермен кездесулер өтті. Осының бәрі журнал қызметкерлерінің ықыласын оятты. Шайыптандырды. Жаңа тақырыптық ізденістерге жетеледі, авторлармен жұмыс істеу қолға алынды. Соның нәтижесінде міне, оқырман қауымның көкейіндегі дөп басатын тың мақалалар, ой-толғамдар журнал бетінде жариялана бастады. Реті келгенде соның біреуін атап айтуды парыз көріп отырмын. Мәселен, академик Ғарифолла Есімнің «Бүгінгі қоғам – бүгінгі сана» деп аталатын мақалалар сериясын, Қалмұқан Исабаев пен Сапар Байжан-Атаның «Қазақ жұртының санасын да отарлау ниеті – қауіпті», Әбдіғали Әбдіманаповтың «Тұнық экономика – тұнық қоғамның негізі», Талас Омарбековтың «Голощекиннің құпия хаты», Есенжан Қуандықовтың «Гуманизм ұғымындағы кейбір қайшылықтар», Серік Жақыпбектің «Қазақ қалай шоқындырылды?», Дастан Сәтбайдың «Тұлғалар немесе Абылай, Мұхтар, Қаныш ұштағаны», Берік Әбдіғалидың «Саясатшылдық шылауында», Секен Дорженовтың «Қазақ өркениет көшіне қалай ілеседі?», Сарбас Ақтаевтың Уәлихановтар әулетіне қатысты материалдар сериясын атап өтуге болады.

Токсаныншы жылдар ел өміріндегі нарықтық экономиканың қылбұрауы әрбір отбасына сызат түсіргені белгілі. Осы бір қиыншылық «Ақиқат» журналында жұмыс істейтін қызметкерлердің жанұясын да айналып кете қойған жоқ. Жалақы мен қаламақыны алу графигі үздіксіз бұзылып, жанұяның қаржы есеп-қисабын соған сәйкестендіру ұмытыла бастаған кез. Сондықтан да редакция қызметкерлері бас қосып, осы бір қиындықтан шығудың қайтсек жолын табамыз деген мәселе төңірегінде ой тоғыстырдық. Ешкімге де жасырын емес, қоғамдық қор құрып, оның менеджерлері етіп, бөлім редакторлары Батық Мәжитұлы мен Мүсілім Тәттібаевты белгіледік.

Сөйтіп, қор атынан менің қолыммен жаңадан шыққан байшігештермен қалталылар атына боратып хат жаза бастадық. Тисе терекке, тимесе бұтаққа деген ой, ниет те болмай қойған жоқ. Ал бірақ шын ниетпен кіріскен кезде алынбайтын қамалдың болмасы тағы анық. Батық Жетісудың жігіті, картопты елдің баласы. Жұмысқа алақанын уқалай кіріскен Батекен бір машина картопты редакцияның жанына қаңтарып қойып, елді картоппен қарық қылғаны әлі есімде.

– Мә, бір қапшық картоп, кейінгісін тағы көре жатармыз, - деген Батықтың жарқын-жарқын дауысына өзі де риза, жұрт та риза болды. Батекенмен Мүсілім осы қарқынмен таймай «Сеймар» корпорациясын, «Сұлу» сән ательесін де қармаққа іліндіріп еді. Ал 75 жылдығымыздың дастарханын «Формация» акционерлік қоғамының Президенті Кенесбай Үшбаев ағамыз жасап бергені әлі есте.

Заманына қарай амалын жасаған сол азаматтар өтпелі шақта, өлара кезеңде ауырдың үстімен жеңілдің астымен жүруді мақсат етпеді. Қазақ баспа-сөзінің қара шаңырақтарының бірі «Ақиқаттың» шаңырағы шайқалмауына, түтінінің тік ұшуына иненің жасуындай болса да үлес қосты. Сол үшін де оларға оқырман әулеті дән риза!

Олара кезеңнің алмағайып күндерінде бірге қызмет атқарысып бір сапта болған азаматтардың кейбірі бүгінде арамызда жоқ. «Ақиқаттың» тоқсан жылдық торқалы мерейтойы тұсында олардың есімін ілтипатпен атап, еске түсіру парызымыз. Қазақтың айтулы ақыны Есләм Зікібаевтың, қарымды журналист Болат Бабақұлының, экономист қаламгер Нұрақым Райхановтың, компьютер операторы Айгүл Күнторованың рухы пейіштен орын ала берсін деп тілейміз. Біздер тоқсан жылдықпен қарбаласып жатқанда олар да орындарынан бір аунап түсіп жатқан болар. Амин!

«Ақиқаттың» ұстаханасынан шыңдалып шыққан енді бір топ әріптестерім бүгінде ақпарат майданының алдыңғы шебінде. Менің бірінші орынбасарым болған Жанболат Аупбаев қазір «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы, Батық Мәжитұлы «Мұқағали» журналының бас редакторы, ал Қыдыралы Қойтай «Ақиқат» журналы бас редакторының орынбасары, Шайзада Байкенова «Балалар әдебиеті» баспасының директоры. Бұлардың қай-қайсысы да өз мамандығын мақтанышы санаған азаматтар. «Ақиқат» іскерлікке, біліктілікке сын болған сол бір жылдары осындай өз ісінің шын майталмандарының арқасында кідіріссіз шығып тұрды!

* * *

1997 жылдың қараша айында маған «Қазақ әдебиеті» газетіне Бас редактор болып бару жөнінде ұсыныс айтылды. Ұсыныстың аты ұсыныс. Ал біз журналистика жауынгеріміз. Қайда жұмыс істесек те, өз мамандығымызды адалдық секілді бірінші орынға қоямыз. «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, «Қазақ газеттері» жабық акционерлік қоғамының президенті, «Ана тілі» газетінің бас редакторы қызметтерінен соң 2006 жылы қараша айында «Ақиқат» қоғамдық-саяси журналының тізгінін екінші рет ұстау мүмкіндігі болды.

2006 жылдан 2009 жылдың ақпанына дейінгі журнал тігінділерін қарап отырсам, жаңа дәуірдің, жаңа ғасырдың сыр сипатын әспеттеген, оқырманды жаңа бетбұрысқа жетелейтін материалдар сериясын жариялауға күш салған екенбіз. Журналдың 90 жылдығына әзірлік, міне, осы кездерден басталған деп білемін. Мақаламыздың кілтін айналған ардагер аға Бәйкен Әшімовпен кездесу де сол осы бір қауырт шаруаның қамындағы бір сұхбат болатын.





Талас ОМАРБЕКОВ,

*«Ақиқат» журналының
1991-1998 жылдардағы
бөлім редакторы*

«АҚИҚАТ» ҚАЛАЙ АҚИҚАТТЫ АЙТА БАСТАДЫ?

Еліміз тәуелсіздік алған соң көптеген басылымдардың оқырмандары тарихи тақырыпта жазылатын мақалаларға жаңа көзқарасты, жаңаша ойлауды талап ете бастады. Олардың арасында «Ақиқаттың» орны бөлек болатын. өйткені, журнал осы уақытқа дейін коммунистік партияның Қазақстандағы басты басылымдарының бірі ретінде негізінен саясатқа қатысты және мәселелерді біржақты жағымды тұрғыдан баяндайтын бағытты берік ұстанып келген болатын. Бұрын «Қазақстан коммунисті» деген атпен елдің бәріне мәлім болған бұл журналдың атауының өзі енді оқырманды үркітетін болды. Осындайда журналды тәуелсіздік психологиясына бейімдеп қайта құру, оны бұрынғы тоталитарлық құрылыстың мәселелерін сын көзбен пайымдайтын жаңа оқырманның сүйікті басылымына айналдыру қиынның қиыны еді. Осындай ауыр жұмысқа мұрындық болу үшін журналды басқаруға Камал Смаилов келді. Ол кісіні оқырмандар бұрынғы «Парасат» журналының бас редакторы ретінде мойындап үлгерген еді. «Парасат» журналының

да, «Ақиқат» журналының да жаңа атауларын қойған осы Камал Смаилов болатын.

О бастан-ақ Камал Сейітжанұлы «Ақиқат» журналын мазмұндық тұрғыдан түбірінен өзгертіп, қайта құруды қолға алды. Осындай күрделі үдерісті жүзеге асыру үшін ол кісі журнал жұмысына ғалымдарды көптеп тартты. Онда қызмет жасауға әртүрлі салада татымды мақалаларымен көрініп жүрген, қаламы ұшқыр жаңаша тұрғыдан мәселеге баға бере алатын азаматтар шақырылды. Мысалы, әдебиет мәселелерін ғылыми тұрғыдан ұлттық көзбен талдап жазатын Құлбек Ергөбек, соңынан белгілі ғалым, сол кезде Мұхтар Әуезовтың мұражайының директоры болып қызмет атқаратын Тұрсын Жұртбаев, философиядан бүгінгі күні елге танылған және сенатор қызметінде жүрген Ғарифолла Есім, экономика саласынан нарықтық қатынастарды терең талдап жазатын Нұрахым Райханды, тарих саласынан мені – Талас Омарбековты Камал Смаилов журналының толық ставкадағы әдеби қызметкері ретінде қабылдады. Соңынан біздің бәріміз өзіміз басқаратын салалар бойынша бөлім меңгерушісі болып шыға келдік. Ол кісі біздерге барлық жағдай жасап, жеке-жеке кабинеттер берді. Сонымен бірге біз, бұрынғы негізгі қызметтерімізді де атқара бердік. Материалдық жағынан қолдау қажет болып жүрген біздерге бұл тіптен қолайлы болды. Сонымен бірге, аталған кісілердің бәрі баспасөз бетінде өз бағыттары бойынша зерттеу мақалаларын жариялап жүргендіктен, мұндай ұсынысты қуана қабылдады. Өйткені, «Ақиқат» журналы республикалық қоғамдық-саяси басылым ретінде, әсіресе, тіл-әдебиет және қоғамдық ғылымдар саласында ғылыми еңбектерді көптеп басатын журнал еді.

Камал Смаилов аптаның белгілі бір күнінде біздерді тұрақты түрде жинап, журналының жаңа санын дайындауға белсенді қатыстыратын. Мұндайда әркім өзінің пікірін емін-еркін, көсіле баяндайтын еді. Ғалым-зерттеушілердің ұсыныстары көбіне бас редактордан қолдау тауып, өмірге жаңа ғылыми зерттеулер келіп, олар журналының келесі санында жарияланып жататын. Әлі күнге дейін мені Камал Сейітжанұлының ізденімпаздығы, сыпайылығы мен мәдениеттілігі, және қарапайымдылығы қатты таңдандырады. Ол кісі міндетті түрде редакция қызметкерлерінің әрбір мәжілісіне өзіндік ұсыныспен келетін. Аса қиын тақырыптарды олардың әлі де жаңаша зерттеле қоймағанына қарамастан, журналда көтеруді ұсынатын. Әсіресе, бұл Қазақстан тарихының мәселелеріне қатысты еді. Осы тұста ұлт-азаттық қозғалысындағы тарихи тұлғалардың тағдырлары,

ислам дінінің тарихына байланысты көзқарастар, Алаш қозғалысының күрделі тағдыры, қазақ байларын кәмпескелеудің және қазақ шаруаларын зорлап отырықшыландырудың мәселелері, 1929-31 жж. кезінде бандиттік, контрреволюциялық деп бағаланған халық көтерілістері, «сталинизм» тұсындағы саяси қуғын-сүргіндер, тың игерудің ауыр экологиялық және демографиялық зардаптары тәрізді аса күрделі, «ақтандақ» мәселелері енді журнал бетінде ашық айтылатын және жарияланатын болды.

Белгілі бір бағыттағы зерттеулерді қолға алған, кеңестік кезеңде айтуға рұқсат етілмеген мәселелерді көтеріп жүрген ғалымдармен сұхбат өткізу, дөңгелек үстел ұйымдастыру әдеттегі мәселеге айналды. Мұның өзі журналының оқырмандарын шұғыл арттырды. Бұрын колхоздар мен совхоздардың, оқу орындарының басшыларының күшімен таралым жинайтын журнал, енді жаңа тәуелсіз қоғамдағы шынайы оқырмандарын тапты. Қазақ зиялылары бұл журналды іздеп жүріп оқитын басылым ретінде мойындады және оны жоғары бағалап тани бастады. Енді «Ақиқатта» мақала жариялау айтарлықтай тартымды болды. Қазақ зиялыларының «Ақиқатта» жарияланған мақалаларды ғылыми конференцияларда, әртүрлі отырыстарда талқылап отырғанының талай куәсі болдық. Осылайша, «Ақиқат» шын мәнінде өзінің атына заты сай бағалы басылымға айналды. Ғалымдарға ғылыми дәреже және атақ беретін республиканың Жоғарғы Аттестациялық Комиссиясы көп кешікпей-ақ журналды ғылыми танымдық басылым ретінде мойындап, онда жарияланған мақалаларды ғылыми еңбектер тізіміне кіргізді. Осыған байланысты диссертация қорғауға талаптанған ізденушілер өздерінің еңбектерін «Ақиқат» журналында жариялауға тырысатын болды. Яғни, «Ақиқат» республикамыздың қоғамдық-саяси және әлеуметтік ғылымдар саласындағы көптеген ғалымдар мен ізденушілердің ғылыми еңбектерін қалың оқырманға таныстырып, оларға ғылымның бұралаң жолында жаңа табыстар тіледі. Осының бәрі «Ақиқатты» ғылыми басылымдар қатарына көтерді.

Сонымен қатар журнал күрделі ғылыми мәселелерді жұртшылыққа түсінікті, тартымды және әдеби тілмен баяндай білгендіктен, қалың оқырманға жол тартты. Оны ғалымдар ғана емес, қарапайым қазақ азаматтарының көбісі қызықты журнал ретінде жоғары бағалайтын болды. Айта кету керек, «Ақиқаттың» бұл табысы Камал Сейітжанұлынан кейін бас редактор болған Сарбас Ақтаевтың, Жұмабек Кенжалиннің, Ахат



Жақсыбаевтың тұсында жалғасын тапты. Әрине, әр редактордың өзіндік ұстанымы, жұмыс стилі болатындықтан, «Ақиқаттың» бағытында да өзгерістер көрініс берді. Десек те журнал өзінің алғашқы бас редакторы – Камал Смаиловтың негізгі ұстанымын халықтың ұлттық санасын және тарихи білімін көтеру жолын ту етіп ұстап, осы бағытпен өркендей берді.

Журналды қалыптастыруға редакцияда ұзақ жылдар бойы бас редактордың орынбасары қызметінде болған белгілі қазақ жазушысы Марат Мәжитовтың еңбегі аса елеулі. Ол ғалымдардың еңбегіне түсіністікпен қарап, мүмкіндігінше олардың жазу стилін сақтауға және мақаланың ғылыми мазмұнын жоғалтпауға барынша күш салатын. Бас редакторларымыз да оған үлкен сенім көрсетіп, мақалаларды өңдеу мәселесіндегі барлық жауапкершілікті осы Маратқа жүктейтін.

«Ақиқат» журналы саяси-қоғамдық басылым ретінде Қазақстанның тәуелсіздікке барар

жолындағы ауыр міндеттерді арқалап, өзінің борышын адал өтеген басылым болып табылады. Оны оқыған қазақ азаматтары тарихпен тәрбиеленіп, ұлттық санадағы ауытқулардан бас тартып, қазақ деген халықтың рухани және саяси мақсаттары үшін күресу рухында тәрбиеленді. Ол тәуелсіз Қазақстанның бірнеше ұрпағын осы бағытта баулып, жас ұрпақтың жаңаша ұстанымға деген көзқарастарын берік қалыптастырды. Әрине, әр дәуірдің және әрбір тарихи кезеңнің өзіндік бағдары және жаңа міндеттері көрініс беріп отыратыны белгілі. «Ақиқат» та осындай құбылмалы кезеңдерден өткен, қазақтың тәуелсіз ойлау жүйесін насихаттап және қолдап келе жатқан қасиетті басылым. Оның алдында тұрған міндеттер шынында да аса ауқымды. Осыны түсіне отырып, өзіміздің сүйікті журналымызға қиын да күрделі ұлттық мүдденің мәселелеріне адал қызмет ете беруге тілектестігімізді тағы да білдіргіміз келеді.



«АҚИҚАТ» ЖУРНАЛЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Гүлнар Өзбекова,
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-
дың доценті, ф.ғ.к.*

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының басында «Қызыл Қазақстан» деген атпен жарық көріп, бүгінгі тәуелсіз еліміздің айшықты басылымына айналған «Ақиқат» журналының тарихы тым тереңде. Басылым тарихы – ұлт тарихының айнасы дейтін болсақ, еліміздің күнгейлі шуақты, көлеңкелі ызғарлы тоқсан жылға жуық тарихы «Ақиқатпен» біте қайнасып жатыр. Уақыт бұл басылымды тар жол тайғақ кешуден өткізеді. Қазақ зиялыларының басына бұлт үйрілген зұлмат жылдарда осы журналдың қолымен от көседі, қаһарлы жылдар мен партияның қылышынан қан тамған одан кейінгі кезеңдер де өз қиыншылықтарымен тарих беттеріне жазылды. Солай бола тұра, ол қай кезде де өз халқының мінберінен сөйлеп, оның әрі тірегі, әрі жанашыры бола білді. Қандай қиын кезде де уақыт үрдісіне орай күрделі-күрделі мәселелерді көтеріп отырды.

Баспасөз болмысымыздың барометрі дейтін болсақ, «Ақиқат» та дәуір тынысына, заман рухына сай қоғамдық-әлеуметтік ойдың қалыптасуына өріс ашты. Халықтың саяси, рухани және мәдени жағынан түлеп, өсіп-өркендеуіне айтарлықтай

Автор рассматривает пути становления и развития журнала «Ақиқат».

The author of this article examines how the formation and development of the journal «Akikat».



ықпал етті. Еліміздің тарихы, қасиетті жері үшін өз басын құрбан еткен боздақтарымыздың өмірімен таныстырып, отаншылдық сезімге тәрбиелеуде де үлкен ықпал етті. Бұл, әсіресе, еліміз егемендік алып, журнал өз атын «Ақиқат» деп атағалы бері айқын аңғарыла бастады. «Ақиқат» демекші, журнал осы атты иемденгенше оның аты да, шығарушы құрылтайшылары да бірнеше рет өзгерді. Бастапқыда РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің журналы ретінде тұсауын кескен бұл басылым алғаш 1921 жылдың 15-ші қыркүйегінде жарық көрді. 1924 жылдан ол Қазақстан КП(б) өлкелік комитетінің органы болып шыға бастады. 1931-1932 жылдары ол оқырмандарының қолына «Қазақстан большевигі» деген атпен тиіп тұрады. 1932 жылы аз ғана уақыт «Ауыл коммунисті» деген шығып тұрды.

Журнал жылнамашыларының деректеріне сүйенсек, Ұлы Отан соғысының ауыртпалығына байланысты 1942-1944 жылдар аралығында уақытша жабылып қалған. Бұл Ұлы Отан соғысы жылдарының ауыр зардаптарының журнал өміріндегі бір көрінісі еді. 1945 жылдың басынан «Қазақстан большевигі» қайтадан өз оқырмандарымен қауышты. Ал 1947 жылы өз тарихында екінші рет «Коммунист» деген атауға қайта оралып, 1952 жылға дейін осы атпен жарық көрсе, 1952 жылдан «Қазақстан коммунисті» деген атқа ие болды. Журнал осы «Қазақстан коммунисті» атауымен 40 жылға жуық уақыт шықты. Еліміздегі демократиялық өзгерістер, қоғамдық сананы сілкіндірген соны леп бұл басылымның өміріне де өз жаңалығын ала келді. Сөйтіп, 1991 жылдың қараша айынан журнал «Ақиқат» деген атпен жарық көріп келеді. Оның не себепті «Ақиқат» деп аталғаны туралы журналдың сол кездегі бас редакторы, белгілі қоғам қайраткері Камал Смайылов өз естелігінде былай деп жазады: «1991 жылы Орталық партия комитеті тарап, журнал бұрынғы атпен шығуын тоқтатқанда, оны қалай сақтау керек деген мәселе туды. Ұлттық Ғылым академиясына, «Білім» қоғамына барыңдар деді. Олардың өздері де жетісіп отырған жоқ, журналды қалай алсын. Содан ойланып, бір телефоннан соң сол кездегі Жоғарғы Кеңестің төрағасы Ерік Асанбаевқа бардым, әңгімелестім. Екеуміз Орталық комитетте қатар қызмет істегенбіз. Оған жағдайды айтып едім, келісе кетті. Екі газеті бар Жоғарғы Кеңес енді екі теориялық-саяси журналды алса да көптік жасамайды ғой деп ұйғардық. Ендігі саясат – халықтікі, идеология, теория – мемлекеттік дегенге келдік. Оның атын өзгерту керек болды. Редакцияда бәріміз жиналып, атын іздедік. «Саясат», «Шындық», «Ой көкжиегі»

деген аттар ауызға айналды. Біреулер: «Парасат» деген ат тамаша келіп тұр, бірақ сіз оны ана журналға беріп кеттіңіз ғой» деді. Сонда маған «Парасатқа» ұқсас, мағыналас сөз еске келді. Мен «Ақиқат» деп атайық деген ұсыныс жасадым. Бәрі қостады. Осылайша, мен екі журналдың атының авторы болдым».

Журналдың аты неше рет өзгергенімен оның заты, ұстанған бағыт-бағдары өзгерген жоқ. Қайта ел егемендігімен бірге өзіне үлкен жауапкершілік жүктеп, заман талабына сай пайым-парасаты биік сан қырлы тың дүниелер бере бастады. Өйткені, тарих ақиқатқа түпкілікті айтылса, онда басылымның беті ашық, жүзі жарқын, жолы даңғыл, оқырманы көп болады емес пе? Журнал өзінің алғашқы қадамынан халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, елдің мүддесі мен мақсатын көздей білді. Бұл орайда журналдың аяқтанып кетуіне сол тұстағы «Елім, жұртым, халқым» деп еңіреген ұлт зиялыларының барлығы атсалысты. Журналдың қайнар бастауында – Абдолла Асылбеков, Ерғали Алдоңғаров, Нәзипа Құлжанова, Нығмет Нұрмақов, Сейділда Төлешов, Смағұл Сәдуақасовтардың басылымға басшылық жасауы үлкен бедел әкелді. Олар салған сара жолды қоғам қайраткерлері – М.Атаниязов, Ә.Әйтиев, Н.Бозжанов, Ғ.Бұзырбаев, О.Жандосов, Т.Жүргенов, О.Исаев, І.Қабылов, С.Меңдешов, Л.Мирзоян, Т.Рысқұлов, атақты ақын-жазушылар С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, И.Байзақов, белгілі журналист-ғалымдар Ж.Арыстанов, С.Бәйішев, С.Бейсенбаев, С.Ордабеков, А.Елшібеков, С.Есова, Қ.Сәтбаев, Қ.Сағындықов, М.Мамажанов, К.Қазыбаев, Қ.Смайылов, С.Ақтаев, А.Жақсыбаев, Н.Оразбек сынды қайраткерлер іскерлікпен жалғастыра білді. Бұлардың қай-қайсысы болса да күш-қуатын басылымның ұстаханасына арналған. Бүгінгі «Ақиқат» сол тамыры терең жатқан, рухы биікте қалқыған үлгі-өнеге мектебін жалғастырып келеді.

Журналдың даму, өсу жолы ел тарихының айтулы, маңызды кезеңдерімен тығыз байланысты. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, қазақ халқының ғылым-білімге ұмытылысы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ел басына түскен қабырға қайыстырар ауыртпалықтар, тың игеру, одан бергі санамызда жаңғырған басқа да оқиғалар басылым беттерінен айшықты түрде көрініс тауып отырды. Ал журналдың соңғы жылдардағы сандарында республикамыздың егемендік алғаннан кейінгі қадамдары, оны нығайту жолындағы мемлекет, қоғам қайраткерлерінің, зиялы қауым өкілдерінің ой-толғаныстары, сыни пікірлері

жарияланып келеді. Ана тіліміз бен дініміз туралы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өміріміздегі шындықты еш боямасыз жариялап келе жатқан да осы «Ақиқат».

1999 жылдың 12 маусымы. Бұл тәуелсіз Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде тұңғыш рет тұсауы кесілген «Қазақ газеттері» жабық акционерлік қоғамы» атты қаламгерлер қауымдастығының Алматы қалалық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күн. Шынын айту керек, осы бір айтулы дата қазақ баспасөзінің отымен кіріп, күлімен шығып жүрген қарапайым журналситер үшін көптен күткен сәт болғанымен, ал енді бір топ үшін күмәнді нәрседей көрінгені де рас еді. Нарықты экономиканың жойдасыз қылбырауына түскен қазақ баспасөзі осы бір жылдары тауқыметтің қақпақылына түскені ешкімге жасырын емес. Әсіресе, мемлекеттік қаржыландырудан тыс қалып, онсыз да қалт-құлт күнін көріп жүрген руханият апталықтары мен журналдары қайранға шығып қалды.

Ел ішіндегі жоқшылық пен қаржы тапшылығы газет, журналдарға жазылу науқанына да аз зардабын тигізген жоқ. Бір жылдардағы 100 мыңдық, 200 мыңдық баспасөз таралымдары эп-сәтте құлдырап, 2 мыңдық, 3 мыңдық деңгейге түсті. Ал басылымның таралым тиражынан айырылуы, оның қаржылық әлеуетіне едәуір соққы болғаны анық. Сөйтіп екі жақты қыспаққа түскен қазақ басылымдары баспаханың алдында шаш-етектен шығынға батты. Журналистер жылдап қаламақы алуды, айлап айлық алуды ұмытты. Газет-журнал өндірісіндегі осы бір қиямет-қайым әдебиет пен мәдениетті ардақтайтын оқырман қауымды рухани жұтаңдыққа, ақпараттық тапшылыққа алып келгені айдан анық.

Бұл үдерістің осылайша кете беруі мүмкін емес еді. Өйткені, ел тағдырын ойлайтын, халық қамын жейтін азаматтар осы мәселенің қайткенде де бір шешім табуы жолында ой сабылтты. Сөйтіп, «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Ақиқат», «Жұлдыз», «Мысль», «Простор», «Уйгур авазы» секілді алды 70-80 жылдық тарихы бар басылымдардың басын мүліктік негізде біріктірген бір шығармашылық қауымдастық құру керектігі айқын байқалды. Сөйтіп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы нұсқауымен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитет төрағасының бұйрығымен «Қазақ газеттері» деп аталатын жабық акционерлік қоғам дүниеге келді.

«Қазақ газеттері» жабық акционерлік қоғамы секілді үлкен қауымдастықтың басқару аппаратын құру, оның жұмысын жүйелеу, бір арнаға бағыттау ғана жеңіл болғанымен қыруар күш-жігерді

қажет еткені сөзсіз еді. Бас-басына билік құрып, бұрыннан өз шаруашылығына бауыр басып, үйреніп қалған газет-журнал басшыларымен тіл табысып, жұмыс істеу бір жағынан мәмілегерлікті, екінші жағынан әкімшілік ресурстарды ұтымды пайдаланып, іске қосу өнерін қолдануды талап етті. Алғашқы екі-үш жыл, әрине, газеттер мен журналдардың өндірістік әріптестері алдындағы қарыздарын қайтарумен кетті. Мұның сыртында журналистердің жылдар бойғы алынбаған қаламақысы мен айлығы өтеу міндеті тағы тұрды.

2002-2003 жылдары акционерлік қоғам өміріндегі серпіліс алға ұмтылыс кезеңі десе де болғандай. Бұл кезеңде қауымдастыққа қарасты газеттер мен журналдар жаңаша түр, мазмұнмен, полиграфиялық безендірумен шыға бастады. Басылымдардың таралым ауқымы ұлғайды.

Бұқаралық ақпарат құралдары саласында өмірдің өзі ұстанып отырған талаптарға сай заманауи менеджмент мен маркетингті енгізу өзінің нақты нәтижелерін бере бастады. Газеттер мен журналдардың облыстардағы күндерін өткізу, басылымдардың әрқайсысы өзінің тақырыптық саласына байланысты ғылыми практикалық конференциялар ұйымдастыру, оқырмандармен сұхбаттасу, ашық күндерін өткізу секілді іргелі шараларды қолға алу дәстүрге айналды. Міне, осының бәрі айналып келгенде еліміздің ақпараттық кеңістігінде өзінің лайықты орнын алуға ұмтылған «қазақ газеттері» секілді шығармашылық қауымдастығы еңбек ұжымының ұмтылысының жарқын бір көрінісі.

2006 жылы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының талаптарына сәйкес «Қазақ газеттері» жабық акционерлік қоғамы жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып қайта құрылды. Сөйтіп оның алдына бұрынғыдан да зор жаңа міндеттер қойылды. Ал, ол биіктен көріну газеттер мен журналдардың тұтқасында отырған басшыларға, басшы біреу болғанда өзгелері тіреу болатын еңбек ұжымдарына тікелей байланысты. Қазір жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрамында алты басылым бар. «Ана тілі» ұлт апталығын республикамызға белгілі білікті қаламгер Самат Ибрагим басқарса, «Экономика» газетіне Президент сыйлығының лауреаты Ахас Тәжұытов жетекшілік етеді. «Уйгур авазы» газетінде ұзақ жылдардан бері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Юлдаш Азаматов басшылық жасап келеді. Үстіміздегі жылдан бастап 90 жылдық тарихы бар, «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналына филология ғылымдарының кандидаты Мұхитден Салқынбаев редактор болып қызметке



кірісті. Республикамызға белгілі саясаттанушы Сейдахмет Құттықадам үш-төрт жылдан бері «Мысль» журналының тұтқасын ұстап отыр. Ал «Алаш» сыйлығының лауреаты, белгілі жазушы Қуандық Түменбай «Үркер» журналының бас редакторы. Бір айта кетерлігі біз ғасырға жуықтап қалса, ал «Экономика», «Үркер» секілді басыламдардың өз оқырмандарының көзайымына айнала бастағанына бар-жоғы екі-үш-ақ жыл болды.

Қауымдастыққа еніп отырған газеттер мен журналдар тақырыптық жағынан бірін-бірі қайталамайтынын ескерсек, бұның өзі басылымдардың таралым аудиториясының әр алуандығында айқын байқатады. Айталық, оқырман қауымға тіл тағдырының ұраншысы болып отырған «Ана тілі» апталығының, «Ақиқат» пен «Мысль» секілді зиялылар басылымның ақпараттық кеңістіктегі өзіндік орнын нық белгілегенін оқырман қауым бұрыннан білетін болса, республикалық түкпір-түкпіріне енді-енді жете бастаған «Экономика» газеті мен «Үркер» журналы да осы үдерістен өз үлесін алып қалу үшін қажыр-қайрат жұмсауда.

Ұлттық қоғамдық-саяси «Ақиқат» журналының еліміздің ақпараттық кеңістігінде алатын өзіндік орны бар. Журналдың даму өсу жолы республика тарихындағы айтулы, маңызды кезеңдермен тығыз байланысты. Мәселен ауылшаруашылығын ұжымдастыру, елді индустрияландыру, қазақ халқының ілім-білімге ұмтылысы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ел басына түскен оқиғалар басылым беттерінен лайықты көрініс тапты.

Ал журналдың 1991 жылдан бергі нөмірлерінде республикамыздың егемендік алғаннан кейінгі

қадамдары, оны нығайту жолындағы мемлекет, қоғам қайраткерлерінің, зиялы қауым өкілдерінің ой-толғаныстары, ғылыми әлеумет өкілдерінің теориялық байыптамалары, сыни пікірлері жиі жарияланып отыр. Қазақстанның бір байлығы халықтар достығы мен қоғамдық келісім идеясын жүзеге асыру болса, осы мақсатта журнал айырықша роль атқарып келеді. Демек, бұл басылым өзінің о бастағы қоғамдық-саяси теориялық журнал деген мәртебесіне сай шығып отыр деген сөз. Бұған дәлел ретінде әріге бармай-ақ журналдың 2009 жылғы жарияланымдарына көз жүгіртсек болғаны. М.Әбілтайынның «Қазақтың рулық қоғамы» (№1, 2009 ж), М.Тәтімұның «Зұлмат пен зардап» (№5-6, 2009 ж), С.Ақтаевтың «Мағжан мен Хамза» (№5, 2009 ж), Ғ.Есімнің «Акме қоғам – Нұқ кемесі» (№9-10-11, 2009 ж) деген толғамы терең туындылары оқырмандар назарын аударғаны сөзсіз. Журнал редакциясында қазақ зиялы қауым өкілдерінің басқосуы жиі өтіп, онда қоғамдық өміріміздегі болып жатқан сан салалы мәселелер талқылау өзегіне айналады. Оның нәтижесі журнал беттерінде жарияланып, оқырмандар назарына ұсынылады. Сондай-ақ, журналдың «Заманхат», «Жаңа әлемдегі – Жаңа Қазақстан», «Ізгілікті қоғамға барар жолда», «Дүниетаным диалектикасы», «Саясат пен парасат», «Экономика – пайым мен бағдар», «Ақтандақтар ақиқаты», «Тұлғалар тұғыры», «Мерейтой», «Ата тарих толғауы», «Тылысым дүние тағылымы», «Тарихтан тәбәрік», «Ғаламдық саясат ғибраты», «Зерттеу», «Дүниетаным» ділі», «Имандылық иірімдері», «Білгенге – маржан» сияқты саликалы да салмақты және т.б. айдарлары оқырмандар талабына жауап беріп, көңілінен шығып келеді.

1. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы/ Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы. «Қазақстан энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ж – 182 б.

2. Медетбек Т. Қайтпас та қайсар басылым // Егемен Қазақстан. – 2006. – 11-қазан

3. Кенжалин Ж. Халықшылдық рухтың қарекетін кестелеген // Ана тілі. – 2009. – 29 – желтоқсан

«ҚЫЗЫЛ ҚАЗАҚСТАН» – «АҚИҚАТТЫҢ» ТҮПҚАЙНАРЫ



Жания ӘБДІБЕК,

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
журналистика факультетінің
2 курс студенті.*

XX ғасыр қазақ елі үшін өте күрделі кезең болды. Қазақ Ресей империясымен, одан бергін келе Кеңес Одағының қазанымен бірге кайнап, «арпалыс ала құйын заманаларды» (Қасым Аманжолов) басынан өткерді. Ауыс-күйіс кезеңдерде төл публицистикамыз еліміздің жүріп өткен тар жол тайғақ кешуінің шежіресі бола білді. Қиналғанда демеу болып, жігерлендірді, адасқанда жарқын жолға бастайтын жолсілтеуші, бағытбағдар беруші болды. Әйтсе де, кешегі Кеңес өкіметі тұсында қатаң идеология әсерінен қазақ баспасөзінің мазмұны өзгеріске ұшырап, қызыл империялизмнің насихат құралына айналғаны белгілі. «Ешқандай ұлттың, ұлыстың, мемлекеттің, жеке тұлғаның тарихы – белгілі бір идеологиялық негізсіз хатқа түспеген»! деп тарихшы-публицист Тұрсын Жұртбай айтқандай, сол заманда публицистикада идеологиялық негізсіз жазылмады. Әлихан, Ахмет, Мұқамеджан секілді ұлт жанашырларының көсемсөзде салған сүрлеуі басқа арнаға бұрылып, қазақ мүддесін көздейтін емес пролетариат үдесінен шығуы тиіс болды. Дей тұрғанмен, ұлтым дегенде ет жүрегі елжіреп, жұртым деп жүдейтін зиялы публицистеріміз



ішінара большевиктік басылымдардың өзіне ұлттың күйін күйтейтін мақалалар беріп отырды. Сондықтан, Кеңес дәуірінде жарық көрген баспасөз құралдарына ұлттық таным тұрғысынан баға беріп, аса түсіністікпен зерделеп, оң көзбен қарауымыз тиіс.

Қазақ баспасөзінің дұрыс жолға қойылуы компартияның 1921 жылғы қарарынан кейін және коммунистік партия ұйымының Қазақстан облыстық бірінші конференциясынан кейін жүзеге аса бастады. Ташкентте «Ақ жол» газеті, Орынбор қаласында «Еңбекшіл қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналы жарық көрді. 1921 жылы 15 қыркүйектен бастап РК(б)П-ның Қазақ облыстық комитеті "Қызыл Қазақстан" журналын айына екі рет шығара бастады. Редакторы болып белгілі қалам қайраткері Абдолла Асылбеков сайланды. Нәзипа Құлжанованың естеліктерінің бірінде: «Жайықтың жағасындағы бұрынғы генерал-губернатордың үйі – Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің кеңсесі. Оның жоғарғы қабатында «Еңбекшіл қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналының редакциясы орналасқан», – делінген /2/. Бұл дерек журналдың алғашқы редакциясының орны туралы ақпарат береді. 1921-1925 жылдары не бары 48 нөмірі жарық көрді. Қағаз, қаржы тапшылығынан кейде оның 3-4 нөмірі біріктіріп шығарылды.

«Қызыл Қазақстан» журналы жалпы қоғамдық-саяси, шаруашылық және мәдениет мәселелерін қамтитын басылым болды. Журнал компартияның қаулы-қарарлары мен шешімдерін, үкіметтің қабылданған жоспарларының маңызын насихаттап, мақалалар барлығы дерлік кеңестік идеология негізінде жазылуы тиіс еді. Мәселенки, "Кеңес мектептері туралы", «Ауыл шарушылық ұйымдары», «Ауыл шаруасы әм кооперциясы», "Октябрь төңкерісі һәм қазақ әйелі", "Қазақстанның шаруа кәсібі", "Октябрь һәм жастар", "Халық һәм әдебиет" және т. б. Мұндай мақалалар арқылы кеңес өкіметін өзінің жүргізіп отырған саясатының дұрыс екендігіне қазақтың көзін жеткізуге тырысты. Қазақ баспасөзі тарихының сара зерттеушісі Хайыржан Бекхожин айтқандай, журнал «Кеңес өкіметінің нағыз халықтық өкімет екенін, оның жұмысшы-шаруа одағы және халықтар ынтымақтығы негізінде құрылғанын, пролетариат диктатурасын, пролетариялық интернационализм идеясын түсіндірді»./3/

Сондай-ақ, ғалым Бекхожин: «Журналда шикіліктер де кездесіп жатты. Мәселен, 1925 ж. 26 қарашасындағы өлкелік комитеттің баспасөз бөлімін құру шешіміне орай 1926 ж. 14 қаңтарынан

бастап бұл бөлім іске кірісіп, оның басшылығына Т. Рысқұлов тағайындалды. Жаңадан құрылған баспасөз бөлімі мерзімді басылымдардың органдарын тексеру ісін Ғ. Тоғжановқа жүктеді. Қазақ газет-журналдардың қызметі қатаң тексеріліп, мазмұны жағынан партиялық ұстамдылығы жоқ, саяси сенімсіз мақалалар мен фельетондарды жариялаған басылымдар айқындалды. Мысалы, «Қызыл Қазақстан» уақытында дұрыс шықпауы әлсіз басшылықтың әсерінен деп көрсетілді. «Қызыл Қазақстан» журналының жақсы жақтарымен қатар осал жақтары, тіпті қателіктері де болды. Оның бетінде идеялық жағынан ұстамсыз, мазмұны құнсыз материалдар орын алып жүрді», – дейді. /Сонда/

Біздің пайымдауымызша, ғалым атап көрсеткен «идеялық жағынан ұстамсыз» немесе «мазмұны құнсыз материалдар» өкіметтің шамына тиетін, шымбайға бататын ащы шындық болса керек. Сондай тақырыптардың бірі -1921-1922 жылғы ашаршылық мәселесі болуы мүмкін. Өкіметтің қолдан жасаған аштығы салдарынан қазақ қойдай қырылды, шұбырып шетке қарай босты. «Қызыл Қазақстанда» ашаршылықтың зардаптары айқын жазылып, осы қиыншылықтармен күресудегі жүргізіліп отырған іс-шаралар нақтыланды, жер-су реформасын жүргізу барысында өрескел қателіктер мен асыра сілтеушіліктерге жол берілгендігі ашылды, әскери коммунизмнің салдары халыққа ауыр тигені айқындалды. Журналдың авторы әрі редакторы Абдолла Асылбеков халықты жұтап бара жатқан ашаршылық мәселелеріне аса көп көңіл бөлді. «Сол күндердегі өзінің күйзеліс-күңіренісі шын жылаған көзден тамған мөлдір жастай қыр болып құйылды. Өлең атының өзі де «Аш жетімдерге жәрдемге!» деп ұрандап жатты. «Кімнің шуы сардалаңда, тыңдашы, кім жылаған көл боп ағып көз жасы?» деп сұрау қояды да:

Ол жас жетім, жас балалар жетпеген.

Өмірлері жаңа гүлдеп беттеген.

Жүздеп, мыңдап күтіп отыр өлімін

Жас періште емшек табы кетпеген, – деп жауап береді.

Тоқ ағайын, аш бауырды көріндер!

Барың болса, аш балаға бөліндер! – деп жұртты аштарға жәрдем беруге, «өле жегенше, бөле жеуге» шақырды. /2,1206 /

Бір өкініштісі сол, журналда ұлт тәуелсіздігі жолында бас көтерген Алашорда өкіметі сынға ұшырады. «Сүйсінгеніңнен сүйенгенің мықты болсын» дейтін кей авторлар істің ағынан гөрі жамандаушының жатық сөзіне жығылып, Алашордаға әділетсіз баға берді. 1922 ж. «Қызыл

Қазақстан» журналына М. Аганиязовтың «Алаш» партиясының өткен жолын, жүргізген қызметін талдаған «Алаш» партиясының тарихи сыны», С. Меңдешев алашордашылардың Кеңес үкіметінің билігіне кедергілер келтіріп отырғандығын айтқан «Қазақстан Республикасының үш жыл жасауы» атты және т.б. мақалалар жарияланды. 1923 ж. А. Кенжин «Алаш партиясы туралы тарихи мағлұмат» атты мақаласын жариялап, онда «Алаш» партиясының бағдарламасына терең талдау жасай келе, өзіндік баға беруге тырысқан болатын.

«Қызыл Қазақстан» журналына әр жылдарда Абдолла Асылбеков, Нығмет Нұрмақов, Смағұл Сәдуақасов, Ораз Жандосов, Әбдірахман Байділдин, Ерғали Алдоңғаров басшылық етті. Солардың ішінде Абдолла Асылбеков – журналдың алғашқы редакторы ретінде журнал тарихынан ерекше орын алады. Әр нөмірінің жариялануына, оның редакциялық құрамы, жарияланған мақалалардың өзектілігіне баса назар аударып отырды. «Ғ. А», «Ғ.», «Кедей баласы» деп қол қойып, мақалаларын кейде бүркеншік атпен жариялап отырған.

«Қызыл Қазақстан» «Айқаптан» кейінгі қазақтың мандайына біткен екінші журнал болуымен құнды. Төл баспасөзіміздің қарлығашы – «Айқап» іспетті «Қызыл Қазақстанда» қалың бұқараның ой-санасының өсіп, кемелденуіне қанатымен су септі. Өкіметті насихаттағанын былай қоя тұрғанда, ол халықты жаһандық мәдениетке үндеді; публицистері қазақ қоғамын оқу-білімге шақырды. Сауатсыздықпен күресу науқанында насихаттаушы бірден-бір ақпарат құралы болып, қазақтың білімге деген ынта-ықыласын күшейту ісіне белсене атсалысты. Журналдың «Саясат», «Оқу-білім» атты бөлімдері оқу-білім мәселесіне қатысты партия ұйымдарының жүргізіп отырған іс-шаралары жөнінде мақалалар және осы мәселеге қатысты түрлі ұсыныстар жарияланып тұрды.

Журнал ұлттық әдебиетке, мәдениетке аса назар аударып, көпшіліктің әдеби шығармалармен таныс болуына ықпал етті. Басылым бетінде 1923-1924 жылдары Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешулерінен» үзінділер, «Айша», «Қыр балалары», «Қашқынның ауылы», «Сырын білмей атыңа сенбе», «Біздің ұлан», «Ақсақ киік» секілді көркем шығармалары да жарық көрді. Әдебиет тақырыбында жазылған «Әдебиет хәм оның бағыттары», «Әдебиет хәм оның ағымдары» деген мақалалары басылды. Сәбит Мұқановтың «Сынға сын» деген мақаласы және басқа ақын-жазушылардың шығармалары жарияланды.

Халық журнал арқылы әдеби шығармалармен сусындап, жаңа дүниелермен танысуға мол мүмкіндік алды. Сонымен бірге, басылым бетінде театр мен опера саласы туралы және енді-енді қалыптасып келе жатқан сахна саңлақтары туралы мақтаншыпен жазылды.

«Қызыл Қазақстанның» құндылығы сонда, журнал тарихи мақалаларға өте бай еді. Қазақ тарихын жазу мәселесі ХХ ғ. 20 жж. бірнеше рет мерзімді басылымдарда ашық түрде көтеріліп, қазақ зиялылары халықтың ұмыт болып бара жатқан тарихын, келешек ұрпаққа жазып қалдыруға шақырған еді. Осы уақытта қазақ тарихшылары өз еңбектерін «Қызыл Қазақстанға» (тағы да басқа басылымдарға) жариялап, қазақтың шежіресін, оның түп-төркінін, қазақ тарихындағы екіұшы мәселелерді зерттей отырып, қалың оқырманға бай дүние бере білді. Қатаң саясатқа қарамастан халқымыздың асыл құндылығы – шежірелер, оның жазбаша нұсқасы өз жалғасын тапты. Ұлтымыздың баға жетпес қазынасын келешекке жазып қалдыруға тырысты. Кейінгі тарихшыларға да өте құнды дерек көзі болды. М. Дулатовтың «Қызыл Қазақстан» журналына шыққан «Қазақ-қырғыз тарихы туралы», «Қазақ-қырғыздың аты, тегі туралы» атты мақалаларында қазақ пен қырғыздардың ұқсас тайпалар болмағанменен, екеуі екі бөлек этнос екендігін, тарихы мен мәдениетінде, тілінде алшақтық көп екендігі атап көрсетілді. Дулатовтың бұл мақалаларын публицистика зерттеушісі Т.Қожекеев «өтініш-хатқа» ұқсатады. Өйткені автор осы мақалаларында қазақ пен қырғызды шатастырмауды өтініп, олай деуіне себептерін айқындап жазды. Ерте замандардан бері қазақтың сайын даласында көшіп жүрген тайпалар мен көшпелі халықтан құралған хандықтар туралы Ә. Әйтиев тарихи деректемелермен байытылған шығарма берсе, 1923 жылы журналдың бірнеше нөміріне Телжан Шонановтың «Қазақ жер мәселесінің тарихынан» атты ғылыми зерттеуі жарияланды. Бұл зерттеуде қазақтың 1732 жылдан бастап Патшалы Ресейге бодан болғандығын, қазақтардың орысқа қосылуының себептерін атап көрсеткен. Бәлкім, осы мақалалар «идеялық жағынан ұстамсыз» жариялымдардың қатарында болған шығар.

1926 жылғы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың 10 жылдығына орай журналға аталмыш көтеріліске байланысты қыруар мақала бастырылды. Қазақ зиялылары Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Т. Рысқұлов, Т. Жүргенов, С. Сейфуллин, С. Меңдешев және тағы басқалар баспасөз арқылы 1916 ж. көтерілістің шығу себептері мен өрбу ба-



рысын ашып көрсетуге шақырды және өздері де бұл қозғалысқа кеңестік көзқараста баға беруге тырысты. Көтерілістің революциялық сипатына аса мән беріліп, көсемдері мен қатысушылары туралы очерктер мен өлең-киссалар жариланды. Сондай-ақ, журналдың Сәбит Мұқанов, Ғ.Тоғжанов, Ә.Байділдин, әйел мәселесіне көп көңіл бөлген Нәзипа Құлжанова секілді журналдың қаламы ұтқыр авторлары болған.

Журнал осы секілді мақалалар беріп, оқу-ағарту мәселелерін қамтыды. Уақыт ағымында өзгертін әлеуметтік-саяси жағдайларға орай бейімделіп, жаңа міндеттерге үн қосып отырды. Өр жылдарда атауы «Ауыл комунисі» (1932 ж. қыркүйек), «Коммунист» (1938 ж. мамыр), «Қазақстан большевигі» (1945 ж), «Қазақстан

коммунисі» (1952 ж. қараша) болып өзгерді. Ел тәуелсіздігі орнаған соң, 1991 жылдан бастап «Ақиқат» деген атпен шығып келеді. «Ақиқат» ұлттық-қоғамдық журнал. «Қызыл Қазақстан» журналының ізбасары. /6/

«Ақиқат» журналына биыл 90 жыл толып отыр. Яғни «Ақиқат» бастау көзі- «Қызыл Қазақстанның» құрылғанына торқалы тоқсан жыл. Осы жылдар ішінде журналдың халықтың қоғамдық өмірімен тіні үзілмей келеді. Басылымда публицистеріміздің тайға таңбас басқандай етіп жазып қалдырған дүниесі бар. «Бүгінгі жаңалық- ертеңгі тарих» дегендей, өз кезіндегі жаңалықтарды моншақтай тізе беріп, бір ғасырдың шежіресін жасаған журналдың төл публицисткамызда орны ерекше.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жұртбаев Т. Талқы.–Алматы: Қазақстан, 1997. 4б
2. Қожакеев Т. Сара сөздің сардарлары. – Алматы: Санат, 1995. –168 б
3. Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860-1958). – Алматы, 1981. – 108 б.
4. Қожакеев Т. Көк сеңгірлер. –Алматы: Қазақ университеті 1992ж., 9б
5. 30 XX ғ. 20-30 жж. мерзімді баспасөздің деректік маңызы («Еңбекші қазақ», «Ақ жол» газеттері мен «Қызыл Қазақстан» журналы мысалында) // Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясының жаршысы. – 2007. – №1 (14).
6. Нсанбаев Ә. Қазақстан ұлттық энциклопедия.–Алматы: Қазақ энциклопедиясы 1998ж, 182б



ЭЛЕКТРОНДЫ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ





ЭЛЕКТРОНДЫ БАҚ-ТЫҢ ҚОҒАМ ДАМУЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Клара Қабылғазина,

*Филология ғылымдарының
кандидаты, доцент*

В статье анализируется роль электронных СМИ в развитии общества.

In article the role electronic mass-media in society development is analyzed.

Бүгінгі қоғамды ақпараттық құралдарсыз елестету қиын, өйткені олар халықпен, бүкіл қоғамдық өмірмен бірте қайнасып кеткен. Дүние жүзінде болып жатқан оқиғалар тек осы әр тілдегі, әр бағыттағы ақпарат құралдары өкілдері арқылы таралып жатады. “Журналистика – халық – қоғам” деп аталатын үштік бірінсіз бірі қызмет етуі мүмкін емес.

Кез келген ақпарат таратушы ұйымдар өзіндік идеологияға қызмет етеді. Мысалы, республикалық “Егемен Қазақстан”, “Халық және Президент” газеттері, “Қазақстан”, “Хабар” телеарналары, Қазақ радиосы сияқты ұжымдар мемлекеттік мүддені насихаттайтын болса, “Сол-дат”, “Тас жарған”, “Свобода слова” сияқты тағы басқа бұқаралық ақпарат құралдары оппозициялық бағытта жұмыс атқарса, ал “Алдаспан”, “Ислам әлемі” тәрізді ақпарат өкілдері діни бағыт ұстайды.

Әрине, қай қоғамда болмасын БАҚ өкілдеріне кімді, нені жақтаймын, қандай мәселені көтеремін десе де еріктері, өйткені, демократиялық бағыттағы үкіметтің ұстанған саясаты осындай. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: “Қазақстан

қоғамы жаһандану мен ұлттық мемлекетті жаңа тұрғыда нығайту процесін бастан өткізуде. Капитал, өндіріс, шикізат, интеллект қозғалысы бір немесе бірнеше елдер ынтымақтастығы шеңберінен сыртқа шығып, глобалды қауымдастық шеңберінде қадамдар жасау жағдайын республикаға барынша жақындатады. Мақсат – оның сыртында қалып қоймай, керісінше, тепе-теңдік құқында ол процестің ішіне ену. Бұл елді дамытуға жаңаша көзқарасты талап етеді. Соған байланысты Қазақстан қоғамы тек экономиканы сандық, көлемдік жағынан ғана көтеріп қоймай, ендігі жерде оны ғылымның, техниканың, технологиялардың, коммуникативтілік жүйелерінің озық жетістіктерімен үйлестіре отырып көрсетуге бағыт ұстайды. Осындай жауапты қадамдар мен міндеттер тек етек жеңі жинақы, ұйымшыл, білімді, жоғары мәдениетті, интеллектуалды әрі адамгершілікті елмен, оның осыған сай азаматтары арқасында, олардың тиімді еңбегі арқылы ғана мүмкін болмақ. Батыс елдер тарихы мен әлеуметтік тәжірибесі жоғары рухани мәдениетсіз, терең тамыр жайған адамгершіліксіз ешқандай озық техника мен технология жекелеген елдерді, олардың азаматтарын да бақытты ете алмайтыны дәлелденді. Жоғары дамыған материалдық байлық қоғамдық ортада жоғары дамыған рухани кеңістікке жол ашады. Яғни, еліміздің табысты тіршілігі мен тәуелсіз, әрі бәсекеге төтеп беретін мемлекет болу кепілдігі – біздің адамдарымыз. Біз, қазақстандықтар, сан жағынан шағын елміз. Алайда, басты мәселе тек халық санында ғана емес, алдымен, сапада, жоғары рухани мәдениеттілік, интеллект пен патриоттық үйлесімінде. Қазіргі тарихи уақыт пен глобалды қауымдастыққа тепе-теңдік принципі негізінде тіршілік ету жаңа типті адам тәрбиелеуді алға қойды. Ол – білімді, тәрбиелі, коммуникативтік қабілеті жоғары, биологиялық және психологиялық дені сау, әлеуметтік бағдары мен рухани мәдениеті қалыптасқан адам”, – деген болатын. Яғни, елдің айнасы – бұқаралық ақпарат құралы, сол арқылы мемлекет мүддесі айқындалып отыруы тиіс.

Қазіргі кездегі әр түрлі партиялық, экономикалық үрдістер, дүниежүзілік қарым-қатынастың күшеюі, соғыс әрекеттері тәрізді жайлар информациялық тасқынды күшейтіп отыр. Оқырман ба, тыңдарман ба, көрермен бе нені оқып, нені тыңдап, нені көрер мәселесіне халық аса талаппен қарайды. Осы тұрғыдан келгенде кез келген журналист өз өнімінің өтімді болуы үшін, өз рейтингі жоғары болуы үшін күреседі.

Қазақ телевизиясы және радиосы - қазақ журналистикасының, өнерінің, мәдениетінің

Жұртшылықпен байланыс жөніндегі мамандар өздерінің кәсіби міндеттерін орындау барысында осынау зияткерлік, ақлақтық және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруда елеулі түрде жәрдем көрсете алады.

Сонымен қатар жұртшылықпен байланыс жөніндегі мамандар ақпараттың ауқымды көлемін алу, бақылау және тарату жөніндегі ресурстарға ие, мұның өзі оларға белгілі бір ақпараттық мүмкіндіктер береді. Мұндай мүмкіндіктерді иелену жұртшылықпен байланыс жөніндегі мамандарға клиенттер, адамдар, кәсіп және жалпы қоғам алдында үлкен жауапкершілік жүктейді.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде Қазақстан Республикасының Жұртшылықпен байланыс жөніндегі Ұлттық Ассоциациясына мүше ұйымдар Қазақстан Республикасында жұртшылықпен байланыс саласының дамуы нарықтағы жетекші операторлар жалпыға ортақ кәсіби және этикалық қағидаттарды қабылдауға әзір болатын деңгейге жетті, деп сенеді. Мұндай қағидаттар жұртшылықпен байланыс жөніндегі мамандарға арналған белгілі бір кәсіби стандарттарды белгілеуді, сондай-ақ олардың ақлақтық (моральдық) және кәсіби жауапкершілігін анықтауды көздейді.

Кодекстің негізгі ұғымдары

Жұртшылықпен байланыс (публік рилейшнз) – ұйымды стратегиялық басқару элементі, ол ұйым туралы, жекелеген өнім туралы, белгілі бір тұлға немесе тұтас бір ел туралы жағымды қоғамдық пікір

қалыптастыруды өзінің негізгі мақсаты ретінде алға тартады. Жұртшылықпен байланыстың жарнамадан негізгі айырмашылығы оның белгілі бір аудиториялармен ұзақ мерзімді әлеуметтік байланыстарды жасауға бағытталғандығында болып табылады.

Жұртшылықпен байланыс нарығының операторлары - жұртшылықпен байланыс бойынша қызмет көрсететін агенттіктер, сондай-ақ кәсіпорындарда жұмыс істейтін жұртшылықпен байланыс жөніндегі кеңесшілер мен мамандар, олар үшін аталған сала басқару элементі болып табылады.

Аталмыш кодекс нарықтағы барлық операторларға, жұртшылықпен байланыс жөніндегі кеңесшілер мен мамандарға қолданылады.

Жұртшылықпен байланыс саласындағы кәсіби және этикалық қағидаттар (принциптер)

1. Жалпы кәсіби қағидаттар

1.1. Қоғамдық игілік

Жұртшылықпен байланыс саласында қызмет көрсететін маман немесе оператордың қызметі қоғамдық игіліктен туындауға тиісті және жеке тұлғаның заңды мүдделеріне, намысына, абырой-беделіне нұқсан келтірмеуге тиіс.

1.2. Шыншылдық

Жұртшылықпен байланыс жөніндегі маманның немесе оператордың практикалық қызметі беріліп отырған ақпараттың дәлдік, шыншылдық және адалдық қағидаттарын мүлтіксіз сақтауға құрылуға тиіс. Маман немесе нарық операторы қоғамдық пікірді алдамауға, жалған немесе бұрмаланған деректерді пайдаланбауға, үшінші бір тараптарға нұқсан келтіретін ақпаратты таратпауға, немесе осыған әкеліп соғатын жұмыс түрлері мен әдістерін қолданбауға тиіс.

2. Клиенттермен және жұмыс берушілермен өзара қарым-қатынас қағидаттары

2.1. Адалдық

Жұртшылықпен байланыс саласында қызмет көрсететін маман немесе оператор өз клиенттерімен немесе жұмыс берушілерімен қарым-қатынастарда адал да ашық көзқарас ұстануға тиіс. Ол жанжалдасушы немесе бәсекелесуші тараптардың мүдделерін олардың ықтиярынсыз бір мезгілде бейнелей алмайды.

2.2. Құпиялық

Жұртшылықпен байланыс жөніндегі маман немесе нарық операторы қазіргі, бұрынғы немесе ықтимал клиенттерінен немесе жұмыс берушілерінен алынған ақпаратқа қатысты толық құпиялықты сақтауға міндетті, бұл жағдайдың

клиент немесе жұмыс беруші осындай ақпаратты жария пайдалануға берген немесе оны жария етуге айқын рұқсат берген оқиғаларға қатысты жоқ. Құпиялылықты шектеуге қолданымдағы заңдарда тікелей көзделген жағдайларда ғана рұқсат беріледі.

2.3. Мүдделер кереғарлығынан бас тарту

Жұртшылықпен байланыс жөніндегі маман немесе нарық операторы егер оның жеке мүдделері немесе міндеттемелері өз клиентінің мүдделерімен кереғар болған кезде өз жағдайы туралы ашық мәлімдеуге міндетті. Ол өз клиентін өзінің қаржылық, коммерциялық немесе кез келген басқа мүдделері бар фирмаларға және ұйымдарға осылар туралы алдын ала хабарлама жасамай бағыттамауға тиіс. Клиенттің немесе жұмыс берушінің тапсырысы бойынша орындалатын қызметтер үшін осылардың келісімінсіз үшінші бір тараптан материалдық сыйақы алуға жол берілмейді.

2.4. Сыбайлас жемқорлықты қабыл етпеу

Жұртшылықпен байланыс жөніндегі маман немесе нарық операторы өз клиентінің немесе жұмыс берушісінің мүдделерін қамтамасыз ету үшін ақша төлеуді ұсынбауға немесе төлеуге, сондай-ақ өз іс-әрекеті арқылы клиентін немесе жұмыс берушісін қоғамдық және мемлекеттік қызметтегі немесе заңға сәйкес құрылған ұйымдарда жұмыс істейтін тұлғаларға ақша төлеуді ұсынуға немесе сыйақы төлеуге итермелеуге тиіс.

2.5. Объективтілік және тәуелсіздік

Жұртшылықпен байланыс жөніндегі маман немесе нарық операторы клиенттермен қарым-қатынас кезінде клиентке маманның немесе нарық операторының тәуелсіздігіне, объективтілігі мен адалдығына әсер ететін жағдайларда қызмет көрсетпеуге тиіс. Маман немесе нарық операторы тапсырмадан бас тарта немесе маман немесе нарық операторы өкілі болып табылатын ұйым басшылығының жеке пікірінің және/немесе мақсаттарының негізінде тапсырманы қабылдай алады.

2.6. Жұмыс нәтижелері мен әдістері үшін жауапкершілік

Жұртшылықпен байланыс жөніндегі маман немесе нарық операторы клиентке немесе жұмыс берушіге нақты нәтижеге жетуге егер мұндай әрекет маманның немесе нарық операторының тура және тікелей бақылауында болмаған жағдайда кепілдік бермеуге тиіс. Маман немесе нарық операторы аталмыш кодекстің талаптарына қайшы келетін әдістермен және құралдармен қайсыбір нәтижелерге жетуге кепілдік беретін келісім-

шартты клиентпен немесе жұмыс берушімен жасаспауға тиіс.

2.7. Кәсіби және этикалық қағидаттар туралы хабардар ету

Егер клиент немесе жұмыс беруші үшін қызметтерді орындау кәсіби мінез-құлық ережелерін елеулі түрде бұзуға әкелетін немесе осы кодекстің қағидаттарына қайшы іс-әрекеттерді жасауға итермелесе, маман немесе нарық операторы осы жөнінде өз клиентін немесе жұмыс берушісін дереу хабардар ету жөнінде қадамдар жасауға, сондай-ақ соңғыларды аталмыш кодекстің талаптарын орындау жөнінде иландыру үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға міндетті.

3. Жұртшылықпен байланыс саласындағы әріптестермен өзара іс-әрекет қағидаттары

3.1. Адал бәсекелестік

Әріптестермен қарым-қатынастарда жұртшылықпен байланыс жөніндегі маман немесе нарық операторы жосықсыз бәсекеден аулақ болуы тиіс. Маман немесе нарық операторы әріптестерінің кәсіби абырой-беделіне немесе жұмысына қасақана нұқсан келтірмеуге және бәсекелесі туралы жалған ақпарат таратпауға тиіс.

3.2. Клиенттерді немесе бәсекелестердің жұмыс берушілерін құрметтеу

Маман немесе нарық операторы өз жұмысында клиенттердің немесе өзге маманға немесе нарық операторына жұмыс берушілердің абырой-беделіне нұқсан келтіретін әдістерді пайдаланбауға тиіс. Бір нарық операторы өзге нарық операторының қызметін клиент немесе жұмыс беруші алдында бағалауға тиісті емес, клиент немесе жұмыс беруші үшін өзге нарық операторын таңдауға қатыспауы керек.

3.3. Авторлық құқықты құрметтеу

Нарық операторы авторлығы өзге нарық операторына тиесілі әдістеме мен технологияны коммерциялық жағдайда жария етпеуге немесе қандай да бір тәсілмен таратпауға тиіс, мұның өзі соңғылардың жазбаша келісімі арқылы нақты дәлелдене алады.

4. Бұқаралық ақпарат құралдарымен және өзге де мамандықтар өкілдерімен өзара қарым-қатынас қағидаттары

4.1. Бұқаралық ақпарат құралдарының абырой-беделін құрметтеу

Маман немесе нарық операторы БАҚ абырой-беделіне нұқсан келтіруі мүмкін іс-әрекеттерге бармауға тиіс.

4.2. Бұқаралық ақпарат құралының тәуелсіздігі мен объективтілігін құрметтеу

Жаңалығы бар ақпарат ақы төленбей және



оны пайдалану немесе жариялау үшін қандай да бір жасырын сыйақысыз берілуі қажет. Осы кодекстің қағидағарына сәйкес ақпаратты таратуға қандай да бір бақылау орнату қажеттігі туындаса, маман немесе нарық операторы оны баспасөзде ақылы жарияланым арқылы немесе осы салада қабылданған ережелер мен практикаға сәйкес радио мен теледидарда жария ету ақысын төлеп жүзеге асыра алады.

4.3. Өзге мамандықтардың кәсіби және этикалық қағидағарын құрметтеу

Өзге кәсіптердің өкілдерімен өзара қарым-қатынастарда және қоғамдық қатынастардың өзге салаларында маман немесе нарық операторы осы кәсіптерде қабылданған ережелер мен практиканы білуге және құрметтеуге, оларды өзінің кәсібінің этикасы мен осы кодекске сай келетін дәрежеде ұстануға тиіс.

5. Жұртшылықпен байланыс кәсібіне көзқарас

5.1. Жұртшылықпен байланыс кәсібінің абырой-беделін құрметтеу

Маман немесе нарық операторы кәсіптің абырой-беделіне нұқсан келтіретін кез-келген

әрекеттен бас тартуға тиіс. Олар Ұлттық кәсіби ассоциацияға, оның өз функцияларын тиімді орындауына, оның игі атына нұқсан келтірмеуге тиіс.

5.2. Жұртшылықпен байланыстың кәсіби кодексін құрметтеу

Осы кодексті өзі ғана құрметтемей, оның кең танымалдығына және жұрттың бәріне түсінікті болуына жәрдемдесу; Қазақстан Республикасының Жұртшылықпен байланыс жөніндегі Ұлттық Ассоциациясының басқарушы органына өзіне белгілі болған кодекстің барлық ереже бұзушылығы немесе оның бұзылуы жөніндегі күдік-күмәнді хабарлап отыру әрбір маманның немесе нарық операторының парызы болып табылады.

5.3. Жұртшылықпен байланыстың кәсіби кодексін бұзушыларды қабыл алмау

Ұлттық кәсіби ассоциацияның басқарушы органдары осы кодексті бұзушылар жөнінде тиісті шаралар қабылдау туралы осы аталған шаралар Қазақстан Республикасының Жұртшылықпен байланыс жөніндегі Ұлттық Ассоциациясының күзіреті және мүмкіндігі ауқымында екендігін ескере келіп, шешім қабылдауға қақылы /4/.

1. «Айкын» газеті, 2010 жылғы 16 қыркүйек

2. «Экономика» газеті, 2008 жылғы 2 мамыр

3. «Экономика» газеті, 2008 жылғы 18 сәуір

4. Ж.Бекболатұлы, «PR және жарнама», Алматы, «Қазақ университеті», 2010, 253-258 бб.

ҚАЗАҚ ТІЛДІ ШЕТЕЛ РАДИОЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМ ДАМУЫНА ӘСЕРІ



Досан Баймолда,

*Философия докторы,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
журналистика
кафедрасының меңгерушісі*

Бүінгі күні қазақ халқының үштен бірі өз тарихи отаны – Қазақстаннан тысқары жерде өмір сүріп жатыр. Әлемнің 40 шақты елінде 5 миллиондай қазақ тұратындығын ескерсек, осы қандастарымыз үшін Қазақстанның күнбе-күн жаңалық хабарларын естіп отыруы, олардың рухани тұрғыдан қажеттілігі екендігі түсінікті. Сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанды әлем елдері толықтай танып, оның абырой беделі халықаралық сахнада барған сайын өсіп бара жатыр. Осы жағдайларды ескеріп әлемнің бірқатар мемлекеттері қазақ тілінде хабар таратады. Бұл мәселеде бұқаралық ақпарат құралдары арасынан радионың орны ерекше болмақ. Бұған қазақтар көп тұратын Қытай, Моңғолия, Түркия және Иран секілді елдердің қазақ тілінде хабар тарататын радиоларын және АҚШ-тың қаржыландыруымен қазақша хабар тарататын «Азаттық» радиосын жатқызуға болады.

Кеңестік заманда тек Қытайдың өзінде қазақ тілінде хабар тарататын екі радиостанция – Бэжиндегі Орталық радио бекеті және

Шыңжаң халық радио бекеті жұмыс істеді. Ал Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында қазақша хабар тарататын радиостанциясы жарты ғасырға таяу уақыт жұмыс істеп келеді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Орта Азия аймағындағы геосаяси жағдайға байланысты Иран Ислам Республикасы және Түркия елдері қазақша хабар тарататын радиоларын ашты. Ресей, Өзбекстан және Қырғызстанда қазақ тілінде хабар тарататын жергілікті шағын радиостанциялар бар. Ал шетелдік халықаралық радиостанциялардан «Азаттық» радиосы жарты ғасырдан астам уақыт бойы қазақша хабар таратып келеді. Ал 1996 жылдан қазақша хабар таратып келген ағылшынның Би-Би-Си радиостанциясы 2006 жылдан бастап хабар беруін тоқтатты. Енді жоғарыдағы қазақша хабар тарататын радиоларға жеке-жеке тоқталар болсақ:

1. Шыңжаңдағы халық радиосы 1955 жылы 15 ақпанда қазақша алғашқы хабарын тарата бастады. Сол кезден бастап Шыңжаңның радио істерінде жаңа бір бет ашылды. Қытайдағы қазақ радиосының алғашқы дикторы Кәрімбек Әлімбаев Шыңжаң радиосынан әлемге қазақша алғашқы хабарды қалай жеткізгенін былайша еске алады: «1955 жылдың 15 ақпаны өмірімдегі есімнен кетпес күн. Сол күні диктор Сарқыт Байтақова екеуіміз «Шыңжаң халық радио станциясынан сөйлеп тұрмыз» деп радио хабарын қазақша дүниеге тараттық. Сол күннен бастап еліміздің радио тарихында қазақ үні эфирге тарайды». [1]

Шыңжаң халық радиосының басынан талай қиын кезеңдердің өткені белгілі. 1980 жылдардан кейінгі уақытта Шыңжаңның барлық аймақ, облыс, қала, аудандарында сымсыз радио хабарларын тарату жүйелері іске қосыла бастады. 1985 жылдың жағдайымен Орталық халық радиостанциясы және Шыңжаң халық радиостанциясынан басқа аймақ, қала, ауданға хабар тарататын 7 халық радиостанциясы құрылды. Бұл жаңадан ашылған радио бекеттері қытай, ұйғыр және қазақ тілдерінде хабар таратып тұрды. Қазақ тіліндегі радиобағдарламаларының мазмұны, сапасы, пішіні, кәсіби деңгейі, техникалық жабдықталуы қоғам талабына сай, халықтың қажетіне қарай жақсара түсті. Бүгінгі күні Шыңжаңдағы қазақ радиосы партияның саясатын насихаттаушы ірі күшке айналумен бірге халықтың жанашыры әрі сырлас досына айнала білді. [2]

Шыңжаң халық радиостанциясының қазақ редакциясы 1994 жылы желтоқсан айында жасанды байланыс серігі арқылы қысқа және орта толқындарда және интернет байланысы арқылы күніне 18 сағат бойы қазақша хабар тарата бастады. Қазақ тіліндегі бұл бағдарламалар Шыңжаң өлкесін толық қамтумен бірге көршілес Моңғолияны, Қазақстанды, Қырғызстанды, Ресейді, Тәжікстанды тіптен Азияның басқа мемлекеттерін және Тынық мұхит жағалауы елдеріне дейін толықтай қамтып отыр. Шыңжаң халық радиосының қазақ тіліндегі күнделікті хабарларын кез келген уақытта интернет арқылы тыңдауға болады. Ол үшін Шыңжаң радиосының қазақша интернет сайтына кіру керек. Шыңжаң қазақ радиосының интернеттегі адресі - www.xjbs.com.cn. Осы адрес арқылы Шыңжаң радиостанциясының қазақ тіліндегі хабарын және одан басқа қытайша, ұйғырша, қырғызша және моңғолша хабарларын тыңдауға болады. Қазақша интернет сайты 2003 жылы 17 желтоқсанда ресми түрде ашылды. Қытайдағы бірден-бір қазақша хабар сайты саналатын «Шыңжаң хабарлары сайтының қазақша тор бетінің» құрылымдық жағдайына тоқталар болсақ:

– Тораптың (сайттың) негізгі бетінде радиода күн сайын берілетін сан алуан хабарлар туралы, арнайы бағдарламалар жайында және радионың басты мақсаты және ерекшелігі туралы айтылады. Осы тор бетіндегі хабарлармен бағдарламаларды интернет арқылы тікелей тыңдай аласыз.

– Бұл торап беті ұлттық сипатта, көркем жазумен өрнектелген. Торап бетінде әдебиет-көркемөнер, тұрмыс ақылшысы, оқу-ағарту, суреттер жинағы секілді қосымша беттер бар.

– Әдебиет-көркемөнер бетіне осы салаға қатысты хабарлар, қазіргі заман әндері, әдеби әңгімелер, радио театры, қызықты көріністер, комедиялық қойылымдар, ақындар айтысы, өнер иелері жайындағы хабарлар енеді.

– Тұрмыс ақылшысы бетінде қазақ халқының ұлттық тағам түрлері таныстырылады. Сонымен бірге жанға жайлы саяхат орындары, денсаулыққа қатысты ақыл-кеңестер, түрлі тағамдардың жасалу әдістері таныстырылады.

– Оқу-ағарту ұлт сапасына тікелей байланысты маңызды фактор. Мұнда сіз оқу-ағартуға қатысты хабар-ошардан дәл уақытында хабарлар бола аласыз. Қытайша, қазақша хабарларды

көріп отырып, салыстыра үйренуге болады.

– Суреттер жинағы бетінде суретті хабарлар көрсетумен бірге, әдет-ғұрыптық, тұрмыстық әдемі, әжуа суреттер қойылады.

– Станция ахуалы бетінде қазақ тіліндегі бағдарламалар таныстырылады. Сондай-ақ қазақ тіліндегі бағдарламалардың уақыт кестесі, қазақ редакциясында еңбегі сіңген азаматтар мен азаматшалар туралы қысқаша таныстырылады. Сонымен бірге радио тыңдармандары мен жанашырларынан келген хаттардың мазмұны ашық жарияланып, жұртшылық назарына ұсынылып отырады.

Шыңжаң халық радиосының қазақ тіліндегі бағдарламасы өзінің хабарын таңғы сағат 08.00 бастайды. 10 минуттық қысқа жаңалық хабарларынан соң концерттік бағдарлама, одан кейін егіншілерге, малшыларға арналған арнайы бағдарлама және орталық радиостанциясының қазақ тіліндегі бағдарламасы беріледі, сағат 10.30 бастап үзіліс жасайды. Сағат 13.30 түстен кейінгі бағдарлама басталады. 13.35 «Тянь-шань алабында» бағдарламасы, одан кейін концерттік бағдарлама, халықаралық жаңалықтар беріледі. 15.00 екінші үзіліс болады. Кешкі бағдарламасы 20.00 басталып түннің 01.00 сағатында аяқталады. Шыңжаң қазақ радиосы орта және қысқа толқындардың 909, 954, 972, 990, 4970, 5440 кгц жиіліктерінде өз хабарын таратады.

2. 2010 жылдың шілде айында өзінің орнағандығының 70 жылдығын тойлаған Моңғолияның Баян-Өлгей аймағы 1940 жылдан бері «ұлттық аймақ» деген мәртебеге ие. Моңғолия қазақтарының осы ұлттық ерекшелігін ескерген Моңғолия үкіметі о бастан қазақ баспасөзін, қазақ тілінде хабар тарататын радионы дамытуды қолға алды. Моңғолияның батысындағы ең қиыр, ең алыс өлке саналатын Баян-Өлгей аймағының қазақ тұрғындарына арналған қазақ тіліндегі алғашқы хабар 1944 жылдан эфирге тарай бастады. Қазақша бұл радиобағдарларында алдымен аймақ өміріндегі және елдегі жаңалықтар сондай-ақ шетел жаңалықтары да берілетін. Негізгі хабарлар халықты білім алуға, өнерге, мәдениетке және мал шаруашылығын өркендетуге үндеген Моңғол Халық Революциялық Партиясының саясатын бұқара халыққа таныстыру соны үгіттеген үгіт насихат жұмыстарына арналды. Бұл заман талабы еді. Қазақша хабарларды Бай-өлкеден басқа көршілес Қобда, Увс

аймақтарында тұратын қазақ ағайындар және кейде шекараның аржағындағы қазақ ағайындар да тұрақты тыңдай бастады.

Алтай тауларының бөктерінде мал бағып, күн көрістерін тауып келген Моңғолия қазақтары үшін радио үкімет саясатын насихаттайтын тиімді құрал болумен бірге 120 мыңдай халқы бар аймақ тұрғындарын ішкі және сыртқы жағдайлармен, түрлі оқиғалармен дер кезінде таныстырып отырды. Яғни халықтың көзін ашып, сауатты болуына көмекке келді. 1961 жылы қазақ аймағының өмірінде алғаш рет Чехословакия елінің техникалық көмегімен аймақ орталығы – Өлгей қаласында қазақ тілінде радио хабарларын тарату станциясы орнады. Ол үшін 1435 гц жиілікте хабар таратын 60 квт күш қуаты бар, 365 метр биіктікте, 47 бөліктен тұратын, 170 тоннадай салмағы бар, сол жылдары Азия құрлығындағы ең биік антенна орнады. Чехословакияның көмегімен салынған бұл радиостанцияның хабар тарату ұзақтығы 500 шақырымдай еді. Яғни қазақша хабар Бай-өлкеден алыс Шыңжаңдағы қазақ бауырларларға, Ресейдің Қос-ағаш ауданындағы қазақтарға тіптен Шығыс Қазақстанға дейін жететін.

Моңғолия қазақтары ертеден-ақ өздеріне қажет күнделікті ақпаратты 12 сағат бойы хабар беретін Моңғол радиосынан, әр күн сайын кешкісін қазақша хабар беретін Өлгей радиосынан және Қазақстаннан шетелдік қазақтарға арнап берілетін «Шалқар» радиосынан және орталығы Германияның Мюнхен қаласында орналасқан «Азаттық» радиосынан ғана алып тұрғаны тарихи шындық. Ол кез коммунистік идеологияның үстемдік етіп тұрған кезі болғандықтан АҚШ-тың қаржыландыруымен қазақ тілінде хабар беретін «Азаттық» радиосы хабарларын емін-еркін тыңдауға болмайтын уақыт. Сондықтан кейбіреулер шындық ақпаратты іздеп «Азаттықты» жасырын тыңдаса, ал кейбіреулері шекара сыртында қалып қойған ағайындарын сағынғандықтан «Шыңжаң» радиосының қазақшасын да тыңдайтын. Өйткені ол уақыт интернет, компьютер заманы емес, аймақ тұрғындарының көбісі орысша, ағылшынша тұрмақ моңғолшаның өзін жарытып білмейтін кез еді. [3]

Бүгінгі күні Баян-Өлгей қазақтары Қазақстаннан «Қазақ» радиосын және «Азаттық» радиосын тыңдай алады. «Қазақ» радиосының

және «Азаттық» радиосының хабарлары ондағы халықтың ақпараттық қажеттігін толық өтейді деп айта аламыз. Сондықтан осы екеуін тыңдауға асығып отырады. Ал Баян-Өлгейдің өзінде көпшілікпен тұрақты түрде диалогсыз тұратын негізгі ақпарат құралы – «Баян-Өлгей» қазақ радиосы ғана. Радио күніне жергілікті уақыт бойынша кешкі сағат 21.00-22.00 арасында 1 сағат хабар таратады. Әрі Моңғолиядағы мемлекет қаржыландыратын бірден-бір ақпарат құралы.

3. Ирандағы қазақ радиосы 1996 жылы 20-маусымда ресми түрде ашылды. Әрине ресми қызметіне кірісуден бұрын Иран қазақтарының дені тұратын Гүлістан аймағының орталығы Горган қаласында 6 айдай дайындық жұмыстары жүрілді, ең алдымен радиоға қажет адамдар іздестірілді. Радиоға іріктелген кісілер парсы тілінен қазақшаға аударма жасауға және дикторлық шеберлікке жаттығып, дайындалды. Бүгінгі күні ел астанасы Тегеранда орналасқан Иран радиосының қазақ бөлімі күніне бір сағат хабар береді. Радионың бір сағаттық бағдарламасында ең маңызды деген жаңалықтар назардан тыс қалмайды. Бұл ақпарат құралдары үшін ақпараттарды Иранның ИРНА ақпарат агенттігі, орталық хабар бірлестігі таратады. Журналистер бұл агенттіктер дайындаған хабарларды қазақшаға аударып дайындайды. Бір сағаттың жартысы дайын хабарларға арналады. Бұлар – дінтану, өлкетану, Иранның тарихы мен мәдениеті, әдебиеті жайында. Қалған жарты сағаты тікелей эфирдегі жаңалықтарға, саяси шолуларға арналады. [4]

Иран радиосының қазақша хабар редакциясының интернет сайтындағы ақпарат деректер бойынша Иран радиосы мемлекет меншігіндегі радио болып саналады. Аудиториясы Қазақстан мен Орта Азияға бағытталған. Дін және Иранның жүргізіп отырған саясаты жайлы Батыстың ақпарат құралдарының бұрмалап тарататын хабарларына төтеп беру мақсатында дүниеге келген. Бүгінде онда оншақты журналист жұмыс істейді. Бұл радионың ашылуына ондағы қазақ диаспорасының өкілдері белсене атсалысқан. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Иранға білім алуға барған қазақстандық жас студенттер жаңадан құрылған қазақ редакциясының қалыптасуына көмектесіп, сондағы қазақ диаспорасы өкілдерімен етене бірге жұмыс істеді.

Қазақстан мен Орталық Азияда бұл радионың тілшілері жоқ. Иран телерадиокорпорациясының аймақтарындағы тілшілері дайындаған материалдарды қазақ бөлімінің журналистері қазақшалайды. Әзірге осылай жұмыс істеп отырған жағдайда. Қазақша хабар тарататын редакцияға керек материалдардың барлығы парсы тіліндегі актуалды материалдар негізінде дайындалады яғни тәржімаланады. Алғашында радио күніне жарты сағаттан хабар беріп тұрып, кейін күніне бір сағатқа дейін ұзарған. Әлбетте сол бір сағаттық бағдарлама тәулік бойында тағы бір рет қайталаынады. Сонымен Иран қазақ радиосының бағдарламасы Астана уақытымен әр күні кешкі 21 сағат 00 минутта басталып, 22.00 дейін бір сағат бойы жүргізіледі. Иран қазақ радиосының күнделікті хабар тарататын бағдарлама кестесі төмендегідей:

– Иранның әнұраны

– Құран аяттарынан үзінді және оның қазақша түсіндірмесі

– Амандасу және сол күнгі хабарлардың мазмұнымен таныстыру

– Жаңалықтар

– Саяси сараптама (әдетте екі жарым минуттан үш минут аралығында екі сараптама ұсынылады)

– Лентаға жазылған дайын бағдарламалар

– Діни, тарихи, әдеби, өлкетану, Ирантану, өнер, мәдениет, әлеуметтік тағы басқадай тақырыптардан құралады.

Мысал ретінде :

«Нұрлы жол» бағдарламасында Құран аяттарына түсінік беріледі.

«Америка тынысы өткен аптада» атты апталық сараптамалық хабар

«Орталық Азия тынысы өткен аптада» апталық сараптамалық хабар.

«Фирдуси ақын және оның еңбегі Шахнама туралы» әдеби танымдық хабар.

4. Қазақстан тәуелсіздігін алғаш мойындаған елдің бірі Түркия қазақ тілінде хабар тарата бастағалы он шақты жылдың жүзі болыпты. Бүгінгі таңда Түркияның шетелге бағытталған радиохабарларын тарату қызметі (ТРТ) «Түркия үні» радиосы арқылы жүргізіледі. Бүгінде барлығы 32 тілде хабар тарататын «Түркия үні» радиосы (Voice of Turkey) қазақ тіліндегі өз хабарларын қысқа толқынды таратқыштар, жерсерігі және интернет арқылы әлемнің барлық жеріне жеткізе алады. «Түркия үні»

радиосы жергілікті FM радиоарналарын пайдалану арқылы да тарату байланыстарын кеңейте түсуді, неғұрлым тыңдармандарына жақын болуды және эфирдің жергілікті мазмұнын арттыруды көздейді. «Түркия үні» радиосы сенімді бұлақтардан алынған хабарларын бейтараптық принципті ұстанып, тыңдармандарына тез, жылдам жаткізуге асығады. «Түркия үні» радиосы тыңдарманға арналған тартымды және қызық бағдарламаларымен өзін дамытуды, сол арқылы әлемнің сенімді ақпарат көзіне айналу мақсат етеді. Түркияның аймақтық ынтымақтастығын, көршілерімен тату-тәтті, жақсы қарым-қатынасын дамытуға бағытталған саясатына сәйкес, «Түркия үні» радиосы өзінің эфирінде бейбіт және мәдени ынтымақтастық тақырыптарына қатысты хабар, бағдарламалар дайындауға баса көңіл бөледі. [5]

«Түркия үні» радиосының қазақша редакциясы 1998 жылы қыркүйек айында ашылды. Бүгінгі таңда редакцияның жұмыс істеп келгеніне 13 жыл толып отыр. 1998 жылы 1 сағаттық эфирмен өз жұмысын бастаған редакция бүгінгі таңда күніне жарты сағат эфирге шығады. Қазақ редакциясы басқа редакциялар секілді толығымен мемлекет тарапынан қаржыландырылады. Қазақ редакциясы ТРТ сыртқы эфирлер басқармасы құрамындағы редакциялардың бірі болғандықтан бір мақсатта, яғни Түркияны шетелде таныту үшін қазақша сөйлеген аймақтардағы тыңдармандарға өз бағдарламаларын таратады. Өзінің жеке интернет парақшасы бар. Интернет парақшасының адресі: www.trt.net.tr

«Түркия үні» радиосының мақсаты мен міндеті:

- Түркияның мемлекеттік радиосы болғандықтан, мақсат – Түркияны таныту. Оның ішкі-сыртқы саясатын насихаттау. Соған орай Түркия мен әлемде болып жатқан маңызды оқиғаларды беріп тұру. Түркияны мәдени, әдеби және рухани жағынан таныстыру мақсатында хабарлар дайындау. Радио соңғы жаңалықтармен бірге, Орталық Азия және әлемде болып жатқан оқиғаларға сараптама жасайды әрі осы оқиғаларға орай Түркияның ресми көзқарасын білдіріп отырады. Сонымен қатар, радио түрлі байқаулар ұйымдастырып, тыңдармандардың назарын аударуға тырысады. Редакцияның қазақша хабар тарату бағдарламасы мемлекеттік ережелерге сай жасалады. Яғни бағдарламалар

әуелі түрік тілінде ТРТ құрамындағы бағдарламашы мамандар тарапынан актуальды түрде дайындалып, тексеруден өткен соң барлық редакциялар өз бағдарламаларын өз тілдеріне аударып эфирге шығарады. Бұл Түркиядағы қазақ радиосы бағдарламасының қалай жасалатындығының бір өзгешелігі әрі ерекшелігі болса керек. Қазақ редакциясының бағдарлама жүргізушісі Уфук Тузманның айтуынша, бұл бағдарламалар үш ай бойы эфирден беріледі де, сонан соң не ары қарай жалғасады, не болмаса редакцияның талабы бойынша жаңа бағдарламалармен жаңартылып өзгереді. Қазір қазақ редакциясының бағдарламасы төмендегі тақырыптар мен айдарларды қамтиды:

- Жаңалықтар (Түркия жаңалықтары және әлем жаңалықтары)
- Түрік баспасөзіне және әлем баспасөзіне шолу
- Түрік музыкасын таныстыру (музыкалық хабар)
- Ататүріктің өсиеттері-естеліктері және тарих беттері
- Анатолы аңыздары мен лебіздері
- Түркия және сыртқы әлем
- Тарих бойынша түрік астаналары және

Түркі әлемінен жаңалықтар

- Түрік және Қазақ әлемі

«Түркия үні» радиосының қазақша бағдарламалары күн сайын Астана уақытымен сағат 19.30 (жазда)/ 20.30-да (қыста) эфирге беріледі.

Жылына 4 маусым (3 айда бір рет) бағдарламалардың тақырыбы мен эфирге шығатын толқын көрсеткіштері өзгеріп отырады. Қазақша бағдарламасы қысқа толқында 25 метр, 11880 килогерцтік жиіліктен Астана уақытымен сағат 19.30-да хабарын бастайды. Сондай-ақ жаңалықтар мен барлық бағдарламалардың қазақша мәтіндері мен үн-жариясы интернет парақшасында күнделікті жарияланады.

5. Шетелдегі қазақ тілінде хабар тарататын радиостанциялар арасынан АҚШ-тың қаржыландыруымен әлемнің 28 тілінде хабар тарататын «Азаттық» радиосы 60 жыл бойы хабар таратып келе жатыр. «Азаттық» радиосы алғаш құрылған күнінен бастап ұстанған қағидасы тек шындықтың жаршысы болу арқылы демократиялық қоғам орнатуға, нарықтық экономиканы дамытуға ынталандыру, соған көмектесу болды. Кеңестік дәуірде «Азаттық» радиосы туралы саяси себептерге байланысты



Қазақстан жұртшылығына бір жақты хабар айтылып, сыңар жақты тұжырымдар жасалып келді. Ал шын мәнінде ол кезде «Азаттық» радиосы әлемде және Қазақстанда болып жатқан нақты оқиғаларды хабарлап таныстыруда, басқа ақпарат құралдарына қарағанда көш ілгері тұрды. «Азаттық» радиосы бір кезде аттарын атауға, жазып қалдырған еңбектерін зерттеуге тыйым салынған Алашорда қайраткерлері, қазақ халқының үштен бірін құрбан еткен ашаршылық апатының шындық жағдайы және басқа да қазақ халқының тарихтағы ақтаңдақ беттерін жұртшылыққа естіріп, оны үнемі жария етіп

отырды. Яғни «Азаттық» радиосы тәуелсіз Қазақстан үшін тарихи маңызы зор, сондай-ақ соған лайықты қызмет атқарды деуге болады. «Азаттық» радиосының интернеттегі сайты azattyq.org. «Азаттық»-тың хабарлары Астана уақыт бойынша күн сайын таңертеңгі сағат 7:00-8:00, ал кешкісін 19:00-20:00 дейін қысқа толқында 7170, 9665, 11845 кгц жиіліктерде тарайды. Алматы қаласы және оның маңайының тұрғындары «Азаттық» хабарларын таңертеңгі 7:00-8:00, кешкі 19:00-20:00 аралығында АМ орта толқынының 1341 кгц жиілігінен тыңдай алады.

-
1. «Шұғыла» журналы, 2005 жылғы 10 қазан
 2. «Эфирдегі 50 жыл». Шыңжаң баспасы, 2005
 3. Ш.Рахметұлы. «Жел Қанат Құс».–2005
 4. <http://kazakh.irib.ir>
 5. www.trtkazakh.com.
 6. Баймолда. Д «Азаттық радиосы: тарихы мен тәжірибесі», 2009, Алматы



АУДИТОРИЯМЕН БАЙЛАНЫС ОРНАТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ



Орынтай Ошанова,

*телевизиялық және
радиожурналистика
кафедрасының доценті, ф.ғ.к*

Ауызша сөйлеудің шеберлігін танытудың жолы, әрі сөйлеушінің сөзінің тиімділігінің маңызды шарты – тыңдаушылармен байланыс орнату. Шынында да сөз тыңдау үшін, дұрыс қабылдану үшін, әсерлілігімен есте қалу үшін айтылады. Сөйлеушіні тыңдамаса, әркім өз ісімен шұғылданып отырса, онда оның еңбегі зая, сөздің тиімділігі нөлге тең.

Аудиториямен байланыс орнату дегеніміз не?

Психологтардың айтуынша контакт дегеніміз оратор мен аудиторияның психологиялық жағдайының ортақтығы немесе жалпылығы, бұл сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы өзара түсіністік. Ортақтық қандай жағдайда пайда болады? Ең алдымен бірлескен ой қызметінің негізінде, яғни сөйлеуші мен тыңдаушының ортақ мәселені шешулері керек, біртекті сұрақтарды талқылаулары керек, оратор такырыпты мазмұндап түсіндірсе. Тыңдаушылар оның ой желісінің дамуымен ілесіп отырады. Егер оратор бір нәрсе туралы айтып тұрса, тыңдаушылар басқа мәселе туралы ойлап отырса, онда өзара байланыс жоқ. Аудитория мен оратордың бірлескен ой қызметін ғалымдар интеллектуальды ой тілектестігі деп атайды.

Статья посвящена изучению психологических навыков телерадиожурналиста. Автор рассматривает особенности психологического поведения журналиста и применяемые приемы для воздействия на аудиторию.

Article is devoted to the study of psychological skills, tele-radio journalist. The author examines characteristics of the psychological behavior of a journalist and applied techniques to influence the audience.



Халықта “сөз жартылай сөйлеушінің иелігінде, жартылай тыңдаушының құзырында” деп тегін айтылмаса керек.

Өзара ортақ байланыс туу үшін эмоционалдық тілектестіктің ролі де маңызды, яғни оратор мен тыңдаушылар бірдей сезімді бастан кешулері керек. Қозғалып отырған тақырыпқа деген сөйлеушінің қатынасы, оның қызығушылығы, сенімділігі тыңдаушыларға беріледі және кері байланыс тудырады. Яғни оратор мен аудиторияның арасындағы байланыс егер екі жақ та бірдей ой қызметімен шұғылданып, бірдей сезімді бастан кешірген жағдайда ғана туады деген сөз.

Психологтардың айтуынша оратор мен аудитория арасындағы тығыз байланыс тудырудың қажетті алғышарты ол – оратордың тыңдаушыларға деген шынайы, нағыз сыйластық сезімі мен оларды тең дәрежеде ой бөлісетін әріптес, жолдас деп мойындауы.

Байланыстың орнағаны немесе орнамағанын қалай анықтау керек? Оратордың және аудиторияның іс-қимылынан сырттайғы байланыс деңгейі көрінеді. Оратор сөйлеп тұрған сәтте көп жағдайда залда тыныштық орнайды, бірақ үнсіздік әр түрлі болады. Кейбір ораторларды тыңдаушылар демін ішке тартып, бір сөзін жіберместен тыңдайды. Сөйлеушінің әзіл-қалжыңдары залда қозғалыс, күлкі, жымыс тудырғанымен, оратор сөзін қайта жалғағанда кілт тиылады. Келесі бір ораторлар сөз алғанда тыңдаушылар үндемей отырады, бірақ оның әр сөзін қағып алып отырғаннан емес, тек оған кедергі келтірмеу үшін, бұл “сыпайы” үнсіздік. Тыңдаушылар отыруы отырады, тәртіп бұзбайды, өзара сөйлеспейді, күбірлеспейді, бірақ тыңдамайды, оратормен бірлесіп жұмыс істемейді, олар ойша басқа нәрсені ойлап отырады, сондықтан да бұл тыныштық сөйлеуші аудиториямен байланыс орнатты дегенді білдірмейді.

Сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы өзара түсіністіктің басты көрсеткіші – сөйлеушінің сөзіне деген дұрыс реакция, тыңдаушылардың сырттайғы іс-қимылынан сөзді тыңдауға деген ниеттің байқалуы (отырыстары, ойлы көзқарас, сөзді бас изеп құптап отыру, күлкі, қол соғу), бұл залдағы ынтымақтастықтың көрінісі.

Егер байланыс орнаса немесе орнамаса оны оратордың іс-әрекеттерінен де көруге болады. Сөйлеуші сенімді сөйлесе, өзін табиғи қалыпта ұстаса, тыңдаушыларға жиі сұрақ қойса, барлық залды көз аясына сыйдыра білсе, яғни ол аудиториямен тіл табысты деген сөз. Аудиториямен байланыс орната білмейтін адам тұтығып, анық сөйлемейді, көз алдында отырған тыңдаушыларды

көрмейді, олардың іс-қимылдарына мән бермейді. Дұрыс байланыс орнату үшін төмендегідей жайттарды ескеру керек:

- талқыланатын мәселенің өзектілігі;
- проблеманы жаңа қырынан көтеру;
- қызықты мазмұнда баяндай білу;
- сөз бен істің бірлігі, яғни аудиториямен бай-

ланыс орнататын оратордың жеке басына қатысты жайт, оның беделі, ол туралы қалыптасқан қоғамдық пікір ықпал етеді. Сөйлеуші білімдар, білікті, ұстанымы берік, сөзі мен ісі қабысып жататын, айтқан сөзінде тұратын жан болса онды ол адамға деген аудиторияның сенімі жоғары болады. Сөз бен істің бірлігі – оратор қызметінің адамгершілік қағидасы, әдептілік пен сыпайылықтың межесі, бұл өзара түсіністіктің маңызды шарты, оған қойылатын басты талап;

- аудиторияның ерекшелігін ескеру - өзіңіз алдына шығып сөз сөйлейтін тыңдаушылардың ерекшелігін ескеру маңызды нәрсе. Ең бастысы – аудитория құрамының біртекті немесес әр түрлі екенін біліп алу. Біртекті дегеніміз – тыңдаушылардың жасы, жынысы, ұлты, білім деңгейі, кәсіби мүдделері, көңіл күйлері деңгейлес болып келуі. Аудиторияның біртекті болуы олардың реакцияларының бірдей деңгейде болып және сөйлеуші сөзінің жеңіл қабылданатындығына кепілдік береді. Ал егер аудиторияның құрамы әр түрлі болса онда оратордың қосымша күш-жігер жұмсауына, тер төгуіне тура келеді.

Аудиторияның басты белгісі – сапалық құрамы. Негізінен алғада көпшіліктің немесе азшылықтың алдында сөйлесен де тақырыбыңды жақсы біліп, меңгерген болуың керек. Қағаздан оқып тұру жақсы пікір тудырмайды, ораторға аудиторияның көңіл күйін басқаруды үйрену керек, егер қажет болса өзгерте де білу керек.

– Тыңдаушылардың психологиясын білу. Оратор мен аудиторияның арасындағы байланыстың орнауына тыңдаушылардың кейбір психологиялық ерекшеліктері де әсер етеді. Тыңдаушылар ораторға басты талаптарын қояды, яғни олар тіл қатысу процесінде басты рөлді сөйлеушіге береді, ал ол өз кезегінде олар артқан үмітті ақтауы керек. Тыңдаушылар оратордың іс-қимылынан сенімділікті, түр әлпетінен сабырлық пен кісілікті, дауысынан шешімділік пен қатаңдықты сезінулері керек.

Оратордың көпшілік алдында пайда болуының өзі аудиторияға психологиялық тұрғыдан әсер етеді. Жүріс-тұрысы, өз-өзін ұстауы оратордың табысты сөз сөйлейтінінен хабар беріп тұруы тиіс, бірде-бір адамның ойында сәтсіздік туралы ой қылаң бермеуі керек. Сөйлеудің алдында сөйлеуші

келеңсіз оқиғаға ұшырауы, күтпеген қиындыққа кезігуі, тіптен өз-өзін дұрыс сезінбеуі мүмін. Бірақ аудиторияны оратордың жеке басының проблемалары қызықтырмайды. Яғни оған шынайы көңіл күйін жасырып, бәрін ұмытып, тек бар ынта-ықыласын сөйлейтін сөзіне аударуы қажет.

Белгілі орыс педагогы А.С.Макаренко бала тәрбиелеушілерді былайша оқытқан: “Настроение у вас может быть каким угодно, а голос у вас должен быть настоящим, хорошим, твердым голосом. Никакого отношения к вашему голосу настроение не имеет. Нужно сделать так, чтобы ваша физиономия, ваша глаза, ваш голос были в некоторых случаях автономными”.

Аудиторияның психологиялық ерекшелігі – тыңдаушылардың бір мезетте көрермендер болуы. Оратор трибунада пайда болысымен, тыңдаушылар оны сынап, бағалай бастайды, бір-бірімен пікір алмасады. Ең бірінші кезекте тыңдаушылар сөйлеушінің сыртқы келбетіне назар салады.

Оратордың киген киімі жағдайға, ортаға сәйкес болуы керек. А.Ф.Кони бұл туралы: “Следует одеться просто и прилично. В costume не должно быть ничего вычурного и кричащего (резкий цвет, необыкновенный фасон; грязный, неряшливый костюм производит неприятное впечатление).

Это важно помнить, так как психологическое действие на собравшихся начинается до речи, с момента появления лектора перед публикой”.

Аудитория оратордың сөйлеп тұрған сәттегі іс-қимылдарын да қалт жібермей бақылап отырады. Артық, әдетке айналған лектордың қимылдары тыңдаушылардың көңілін бөледі, олардың талқылауларына ұшырайды. Сөйлеушінің тұрғысына да мән беріледі, артық, жарасымсыз қимылдарды жасамауға тырысу керек, бұл тыңдаушыларға жағымсыз әсер етеді.

Тыңдаушыларды оратордың қайда қарап тұрғаны да бей-жай қалдырмайды. Сөз сөйлегенде біреулер терезеге, келесісі төбеге, еденге көз тоқтатып, ал тыңдаушыларға қарамайтын болады. Бұдан да сорақы жайттар кезігеді: яғни сөз сөйлеуші адам аудиторияға тұманды, бұлдыр, ешқандай мән-мағынасыз көзқараспен қарайды. Мұндай жағдайда оратор мен аудиторияның өзара түсіністігі туралы сөз қозғауға болмайды. Әрине, әрқашанда әр тыңдаушыға жеке-жеке көз тоқтатып, барлық адамдарды назарда ұстау керек деген талап жоқ, дегенмен сөйлеу барысында аудиторияның бір бөлігінен екінші бөлігіне көзінді жай аударып қарасаңыз дұрыс, сонда жақсы байланыс орнатуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 2) Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 76-77 б.б.
- 3) Михальская А.К. Основы риторики. – М.: Дрофа, 2001. – 496 с.
- 4) Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. М., 1979. - с. 318.
- 5) Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 6) Казарцева О.М. Культура речевого общения. – М.: Флинта, Наука, 1998. – 495 с.
- 7) Сыздықова Р. Сөз сазы. – Алматы: Санат, 1995. – 120 б.
- 8) Михальская А.К. Основы риторики. – М.: Дрофа, 2001. – 496 с.





Римма Жақсылықбаева,

*филология ғылымдарының
кандидаты,*

*Баспасөз және электронды БАҚ
кафедрасының доценті*

В статье автор проводит анализ этических трактатов аль-Фараби и рассматривает их в аспекте применения в журналистике.

In article the author carries out the analysis of ethical treatises the philosopher al-Farabi and cores replenishment in aspect of application in journalism.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМА- ЛАРЫНДА МОРАЛЬ, МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ, ӘДЕПТІЛІК НОРМАЛАРЫНЫҢ ДӘЙЕКТЕЛУІ

Әбу Насыр Әл-Фараби (أبو نصر محمد الفارابي арабшасы) кезінде «Шығыстың Аристотелі» атанған есімі әлемге мәшһүр философ, ұлы энциклопедист ғалым болды. Ол көне заманның Платон, Аристотель, Гален сияқты ақыл-ой алыптарының шығармалары туралы көптеген трактаттар мен түсіндірмелер жазды. Сол сияқты ғұлама ғалымның әлеуметтік-этикалық көзқарастарын білдіретін зерттеулері де баршылық. Әл-Фараби өзінің «Риторика», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеу» туралы трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық, білім категорияларының бетін ашып, солардың негізін дәлелдеп берді. Зерттеулерінде этиканың зерттеу нысаны – мораль, мінез-құлық, әдептілік нормалары екенін жан-жақты көрсетті.

Этиканы ол, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан оның этика жөніндегі тұжырымдамаларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны

құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Фараби жасаған қорытындының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде.

Журналистің адамдар тағдырына ықпал ету мүмкіндігі оларға қоғамдық жауапкершілік сезімін тудыратындығымен ерекшеленеді және ақпарат қабылдаушылармен арадағы тікелей және кері байланыс негізінде біршама тұрақты сипатты қалыптастырады. Журналист жазған туынды жайындағы бұқаралық ой, пікірге сүйене отырып, оқырманның тілегін және қоғам нені қалайтынын немесе қолдайтынын, неге қарсылығын біле алады. Мұндай мағлұмат пен пайым журналистің алдағы ісіндегі ар-ұждан бағыт-бағдарын анықтап беретіндігімен пайдалы. Ал ар-ұждан бағыт-бағдарын анықтау журналист үшін әдеп пен мәдениеттің бір нысаны болмақ. Осы ретте Фараби ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Фараби көркемдік, сұлулық хақында былай дейді: оның пікірінше, көркемдік өмір шындығының өзіне тән қасиет, ол болмысты нақты түрде бар құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі. Көркемдік – адамның денесі мен рухани жандүниесінің адамгершілік қасиетінің сұлулығын көрсететін белгі деп саналды.

Әл-Фарабидің айтуынша, этиканың ең жоғары категориясы бақыт болып табылады. Фараби «Бақыт жолын сілтеу» трактатында: «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені, ол белгісіз бір жетілу болып табылады. Мұны түсіндіріп жату артық сөзді керек етпейді, өйткені бұл – мейлінше белгілі нәрсе», - дей келіп, «Игіліктердің ішінде бақыт ең үлкен игілік екендігі және қалаулы заттардың ішінде адам талпынатын ең жетілген мақсат екендігі айқын», - деп атап көрсетеді [1]. Бақытқа, оған жетуге бастайтын жолға айрықша назар аудара отырып, Әл-Фараби адамның табиғи қабілеті өздігінше жақсы қылықты да, жаман қылықты да істеуге бірдей мүмкіндік беретіндігін, осыдан келіп бақытқа жету мен мінез-құлықтың жетілуі арасында байланыс туатындығын: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына немесе жақын жұғысудың арқасында бір мінез-құлықтан басқа мінез-құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе – әдет болады», - дейді [1, 11-12 бб]. Тағы бірде: «Жаман мінез-құлық – рухани кесел», - екендігін ұғындыра түседі [1, 21 б]. Демек, әдеттенудің арқасында бізді жақсы мінез-құлыққа жеткізетін әрекеттер жақсы әрекеттер болып табылады.

Журналист әлеумет мүддесін көздейді. Халықтың мүддесіне жат, Конституцияға, демократияға қайшы келетін нәрселер журналист үшін де жат болу керек. Журналист

моральдік, этикалық жағынан таза болуға тиіс. Басқа мамандық тәрізді журналистер үшін де қажетті ұстамдылықты әл-Фараби жақсы құлық деп есептейді, ал ұстамды болу үшін, шамадан тыс молшылық болса, одан жетіспеушілікке қарай ауытқып, ондай молшылықтан арылуымыз керек және керісінше, жетіспеушілік болса, біз молшылық жағына қарай ауытқуымыз керек, сөйтіп, мінез-құлқымызда ұстамдылықты қалыптастырғанша осылай ете беруіміз керек.

Ғұлама адам бойындағы ақыл-парасатты этикалық-адамгершілік қасиеттерден бөліп қарауға болмайды дегендей пікір айтады. Ақыл мен адамгершілік, қайырымдылық өзара табиғи түрде байланысып жатқан құбылыстар екенін түсіндіреді. Әл-Фараби адам өзінің мінез-құлқын жетілдіре түсу үшін, ең алдымен, ол өзіне-өзі мейлінше адал болуы тиіс. Сонда ғана адам өз бойындағы ізгілікті қасиеттерді барынша жетілдіре түсуге мүмкіндік алады. Әл-Фараби: «Қандай шебер әдістің жәрдемімен жақсы мінез-құлыққа жететінімізді қарастыруымыз керектігін», «Адамның өз ожданы алдында адал, шыншыл болуы адам өзіне өзі ізгі қасиетті болуынан, жүріс-тұрысы ізгі болуынан, жүріс-тұрысы ізгі болуынан ғана туады. Ал егер өз бойында жоқ бола тұрып, адам өзін ізгі қасиетті адамға, жүріс-тұрысы жөнді адамға жатқызса, онда ол адамда өзі туралы жалған пікір туғандығы. Егер адам өз бойында жоқ нәрселерді өзіне жатқыза беретін болса, онда ол адамда көлгірсушілік пайда болатынын» ұғына түсеміз [1, 19-20 бб].

Әл-Фараби: «Қайырымдылық екі түрлі болады: этикалық және интеллектуальдық. Интеллектуальдық – жанның ақыл-парасаттық жағына жататын, қайырымдылық, мәселен, даналық, парасат ақыл-ойдың тапқырлығы мен өткірлігі, ұғымталдық. Этикалық қайырымдылық – жанның ұмтылу жағына жататын қайырымдылық, мәселен, ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік. Жаман қылықтар да осылайша бөлінеді. Этикалық қайырымдылықтар мен жаман қылықтар адам жанында адамгершілік сападан туатын әрекеттердің белгілі бір уақыт бойына көп рет қайталануы және оған бой үйренуі нәтижесінде пайда болып, тұрақтайды. Дәл өнердегі сияқты мұнда да ізгілікті әрекеттер қайырымдылыққа, теріс әрекеттер жаман қылықтарға бастайды, мәселен, жазу өнерінде осылай болады: біз жазумен байланысты әрекеттерді сан рет қайталап, оған дағдылансақ, мұнан бізде жазу өнері пайда болып, тұрақтайды, егер қайталау арқылы өзімізде дағдыға айналдырған бұл әрекеттер жаман болып шықса, біз жаман жазып дағдыланамыз, жақсы болып шықса, жақсы жазып дағдыланамыз» [1, 195-196 бб].

Әл-Фараби: «Адамның игі қылықтары мен жақсы әрекеттерін жасауға көмектесетін жан қасиеттері – ізгілікті қасиеттер, ал адамның пасық істер мен оңбаған әрекеттер жасауына себепші болатындары – сұрқиялық, кемшілік немесе опасыздық болып шығады» [1, 188 б]. Тіпті «Өнер біткеннің бәріне жаратылысынан бейім адамның болуы шындыққа сыймайтыны сияқты, қайырымдылықтың, этикалық және интеллектуальдық, бәріне жаратылысынан толық бейім адамның болуы шындыққа сыймайды, ол мүмкін емес. Дәл сол сияқты кемшілік біткеннің бәріне жаратылысынан бейім адамның болуы да шындыққа сыймайды және мүмкін еместігін», - бәрінен пайымдап, терең ұғындыра түседі [1, 198 б].

Тағы бірде ғұлама: «Ақиқат – игілік пен қайырымдылық сияқты, барлық істегі көкейтесті мақсат. Ақиқатты іздеуші екі адам өздерінің мақсатын түсінеді, оны біледі, сондықтан ол мақсат жөніндегі көзқарастарында алалық тумайды. Ақиқат пен қайырымдылықтан ауытқыған жолмен жүруге болмайды, өйткені адам ондай жолмен жүрсе, ол адасып, абыржиды» [1, 293 б]. Бір сөзбен айтқанда, Фараби адамдардың өз кездеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып білу арқылы жетіледі деп түйін жасайды.

Сауатты жазып, сөйлей білу – үлкен өнер. Ол мол білімді, ой өрісі мен қиял кеңістігін қажет етеді. Абай: «Тіл өнері дертпен тең» деп бекер айтпаған. Сөйлеудегі ең жақсы қасиет ой пікірін қысқа әрі дәл айтқызып жеткізушілік. Алтын, күміс, гауһардың қымбат саналуы, олардың аздығы тазалығы десек, қысқа, қоспасыз, ұғымды сөз де қадірлі болып табылады. Сөйлеудің қасиеті – әдептілігі және әдемілігімен қоса, сайып келгенде шындығында. Жалған айту, өтірік сөйлеу кісілікке, журналист беделіне жатпайды. Сөйлеуге қатысты тағы бір әдептіліктің бір түрі орынды, әділ сөзге тоқтау. Сөз қадірін танып, мойындау дегеніміз ірілікті, кісілікті білдіреді. Осы тұста Әл-Фараби: «Жазуға шеберлік жазуға жетілген адамда ғана болады, ал жазуға жетілу адам оны тамаша етіп орындауға әдеттенгенде болады. Шебер жазу мүмкіншілігі адамда жазу шеберлігін үйренуден бұрын болады, ал жазуға жетіліп үйренгеннен кейін, бұл шеберлік өнерпаздықтың арқасында болады» [1, 13 б].

Әл-Фараби ақыл-парасат пен тәрбиенің рөлі туралы, тәрбиесіз дағды, дағдысыз тәрбие болмайтынын ескертеді. Тәрбиесіз дағды болмайды дейтін себебі, мысалы, жас нәрестені алғашқы күннен бастап-ақ ізгілікті істерге бағыттап, тәрбиелесе ғана, оның бойына сол істер дағды ретінде қалыптасады. Сол сияқты дағдысыз тәрбие болмайды дейтіні, тәрбиенің нәтижесінде қол жеткен қайырымды іс-әрекеттерді, мінез-құлықты дағды арқылы тұрақты күйге айналдырып отырмайынша, адам ізгілікті бола алмайды. Кейбір жастардың мінез-құлқы, іс-әрекет заман талабынан шыға бермейді.

Адам жаратылысының жақсылыққа не жамандыққа бейім болып тумайтындығын айта келіп, ол: «Жаратылысынан барлық ізгі, этикалық, интеллектуальдық қасиеттерді бойына сіңірген адамның болуы шындыққа да, ақылға да сыймайды, сол сияқты жаратылысынан барлық өнерге бейім адам да болуы мүмкін емес. Дәл сол секілді жаратылысынан барлық бұзақылыққа бейім адамның болуы да ақылға сыймайды», - деп көрсетеді. Бұл қорытындыға Фарабидің адам табиғатын терең зерттеу нәтижесінде қолы жетті.

Зерттеуші А. Көбесов орта ғасырлар заманындағы ғұлама оқымысты Әл-Фарабидың ғылыми бай мұраларын біршама зерттей келіп, былайша баға береді: «Фараби ғылыми шындыққа келгенде ешбір үлкен беделге бас имеуі де ғылыми этикадағы үлкен жаңалық. Тіпті Фарабиден көп кейін өмір сүрген орта ғасырлар мен жаңа заман ғалымдарының өзі мұндай ғылыми қайсарлық жасай алмаған. Европада жаңа ғылым күні өткен кер-тарпта «пәленше айтыпты» деген қате пікірлерді мансұқ етіп, теріске шығару барысында пайда болды. Фарабиді бұл тұрғыдан да ескінің көзінен гөрі жаңаның басшысы деуіміз жөн» [2].

Қорыта келгенде, журналист тек қоғам алдындағы ғана жауапкершілікпен шектелмейді. Оның ең басты әділ сарапшысы – тұрақты оқырманы, көрермені, тыңдаушысы. Орта ғасырларда адамзат білімінің молайып, ақыл-парасатының жетілуіне орасан зор еңбек сіңірген әл-Фарабидің пайымы мен парасатындағы негізгі этикалық, рухани ой-аңғарымдары – бүгінгі қалам иелері журналистер үшін де бағалы әрі құнды. Осы мақсатта біз ғұлама тәжірибесіндегі негізгі этикалық ой тамызықтарды бүгінгі күн тұрғысынан саралап, баға беруге тырыстық.

1. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – А.: Ғылым, 1975. 3 б.

2. Көбесов А. Әл-Фараби. – Алматы: Қазақстан, 1971. 53 б.

БАСПА ІСІ ЖӘНЕ БАСПАСӨЗ

Stock Photo

OFFSET

AllGraf.Net



ӨҢІРЛІК МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

Назгүл Шыңғысова,

*Филология ғылымдарының
докторы*

В статье рассматриваются тенденции развития региональной периодической печати в первые годы независимости.

In article tendencies development of regional periodicals in the first years of independence are considered.

Авторитарлық-бюрократтық қоғамнан демократиялық қоғамға қадам басу – бұқараға ықпал ету, тәрбиелеу құралы ретінде қолданылып келген БАҚ-қа да үлкен өзгерістер әкелді. 1985 жылы билікке келген М.С. Горбачев кеңес қоғамын қайта құруды қолға алды. «Қайта құру», «Жариялылық» ұғымдары қоғамның қай саласымен болмасын біте қайнасып, жиі-жиі айтылатын болды. 1990 жылдан бастау алған еліміздегі қоғамдық-саяси, экономикалық өзгерістер ақпараттық қызмет түрлерінің көбеюіне, жаңа басылымдардың пайда болуына ықпал етті. Тік-иерархиялық баспасөз жүйесі бұзылып, редакция құрылымдары жетілдірілді, газеттердің көлемі мен шығу жиілігі өзгерді. Бұрын типологиялық тұрғыдан тек қоғамдық-саяси, балаларға арналған және салалық басылымдар болса, енді іскери, жарнамалық, сары, корпоративтік басылымдар көптеп ашылды, жарияланымдар сипаты өзгеріп, тың пішін, жаңа түрге енді. Жаңа бағыттағы, ұстанымы да әртүрлі тәуелсіз газеттер шыға бастады, плюрализмге ерік берілді.

Өңірлік газеттер нарықтағы бәсекені, оқырмандар құндылығын сезіне білді. Саяси, экономикалық, рухани өзгерістер кезеңінде оқырмандарды жаңаша ойлауға, нарықтық қатынастарға бейімдеуге тырысты. Еліміздің саяси дамуына ықпал етуші рөлі артты. Газет беттерінде астаң-кестең өзгерістер қалтарысындағы жемқорлық пен ашкөздік ашық жазылды, рухани құндылық қозғалып, ұлттық мұраға қатысты батыл пікірлер айтыла бастады. Нәубет жылдардың ақиқаты, тіл, дін, мемлекеттік, тарихи көкейкесті мәселелер көтерілді. Оқырмандар «халық жауы» атанып, жазықсыз жапа шеккен алаш азаматтары туралы білді. Ақын-жазушы, ғалымдардың еңбектерімен кең танысты. Өңірлік газеттер тәуелсіздікпен бірге келген демократия үрдістеріне бейімделіп, өтпелі кезең қиындықтарына төтеп берді. Оқырмандарға мемлекеттің ішкі, сыртқы саясатынан, жүргізіліп жатқан түрлі реформалардан түсінік берді. Бұл кезеңдегі газет беттерінен меншік қатынастарын жаңарту, нарықтық инфрақұрылымның қалыптасуы, тауар өндірушілердің әлемдік нарық жағдайына бейімделуі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыптарына жазылған мақалаларды және мұрағат материалдарына негізделген деректерді көптеп кездестіруге болады. Облыстық газеттердің мазмұны мен мақалаларының сапасы артты. Демократия үрдістері, жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу, әлеуметтік өткір проблемалар туралы өндірте жазды. Егемендік алып, қоғамымызға нарықтық қатынастар енген кезеңде еліміздің саяси-экономикалық, рухани-әлеуметтік өмірін жан-жақты көрсете білді, Елбасының саясатын байыпты насихаттап, өтпелі кезеңдегі қиыншылықтарды халыққа түсіндіруге атсалысты. Басты құндылығымыз – ұлттық мүддені көтеріп, жастарды ата салты мен дәстүр рухына тәрбиелеуге үлес қосты. Кемшіліктер өткір сыналды.

Ақпарат кеңістігіндегі өзгерістер баспасөзді қаржыландыруға да ықпалын тигізді. Газеттер мерзімінде шықпай, қызметкерлер жалақысын кешіктіріп ала бастады. Қаламақы мүлдем төленбейтін болды. Кейбір журналистер өзге салаға ауысып кетті де, басылымда журналистиканың ыстығы мен суығына бірдей көндігіп, ысылған, кәсібіне берілген қаламгерлер қалды. Өңірлік газеттер аталған қиыншылықтарға төтеп беріп, оқырмандарын жоғалтпай сақтап қалды. Өзге ұлт өкілдері көп шоғырланған аймақтардағы облыстық

газеттердің орны оқырмандар үшін қашанда ерекше болғандығын газет материалдарынан байқауға болады.

Жаңа шыққан ақпараттық-коммерциялық басылымдар мемлекеттік дотацияға тәуелсіз болды. Ұлттық сананың оянуына байланысты кеңестік баспасөзге мүлдем тосын тәуелсіз басылымдардың полиграфиялық негізі әлсіз, таралымы аз болғанымен, өткір материалдарымен оқырмандарды тартты. Халық тарихтағы ақтаңдақтарды, биліктің қызметіндегі ащы шындықты, «қоғам қайраткерлерінің» бұра тартқан саясатын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы білді.

«Тәуелсіздік дәуірінің публицистикасында ұлттық тарих, мемлекеттік тіл, оралмандар мәселесі, нарықтық экономика, сыртқы байланыс, демография, ұлттық рух мәселелері айрықша орын алды. Қазақ публицистикасының даму жолында тәуелсіздік талаптарынан туған ұлттық саяси бағыт бірінші кезекке шықты» [1]. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ публицистикасының айшықты бөлігі – өңірлік мерзімді басылымдардағы өткір материалдар болмақ.

Бұл кезеңге тән тағы бір үрдіс – газеттердің мазмұны ғана емес, бұрындары егіз қозыдай «Социализм», «Коммунизм», «Ленин» деген сөздерді қатыстырып қойыла беретін қасаң, ұраншыл газет атаулары да жаңа заман рухына сәйкес өзгерді.

Өңірлік газеттерде тарихи-зерттеу деректермен бірге жер-су аттарын бұрынғы қалпына келтіру, халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін насихаттау, жазықсыз жапа шеккен қайраткер азаматтардың өмірі туралы материалдар берілді. Өңірлік баспасөздің дамуындағы жарқын мысалдар бұл газеттердің өршіл бетбедері мен жаңашыл бағытын айқындай түседі. 1990 жылы 5 маусымда «Ақ жол» газеті «А. Асқаровтың ісі: сот жүріп жатыр» деген Ұлы Отан соғысының ардагері, қайраткер Асанбай Асқаровтың Бішкектегі сот процесі туралы мақаланы ең алғаш батылдықпен жариялады. Бұл материалды кейіннен өзге басылымдар (оның ішінде «Советтік Қырғызстан» да бар) көшіріп басты. «Ол кезде кеңестік идеологиядан асып мұндай мақала жариялау ерлік еді» [2], – делінген газеттегі мақалада.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өңірлік газеттер қоғамдағы күрделі оқиғалар мен жаңалықтарды көтеріп, әлеуметтік мәселелер, мұқтаждықтары туралы ой қозғаған



оқырмандардың хаттарына сергек қарауға тырысты, түрлі тақырыптармен топтамалар бере бастады. Газет редакциялары маман, қаржы, көлік тапшылығына қарамастан көкейкесті мәселелерді қозғап, түрлі саладағы тың тақырыптарға қалам тербей бастады. Тарихи мақалалар мен әдеби туындыларды, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениетті дамыту, ана тілі, адамгершілік қадір-қасиеттері, имандылыққа шақырған батыл мақалалар жариялана бастады. Сондай-ақ, әлеуметтік, экологиялық проблемалар жиі бой көрсетті. Газеттердің тақырыбы мен жанрлары түрленді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы газет жарияланымдарының бір парасы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты. «Ақ жол» газетінде: «Қазақ халқының үш ғасырдай созылған бодандық бұғауынан құтылу жолындағы ұлт-азаттық күресінде Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздікке жету жолындағы 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінің себептері, қатысушылары мен қаһармандары, ауқымы мен саяси-әлеуметтік мәні, орны мен маңызын жан-жақты зерттеу әлі де қажет. Тәуелсіздікке 1991 жылы ғана қайта қолы жеткен халқымыздың ғылыми, ұлттық тұрғыдан зерттелмей келген көптеген тарихы ішінде ХХ ғасырдағы ұлт-азаттық күрестер туралы деректер толық зерттелді деу әлі ерте» (АЖ. 2007.13 қаңтар), – деген пікір жарық көрген еді. Жалпы, өңірлік баспасөз бетіндегі 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі туралы ақиқаттар тоқсаныншы жылдардың басында батыл жариялана бастады. Онда азаттық таңын аңсап желтоқсан ызғарына тоңған қазақ жастарының оқиға туралы пікірлері ашық айтылды.

Тарихшылар қазақ халқының ғасырлар бойы санасына ұялап қалған империялық-отарлық езгіге қарсы азаттық үшін бейбіт мақсаттағы үлкен ұстамдылық пен зиялы түрде болған қарусыз көтеріліс деп баға берген желтоқсан оқиғасына аймақтағы жастар да қатысып, әр қалада кішігірім қақтығыстар болып жатты. Өңірлік газеттерде бұл оқиғалар патриоттық сезімі жоғары жастардың өз аузымен баяндалады. «Қайраттың рухы Бауыржанмен бірге», «Нағыз патриот жастар Жамбылда да бар еді» (Ж-Т. 2006. 15 желтоқсан) сияқты материалдар бұған дәлел.

Ақтөбе облысы Комсомол ауданында (қазіргі Әйтеке би) 1990 жылы қазақ тілінде тұңғыш шыға бастаған «Жаңалық жаршысы» газетіне өз қалауымен журналист болып барған Егенберлі

Әбдіраев желтоқсанның ызғарына тоңып, талай құйтырқысын бастан кешірген азамат. Газеттегі «Жүрегімде мұңы бар Желтоқсанның» атты көлемді материал осы Егенберлі туралы. 1985 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түсе алмағаннан кейін жұмыс істеп жүрген жігітті алаңдағы оқиға бей-жай қалдыра алмайды. Аяусыз соққыдан қасы, қабырғасы, кеуде сүйектері жарылып, бүйрегіне зақым келген жігітті қудалау басталады. Еркін жұмыс істеп, өмір сүруіне партия ұйымы көп тосқауыл болады, партия мүшелігінен шығарылады. 1988 жылдың қыркүйек айынан бастап аудандық «Ырғыз» газетінің журналистері оған сенім артып, редакцияға жұмысқа орналастырады. Газетте Е. Әбдіраевтің «Қаратаудың басынан көш келеді», «Ұрпағы ұмытпайды ағаларды», «Ауылыңды ардақ тұт, айналайын!», «Бізді іздейсің туған жер төскейінен» деген салмақты мақалалары жарияланған. Желтоқсан оқиғасына ұлттық намысты ту етіп, патриоттық сезімі жетегімен қатысқанына Е. Әбдіраев еш өкінбейді. Оның өкінетіні – өзі сүйген журналистік мамандықты ала алмағандығы, дер кезінде оқи алмағандығы. Қаныпезерлікпен аяусыз тұншықтырылған көтерілістің куәгерлері құрдастарының «декабрист» деген кекесін сөздерін де, амандасуға шамасы келмей, теріс айналған кейбір таныстамырларының қатігездігінде көтерді. Біз сөз етіп отырған мақала кейіпкері: «Жазалаушылардың іс-әрекеттері фашистердің зұлымдығынан кем емес. Олардың айуандықтарын көз алдыма елететсем, қаным қайнайды. Хайуан екеш хайуан да тап олардай қатігездікке бармас еді» [3], – дейді.

Е. Әбдіраев бүгінде Әйтеке би аудандық «Жаңалық жаршысы» газетінің қызметкері, «Аңсау» атты жинаққа бір топ өлеңдері енген. Үйлі-баранды жігіттің тұрмыс-тіршілігі мәз емес, дипломы жоқ болғандықтан, қатардағы тілші, жалақысы мардымсыз. Мақалада желтоқсан оқиғасына қатысқан азаматтың ерлік іс-әрекеттері, бастан кешкен құқайлары, көрген қорлықтары ғана баяндалмаған, бүгінгі жағдайы да сөз етілген, күнкөріс тауқыметіне облыс әкімі назар аударса деген мәселе қойылған. Осындай салмақты мақаладағы орфографиялық қателерден көз тұнады. Автор мәтінде тыныс белгілерінің қойылу ережелерін өрескел бұзады.

«Оңтүстік Қазақстан» газетіндегі мақалада да желтоқсан оқиғасына қатысып, түрмеге түскен жігіттің тағдыры баяндалған: «1987

жылдың 17 ақпанында ашық сот болды. Маған сөз берген де жоқ. Тек «осы алаңда болғаның рас па» деді. Мен «рас, бірақ ешкімді ұрып-соққан жоқпын» деп жауап бердім. Сот бітті. Прокурор маған 15 жыл сұрады. Ал сот мойындамағанымна қарамастан, көзімді бақырайтып қойып 4 жылға бас бостандығымнан айырды. «Соңғы сөзіңді айт» дегенде, ашынып тұрып «бұл жалған» деп айқайладым. Бірақ менің сөзімді ешкім елеген жоқ. Сотталғаным үшін емес, арымның тазалығын дәлелдей алмағаным өкіндім. Бір бүйірден қадалған сызда әрі қандалаға таланған күйі тас камерада жата бердім. Бірақ бізді ұрып-соққан, соттаған адамдардың ешқайсысы да жауапқа тартылмады. Жастық өмірім осылай арпалысумен, әділдік іздеумен өтті». Автор мақала барысында Шымкенттегі желтоқсаншылардың элеуметтік жағдайына назар аударады: «Сонымен бірге желтоқсан оқиғасының кезекті құрбаны, қазір Шымкент қаласында тұрып жатқан М. Шекербековтың элеуметтік жағдайы төмен. Оған қолдау керек. Ол бір ауыз «Жойылсын Колбин» деген сөзі үшін сотталды. Ал ол кезде мұндай сөзді айтуға үлкен батырлық пен қайсарлық керек болатын. Біз егемендігімізді алып, тәуелсіз ел атанғанда қатты қуандық. Бірақ желтоқсан оқиғасы арқылы көптеген қазаққа рух берген жастардың қазіргі халі ешкімді ойландырмайды. 12 томдық кітабымызды да әлі шығара алмай жатырмыз» [4].

Өңірлік газеттердегі желтоқсан оқиғасына байланысты материалдарда желтоқсаншылардың бүгінгі элеуметтік жағдайы жиі сөз болады.

Алты сағаттан кейін сүзектен тұрғандай болып, иіні салбырап ауысымды өткізетін қазақ жұмысшыларына көрсетілген тұрмыстық элеуметтік әділетсіздік (жолдамамен келгендер олардан гөрі тезірек жайлы пәтер алатын) желтоқсан оқиғасымен қатар өрілген мақалада: «Мемлекет басшысы ұлы халықтың бір өкілі болды дегенді естіген ең төменгі «қызметтегі» аула сыпырушылар алақайлап, еден жуушылар ежірейіп, күзетшілер күжірейіп шыға келді» [5], – дей келіп автор зауыттағы желтоқсан көтерілісі күндеріндегі жағдайды баяндайды. Жұмыстан жүйкесі жұқарып, шаршап шыққан жұмысшыларды әскерилер цехтың жиналыс өтетін залына тоғытады. Жиналғандар алдында суырылып шығып сөйлеушілер де, болған оқиғаны баяндаушылар да болған жоқ. Тізбектете тұрғызып қойып аты-жөндерін, мекенжайларын қағазға қаттап, «ешқайда бармаймын» деп қол қойғызып алады. «Егер кімде-кім

осы айтылғандарды орындамаса, өз обалы өзіне, біріншіден, жұмыстан шығарылады, екіншіден, жатақханадан қуылады, үшіншіден, пәтер алу кезегінен сызылады. Ең соңында жеке басы саудаға түседі». Дүмпу мен дүрбелеңге толы үрейлі үш күн мен үш түнде зауыт басшылары мен тәртіп сақшылары күзетте тұрып, химияшылардың тырп етуге мұршасын келтірмейді. Тағы бір материалда: «Бірде ОК лекторлар тобының жетекшісі Ауман келіп баяндама жасады. Әрине, әр сөзі қазақты қаралау. Қарсы дау айтатын адамның жоғынан өз пікірінің құлына айналған ол «мен желтоқсан оқиғасына қатысқан қазақтармен сөйлестім. Қызығын қараңыз, солардың бәрі бір ауыз орысша білмейді екен» деп қойып қалды. Оның айтуынша, ұлтшылдық пиғыл орысша сөйлей алмайтын қазақтардан шығады екен. Осы кезде облыстан барған Шәймерден Дәуренов былай деп сұрақ қойған еді: «Сонда орысша судай сөйлеген, тіпті сол ұлттан әйел алған біздің қазақ азаматтары 1937 жылы неге атылды? Сіз айтыңызшы, Тұрардың, Сәкеннің, тағы басқалардың кінәсі не еді сонда?». Ауман мүдірген жоқ. «Біздің сот бекер жазаламайды. Жаңа гуманды мемлекеттің құрылымындағы кедергіге олардың бәрінің де кінәсі болған», – деді» [6].

Жалпы, газет бетінен сөз алған желтоқсанға қатысушылар оқиғаның қалай болғанын баяндап береді, өзінің алаңға қалай барып, көтеріліске қатысқанын, қазақтың ұл-қыздарының бойындағы еліне, жеріне деген патриоттық сезімі мен намысын сөз етіп, көтерілістен кейінгі жазықсыз жазаланғаны туралы деректер келтіреді.

«Егер 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғасын бастан-аяқ көзбен көрмеген болсам, бұл жолдарды жазар ма едім, жазбас па едім. Бірақ, менің шыққыр көзім сол сұмдықтың тірі куәгері болып, қыршын жастардың құлындай шыңғырған дауысын естіді» (ТТ. 1991. 19 қаңтар), – деп жазды журналист С. Шайманов.

«Қаламгердің қаһарман қызы», «Намыс оты» тақырыбымен берілген материалдар – ақын, журналист, Аманкелді аудандық газеттің редакторы болған Е. Әбдіхалыққожаның қызы Салтанаттың желтоқсандағы ерлікке толы қимылдары мен әділетсіздікке ұшырап, комсомол қатарынан, оқудан шығарылуы туралы (ТТ. 2006. 15 желтоқсан). Қызының басына түскен іске шыдамай, шешесі қайтыс болады. Мақалаларда алаңдағы қазақ жастарының бауырмалдығы, рухани бірлігі, жастардың



бойындағы отансүйгіштігі, патриоттық рух ашылған.

Қорыта келе, демократияның алғашқы ұшқындары ақпараттық кеңістікке дендеп ене бастаған кезде облыстық газеттер ұшқары сөздер мен жеңілтектіктен бойын аулақ ұстап, байсалды, салмақты ұстанымда болды. Мемлекет саясатын дәйекті құптай отырып, алға қадам басуға кедергі жасап отырған кемшіліктер туралы ұтымды жазды. Тиым салынған тақырыптарды көтерді. Жаңа бағытты, соны мазмұнды, тың тақырыпты өңірлік газеттер дамудың тағы бір белесіне аяқ артты. Бұл кезеңдегі өңірлік газеттерге тән ерекшеліктер:

1. Айтылмаған ақиқаттар, ұлттық мүддені көздейтін материалдар жариялап, көкейкесті мәселелерді көтеруге тырысты.

2. Облыс, республиканың тыныс-тіршілігінен мол ақпарат берді.

3. Оқырмандармен хат арқылы тығыз байланыс орнатты.

Аталған жетістіктерімен қатар, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы өңірлік газеттердің кемшіліктері де бар:

1. Кейбір материалдардың өткірлігі кем, көпсөзділік басым.

2. Ұсақ тақырыптарды көтереді.

2. Әлеуметтік-экономикалық мәселелерге терең талдау жасалмайды.

3. Басшыларды орынды-орынсыз дәріптеу орын алған.

4. Газет беттерінде журналистік зерттеу материалдары аз.

1. Жақып Б.Ө. Публицистикалық шығармашылық негіздері. Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 432 б.

2. 93 Әбілдаұлы Б. Айыбы – әділдікті жақтағаны. Асанбай Асқаров туралы бір үзік сыр // Ақ жол. – 2007, қаңтар – 13.

3. Ахмедиярұлы Қ. Жүрегімде мұңы бар желтоқсанның // Жаңалық жаршысы. – 2007, желтоқсан – 13.

4. Назарбекова Н. Желтоқсаншы неге үйсіз жүр? // Оңтүстік Қазақстан. – 2006, қыркүйек – 12.

5. Байшуақұлы С. Үрейлі үш күн мен үш түн немесе одан кейін 134 сөтке өткенде... // Жамбыл-Тараз. – 2006, қараша – 15.

6. Әлиев Е. Ауман «Бәрінің де кінәсі бар» деген еді // Жамбыл-Тараз. – 2006, қараша – 15.

«АЙҚАП» ЖӘНЕ МҰХАМЕТЖАН СЕРАЛИН



Алмагүл Құрманбаева,
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
журналистика факультетінің
доценті*

Қазақ баспасөзінің қарлығаштары дегенде, ең алдымен, ойға оралатыны – «Айқап», «Қазақ», «Қазақстан», «Серке» газет-журналдары мен оған өмірін арнаған Алаш зиялылары. Бұл ретте жарық көргеніне ғасыр толып отырған Қазақ руханиятының алтын дәуірін тудырған, ел мен жердің тұтастығын ту етіп, қазақ халқының көзін ашып дем берген «Айқап» журналын ерекше атап өту ләзім. «Айқап» – Қазақстандағы тұңғыш қоғамдық-саяси, әдеби-көркем журнал. Ақын, публицист, қоғам қайраткері М.Сералин 1911 жылы 10 қаңтарда Троицк қаласында «Айқап» атты журналды алғаш шығаруды қолға алады. «Айқаптың» жарық көруі саяси-идеялық бағдары XX ғасыр басындағы қайшылықты қым-қуат кезеңмен тұспа-тұс келді. Отарлық езгінің емеуріннен тасыр шағында дүниеген келген «Айқап» қазақ интеллигенциясының демократиялық қозғалыс идеясын ту етіп, өз халқын қараңғылықтан шығаруды мақсат ете білген бірден-бір басылым болды. Қаламгер қайраткер Мұхаметжан Сералин Орыс революциясынан туған демократиялық толқынның жаңа буынынан шыққан көзі ашық, көкірегі ояу тұлға еді. 1905 жылдан газет шығаруды мақсат еткен демократ 1911 жылға дейін түрлі кедергілерді бастан кешсе де өзінің

Автор статьи подчеркивает историческую, социальную и политическую значимость публикаций журнала «Айқап» в начале XX века. А также рассматривает деятельность М.Сералина как редактора первого общественно - политического, литературно-художественного журнала в Казахстане.

The author of article underlines the historical, social and political importance of the publication of magazine «Айқап» in the XX-th century beginning. And also M.Seralina's activity, as editor of the first socially - political, literary and art magazine in Kazakhstan is considered.

ұлттық идеяларын «бір қазанға қайнатып» елдік мүддені уысынан шығармады.

«Журналға «Айқап» деген есім бердік. Біздің қазақтың «Әй, қап!» демейтін қай ісі бар?!» деп журналдың шымылдығын ашқан ұлы қайраткер М.Сералин империяның отаршыл саясатын ашық бейнелеп, халықты қараңғылықтан шығаруды көздеп осы бағыттағы ұлы қадамын қадап айтқан еді.

Сералин журналдың 12-санында басылымның жұрттың біразын оқуға бейімдеп, сауатын ашуға сеп болғанын айтып, журналдың шығуына жәрдемдескен бір топ азаматтарға, яғни, Со-сновский, Тәңірберген Тұрысбеков, Сәдуақас Шорманов, Ғабдулрахман Жүсіптерге және оқырмандарына алғысын айтады [1].

4 жыл ішінде Троицк шаһарындағы «Энергия» баспаханасында қазақ тілінде араб әріпімен теріліп, алғашында айына бір рет, кейін екі рет шығып тұрды. Қоғамның түрлі салаларын қамтыған мақалалар шоғыры, қазақтың қоғамдық ой-санасына серпіліс әкелді. Онда жер мәселесі, саясат, әлеуметтік мәселелер, өнер руханият т.б. тақырыптар кеңінен көрініс тапты.

«Қазақ даласына кеңінен тараған басылым саны жайында Ғабдолғазиз Мұсағалиев бұл басылымды 1000 оқушы алып тұратындығын жазды. Мұның өзі журналдың таралымы бір ізге түсіп, өрісін ұлғайтып, қанатын кеңге жая бастағанын көрсетумен бірге төңкеріске дейінгі қазақ халқының сауаттылық деңгейінен де хабардар етеді» - дейді зерттеуші Нұрлан Асқаров [2,14].

«Айқап» өз кезеңіндегі үздік журнал болды. Оның әр санын қазақ халқы асыға күтті. Оған Қазақстанның барлық облысынан және Астрахань губерниясына қосылған Бөкей Ордалары мен Кавказ округына қарайтын Маңғыстау, Атырау, Оралдан үзбей хаттар келіп тұрды. Әсіресе, Ақтөбеден, Қостанайдан, Қызылжардан, Торғайдан, Көкшетаудан, Қарқаралыдан, Семейден, Аягөзден, Қапалдан, Шиеліден, Қызылордадан, Жамбылдан, Шымкенттен, Зайсаннан мақала жиі жарияланды.

Журнал жекелеген азаматтардың демеушілігі мен оқушылардың жазылым ақысына сүйенген. Журнал орташа форматты, 24 бетті болып жарық көрген. Тұрақты айдарлардың ішінде «Өлең-жыр», «Фельетон», «Басқарушыдан», «Одан-бұдан», «Хабаршыларымыздан», «Мұсылмандар тіршілігіне тиісті мәселелер» үзбей жазылып, тарихи-қоғамдық өзгерістерге байланысты «Соғыс жайы», «Оқиғалар» деген айдарлар да қосылып отырған. Сонымен бірге, журналдың бағыт-бағдары, көтеретін негізгі мәселелері редактор тарапынан бас мақалада айтылып, онда көбінесе саяси-әлеуметтік тақырыптар сөз етілген [3,15].

«Айқап» журналының оқырмандарына арнап үзбей шығармаларын арнап, қоғамдық өмірге бей-жай қарай алмаған, өз пікірін оқырманмен

бөлісуге асыққан ұлы тұлғаларымыз Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Жұмағали Тілеулин, Қошқе Кемеңгеров және т.б. зиялы азаматтар сүбелі үлес қосты. Бұл алыптардың ұлттық мүдде жолындағы бір алаңда тоқайласуы болашақ Алашорда үкіметінің құрылымдық бағытын айқындаудың сара жолы осы «Айқап» журналы және «Қазақ» газеттері арқылы көрініс тапты.

Бес жыл бойы жарық көрген басылым мазмұнында рухани әлемімізде тың серпіліс туғызған Алаш ардақтыларының тың идеялары жатқан еді. Ол идеялар осы журнал арқылы біршама айқындалып, бірталай қаламгерлердің тәжірибе алаңына айналды.

Журнал санында орын алған Шығыс әдебиеттері мен қазақ ағартушыларының, тарихшы-ғалымдарының көлемді мақалалары да басылып отырды. Мысалы, Фирдоусидің «Шахнама-сы», С.Ғаббасовтың «Тарих қазақ жайынан» атты ғылыми мақалалары журнал оқырмандарын тарта білді. Оқырман үдесінен шығу қаншалықты қиын болса, оның жүктелер жауапкершілігі одан да тым батпан. М.Сералин қандай қиындық болса да журналдың тоқтаусыз жарық көруіне аянбай тер төкті. Жан-жақтан шәкірттерін жіберіп, оқырман жинау, демократтармен байланысты үзбей, олардың ой-пікірлерін журнал бетіне басу – рухани өркендеуге айрықша ыждаһат танытып, ұлы мақсат көздеген шын жанашыр азаматтың ісі еді.

М.Сералин патшалы Ресейдің отарлау саясатының түпкі мақсатын дөп басып тани біліп, оны халыққа дұрыс түсіндіруде білгірлік танытты. «Отырықшы болған қазақтар туралы» деген мақаласында жаңа болыстық соттардың қазақы дау-жанжалды шешуге икемсіз болып отырғанын мысалдармен дәлелдеп, «болыстық сот құны 300 сомнан артық мал дауын тексере алмайды. Қазақ арасындағы жесір дауының құны көбіне 300 сомнан асып кететіндіктен дау-дамай қалай шешілді» - деп орыстың заң жүйесінің қазақ ісін шешуге сәйкес келмейтін дәрменсіздігін ашып көрсетіп, ол үшін «Қазақ әрекеттері» деген кітап шығару қажет дегенді айтады [4,32].

Отаршылықты айқын сынаған редактор М.Сералин «Соңғы он жыл ішінде үкімет қырғыз-қазақтарды отырықшы қылып өнер үйретейін, өнеге алғызайын, көшіп азап шеккенше, отырықшы болып 12-15 десятина жер алып отырсын деген жоқ, жер ала алмағандардың жерін айламен кесіп алмақ» [5] – деп отарлаудың түп мақсатын ашып жазады. Және аңқау елге арамза болғандарды әшкерелеп жұртына жол сілтейді. «Егінге жайлы жерді алып қаламын дегендер қала салу керек. Жақсы жерге жиылып қала салсақ «сен неге салып жатырсың» дейтұғын ешкім жоқ. Қазақ қалаған жеріне қала болып отырса, мешіт, медіресе салса, қаланың маңайындағы егіндік жерлерді өлшетіп

планға түсірсе, өлшеген жер артылмастай көп болып жиылып отырса, қаланды бұзып мешіттіңді қиратып, жерінді ала қоймас, аламын десе, сонда ізден», – дейді.

Басылым бетіндегі жарияланған жер мәселесіне қатысты материалдардың біршамасы Мұсағалиевтің еншісінде. Білікті ғалым аймақтардағы шаруаларға берілген жер көлемін есептеп, артық-кемін шығарып отырған. «Жарлы болдық дейміз. Енді біз жарлы болмай кім жарлы болсын. Біз бұлай отыра берсек, мұнан да жарлы болармыз» [6] – деп халықтың намысын жаниды.

1912 жылғы Айқаптың алғашқы санында Сералин болашақта оқу-ағарту саласына айрықша көңіл бөлетінін айтады. Әр өңірлердегі оқыту жүйелеріне тоқталып, білім беру деңгейлерін анықтап отырған. Өлкедегі мәдени-ағарту туралы мәліметтер сол тұстағы мерзімді баспасөз беттерінде көптеп жарияланды. «Айқап» журналы мәдениет пен ағарту мәселесіне байланысты 88 санының 66-сында 163 мақала жарияланған [7,42]. Бұл басылымның қаншалықты ағарту мәселесіне мән бергендігін аңғартса керек.

Басылым қазақ жастары арасында оқудың қажеттілігін насихаттаумен бірге баланы қай тілде оқыту қажеттігіне де үнемі назар аударып отырды. Ресей империясының қазақ балаларын сауаттандырамыз деген желеумен бірге-бірте орыстандыруды көздеген құйтырқы саясатын айтып, одан сақтандырды.

«Айқап» бес жыл бойы халықтың көзі хәм құлағы болды. Алайда бірінші дүниежүзілік соғыс салдарынан туған қымбатшылық, әлеуметтік, қаржылық дағдарыс журналдың ұзақ өмір сүруіне тосқауыл болды.

Аумалы-төкпелі кезеңде саяси-әлеуметтік маңызды мәселелерге терең бара білген, жер мәселесі, жесір дауын әділ шешуде дұрыс бағыт-бағдар көрсете алған Айқаптың жалпы отырықшылықты қазақтың ел болуының өркениеттің тірегі ретінде тани білуін сол замандағы қазақ баспасөзінің шын мәніндегі прогрестік табысы деп бағалауға болады.

Жер мәселесімен қатар онда дін, мектеп, медресе ашу, халық сотын өзгерту туралы

ұсынысқа толы мақалалар да шығып жатты. Қазақ зиялыларының кей мәселелерде көп жағдайда пікірі бір жерден шыға қоймаса да түпкі мақсат – «қазақ елінің көсегесін қайтсек көгертеміз» деген ұлы ұранның төңірегінде әрекет етті.

Осы орайда қазақ зиялыларының «ауыз бірліктері күшті болып, қоғамның жоқ-жігін, кем-кетігін бірлесе, қосыла іздесе олардың тарихтағы істері бұдан да қомақты зор болатын еді. Әр қилы әлеуметтік мәселеде, әсіресе отырықшылыққа көшу, съезд шақырып, бас қосу, ел ісіне араласу, ұлт-азаттық күресіне бағыт сілтеу жайындағы сүбелі мәселелерде әрқилы пікірде болмай, ауызбірлік танытқан шақта қазақ қауымының жалпы ұжымы бір бағыттан табылып 1917 жылдың төңкерістерін өз басына ыңғайлай пайдаланар ма еді» [8,71].

Қалай дегенмен де, қазақ халқының мүддесін көздеген Алаш арыстары өзіндік болмыс бітімін сақтап, ұлты үшін руханият, ағарту ісіне төккен еңбегі орасан зор. Ұлттық бірлікті нығайту, мәдениетті дамыту идеяларын алға тартқан зерделі оқығандар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына ала білді. Олардың идеялары тарихи дамудың сан-мындық кезеңдерінде қазақ алдынан шыға берер күрмеулі проблемаларды шешуге негізделгендей.

Тарих толқынында толымды табыстарға қол жеткізген, мәңгі ұрпақтар игілігіне жарар рухани азығымыз – «Айқап» журналы биыл 100 ге толып отыр. Тура бір ғасыр. Елдігімізді асқақтатар шақ. Осы орайда Серікқали Байменше мақаласында [9] қазақтың тұңғыш журналына арнап Троицк қаласындағы (Троицк – қазіргі Ресейдің Челябині облысындағы қала) «Энергия» баспаханасының ғимаратына ескерткіш тақта қоюды ұсынса, деректанушы Қамбар Атабаев Ұлттық баспасөз күнін ұлттық баспасөз тарихынан шыға отырып тойлау қажеттігін айтады және мерзімді басылымдарымыздың 100 жылдық мерейтойларын ұлттық деңгейде атап өтуді ұсынады [10]. Шынында да бұл ұсыныстар тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерекесіне орай өткізілген сәтті іс болар еді. Олай болса Айқаптың жүз жылдық мерейтойының «әй, қаптың» айтылмасындай өз деңгейінде өтуіне сеніммен қарайық.

1. «Айқап». – 1911. – №12

2. Асқаров Нұрлан. «Айқап» журналындағы саяси-әлеуметтік, әдеби-мәдени мәселелерінің көрінісі. – Алматы. – 1999ж.

3. Сонда

4. Сонда

5. «Айқап». – 1911. – №11

6. «Айқап». – 1911. – №4

7. Асқаров Нұрлан. «Айқап» журналындағы саяси-әлеуметтік, әдеби-мәдени мәселелерінің көрінісі. – Алматы. – 1999ж.

8. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, – 1994. – 448б.

9. <http://www.egemen.kz/300538.html>

10. http://www.aikyn.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=5129&Itemid=





ПОЛИГРАФИЯЛЫҚ БАСУ МАШИНАЛАРЫ

Бәтіш Омарова,

*Баспа ісі және дизайн
кафедрасының аға оқытушысы*

В статье дается краткая информация о печатных машинах и традиционных способах печати, применяемых на полиграфических предприятиях.

In article brief information on printing machines and the traditional ways of the press applied at the polygraphic enterprises is given.

Полиграфиялық басу машиналары жайлы қысқаша мәліметтер Полиграфия саласында қолданылатын басу жабдықтарының түрлері өте көп. Баспа-полиграфиялық өнімдердің техникалық көрсеткіштеріне—қолдану саласына, таралымына, көлеміне, бояулығына, құрылымына, қағаз ерекшеліктеріне, таңдалған басу әдістерінің түрлеріне және тағы да басқа көптеген техникалық сипаттамалары мен көрсеткіштеріне қарай, оларды басып дайындайтын басу жабдықтарының түрлері де әртүрлі келеді.

Басу машиналары басу аппараттарының құрылымдық ерекшеліктеріне қарай: тигельдік, жазық және ротациялық болып үш типке бөлінеді.

Тигельдік машиналардың басу аппараты жазық жатқан екі құрылымнан тұрады. Оның бірі — жазық қалып орнатылатын талер. Екіншісі — қағаз немесе басылатын материал салынатын тигель құрылғысы. Тигельдік басу әдісі қалыбының өлшемі шағындау және үлкен қысымды талап ететін. Мұндай тигельді бір бояулы машиналар тек шығынқы басу әдісінде ғана — мұқабалар, қаптама мұқабалар, бланкалар, шақыру билеттері

сияқты шағын пішімді өнімдерді басу үшін қолданылатын. Тигельдік машиналардың өнімділігі төмен – сағатына 1,5-3 мың көшірімге дейін ғана болатын.

Жазық басу машиналары (плоскопечатная машина) құрылымы жағынан едәуір күрделібұл машиналарда жазық орналасқан қалып бекітетін құрылғы мен қағаз беру құрылғысы болады. Басу үдерісі кезінде қалып пен қағаздың түйісуі арқылы мәтін-бейне суреттерінің көшірмесі алынады. Басу машинасының жылдамдығы сағатына 2,5-3 мың көшірме алуға мүмкіндік берді. Мұндай басу машиналарында бекітілетін қалып көлемдері 40x60 см-ден 84x108 см дейін болады. Бұл машиналар да шығыңқы басу әдісінде қолданылады. Оларда көбінесе растрлы және көп бояулы жұмыстар басылатын. Ұзақ жылдар бойы полиграфия саласында қолданылып келген тигельдік және жазық басу машиналарының қолданыстан шығып қалуы қазіргі заманғы полиграфиялық техникалар мен технологиялардың үздіксіз жаңарып, дамуына байланысты.

Басу машиналарының ротациялық деп атау себебі, осы машинаның басу аппараттарының – біліктерінің бәрі айналмалы, әрі дөңгеленген цилиндрлі білік түрінде болатынынан (Ротация – айналымды). Басу аппаратындағы барлық біліктердің айналмалы қозғалуы басу машинасының жылдамдығын, яғни полиграфиялық өндірістің жұмыс өнімділігін арттыра түседі.

Ротациялық машиналардың басу аппараттарындағы айналмалы дөңгеленген білікке – формалық цилиндрге басу қалыбы бекітіледі. Араларынан өтетін қағаздың осы басу қалыбымен түйісіп, бояуды қабылдауын қамтамасыз ететін екінші басу цилиндрі де айналмалы дөңгеленген білік түрінде болады. Ротациялық басу машиналарының парақты (қажетті пішімге кесілген) және рулонды қағаздармен жұмыс істейтін екі түрі белгілі. Олар:

Рулонды қағаздардан басатын ротациялық басу машиналары.

Бұл машиналарда рулоннан айналдырыла шығып жатқан қағаздың екі жағынан бірдей мәтін-бейне материалдары басылып шығады. Осындай мүмкіншіліктері болғандықтан, мұндай машиналарға бүктеу-кесу құрылымды агрегаттарын орнатуға болады. Бұл агрегаттар басу аппаратында басылып, жылдамдықпен келе жатқан қағаз рулонын екіге бүктейді де, ортасынан бөліп (қағаз табағының 1/2), бүктемелеу аппараты арқылы өнім түріне немесе тапсырыс талабына қарай кітап немесе газет өнімінің 4, 8, 16 не-

месе 32 беттік дәптерлерін бүктеп шығарады. Рулондық ротациялық басу машиналарының дайын өнімді немесе өнім шикізатын қабылдап алатын құрылғысында бүктелген өнімнің престеліп шығуын қамтамасыз ететін пресс құрылғылары қоса орнатылады.

Қазіргі рулонды ротациялық басу машиналарының жылдамдықтары барған сайын өсе түсуде. Бұл басу үдерісі кезіндегі қағаз бен бояудың өзара түйісу сапасының арта түсуін талап етеді.

Қазіргі кезде әр түрлі басу әдістерімен басатын ротациялық машиналар ірі және орташа полиграфиялық кәсіпорындарының негізгі жабдықтары болып табылады. Ротациялық басу машиналары секциялы құрылымды болады. Бұл көп бояулы өнімдерді басу кезінде, сапаны және өнімділікті арттыруда өте қажет.

Парақты басу машиналарының өнімділігі. Парақты басу машиналарының өнімділігі сағатына 6-21 мың оттискі, ал рулонды ротациялық басу машиналарының жылдамдығы, сағатына — 20-100 мың оттискіден асып кетеді.

Парақты басу машиналарының рулонды басу машиналардан айырмашылығына, аты айтып тұрғандай, мұндағы қағаз беру құрылғысының тек рулондардан таратылып кесілген немесе арнайы даярланған белгілі бір пішімдегі қағаздармен жұмыс істейтіндігі жатады.

Ондаған жылдар бойы барынша кеңінен қолданылып келе жатқан офсеттік басу әдісімен басатын парақты басу машиналарының секцияларға, пішімдерге, құрылымдық ерекшеліктеріне, жылдамдығына, қағаз беру ерекшеліктеріне қарай бөлінетін көптеген түрлері бар. Сондықтан осы машиналарға арналған қажетті материалдардың да жүздеген түрлері бар.

Басу машиналарының секциялық құрылымына, пішіміне, қағазды екі жағынан баса алатын мүмкіншіліктеріне қарай басылып шығатын өнімнің көлемдік көрсеткіштері әртүрлі болады.

Соңғы жылдарда полиграфия өндірісінің жұмыс өнімділігін арттырудың, басу жабдықтарын одан әрі дамытудың басты бағыты — басу үдерісінен кейін бірден кітапшалау және түптеу жұмыстарының орындалуын қамтамасыз ететін агрегаттармен біріктіру мүмкіншіліктерін қолдану болып отыр.

Бұл агрегаттарда пластикалық басу қалыптары лента-қалып сақтағыштарға бекітіледі де, қағазда басу үдерісі орындала береді. Басылып шыққан шикізаттар бүктемеленіп, дайын дәптерлерге айналады. Дайын дәптерлер әрі қарай кітап бумасы-

на біріктіріліп, желімденіп бекітілуі үшін автоматты түрде суырып алынады. Одан әрі бумаларды мұқабалармен қаптау жұмысы жүргізіледі. Егер жүйеге кітап бумаларын өңдеуге және оларды мұқабаға бекітуге арналған автоматтандырылған кітапшалау-түптеу ағынды желісі біріктірілсе, онда бірден, түптелген дайын кітаптарды алуға болады.

Басудың белгілі бір түріне арналған машиналар, тіпті олар бір типті болса да (мысалға парақты ротациялық машиналар) бір-бірінен айтарлықтай айырмашылықтары болады.

Мәселен, кез келген офсеттік басу машинасының құрылымында, әр жұмыс циклі басталарда ашық жол элементтеріне бояу жағылмас үшін, алдымен қалыптың ылғалды болуын қамтамасыз ететін ылғалдау аппараты біріктірілген.

Ылғалдау аппараты – офсеттік басу қалыбындағы ашық жол элементтеріне, бояудың жағылмауын қамтамасыз ету үшін қолданылатын (яғни, бояудың жағылуынан сақтау үшін) офсеттік басу машинасының арнайы құрылғысы. Офсеттік басу машинасының ылғалдау құрылғысы аппаратындағы резервуарға арнайы ылғалдау ерітіндісі құйылып, жаймалау біліктері арқылы офсеттік басу қалыбына жағылады. Офсеттік басу әдісінің қалыптарындағы ашық жол элементтерінің гидрофильдік қабілеті бар. Ол басу қалыбының суды немесе ылғалдау ерітіндісін қабылдап, майлы бояуды қабылдамау қабілеті (майлы бояу жағылмайды). Офсеттік басу қалыптары осы негізде жасалған. Сондықтан офсеттік басу қалыптарында гидрофильді және гидрофобты қабілеттер бар. Гидрофильділік - жазық басу әдістерінде (офсеттік басу әдісі, литография) беріктігі жоғары ашық жол элементтерін қалыптастырады, ал гидрофобтық қабілет қалыптағы басу элементтерінің беріктігін арттырады. Яғни, гидрофобтық қабілет қалыптағы басу элементтерінің майлы бояуды қабылдап, суды немесе ылғалдау ерітіндісін қабылдамай, итеру қабілеті. Сондықтан жазық басу әдісінің қалыптарындағы басу элементтері майлы бояуды қабылдап алады да, ылғалды қабылдамайды. Қазіргі офсеттік басу қалыптары осындай ерекшеліктерге ие болғандықтан ашық жол және басу элементтері бір жазықта орналасады. Жазық басу әдісі деп аталатыны да басу қалыптарының осындай ерекшеліктерінен шыққан.

Енді ойыңқы басу әдісімен басатын машиналарды алсақ, олардың да өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, бұл машиналар, біріншіден, арнайы резервуардағы сұйық бояуға малынып шығатын

басу қалыбындағы ашық жол элементтерінде жағылған артық бояуды сыдырып тастап, таза-лап тұратын жұқа металл пышақ – ракельмен жабдықталады. Ойыңқы басу әдісімен басатын машиналар міндетті түрде кептіру құрылғыларымен жабдықталады. Кейбір машиналарда арнайы ұнтақ себелегіш құрылғылар да болады. Олар жаңа басылып жатқан оттискі беттеріндегі кеппеген бояу қабаттарының – келесі оттискінің қарсы жағына жабысудан сақтайтын арнайы ұнтақ заттар сеуіп тұрады

Дәстүрлі шығыңқы басу әдісімен басатын жазық басу машиналарын мысалға ала отырып, басу жабдықтарын басу үдерісіне дайындау жұмыстарының қалай орындалғанын қарастырып көрейік. Басу машинасындағы өзі салғышты (самонаклад) дайындау – қағазды дайындау – қағаз жүргізіп тұратын жүйені дайындау – бояу аппаратын дайындау – бояуларды дайындау – қалыпты орнату – басылым қалыбын дайындау – бояудың берілуін ретке келтіру – қысымын реттеу (приправка) – сәйкестендіру (приводка) -түзету-бекіту – сынама көшірме алу –басуға бекітілетін оттискі алу – себелегіш құрылғыны дайындау – таралымды басу.


Басу үдерісінде машинада орындалатын - сәйкестру (приводка) операциясының маңызы өте зор. Ол басылымның оң жағы мен кері жағындағы мәтін және бейне материалдарының және ондағы әртүрлі бояуларды сәйкестендіру мақсатында, олардың оң жағы мен кері жағының бір-біріне дәл келуін қадағалап, орын-орнына дәлдікпен орналастыру операциясы. Мысалы тек мәтіндік ақпараттардан тұратын өнім басылғанда мәтін жолдарының қағаздың екі жағында бір-бірімен дәл келуін қамтамасыз ету. Тәжірибеде бұл машинадағы қалыпты да, қағазды да (белгілі шамада) жылжыту арқылы да жасалады.

Басу қысымын реттеу (приправка) операциясы негізінен дәстүрлі шығыңқы басу әдісіне тән – мұнда басу қалыптары мен басу машиналарының ерекшеліктеріне сәйкес басу қысымын реттеу операциялары орындалады. Басу қалыбына қысымның біркелкі берілмеуі, басу элементтері биіктіктерінің әр түрлілігі салдарынан да, басу машинасындағы басу құрылымының кемістігі – металды өңдеу кезінде пайда болған, басылатын беттің тегіс еместігінен, не басу цилиндрінің майысуы – салдарынан болуы мүмкін. Қалай болғанда да қалыптың басу қысымы жеткіліксіз болып тұрған тұсына қосымша қағаздар желімденіп, ал басу қысымы артық тұстағы қағаздар ойылып кесіп тастау арқылы берілетін қысымды біркелкілендіреді. Қысымды біркелкілендіруді іске асыруда ар-

найы жасалатын серпінді майысқақ қабаттардан тұратын декель материалы басты рөл атқарады. Декель шығыңқы басу машинасының құрылымы мен жылдамдығына байланысты күрделі құрамды болады. Тигельді және жазықтық басу машиналарында, сондай-ақ табақтық ротациялардың біразында декель әртүрлі қағаз түрлерінің бірнеше қабатынан жасалатын. Бірақ бұл операция ұзақ жылдар бойы металды басу қалыптарымен жұмыс істейтін шығыңқы басу әдісінде қолданылып келген, қазір қолданылмайды. Басу қалыбына түсетін қысымды реттеу басу элементтері мен ашық жол элементтері бір жазықта орналасқан офсеттік басу

әдісінде қолданылады. Мұнда, қысымды реттеу – арнайы декельдің қызметін атқаратын және басу қалыбындағы бояуды өзіне қабылдап алып, сонан соң барып, оны қағазға беретін арнайы майысқақ әрі серпінді резинаматалы материал атқарады (кейде резинаматалы пластина деп аталады).

Басу машиналарындағы негізгі құрылғылардың біріне бояуды басу қалыбына жағуға дайындайтын, диаметрлері әртүрлі резиналық біліктер мен металды цилиндрлерден тұратын - бояу аппараты жатады. Әртүрлі басу әдістеріндегі бояу аппараттарының құрылымдары әртүрлі болады.



Елена Дудинова,

*к.ф.н. доцент кафедры
ЮНЕСКО, международной
журналистики и связи
с общественностью*

Лариса Мухамадиева,

*ст. преподаватель кафедры
издательского дела и дизайна*

СТИЛИСТИКА ЗАРУБЕЖНОЙ АНАЛИТИКИ О КАЗАХСТАНЕ: БИНАРНОСТЬ РЕДАКТИРОВАНИЯ

Мақала стилистиканы талдауға және шетелдік БАҚ материалдарының аналитикалық редакциялауына арналған. Авторлар журналистік мәтіндердің стилистикалық, спецификалық ерекшеліктерін зерттейді.

The article analyzes the style of editing and analyzes international media. The authors explore the stylistic peculiarities and specificity of delivery of journalistic texts.

Состояние языковой стилистики и литературной нормы в социальной структуре как отечественного так и зарубежного общества за последние десятилетия резко изменилось. Существенные изменения происходят и в деятельности электронных и печатных средств массовой информации, вектор динамики их развития значительно технологизирован. Информационный продукт, выпускаемый в эфир и в тираж, приобрел новые свойства и качества. Специфика подачи информации, комментирования фактов, использования стилистических приемов, редакторских предпочтений проявляется в аналитических материалах о Казахстане в СМИ зарубежья.

Западная журналистика традиционно позиционируется как более прогрессивная, фактологически насыщенная и объективная. Интересно, в этой связи, историческое разделение европейской и американской журналистики на континентальную и островную. Первая, «преимущественно романо-германская, комментаторская, аналитическая, противостоит «островной» – англо-американской, формирующей, поставляющей факты» /1/.

Считается, что американская и британская модель демонстрируют высокую информативность, не отрицая анонимности авторов. Континентальная же



настаивает на авторстве текстов, выраженной позиции и мнении пишущего. Исследователи считают, что «в Германии, Франции или России работники прессы были озабочены прежде всего эффективностью журналистского воздействия на аудиторию, что в свою очередь требовало серьезной разработки теории жанров, двигало вперед методические приемы диалога и полемики. В США и Великобритании главным стала оперативность, умение «добыть факты». А это привело к написанию информационных материалов по принципу «перевернутой пирамиды», во многих газетах – анонимности репортеров. В итоге для одних журналистика – это часть общелитературного процесса, где автор выступает в периодических изданиях и имеет дело не с художественным вымыслом, а реальными событиями и явлениями действительности. Для других журналистика – один из каналов коммуникации, используемый в целях распространения через СМИ важной для коммуникатора информации» /2/.

Такая бинарность подходов к журналистике не лишает её качеств целостного явления, как бы, разделяя мир на левое и правое полушарие. Право на существование имеет и то и другое.

На современном этапе в стройную теорию западной журналистики прагматически включена политика, следовательно, возрастают в разы и активно востребованы манипулятивные возможности СМИ. Индексы достоверности и ответственности снижаются. По мнению Ясена Засурского, президента факультета журналистики МГУ «падение доверия - это один из главных вызовов, с которым столкнулась мировая журналистика» /3/. Можно говорить о перенасыщении, «перегреве» рынка новостей, в котором информация выступает коммерческим продуктом, обслуживающим определенные интересы. Или просто дезориентирует аудиторию, создавая мощный поток необъяснимых явлений и новостей. Грамотный читатель не хочет интерпретации, надеясь из «чистого факта» найти, вычленив, зерно истины. Однако факт, поставляемый аффилированным журналистом, в ряду таких же, специально отобранных и организованных фактов, приводит к другой логике, нужной вещателю факта, но далекой от истины.

«В море новостей мы не найдем нить Ариадны, которая бы вывела нас на реальную дорогу событий. Реальные знания об экономике, политике и других секторах нашего общества, исчезают из поля зрения журналистов, вступивших в гонку за новостями.

Люди получают огромное количество фактов и новостей, но оказываются беспомощными перед лицом меняющегося мира. Эксперты говорят не о гибели газет, а о гибели главной функции прессы – разъяснении сути событий» /4/.

На этом фоне интересно знакомиться с тематикой и тональностью материалов зарубежных

журналистов о Казахстане. Геополитическое положение нашей страны, а также активный внешнеполитический курс выводят её на высокий уровень «цитируемости» в иностранных СМИ. В контенте наличествуют материалы обоих направлений: «журналистики факта» и «журналистики мнений». Однако с сожалением приходится признать, что американские, например, авторы, выбирают для освещения негативные факты жизни Казахстана, что уже само по себе демонстрирует позицию и отношение к факту.

Журналист Джоанна Лиллис так начинает свой материал о Казахстане 15 сентября 2011 года: «Политическая репутация президента Казахстана Нурсултана Назарбаева во многом зиждется на его заслугах в деле становления и упрочения стабильности в стране в царящей вокруг беспокойной обстановке...» /5/. В материале от 7 сентября тот же автор допускает фактическую неточность, называя Кызылординскую область западом страны /6/.

В материале «Поздравим невесту (если только жених – не китаец!)» /7/ есть строки: «Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев любит превозносить обстановку толерантности и межнациональной гармонии как одно из величайших достижений своей республики». Далее следует информация о том, что один из казахстанцев обратился в блог премьер-министра Карима Масимова, («к правой руке Назарбаева», - как пишет журналист), с предложением ввести санкции для граждан, совершающих «такой опрометчивый шаг, как вступление в брак с иностранцем». Далее следует комментарий в легком шутовском стиле: «Беспокоят не все граждане Казахстана, а главным образом «алматинские казашки», проделывающие этот фокус «из финансовых соображений». Что же до иностранцев, в массовом порядке устремившихся в Казахстан и владеющих казахстанскими женщинами в целях обретения столь желанного гражданства, то речь идет, оказывается, о Китае, коим неизменно страшат всех и вся» /там же/.

В обзоре А.Абировой «Все самое интересное о Казахстане в иностранной прессе» /8/ за десять дней одного года можно проследить, какие темы интересны западному читателю: нефть, контроль Москвы, новое присутствие Китая, терроризм и полномочия Президента.

Можно отметить, что взгляд западных журналистов на Казахстан, это чаще всего это критический подход к неоднозначным фактам развития нашей экономики и государственности. Журналисты не преминут напомнить миру о сроке пребывания Президента у власти, количестве нефти, коррупции, уровне свобод и реформирования пенитенциарной системы. Возникает чувство, что порой специально выискиваются негативные факты. Именно они, как кажется некоторым зарубежным аналитикам, от-



ражают состояние дел в республике. Под сомнение ставятся традиционные «козыри» Казахстана: межнациональная дружба, экономическая стабильность, демократические реформы, толерантность, неприятие терроризма и насилия. Все это, несомненно, влияет на имидж страны, уровень её привлекательности для инвесторов и мировой общественности.

Пытаться изменить взгляды зарубежных журналистов, манеру подачи информации, оградить Казахстан от подобных эскапад – все равно, что бороться с ветряными мельницами. И это понимают специалисты: языковеды, редакторы, корректоры, которые констатируют демократизацию нравов и соответственно языковых норм, желтизну бульварных таблоидов в мировом масштабе. Журналисты сверяют свои издания со вкусовыми пристрастиями читателей, слушателей, зрителей. Сами СМИ условно разделились на качественные и массовые. Читатели же в массе своей не читают книг, а в газете, журнале, информационных интернет-версиях желают видеть каждый свое, кто-то лаконичную информацию обо всем происходящем в мире, кто-то откровенные картинки и примитивный текст. Поэтому на протяжении более трех веков существования журналистики не умолкают споры о том, каким должен быть ее язык, стилистика, в чем должна заключаться редакторская правка.

Зарубежная журналистика сегодня представляет собой широкий спектр источников информации, нацеленных на широкого читателя. Среди зарубежных изданий, наряду с бульварными, которые издаются миллионными тиражами и отличаются вульгарностью, разжиганием низменных инстинктов, существуют так называемые серьезные издания для представителей правящих кругов, интеллигенции, чиновников и т.п., издаваемых меньшими тиражами. В соответствии с этим различается и уровень аналитики публикуемых материалов, степень вмешательства редактора в текст.

Современные зарубежные аналитические материалы представляет собой квинтэссенцию официально-делового, публицистического и разговорного стилей. Такая многоголосица обусловлена историческим процессом развития журналистики. Формируясь на заре XVII века, газеты изначально не ограничились функцией информационных вестников, помещая на своих страницах манифесты, очерковую прозу, сатирические произведения. Образцом яркой публицистики и поныне считают газету Жана Поля Марата «Парижский публицист» /9/, содержащую революционные призывы и аналитику.

Язык газеты не возник на пустом месте. Как публицистика вобрала в свой арсенал лучшие традиции литературного слова, ораторского мастерства, эмоциональность живой народной речи, богатство фольклора, силу политического манифеста, так и журналистика стремится организовать диалог с чи-

тателем интересно, живо, понятно, но качественно и грамотно.

Аналитические материалы зарубежной прессы о Казахстане основаны не только на знании жанровой специфики, методов индукции и дедукции, анализе и синтезе, но и на культе, приоритете фактов или мнений, геополитических, экономических, культурных интересов конкретных стран.

Надо отметить, что все жанры, представленные в конкретных формах медийных текстов, объединяет информационное начало, являющееся сущностной характеристикой журналистского творчества. Информация, выражающаяся в жанрах зарубежной журналистики, имеет разные интерпретированные значения. Это обуславливает выделение отличных друг от друга видовых групп аналитических медиатекстов. Например, в одной группе социальная информация констатируется, комментируется; во второй - посредством выявления характеристик респондентов комментируется, анализируется; в третьей - анализируется, обобщается; в четвертой - анализируется, типизируется, обобщается, облачается стилистическими резервами языка; в пятой - негативная информация облачается сатирическими оттенками.

Традиционно при подготовке, редакторском анализе, оценке аналитического материала обращают внимание на наличие достоверных фактов в их причинно-следственной взаимосвязи, обоснованного прогноза развития явлений, плана действий, связанного с отображаемым предметом. Сила аналитического материала - в обобщениях, опирающихся на развернутую аргументацию. Ведь такой текст излагает итоги исследования, проведенного журналистом-аналитиком.

Работая над статьей, злободневной проблемой, журналист выступает как ученый-теоретик. Он исследует процесс, явление, событие, выявляет причины ситуации, сложившейся в той или иной сфере, оценивает эту ситуацию, определяет тенденции развития. На практике авторы аналитических материалов нередко не дотягивают до этих требований. Зарубежная аналитическая статья отличается большей прагматичностью, политизированностью, меньшей эмоциональностью.

Таким образом, в аналитических материалах обязательны комментарии, сопоставление, взаимосвязь и взаимозависимость фактов, наличие логических выводов, теоретических обобщений, практических рекомендаций. Именно с точки зрения этих критериев должен оценивать редактор аналитические материалы.

Особого внимания редактора требуют аналитические материалы, комментирующие какие-либо события, явления общественной жизни. Комментарии нередко касаются официальных решений органов государственного управления и поэтому им может

отводиться важное место. Их построение имеет различные варианты. Во всех случаях общим является то, что основу составляет фактический материал, который комментируется автором, причем обычно с использованием данных общественного мнения. Авторскому комментарию может предшествовать постановка вопроса. Основанием для этого может послужить редакционная инициатива, письмо или устное обращение в редакцию читателей и т.п. Традиционно комментарий призван популяризировать факты, однако в материалах, которые своим содержанием связаны с официальными материалами, этого нет. Здесь главное - разъяснить ситуацию и показать, что выигрывает или теряет общество или отдельные группы людей в результате действий руководства страны. Не лишены критического содержания такие комментарии выполняющие роль средства обратной связи правящих органов с народом.

Очень популярен сегодня среди зарубежных журналистов-аналитиков обзор. Под этим «заголовком» часто публикуются статьи, рецензии. В специальные, и прежде всего научные, периодические издания обзоры пришли из информатики, где они рассматриваются как один из основных видов информационных документов. Высокий авторитет этого жанра определяется тем, что он в значительной мере обеспечивает информативность, емкость изложения.

В современных периодических изданиях этот жанр представлен обзорной статьей, которая представляет собой синтезированный текст, где дается сводная характеристика какого-либо вопроса или ряда вопросов, основанная на использовании информации, извлеченной из некоторого множества отобранной для этой цели первичных документов за определенное время. Как более сложная разновидность аналитического жанра обзорная статья представляет собой результат аналитико-синтетической переработки первичной информации.

В этой связи актуализируются новые подходы к классическому редактированию. В статье «Расизм в Литве провоцируют журналисты?» журналист пытается разобраться, почему столь много взаимных оскорблений происходит в Интернете?: «Из-за

анонимности комментаторы не стесняются в выражениях, а порой призывают к насилию или истреблению целых наций. Агрессивность обоюдная. Со страницы www.kurier.lt мы, например, регулярно удаляем оскорбительные комментарии в адрес литовцев. Аналогичная ситуация на таких популярных интернет-порталах как DELFI, где редакторы просто физически не в состоянии остановить весь поток грязи в отношении различных наций... В любом случае получается, что грызню, вначале во время дискуссий, а потом уже конкретные физические конфликты провоцируют непосредственно журналистские материалы. И, соответственно, чисто теоретически, именно журналист и СМИ, которые он представляет, разжигают рознь и должны нести ответственность» /10/.

Таким образом, работу модератора сайта можно назвать «новым редактированием». В режиме он-лайн редактор контролирует контент и стилистику комментариев. Бинарность редактирования проявляется в необходимости не только исправлять и корректировать текст, но и нести ответственность за содержание всего сайта.

Стилистика текстов зарубежных авторов о Казахстане отражает редакционные задачи: информировать, убедить, воздействовать, что увеличивает опасность манипуляции фактами. К сожалению, приходится согласиться с выражением, что в современных СМИ «содержание оказывается важнее журналистского мастерства. Газеты и телевидение нам сообщают информацию почти одновременно с тем, что происходит в мире, но не могут объяснить суть происходящих событий.

Поток информационных сообщений призван затемнить, скрыть то, что происходит в мире. Читатели утрачивают целостное восприятие мира, газета превращается в новое средство дезинформации.

Статья Алекса Джонса из *The New York Times*, написанная в защиту прессы, проиллюстрирована рыбой, в которую завернута газета. Автор выдвигает тезис не о гибели газет, а о гибели главной функции прессы – разъяснения сути событий. Гибнут не просто газеты, гибнет искусство понимания того, что происходит в мире» /4/.

1. Чигринская Л.Ф. Основы журналистики. Тамбов: Изд-во Тамб. гос. Тех. ун-та, 2001.
2. Михайлов С.А. Современная зарубежная журналистика: правила и парадоксы. СПб.: Изд-во Михайлова В.А. 2002 г.
3. Засурский Я. Взгляд на Восток. //Журналистика и медиарынок. № 2, 2010.
4. Засурский Я. Средства массовой дезинформации. <http://zassoursky.ru>
5. Джоанна Лиллис В Астане развернулась острая полемика о языке. www.eurasianet.org
6. Джоанна Лиллис Астана столкнулась с террористической угрозой. 7 сентября, 2011. www.eurasianet.org
7. Джоанна Лиллис Поздравим невесту (если только жених – не китаец)! 4 сентября 2011. www.eurasianet.org
8. Абилова А. Все самое интересное о Казахстане в иностранной прессе. <http://inosmi>
9. Ученова В.В. У истоков публицистики. М., 1987, С. 87.
10. Тарасенко Д. Расизм в Литве провоцируют журналисты? //«Литовский курьер». №19 (689) 2011.





Дәрмен СМАЙЫЛ,

*баспа ісі және дизайн
кафедрасының аға оқытушысы*

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Бүгінгі таңда Қазақстандағы медиа кеңістікке елдегі халықтың көпшілігін құрайтын қазақ жұртшылығы шешуші түрде әсер етіп отыр деу қиын. Біз заңдық тұрғыдан тәуелсіз мемлекет болып есептелсек те, ақпараттық тұрғыдан тап сондай егеменді ел ретінде қалыптасқан жоқпыз. Өйткені, біздегі билік пен бизнес тарапынан бірінші кезекте назар аударылатын БАҚ – орыс тілді БАҚ.

Демократиялық мемлекеттік құрылым қағидасы бойынша, елде ұйымдасқан негіздегі үш сектор болуы тиіс: біріншісі – билік, екіншісі – бизнес, үшіншісі – қоғамдық немесе үкіметтік емес ұйымдар не құрылымдар. Қазірде демократиялық қоғам және мемлекет құру жолына түстік деп жатырмыз. Яғни, бізде осы үш сектордың үшеуі де бар. Өкініштісі сол, оның шешуші маңызы бар алғашқы екеуі билік пен бизнес қазақ тіліндегі ақпаратты қажет етпейді. Билік өзіне қажетті бүкіл мәлімет пен құжаттарды алдымен орыс тілдік негізде алады және дайындайды. Қазақ тіліндегісі тек аударма ғана.

Көптеген елдер сақтанып жүрген “Тіл

агрессиясы” мен ”Мәдени агрессия” ұғымдары Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Қазақ тілін дамытуға соңғы кезде көңіл бөліне бастағанымен орыс тілінің өктемдігі күшінде тұр.

Демек, көп векторлы саясат жүргізіп, ұлттар мен ұлыстардың бірлігін сақтап отырған елімізде журналистер қоғамдағы өткір мәселелерге қалам сілтер алдында саясаттың ара салмағын саралап барып, мемлекет мүддесін ескеруі қажет-ақ /1/.

Бұл мәселе еліміздің ақпараттық қауіпсіздігін әшкерелейді. Өйткені, Қазақстанда ақпараттық қоғам қалыптастыруда тіл мәселесі әлі күнге дейін шетқақпай көріп келеді. Айталық шетелдің ақпараттық қоғамынан мысал келтіргенімізде онда тілге қатысты қандай да бір күрделілік жоқтың қасы. Ал қазақ ақпараттық қоғамындағы ең бірінші мәселе – осы тіл мәселесі екенін айта кетуіміз керек. Себебі, ақпараттық-инновациялық технологияларды жүзеге асыруда Қазақстанда мемлекеттік тілді техниканың тіліне айналдыру мәселесі әлі күнге дейін кемшін қалып отыр. Бұл мемлекет жүзеге асырып отырған «Электронды үкімет», «ҚазСат» секілді ірі ақпараттық коммуникациялық технологияларды дамыту жобаларында да, Интернет, мобилді салаларда да тыс қалып келе жатқан мәселе.

Ақпараттық қауіпсіздік – мемлекеттік қауіпсіздікпен пара-пар екенін ескерсек, еліміз осы мәселелерді алдыға шығарып, мемлекеттік тілді техника мен технологияның тіліне айналдыруды ойластыру қажет. Ақпараттық қоғамды қалыптастыруда қарапайым азаматтардың өздеріне қажетті ақпараттармен қамтамасыз етілуінде де қазақ тілінің мәселесі бірінші кезекте қарастырылғаны жөн. Бұл бір жағынан әлемдік «ақпарат майданында» өз қауіпсіздігімізді құнттау үшін де қажет.

Қазіргі шетелдердің ақпарат жүйесінде «Жұлдызды соғыс» деген терминнің пайда болуы тегін емес. Француз зерттеушісі Жозе Фрэнш «Шығыс пен Батыс арасындағы «жұлдызды соғыс» «образдар соғысына» айналды. Оның негізгі қаруы ядролық қарудан гөрі өзінің әсер етуі жағынан көп тиімді аудиокөрініс құралдары болды», деп жазады. Шын мәнінде осындай ақпаратты «соғыс» қазір де жүріп жатыр. Ол космостық телевизия байланыстары, спутниктік жүйелер көмегімен жүргізіліп, хабарлары радиотеледидар бағдарламалары арқылы таратылады /2/.

Ақпараттық қауіпсіздік – мемлекеттік ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ ақпарат саласында жеке адамның құқықтары мен қоғам мүдделері қорғалуының жай-күйі. Ақпаратты

қорғау – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені. Тәжірибе жүзінде ақпаратты қорғау деп деректерді енгізу, сақтау, өңдеу және тасымалдау үшін қолданылатын ақпарат пен қорлардың тұтастығын, қол жеткізулік оңтайлылығын және керек болса, жасырындылығын қолдауды түсінеді. Сонымен, ақпаратты қорғау – ақпараттың сыртқа кетуінің, оны ұрлаудың, жоғалтудың, рұқсатсыз жоюдың, өзгертудің, маңызына тимей түрлендірудің, рұқсатсыз көшірмесін жасаудың, бұғаттаудың алдын алу үшін жүргізілетін шаралар кешені. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету қойылатын шектеулерді қанағаттандыруға бағытталған ұйымдастырушылық, бағдарламалық және техникалық әдістер мен құралдардан тұрады.

Ақпараттық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру кешенді мәселе болып табылады. Оны шешу үшін заңнамалық, ұйымдастырушылық, бағдарламалық, техникалық шаралар қажет.

Соның ішінде, ақпараттық қауіпсіздікте ең алдымен мемлекеттік тіл мәселесін алға қоятын болсақ, бұл ақпараттық қана емес, мемлекеттік қауіпсіздік мәселесінде де көптеген күрделіліктердің шешілуін қамтамасыз етпек. Мұнда дербестік, егеменді психология, бәрі-бәрі жатыр.

Ұлттың басты белгісі – тіл. Алғашында адамдардың бір-бірімен қатынас құралы ретінде пайда болған тіл дами келе ұлттың аса маңызды көрсеткішіне айналды. Тіліне қарап, ол елдің қаншалықты дәрежеде екенін байқауға болады. Тілі еркін ел – тәуелсіз ел. Тіл шұбарлығы - әлі де бодандықтан шыға алмай жатқандықтың бір белгісі. Тіл – ұлт өмірінің аса маңызды бөлігі. Тіл дегеніміз – ұлт, ұлт дегеніміз – тіл. Тілсіз мылқау ұлт болмайды, тілі құрыса, артынан ұлты да жойылады. Өмір дегеніміз, күрес дейтін болсақ, тіл майданындағы қарусыз майданда қаншама тілдер жеңіліс тауып, онымен бірге ұлты да тарих сахнасын тастап шығып жатыр. Ұлттың болашағы оның тілінің тағдырына тікелей байланысты десек, әрбір ұлт алдымен тілін, сол тілдегі рухани құндылықтарын көзінің қарашығындай сақтай білу керек. Тіл тағдыры – ұлттың ұлт болып өмір сүруінің, ұлт болашағының мәселесі. Сондықтан да, ұлт зиялылары осы мәселеге назарды ұдайы аударып отырған. Осы орайда, біз олардан әлі де үйренуіміз керек сияқты.

Қазағым, елім-ұлттым деп зарлап өткен, сол жолда құрбан болған алашшыл азаматтардың барлығы да «алдымен тіл, тіл» деп өткен. Солардың бірі – Мағжан: «Тіл әрбір адамға қандай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз



ұлт, тілінен айрылған ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті...

Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сайран даласы, біресе, желсіз түндей тымық, біресе, құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, аспайтын, саппайтын, сабырлы мінезі – көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды тіл жоқ» /3/ – деп, ұлт өміріндегі тілдің аса маңызды орнына назар аудара отырып, қазақ халқының болашағы – тілі туралы ойлануды әрбір азаматқа ескерткен сияқты.

Ұлттық тілге қырын қараған кеңестік кезеңде жасаған Ғ.Мүсірепов те былай дейді: «Қай халықтың болса да қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл-ой тереңдігі, сана-сезім сергектігі көп салалармен тармақтана, мольға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді. Ана тілі қорлана береді, ажарлана береді. Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі ғасырлар бойында жасала береді. Тіл диалектикасы – жасаған сайын жасара беруінде. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, солар ғана аяққа басады» /4/. Тілдің ұлт өміріндегі маңызы, құдіреті жайлы толғанбаған қаламгер, қоғам қайраткері жоқ шығар, сірә. Өйткені, қоғамдық өмірдегі аса маңызды әлеуметтік күрделіліктерді жүзеге асыру ұлт мәселесін, яғни, оның тілі жайын шешуден басталады. Тіл мәселесі дұрыс шешілмеген жерде тыныштық болмайды.

Тіл мәселесіне тек қазақ зиялылары ғана емес, басқа ұлттардың оқығандары да ұдайы көңіл бөліп отырған. Бұл ретте қазақ ұлтшылдары айтқандарының басқа ұлт өкілдері айтқан пікірлермен үндес шығып жататындығын аңғару қиын емес. Демек, тіл мәселесі – тек қазақтың ғана емес, әлемдік мәселе. Орыстың педогог жазушысы К.Д.Ушинскийдің пікіріне құлақ тосайық: «Ана тілі – халықтың өткен ұрпағын, қазіргі және келешек ұрпағын бір тұтастық, мызғымас бірлік, ажырамас туыстық жағдайда мәңгілік біріктіретін ең сенімді құрал. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып, білеміз, халық рухының сарқылмас бастауы да сонда жатыр.

Ел-жұртымызды, туған жерімізді, оның өзен-көлдерін, оның бораны мен найзағайын ана тіліміз арқылы ғана қабылдап, соларға деген перзенттік махаббатымызды жеткіземіз» /5/. Бұл пікірді басқа ұлттың өкілі емес, қазақ айтып отырғандай әсер етеді. Демек, ұлы ойлар, ұлы мақсаттар бір ғана халыққа қызмет етіп қоймай, басқалардың да кәдесіне жарап отыруы өміршең заңдылық сияқты. Бұдан барлық ұлттардың да алдына қойған мақсаттарының бірдейлігі, бұл мақсаттарына жетуі үшін халықаралық, ұлтаралық келісімдерге барудың аса қажеттілігі көрінеді. Олай болмаған жағдайларда ұлтаралық қақтығыстар туындап, халықтардың өсіп-өркендеуіне айтарлықтай кедергілер келтіретіні тағы да анық.

Жалпы, қазақтілінің қазақжерінде мемлекеттік тіл болуы үшін күрес өткен ғасырдың жиырма-сыншы жылдары Қазақ Автономиялы республикасы құрылғаннан бері жүріп келеді. Ол кезде де қазақ тілі мемлекеттік тіл болатын. Бірақ Кеңестер одағында мемлекеттік орыс тілі болғандықтан да оған бағынатын Қазақстанда қазақ тілі ресми түрде мемлекеттік тіл деп саналғанымен де, орыстандыру саясатының салдарынан орыс тілінің табанында тапталып жатты. «Түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет» жасау жолында қазақ тілі шала күй кешті. Сол қарқынмен кете бергенде енді бір отыз-қырық жылдың о жақ, бұ жағында қазақ тілі қолданудан шығып, өлі тілдердің біріне айналу қаупі де бар еді.

Тәуелсіздік алғалы бері де тіліміздің қарыштап кеткені де шамалы болып тұр. «Баяғы жартас, бір жартас» сол күйінде. Саяси тұрғыдан тәуелсіздік алғанымызбен де, тіліміз әлі бұғаудан босана алмай жатыр. Мұның басты себебі неде? Басты себеп, біздің әлі де ұлт ретінде ұлттық сана-сезіміміздің төмендігінде, билік басындағылардың ұлт тағдыры үшін аса маңызды осы бір мәселеге лайықты мән бермегендігінде жатыр.

Тіл – адам баласының ғана емес, ұлттың, халықтың, қоғамның болмысын көрсететін құбылыс. Адамзаттық құндылықтар қатарында тіл ғылымнан да, мәдениет пен өнерден де бұрын аталады. Ғылым да, мәдениет те, өнер де, материалдық игіліктер де, саясат та тілдің қатысуымен жасалады. Тіл адамның жан-дүниесіне өлшеусіз әсер ете алатын құдіретті саяси тетік ретінде ертеден-ақ пайдаланылған. Ахмет Байтұрсынов: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» /6/ - деп атаған.

Сондықтан, мемлекеттік тіл мәселесі ақпараттық қоғамды қалыптастыруда, ақпараттық қауіпсіздікті арттыруда басты әсер етуші фактор ретінде қарастырылу керек. Бұл ұлттық әрі

мемлекеттік қауіпсіздіктің ең негізгі ұстыны. Сонымен қатар, мемлекеттік тіл ақпараттық қауіпсіздікте басты орын алатын ынтымақ құралы да болып қалмақ. Өйткені, Елбасымыз айтқандай «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы болып табылады» /7/.

Бұл ана тіліміздің унитарлы Қазақстан мемлекетінде тұратын 140-тан астам ұлыс пен этнос өкілінің басын ұйыстыруға қабілетті екенін ашып айтқан Елбасымыздың байсалды да дәлелді пікірі әрі жүргізіп отырған саясаты.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев биылғы Қазақстан халқына арнаған «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауында «2017 жылы мемлекеттік тілді меңгерген қазақстандықтардың саны кем дегенде 80 пайызға жетеді. Ал 2020 жылға қарай кем дегенде 95 пайыз болады. Он жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді меңгереді» /8/ - деп

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылатын қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту мәселесіне ерекше мән беріп, ана тілімізге қолдау көрсетіп, тіл жанашырларын бір серпілтіп тастағаны белгілі. Бұл ҚР Президентінің мемлекеттік тілге деген салмақты да сабырлы көзқарасы әрі ұстанымын айғақтайды.

Сонымен қатар, тілдің қолдану аясын кеңейту үшін барлық қызмет орындарында ана тілінде сөйлеуді дамыту керектігін айтқан Елбасы, ағылшын тілін меңгеруді де басты назарда ұстауды ескертті. Бұл дегеніміз бір шегінен жаһандану дәуіріне деген Қазақстанның нақты қадамдарын айқындайды. Ал бұл бағытта ұлттық иммунитетті де естен шығармағанымыз абзал. Ал оған иммунитетті қалыптастыратын бірден-бір фактор – мемлекеттік тіл болмақ. Яғни, мемлекеттік тіл мәселесін ақпараттық қауіпсіздік деңгейінде ғана емес, ұлттық қауіпсіздік дәрежесінде қарастыруымыз керек деген сөз.

1. Қожабергенова Б. ҚазҰУ Хабаршысы. //Журналистика сериясы. 2007 №2 (23), 29-32 беттер.
2. Омашев Н.О. Ақпарат әлемі. 1-том. Алматы: – Қазғұрт, 2006, 18-216б.
3. Жұмабаев М. Шығармалар. Үш томдық. 2-3 том. Алматы: Білім, - 1996, - 290 б.
4. Мүсірепов Ф. Күнделік. Алматы: -1997, 248-249 б.б.
5. Ысқақұлы Д. Ұлттың ұлы қазынасы. //Жұлдыз, №8, - 2007, - 23-24 б.б.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы, Алматы: Ана тілі, - 1992, - 141 б.
7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына жолдауы. Астана, 2005.
8. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына жолдауы. Астана, 2011.





ЖАҢА ӘЛІПБИ ЖӘНЕ «ЖАРШЫ» ЖУРНАЛЫ

Мария Майлықұтова,

*Баспа ісі және дизайн
кафедрасының аға оқытушысы*

Автор статьи анализирует проблемы изучения алфавита по материалам журнала «Жаршы».

The author of article analyzes problems of studying of the alphabet on magazine «Zharhi» materials.

Араб жазуы ислам дінімен бірге еніп, он ғасырдан астам уақыт бойы ең соңы 1930 жылға дейін елімізде қолданыс тапты. Ресей патшалығы қазақ жерін отарлап алған соң, қазақ елінің рухани мұрасына қол сұға бастады. Қазақ елін орыстандыру мақсатында, түркі халықтарын рухани біріктіріп отырған араб жазуының орнына орыс жазуының әріп таңбасын ендіру мәселесі алға қойылды. 1929 жылы 24-қаңтарда Қазақстан Орталық Кеңес Комитеті IV-сессиясында “Латын әрпі негізінде құрылған жаңа қазақ әліпбиі Қазақстанда мемлекет әліпбиі деп саналсын” деген қаулы қабылдады. Осы қаулыдан кейін 1931 жылдың 1-қазанынан әрі қарай барлық мекемелер, кооперативтер, түрлі кәсіпорындар мен ұйымдар істерін жаңа әліпбиге көшіруге тиіс деп табылды. Жаңа әліпбиге көшуге әзірлік жүргізілді. 1930 жылдың қаңтарынан бастап газет, журнал, кітаптар тек жаңа әліпбимен басылуы тиіс болды. Қазақстан оқу комиссариатына 1931-32 жылғы оқу жылдары барлық мектептер тек жаңа әліпбимен оқытылатын болсын деп нұсқау берді. Сессия Халық комиссарлар кеңесіне, оқу комиссариатына, орталық шаруашылық кеңесіне, баспа орындарына тапсырма берді.

Жаңа әліпбиді мерзімді басылымдар арқылы жұртшылыққа насихаттау, таныстыру бағытында Орталық Жаңа Әліпби комитеті 1929 жылы қаңтар айында “Жаршы” журналын шығарды. Белгілі баспасөз зерттеушісі, профессор Темірбек Қожакеев өзінің “Жыл құстары” атты еңбегінде 1929 жылы халыққа жаңа әліппені насихаттап, араб әліппесінің қиындығына көз жеткізу үшін “Жаршы” журналы шығарылды” [1, 17 б.], – деп жазады.

“Жаршы” журналының алғашқы санының редакторлары І. Қабылұлы, Ш. Тоқжігітұлы, Ә. Байділдаұлы сынды қаламгерлер болды. Басылымның алғашқы бетінде жаңа әліпби туралы Үкімет қаулысы ұсынылған. Келесі бетінде қаламгер-журналист Шәймерден Тоқжігітұлының “Қазақстанда жаңа әліпби төңкерісі” тақырыпты бас мақаласы ұсынылған. Мақала “Күншығыс елдерінің латын әліппесіне көшуі төңкерісшілдік мәні бар жұмыстың бірі дегенді Ленин айтқан деп қазіргі латын жұмысына бас-көз болып жүрген Самат ағай Ағамалыұлы қарт екі сөзінің бірінде айтып қоймайды” деп басталады. Бұдан әрі қарай автор Қазақстанда әліпби төңкерісінің басқа республикаларға қарағанда кешеуілдеп қалғандығын айтады. Оның себептерін төмендегідей түсіндіреді: “Қазақстан басқа жерлерге қарағанда елінің жерінің айрықша өзгешеліктері, Қазақстан жаңа жұртшылығының бұдан да гөрі ірірек жұмыстан қолы тимегендігі, қазақ арасында ескі оқығандардың не дәуір кері тартпаға салып бөгендігі сияқты себептер болды” [2, 2 б.].

Автор латын әрпіне көшу мәселесі 1926-1927 жылдан бастап қызу қолға алынғандығын айтады. Оның мәлімдеуінше, 1929 жылға дейін латыншылдардың жетпіске жуық қоғамдары мен ұйымдары құрылып, олардың мүшелерінің саны 4026 адамға жеткен. Осы ұйым мүшелері арқылы қалың көпшілік арасына жаңа әліпбиді насихаттау шаралары жүзеге асты. Сонымен қатар 1927 жылдан бастап Орталық Комитет пен Оқу комиссариатының қолға алуымен оқытушылардың даярлық мектептерінен 1163 адам, оқу инспекторларын дайындайтын курстан 128 адам, кеңес қызметкерлерін дайындайтын курстан 362 адам, наборщиктер, әріп тізушілер, баспахана қызметкерлерін дайындайтын курстан 45 адам, жалпы мектептерден 574 адам, өнер-білім мектептерінен 2646 адам жаңа әліппені сауат ашып шыққан. Мақалада 1927-1929 жылдарда жалпы тиражы 81500 данамен он шақты оқулықтармен әліппелер жарық көргенін айта келіп, мынадай деректер келтіреді: “Балалар үшін

4 кітап 20 баспа табақпен 55 мың дана болып шықты. Жаңа әліппенің Жалпы Одақтық Орталық Комитетінен алғанымыз 50164 сом еді. Бұл орнымен жұмсалып отыр. Енді алдымыздағы жылға сұрап отырғанымыз 321 мың сом ақша” [3, 3 б.].

Публицистикалық туындыда жазылып отырған жайдың ауқымдылығын көрсетіп отыру, нақты деректермен негіздеп отырудың маңызды зор. Сондықтан да кез-келген мақалада міндетті түрде деректер келтіру арқылы қаламгер ойын дәлелдеп, дәйектеп отырады. Құр жалаң цифрды тізбелей беру ешнәрсе бермейді. Ол басқа мәліметтермен салыстыра баяндалу арқылы мән-маңызға ие болды. Журналистикада цифрлы материал әдетте әлдебір оқиғаны немесе құбылысты нақтылау үшін пайдаланылады. Бұл ойымыз баспасөз зерттеушісі Н.Г. Левинтовтың “Цифрлы материал дәлелдеу құралы ғана емес, сонымен қатар құбылыстың сандық жағын зерттеу арқылы және сандық өзгерістердің сапалық өзгерістерге ауысуы ықпалымен шындықты танудың қуатты құралы” деген тұжырымына дөп келеді [4, 3 б.].

Мақала қорытындысында Тоқжігітұлы Қазақстан Орталық Атқару комитетінің желтоқсан айында болған IV-сессиясында “Жаңа әліпби – мемлекет әліпбиі” деген заң шыққанын ескерте отырып, көпшілікті жаңа әліпті іске асыруда ат салысуға шақырады. Сөз соңында “Жамау-жасқау арап таңбаларының күні бітті. Арабшылдардың да қарқыны баяулайын деді. Сөз жоқ олар әлі де болса да біткен жоқ. Сондықтан олармен де күресе отырып, ендігі жұмыста іске тірек керек” [5, 4 б.] – деп ойын тұжырымдайды.

Бір әріптен екінші әріпке көшкенде халық жаппай сауатсыздыққа енеді. Мұғалімдердің өздері жаңа әліппені қайта сауат ашады. Бұрын хат таныған адамдар да сауатсыздар қатарына кіріп, қайтадан сауат ашуға мәжбүр болады. Бір қаріпті тастап екінші қаріпке көшу мәдени-рухани тұрғыдан да, саяси-экономикалық тұрғыдан да пайдасыз шара. 30-жылдардағы халықтың әлеуметтік жағдайын ескерсек, тиімсіз әрекет екенін ұғу қиын емес. Сол тұстағы баспасөз беттерінен “арабшылдарды”, яғни алаштың зиялы азаматтарын “ескішілдер, керітартпаға салушылар, молдалардың шашбауын көтерушілер” деп айыптау жиі кездеседі. Кеңес үкіметінің түркі халықтарының арасындағы рухани тұтастықты жою, халықты қалыптасқан жазба мұрасынан айыру арқылы өткенін санасынан өшіру мақсатымен “мәдени төңкеріс” ұйымдастырып отырғанын “арабшылдар” жақсы түсінді. Олар үзілді-кесілді қарсы болды. Осы көзқарастары үшін оларды қазақ зиялыларының екінші бір тобы яғни “латыншыл-



дар” “жерден алып жерге салулары” орынсыз дер едік. Латыншылдардың көпшілігінің мақалалары ұраншылдық сарында, науқаншылдық бағытта жазылған.

“Жаршы” журналын Орталық Жаңа Әліпби комитетінің латын таңбаларын насихаттау, жаңа әліппені елді сауаттандыру мақсатында шығарғандығы жоғарыда айтылды. Жаңа әліпби төңкерісі Қазақстанда ғана емес кеңес одағының құрамындағы шығыс-түрік елдерінде түгелдей жүзеге асырылды. “Жаршы” журналында Кеңес одағының құрамындағы ұлт республикаларындағы жаңа әліпби төңкерісі жайлы мағлұмат беру мақсатында “Жаңа әліпби қозғалысы” атты мақала жарық көріпті. Автор мақала соңына “Әкім” деп қол қойған. Мақалада шығыс-түрік елдеріндегі жаңа әліпби қозғалысына төмендегідей баға береді.

“Шығыс-түрік жаңа әліп таласы 1926 жылдың басында-ақ біткен. Бакуде 1926 жылы мартта болған Одақтағы жалпы түрік сиезі жаңа әліпбиді жүзеге асыруға тура жол ашқан еді” [4, 4 б.]. Автордың пікірі орынды. Жаңа әліпбиді жүзеге асыруда алдыңғы шепте Әзербайжан елі болды. Жаңа әліп кіндік комитетінің төрағасы Самат Ағамалыұлы Лениннің қабылдауында болғандығын, Ленин бұл мәселені “Күншығыс елдерінің латын әліппесіне көшуі төңкерісшілдік мәні бар жұмыстың бірі” деп бағалағандығын айтып, жаңа әліпті қызу нәсихаттады. Самат Ағамалыұлы Әзербайжанда ғана емес, ұлт республикаларының бәрінде латын қаріптерінің қолдау табуына бел шешіп, білек сыбанып кіріскен. Латыншыл Телжан Шонанұлы ол туралы былай деп жазады: “1922 жыл Әзербайжанда жаңа әліп кіруге С.

Ағамалыұлы бастық болды. Түрік білімпаздары сиезін шақыруда да Ағамалыұлы басшылық етті. Одақтық жаңа әліпби комитетін құруда С. Ағамалыұлы басшылық етіп, өлгенше комитеттің төрағасы болып келді. Араб әліппесін жойып, жаңа әліппенің өрісі кенуде С. Ағамалыұлының қызметі зор болды. Арабшылдардың салт-сана қорғанын бұзуға Самат аға белсене кірісті” [58].

Ұлт республикаларынан тысқары Ресей құрамасындағы түрік елдерінде жаңа әліпби оңайлықпен жүзеге аса қоймады. Оқыған көзі ашық азаматтар тарапынан қарсылықтар болды. Қарапайым халық арасынан да қолдау таппады. “Жаңа әліпби қозғалысы” [5, 5 б.] деген мақалада автор іс барысын былайша суреттейді: “Ұлт республикаларынан тысқары Ресей құрамасындағы түрік елдері жаңа әліпби ісінде артта қалған еді. Еңбекшілер ынтасына көп уақыттан бері жол аша алмауда еді. Қазірде ол кетіпті. Үстіміздегі жыл июнь айынан бастап іс жандануға бет қойған көрінеді”. Автордың “іс жандануға бет қойған көрінеді” деуінің себебі бар. 1928 жылы 23-мамырда Ресей Оқу комиссариаты қаулы шығарды. Қаулыда Ресей комиссарлар кеңесі “Жаңа түрік әліпбиі аз ұлттарға ұлт әліпбиі деп бекітілсін” деп көрсетілді. Сондай-ақ, “... бастауыш мектептер мен басқа да білім беру мекемелеріне 1928-1929 оқу жылынан бастап жаңа әліпби кіргізілсін” деген шешім қабылданды. Жергілікті оқу комиссариаттарына бұл іске ерекше қаржы белгілеін тапсырды. “Жаңа әліпби қозғалысы” деген мақалада: “Қаулы іске аса бастаған көрінеді. Оқу комиссариаты осы жылға арнап 352 мың сом ақша шығарыпты” [6, 4 б.] деп жазады.

1. Қожакеев Т. Жыл құстары. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 239 б.

2. Тоқжігітұлы Ш. Қазақстанда жаңа әліпби төңкерісі // Жаршы. – 1929. – №1. – 2-4 бб.

3. Латыншылдың бірі. Қазақ білімділер съезінде латын қарпі // Еңбекші қазақ. – 1924. – 2 шілде.

4. Левинтов Н.Г. Цифры в преподавании новейшей истории. – М.: Просвещение, 1968. – 263 с.

5. Әкім. Жаңа әліпби қозғалысы // Жаршы. – 1929. – № 4. – 6-7 бб.

6. Шонанұлы Т. С. Ағамалыұлы туралы пікірі // Жаршы. – 1930. – №1(6). – 21-22 бб.

ҚАЗІРГІ КІТАП БАСУ ІСІНІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ



Ғалия Майкотова,

*Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың
Баспа ісі және дизайн
кафедрасының доценті*

Қазіргі қазақ баспалары мен баспа ісінің қызметі нарық жағдайының қиыншылықтарына қарамастан үздіксіз даму үрдісіне аяқ басты. Олар жеке меншік жағдайда іс атқарғанмен ұлтымыздың рухани мәдениетін көтеретін негізгі құрал екені белгілі. Сонымен қатар, баспалар шығарып отырған басылымдарды болашақ ұрпақ мүддесі үшін сақтап отырған және олардың библиографиялық сипаттамасын жасап отырған мекемелердің қазіргі жағдайы қандай? Қазіргі қазақ баспаларының түгелдейі жеке меншік иелерінің қолында болса да, көптеген кітаптар мемлекеттік тапсырыспен және “Мәдени мұра” бағдарламасымен шығуда, ал бұл шыққан кітаптар баспаларға, оларды мекемелер мен кітапханалар қорын толтыру үшін үлкен көмегін тигізуде. Мемлекет тарапынан бұл шараларға арнайы қаражат бөлініп отыр.

Кітаптардың тізімдемесін жасайтын библиографиялық іспен айналысып отырған 74 жылдық тарихы бар бірден-бір мекеме - ҚР Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасы. Кітап палатасының мұрағатында ХІХ-ғасырдан бергі басылымдар сақталған. Бұл мекеме библиография саласын-

В статье рассматриваются современные проблемы книгоиздания в Казахстане. Научная новизна исследования состоит в том, что проанализированы и обобщены итоги развития современных книгоизданий и книгораспространений.

In the article examined modern problems of book industry in Kazakhstan. The scientific novelty of research consists of that the results of development of modern book industries and are analysed and generalized.

да да зор роль атқарады. Газет, журнал, кітап шежірелерін шығарады. Қазақстанның барлық баспаларымен тығыз жұмыс жасап, көптеген халықаралық, отандық кітап жәрмеңкелері мен кітап көрмелерінің ұйымдастыруына мүмкіндік жасайды.

Жыл сайын әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультеті мен баспа ісі және дизайн кафедрасы ұлттық кітап баспасының мәселелері мен даму болашағына арналған ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен дөңгелек үстелдер өткізіп тұрады. Кітап баспасының 90-жылдық мерейтойына арналған шара барысында кітап ісінің жан-жақты дамуына байланысты әр алуан мәселелер де қарастырылды. Ғылыми-тәжірибелік конференцияның ең басты мәселесі ретінде, бүгінгі бүлдіршін, Қазақстанның ертеңгі азаматының кітапқа қызығушылығын арттыру мақсатында қажет өнімдерді дүниеге әкелу көзделді.

Конференцияда «Қазақстан» баспа үйінің» директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері Нұрмахан Оразбек «мемлекеттік құрылым кітап басу ісіне дұрыс жағдай жасамаса, мемлекеттік іс дұрыс іске аспайды» - деген тұжырым жасаған болатын.

Бүгінгі ақпараттық заманда интернеттің әсерінен кітаптың рухани құны құлдырап, саудадағы бағасы шарықтап кетті. Қазақстандағы азды-көпті кітап дүкендері мен сауда нүктелерінде қазақ тілінде шығатын кітаптарымыз жетімнің күйін кешіп, бұйырған бұрышын қанағат етеді. Ал әсіресе орыс тілінде жарық көрген кітаптар түрлі-түрлі мұқабасымен сауда орындарын жаулап алған. Мұны себебін қалай түсіндіруге болады? Қаламгерлер мен ақын-жазушылар кітаптарын да жазып жатыр, баспаханалар да кітап басуды үздіксіз атқаруда. Ал барымызды жарқыратып көрсетейін десек, аяғында қаржыға келіп тірелеміз. Баспаларымыз мемлекетке аузын ашып, арнайы тапсырысты күтіп, тендерге телміреді. Ал қазақ оқырманы қажеттілігін қамтамасыз ету үшін орысша басылымдарға жүгіреді. Тендер жылына бір рет өткізіледі. Баспалар өзара бақталасып, бірімен бірі бақ сынасады/1/. «Байқауға» қатысатын 50-ге жуық баспаның ішінен бағы жанғандар мемлекет бөлген қаржыға қанағат етеді. Иә, қаржы бөлінеді, бірақ тендер оқырманға не керектігін, қандай шығарманы оқығысы келетінін анықтап бере алмайды. Өйткені тендер – кәдімгі сауда тәртібі. Ал кітап жай ғана тауар емес, ол – рухани құндылық. Шығарма авторы министрге немесе лауазымды шенеунікке емес, қарапайым халыққа, оқырманға есеп береді емес пе? Сондықтан осы тұрғыда

баспалардың өз өнімдеріне деген жауапкершілігі қажет емекендігіманық.

Ұлттық кітап палатасының директоры Жанат Сейдумановтың зерттеулеріне сүйенсек, қазіргі мемлекеттік тапсырыспен шығатын кітаптардың таралымы Қазақстандағы нарықтық жағдайға, оқырмандар аясына байланысты таралым саны белгіленеді. Соған қарамастан, мемлекет басқа нәрсеге мән беру керек секілді. Сондай-ақ, автор жастарды кітап оқуға, көркем әдебиетпен сусындатуға тарту үшін мемлекет тарапынан қаржыландырылатын тәуелсіз сарапшы ұжым ұйымдастырылып, түрлі шаралар өткізуді қолға алуы керектігін алға тартады. Сонымен қатар, баспалар тек тендермен шектелмей, жас жазушыларды жарнамалап, насихаттап, қолдау білдірсе, олардың сол баспадан кітаптарын шығаруға қызығушылықтары туады, әрі жас дарындарды ел танитын болады/2/.

Біздің елде соңғы рет кітап жәрмеңкесі 2010 жылы өткізілді. Ресейде жылына жүздеген іс-шаралар өтіп жатады. Осы орайда ең алдымен кітапқа деген көзқарасымызды жолға қою керек екенін мойындағанымыз жөн. Тілімізге де немкетті қарайтынымыз жасырын емес. Осының бәрі кітап пен оқырман арасындағы байланыстың жүйесіздігінен болып отыр. Қашан да рухани азыққа сусап отыратын негізгі оқырманның ауылда екені бесенеден белгілі. Ауыл оқырмандарына кітап жеткізудің де жүйесін, жарқын формасын да жасауға болады. Бізде мақтанарлықтай қаламгерлер көп. Тек соны орынды пайдалана білген жөн. Ол үшін медиа жарнамалар жасау ауадай қажет. Бұған қоғам, телевизия, радио, баспасөз – бәрі араласып, күш салу қажет.

Ақын Темірше Сарыбаевтың: – Мен «Жазушы» баспасынан шыққан кітабыма 60 мың теңге қаламақы алдым. Шындығында, бұл менің бір қыс жағатын көмірімді де ақтай алмайды. Өлеңнің тууы оңай емес, бір кітап – 5-10 жылдың жемісі. Бірақ шығармашылықтың құны өзіне лайық болмай отыр. Үкімет басында отырғандар өздерінің сұхбатында, баяндамаларында қаламақыны көбейтеміз дегенді айтады, бірақ осы уәделер сөз жүзінде қалып жатады. Дағдарыс деген сылтауы тағы бар. Енді ақын-жазушылардың қаламақысы қысқармаса, өспейтін секілді». Бұл қазіргі ақын-жазушылардың еңбегінің ақталмайтындығын дәлелдейді. Демек, маңдай-термен жасалғаны шығармашылық еңбектің құны лайықты бағалануы тиіс.

Журналист Айнұр Сенбаеваның деректеріне сүйенсек, 400-500 беттік сапалы кітапты шығарудың өзіндік құны – 600 теңге. Бұған автордың қаламақысы, кітап дизайнерінің, ба-

спа қызметкерлерінің жалақысы қосылады. Ал министрлік тарапынан әр кітапқа шамамен 500 теңгедей қаржы бөлінеді. 2000-3000 тиражбен шығатын кітапқа бөлінген қаржыны сығымдап, баспагерлер басқа қажеттіліктеріне де жаратады. Сөйтіп, өзі аз, өзі қымбат кітаптардың рухани құны құлдырайды.

Тағы да бір соңғы дерек. Республикамызда 2700-ге жуық ауыл кітапханасы бар. Ондағы кітап қоры 36 миллионға жуық дананы құрайды.

Қазақстанда ірілі-ұсақты 300-дей баспа бар.

Алматыда Ресей баспаларының өнімдерін саудалайтын 43 кітап дүкені жұмыс істейді. Статистикалық мәліметтер бойынша, еліміздегі кітап саудасындағы отандық өнімдердің үлес салмағы шамамен 25 пайызды ғана құрайды екен. Қазақстанның 1000 тұрғынына шаққанда 70 жаңа басылымнан келеді. Халықаралық «ИФЛА» кітапхана қауымдастығы федерациясының ұсынысы бойынша 1000 тұрғынға 250 жаңа басылымнан келуі тиіс екен.

«Heidelberg» компаниясының Қазақстандағы өкілі Евгений Кимнің айтуы бойынша, елімізде баспа ісінің дамуына кесірін тигізіп отырған жағдай – шетелден тасылатын баспа шикізаты мен құрылғыларына салынатын кедендік салықтың шамадан тыс көп мөлшерде болуы. Полиграфиялық өнімнің өзіндік құнындағы шикізаттың үлесі 60-70 %-ды құрайды. Ал қазіргі жағдайда барлық шикізат пен шығын материалдары шетелдерден тасылады. Оларды елге енгізуде кедендік салық 5-тен 25 пайыз аралығында ауысып отырады. Бұған қарамастан, шекара асып келетін дайын баспа өнімдері ешбір салықсыз елімізге енгізіле береді. Осыдан-ақ, отандық баспагерлердің шетелдік әріптестері алдында бәсекеге қабілетсіз екендіктерін аңғаруға болады. Оның үстіне, елімізде баспа өнімдерін шығарту қымбатқа түсетіндіктен, негізгі тұтынушылар тапсырыстарын шетел асырып, сол жақта орындатуға мәжбүр. Өйткені шетелдегі полиграфиялық қызмет еліміздегі жұмыстан 30%-ға жуық арзан. Оның себебі, өздік құн салығы, шикізат пен құрал-жабдықты шекарадан асыру кезіндегі кедендік салықтар, сондай-ақ, сол шикізат пен құрал-жабдықты сататын елдің тауар бағасын еселеп арттыруы сияқты факторлар.

Еліміз тәуелсіздік алған кезде, экономика саласы үлкен қиыншылықтар көргені белгілі. Басқа

өндіріс ошақтарымен қатар, кітап басу ісі де қатты құлдырады. Статистикалық деректерге сүйенсек, 1989 жылы 1300 аталым кітап 34,7 миллион таралыммен басылған екен. Яғни, әрбір кітап кем дегенде орта есеппен 27 мың данамен басылды деген сөз. Бұл – әрине, қазіргі күнмен салыстыруға келмейтін сандар. Бүгінде көптеген кітаптар екі немесе үш мың, ең көп дегенде бес мың тиражбен жарық көреді. Ал бұл сан Ресей асып келіп жатқан миллиондаған дана кітап мұхитына тамызған бір тамшыдай ғана.

Дегенмен, өркениеттен шет қалған деген пікірлерге ұшыраса да, біздің баспа саласы тұрақты түрде өсіп келеді. Қазақстан полиграфистері Ассоциациясының деректері бойынша, бұл қарқын жылына 25%-ға үдеп отырады екен. 2005 жылы баспа өнімдерінен түскен пайда 500 млн. долларға жеткен. Бұған, әрине, ел экономикасының жалпы ахуалы, жекелеген секторлардағы алға жылжу сияқты факторлар әсер етеді. Сонымен қатар, әлеуметтік жағдайы түзелген халық та баспа өнімдеріне деген сұраныстарын қанағаттандыруды көздейді/3/.

Соңғы жылдары баспалардан ұлттық сипаттағы көрнекті басылымдар жарық көре бастады. Елбасының бастамасымен жарық көрген алты томдық «Қазақстан» энциклопедиясы, тоғыз томдық «Қазақтар» анықтамалығы, я болмаса, «Түркістан», «Түрік әлемі» энциклопедияларын да халықты жаңаша ойлауға жұмылдыратын соны туындылар деп атауға болады. Тәуелсіз елдің тың тарихын жазып, кеңестік бұрмалаушылықтардан арылу жолында М.Қозыбаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты», «Тарих зердесі», К.Нұрпейісовтің «Алаш және Алашорда» сынды кітаптары және тізе берсе, ұзын саны біразға жететін тың дүниелер көптеп шығарылды деуге болады. Дегенмен, олардың көбін қарапайым халық біле бермейді. Бұл кітаптар, негізінен, жоғары оқу орындарының кітапханаларына, мамандандырылған оқу мекемелеріне бірлі-жарымды даналармен ғана түсті. Себебі жоғарыда айтылған шикізаттың, баспа құрылғыларының және салықтардың көптігінен оларды көп данамен басып шығару мүмкін болмады. Тағы бір себеп, аудитория дұрыс зерттелмей, кітапты көп қылып басып шығару да қауіпті іс, өйткені шығарылған кітап тарамай қалса, ол баспаны қып-қызыл шығынға ұшыратады.

1. Сенбаева А. Кітап өтпей ме, жетпей ме? //Алаш айнасы. 25 қыркүйек, 2010.
2. Омарова Б. Баспа ісі және кітап басу. Оқу құралы.2006. «Фолиант» баспасы.
3. Ең көп оқитын ел едік... //Интернет-сайттан алынды.

Мизамхан Бағлан,

*ф.ғ.к., Абылай хан атындағы
ҚазХҚжӘТУ*

БАСПАСӨЗДЕГІ ГРАММАТИКА ЖӘНЕ КӨПТІК КАТЕГОРИ- ЯСЫ

В статье рассматриваются проблемы функциональной грамматики и категории множественности.

The article deals with the problems of functional grammar and the category of plurality.

Тілдік жүйе функционалды жүйе. Ол өзінің қызметтерінің ішіндегі ең маңыздысы коммуникативті қызметін орындауда белгілі бір иерархиалық қағидаға негізделген болуы керек. Тілдік құбылыстарды зерттеудің функционалды аспектісі тек тілдік бірліктердің сөйлеу барысындағы белгілі мәтіндегі қызметтерін зерттеумен шектелмей, әрбір тіл деңгейіндегі бірліктердің құрылымдық қызметтерін де қарастыруды міндет тұтады.

Тілдік бірліктердің қызметі, олардың сөйлемде орын алу қағидасы мен заңдылықтары және тілдік жүйенің әр түрлі элементтерінің өзара қарым-қатынасы – функционалды грамматиканың негізгі және ең басты зерттеу нысаны болып табылады. Демек, «белгілі бір семантикалық категория негізінде тілдің барлық бірліктерінің өзара тығыз байланыста бірін-бірі ауыстыра, толықтыра отырып, жалпы тілдік категорияларды қалыптастыру заңдылықтарын ашуды функционалды грамматика өзіне мақсат етеді» [1,456].

Мұнда айта кетер бір жайт, қандай да болмасын семантикалық категория семантикалық өріс деңгейін құрастыра алады. Мұнда семантикалық өріс – тілдік элементтердің бар белгілерінің жан-жақты көрінуін қамтамасыз ететін тәсілдердің бірі

ретінде танылады. Кез келген тілдік құбылысқа тән функционалды-семантикалық өріс аясын Е.В. Гулыга, Е.И. Шендельстер мынандай белгілер бірлігімен анықтайды:

- тілдің түрлі деңгейлеріне жататын өзара жүйелі қарым-қатынастағы тілдік инвентарлардың болуы;
- конституенттердің бәріне тікелей-жанама түрде қатысты ортақ мағынаның болуы;
- семантикалық өріске тән жалпы мағынаның кем дегенде екі нұсқасының болуы;
- өріс құрамының бірыңғай болмай, күрделі болып келуі [2,96?].

Ал функционалды-семантика мәселесіне келер болсақ, бұл жөнінде А.В. Бондарко былай дейді: «Функционально-смантическим мы называем категории, у которых план содержания образуют понятия, аналогичные понятиям, выражаемым категориями грамматическими, а план выражения представлен языковыми средствами, относящимся к разным уровням языка» [3,56.]. Ғалымның бұл түсініктемесі бойынша тілдік көрсеткіштердің ортақ категориялық семантикасын анықтайтын функционалдық, семантикалық мәртебесі бірінші орынға шығады. Мәселені осындай бағытпен зерттеу, тілдік категория мазмұнын ашу – қазақ және ағылшын тілдерінің көптік категориясының сипатын, қызметін ашуда басты рөл атқарады.

Грамматикалық талдауға келер болсақ, функционалды грамматика үшін талдаудың мазмұннан формаға қарай болуы ең басты қағида. Дегенмен де, мұндай сипат функционалды грамматика үшін тұрақты және шартты түрде болады десек қателескен болар едік. Грамматикалық сипаттау тек формадан мазмұнға бағытталған кезде ғана талдауға негізделуі мүмкін. Қалай дегенмен де, ол тілдегі грамматикалық бірліктердің қызмет ету заңдылықтарын зерттеуге бағытталған жағдайда да функционалды болып табылады. Сондықтан да, функционалды грамматика «сөйлем мағынасын білдіруге ат салысатын әр түрлі тілдік элементтермен қатар грамматикалық бірліктердің қызмет жасау заңдылықтарын сипаттауға және зерттеуге негізделген, талдауды тек форма-мағына деңгейінде емес, мағына-форма деңгейінде алып қарайтын грамматика» ретінде танылады [4,56.].

Олай болса, функционалды грамматиканың зерттеу нысаны грамматикалық бірліктердің қызметі болған жағдайда, егер грамматикалық тәсілдердің және олармен іс-әрекетке түсуші басқадай тілдік элементтердің қызметіне белгілі бір деңгейде талдау жасалса, сондай-ақ, контекстпен тілдік жағдайға және олардың грамматикалық бірліктермен өзара қатынасына кең көңіл бөлінсе, грамматикалық категорияны тілдік жүйе деңгейінде ғана зерттеп қоймай, коммуникация кезінде

қойылатын талаптарға да талдау барысында көңіл бөлген жағдайда функционалды грамматиканың ерекшелігі айқын көрінеді.

Демек, грамматиканың негізгі салаларының бірі ретінде функционалды грамматиканың мақсаты – сөйлем мағынасын білдіруші әр түрлі тілдік деңгейдегі элементтер мен грамматикалық бірліктердің қызмет ету құбылысын анықтап, саралау. Ал тілдің функционалдылығын зерттеу дегеніміз – салғастырылушы тілдердегі грамматикалық тәсілдерді зерттеумен ғана шектелмейді, ол тілдік бірліктердің тілдік қатынас кезіндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындаумен қатар, олардың қандай әдіс-тәсілдер арқылы қызмет ететіндігін де қарастырады.

Функционалды қағида – ұйымдасқан тілдік негізде жатыр. Тіл – жүйелі, өзіндік құрылымы бар құрал ғана емес, тілдің функциялық процессіндегі тіл дамуының нәтижесі. Олай болса, салғастырмалы функционалды грамматика төмендегі қағидаларға сүйенеді: семантикалық мағына генетикалық жағынан алыс болып келетін және типологиялық тұрғыда бір-біріне қайшы тілдерге тән ерекшеліктерін анықтауға жол ашып, тілдік категория жүйесінде кездесетін айырмашылықтарды салыстырудың ең тиімді жолы болып табылады.

Отандық ізденушілер А.Б. Салқынбай [5], Б. Қапалбековтар [6] функционалды грамматикада зерттелетін семантикалық белгілер талдаудың: 1) контекстің ең аз деген көлемінде грамматикалық форманың жеткізіп тұрған негізгі мағынасын анықтау; 2) ұқсас мағынаны жеткізу үшін белгілі формадан басқа қолданыла алатын тілдік тәсілдерді анықтау. Бұл сатыда талдау семантикадан оның берілу формасына қарай жүріледі; 3) тілдік тәсілдердің көмегімен айқындалатын мағыналық бөліктердің өзгеруін яғни нұсқаларын анықтау сияқты сатыларынан өту қажет деген пікірді ұстанады.

Ал, көптік категориясы теориясына келер болсақ, аталмыш теорияның Аристотель ілімдерінен бастау алатындығы белгілі. Бұл теория көп жағдайда математикалық ұғыммен сабақтасып жатады. Осыған байланысты математикалық мәселелерді шешу мақсатымен әр түрлі құрылымдар пайда болды, «сан», «мөлшер», «көптік» сияқты ұғымдар қалыптасты. Ал объективті дүниеден орын алған шындық яғни зат, құбылыс, қимыл және оның түрлі сапа белгілері жеке және көптік түрде кездесетіні белгілі. Белгілі кеңістікте, мезгілде танылған, орын алған құбылыс, зат, қимыл әрекет бірде жекелік мағынада танылса, бірде көптік мағынада орын алатындығы белгілі. Осыдан жекелік, көптік ұғымдары қалыптасты. Таным процессіне қатысты бұл ұғымдар ойлау, пайымдау әрекеттерімен тығыз байланысты бо-

лып келеді. Сол себептен де, тіл мен танымның, грамматика мен логиканың арақатынасын ашу мақсатымен лингвистердің қызыға көңіл бөлетін категорияларының бірі болып табылатын көптік категориясының тілдегі көрінісі математикалық ұғыммен астасып жатады.

Аталмыш категория көптеген ғылымдардың басты зерттеу нысаны болып табылады. Өйткені көптік категориясы салыстыруға негізделген, ал қандай-да бір нәрсенің мөлшері, көлемі, салмағы, саны т.б. сипаттары басқа затпен салыстыру арқылы анықталатыны белгілі. Сонымен қатар, көптік категориясы жекелік-көптік, белгілілік-белгісіздік функционалды-семантикалық категориялармен өзара сабақтас келеді.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, көптік категориясы лингвистика саласының да негізгі зерттеу мәселелерінің бірі болып саналады. Н.И. Кондаков өзінің «Логикалық сөздігінде» көптік ұғымына былайша анықтама береді: «Множество – это самое широкое по объему понятие математики и математической логики, т.е. категория, а для категории нельзя найти более широкое, т.е. родовое понятие, в которое «множество» входило бы в качестве вида» [7,586.].

Дегенмен, математикадағы немесе философиядағы сандық ұғым тілдегі сандық ұғыммен бірдей емес. Себебі, «тілдегі сандық ұғым - өзіндік грамматикалық формасы бар, белгілі бір грамматикалық тәсіл арқылы берілген, тілдік құрылымға негізделген таза грамматикалық категория» [3].

Жалпы алғанда математикадағы көптік ұғымын лингвистикада сол қалпымен қолдану мүмкін емес. Себебі, тілде заттар үнемі дерлік бір мағынада беріле бермейді, кей жағдайда олар деректі болса, ал басқа жағдайда дерексіз болып келеді, яғни сөздер өз мағыналарын өзгертуге қабілетті. Олай болса, лингвистикалық көптік категориясының математикалық көптік категориясынан айырмашылығы – ол адамдардың қоршаған ортаны, ондағы құбылысты, объективті шындықты өздерінің санасына, ұғымына, тәжірибесіне, көзқарасына қарай қабылдауына байланысты.

А.В.Бондарко сандық категориясын біріншіден, сандық категориясының тілдегі көрінісін білдіретін семантикалық категория ретінде, екіншіден, осы семантикалық категорияға негізделетін квантативтік деңгейі тілдік құралдардың топтамасынан айқындалатын функционалды-семантикалық өріс ретінде қарастыра отырып, оның негізіне зат есімнен болған сандық мағынаны, шет аймағына сан есімдік тіркестерге, адъективті адвербиалды сандық қатынастарды жатқызады [8, 161б.].

Е.В. Гулыга, Е.И. Шендельстер көптік өрісін білдіруші тәсілдерді лексикалық және грамматикалық өрістер деп сипаттай отырып, көптік шағын өрісін а) жекелік (нөлдік) формадағы және ә) көптік формадағы көптік шағын өрісі деп бөліп көрсетеді. Олардың көрсетуінше, көптік шағын өрісінің негізгі доминанты яғни негізі – айқын түрде берілетін көптік жалғаулар. Ал шет аймағы – сын есімдер, үстеу, есімдік және т.б. көптік ұғымды білдіретін сөз таптары [2,156.].

Сонымен, көптік категориясының функционалды-семантикалық өрісі бірде белгілі бір доминант арқылы беріліп, эксплицитті жағдайда берілсе, бірде партитивтік, кеңістіктік және тағы басқа жағдайлар арқылы имплицитті түрде беріледі екен.

Таковы лишь некоторые аспекты создания новой открытой бизнес-структуры СМИ, которые необходимо применять и использовать казахстанским ведущим телеканалам. Правильное менеджеральное устройство отечественных СМИ на современном этапе является залогом их успеха и соответствия средствам массовой информации международного типа в мировом информационном пространстве.

1. Маслоу А. Маслоу о менеджменте – СПб: Питер, 2002 – 416 с.

2. Зверинцев А.Б. Коммуникационный менеджмент. Рабочая книга менеджера PR. – СПб.: Изд. Буковского, 1995. – 267 с.

3. Лакан Ж. Телевидение. Пер. с фр. / Перевод А. Черноглазова. – М.: ИТДК «Гнозис», Издательство «Логос», 2000. – 160 с.

ЖАҢАНДАНУ МӘСЕЛІЛЕРІ ЖӘНЕ БАСПАСӨЗ



Динара Қиялова,
*журналистика факультетінің
магистранты*

Еліміздің тап бүгінгі болмысы мен әлемдік кеңістіктен өз орнын табуға ұмтылысын мемлекетшілдік бастаулары деп айтуға толық негіз бар.

Қазір барлық елдер мен мемлекеттер жаһандану процесін бастан кешіруде, оның негізгі өзегі - еркін таңдау және жеке бастама жасай алатын жеке адам бостандығы идеясына негізделген Батыс өркениеті болып отыр. Соңғы жылдары жаһанданудың бір тетігі ретіндегі батыстану – бұл тек батыстың технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік реттеудің (адам құқығы, жеке адамның тұлғалық тұрпаты, діни сенімі, ұлттық төзімділік, әдептілік, т.б.) мәдени-өркениеттік қалыптар кешенін де қабылдау екені де таныла түсуде. Жаһандану барысында Батыс мәдени құндылықтарының басымдық танытуы көптеген ұлттарды үрейге салып, ұлттың төлтумалық сипатының жоғалуына түрткі болуы мүмкін деген қауіп сейілмей отыр. Біздің елдің ғалымдары, ұлт мүддесін көздеген азаматтар «Батыстың технологиялық жаңалығына ұмтылу, экономикалық өндірісті

С приобретением независимости СМИ Казахстана обрела глобализацию и здоровую конкуренцию: наравне с государственными СМИ в Казахстане появились и частные масс-медиа, что для страны играет существенную роль в реформе общественно-политической и социально-экономической жизни. В статье на примерах отечественных СМИ проведен анализ на тему глобализации СМИ Казахстана.

With the acquisition of Kazakhstan's independent media in Kazakhstan has found a healthy competition and globalization: an equal footing with state-run media in Kazakhstan came and private media that the country plays a significant role in the reform of the socio-political and socio-economic life. In this paper the examples of national media was analyzed and world view of the author on globalization of mass media in Kazakhstan.



ұйымдастырудағы жетістіктерін игеру – қажеттілік, ал одан керісінше бүгінгі күнде рухани тапшылыққа айналып отырған ізгілік, кісілік, адамгершілік, бауырмалдық, әдептілік, тәрбиелік мазмұн іздеу – бос әурешілік» деп пікірлер айтуда. Алайда осыған қарамастан бүгінгі күндегі басы ашық мәселенің бірі – қазақ қоғамы қазір қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану үрдісінің ықпалынан оқшауланып өмір кеше алмайды. Жаһандануды әрбір ұлт, әрбір этнос, әрбір мемлекет өзінің болмысына бейімдеп сіңіре алғанда ғана осынау қауіпті болып көрінетін құбылыс керісінше ел игілігіне қызмет ететін болады.

Осынау жаһандану үрдісіне қалай жұтылып кетпейміз деген сұраққа негізгі татымды жауап, ол – ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу. Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ол жайдан-жай емес, әрине. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы адамды ойлануға үйретуі. Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлтың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіруі болса керек. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы мемлекетшілдік, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені, біздің төлтума мәдениетімізді, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ой-санамызды, ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен де маңызды мәселе болып отыр. Қалай десек те ендігі жерде өзіндік “менін” сақтауға ұмтылған жұрт ең алдымен ұлттық тарихи жадын, бірегей ұлттық ой-санасын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ділін, дінін дәстүрлі мәдениетін аман алып қалу және оны одан әрі дамыту жолында күреске түсетіні анық. Олай болса, осы айтқанымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты жүзеге асатынын еріксіз мойындаймыз.

Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2010 жылы 26 қазанында Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясында сөйлеген сөзінде “ең алдымен білім мен тәрбие беру жүйесі арқылы, БАҚ-тарда этносаралық қарым-қатынастар тақырыбын әдепті жазу арқылы, қазақстандықтардың құқықтық мәдениетін арттыру арқылы азаматтық біртектілікті, қазақстандық қоғамдағы толеранттылықты дамыту

қажет» деген болатын. Бүгінгі еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарының алдында тұрған негізгі мақсат - ұлттық сана-сезімі, тәрбиесі жоғары болашақ жастарды тәрбиелеу, сонымен қатар ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасы ақпарат кеңістігінің бәсекеге қабілетті болып даму жайындағы 2006-2009 жылдардағы концепцияға сүйенсек, бүгінгі күні информациялық нарықтың негізгі элементтері қалыптасты. Егер, 1990 жылғармен салыстырса оған дейін республикада бар болғаны 10 мемлекеттік газет-журнал басылып, эфирге 21 теле және радиоканал шығатын (1). Ал 2006 жылғы 1 маусым да Қазақстанда жалпы информациялық кеңістіктің жағдайы осындай болды: 7281 БАҚ тіркелген. Мемлекеттік емес БАҚ-дың үлесі 78 пайыз. Тіркелген БАҚ-дың арасында тұрақты түрде 2479 жұмыс істейді. Мемлекетте кабельді және эфирді-кабельді телевизия торларының 80-нен астам операторы жұмыс істейді (Ірілері “Казинформтелеком”, “Секател”, “Алма-ТВ”, “Казцентр-ТВ”, “КВК”). Мемлекеттің ішкі информациялық нарығында шетелдің 2392 БАҚ-ы жұмыс атқарады – 2309 газет-журнал, 83 телебағдарлама. Шетел БАҚ-ның шамамен 90 пайыз орыс тілінде таралады, 5 пайыз - ағылшынша, 5 пайыз - басқа тілдерде (2).

Бұрынғы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2008 жылғы дерегі бойынша, республикада тіркелген 8343 бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде 2544 – і жұмыс істейді; оның үстіне 215 электрондық БАҚ, 167 кабельді және екі спутник операторы бар (3). Көріп отырғанымыздай, ақпарат нарығы күн санап дамып келеді.

Жаһандану заманында бірыңғай ақпараттық кеңістік сауда-саттық, қаржы, көлік, ақпарат және технологиялық ағындарды қамтамасыз етіп, экономикалық процестерді жеделдетуге мүмкіндік туғызады. Екінші жағынан бүгінгі күні әлемдік БАҚ кейбір аймақтар мен жеке мемлекеттерге ақпараттық ықпал етіп, жергілікті халықты өздерінің идеологиялық құрсауында ұстап отырғанын көріп жүрміз.

Қазақстанның рухани, экономикалық, саяси, қоғамдық өмірінің дамуына шетел ақпарат құрылымдарының қатты әсер етіп жатқандығын жоққа шығара алмаймыз. Осылайша еліміздің шет мемлекеттердің ақпарат экспансиясының құрсауында отырғанының куәгері болудамыз. Бұл жерде мемлекетіміздің ақпараттық қауіпсіздігі бірінші кезекте қорғалуы туралы

әңгіме туындайды. Бұл турасында Елбасы өзінің “Қазақстан-2030” жолдауында былай деп жазады: “Қауіпсіздік пен тұтастық мәселелерінде біз үнемі қырағы болуға тиіспіз. Біздің көрсетіп отырған және болашақта да көрсете беретін ізеттілігіміз бен меймандостығымыз тіпті де аңқаулық пен кіріптарлықтың көрінісі емес” деді. (4)

«Қай жұрттың баспасөзі мықты болса, сол жұрттың өзі де мықты» - деген М.Дулатовтың пікірінде бүгінгі күннің ақиқаты бар. Қазақстанның мемлекеттігінің басты тірегі ұлт болса, ал бұқаралық сананы жетілдіріп, қоғамдық пікір қалыптастыратын құрал – бұқаралық ақпарат құралдары болып саналады.

Тәуелсіздік алған жылдан бері Қазақстанның қоғамдық-саяси және экономикалық-әлеуметтік өміріндегі реформалық ірі өзгерістермен БАҚ нарығында да айтарлықтай өзгерістер орын алғаны мәлім. БАҚ нарығында мемлекеттік БАҚ-пен қатар жеке меншік саналатын ірі-ірі медиамаг-

наттар иелігіндегі масс-медиа дүниеге келді. Бұл үдеріс, әрине БАҚ алаңындағы ақпараттардың берілу әдістерімен қатар, олардың өңделуін, бұқараға жеткізу және ұсына білу әдістерін де өзгертті. Нарық ойыншылары саналатын әрбір БАҚ-тың өз аудиториясы мен қоғамдық сананы билеп-төстеуге ұмтылған саясаты қашан да елдегі саяси оқиғалармен қатар өрбіп отыр. Уақыт өте жіктеліп, құрылтайшылары мен шығармашылық редакциялық топтың ұстанған позициясына қарай жаңа бағыт, жаңа сарындағы БАҚ нарығы дүниеге келді. Бұл нарықта мемлекеттік сипаттағы БАҚ-пен қатар, оппозициялық, тәуелсіз және салалық сипаттағы БАҚ өзара бәсекелістік алаңына шықты.

Жаһандану үрдісіне қарамастан біздің еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары ұлттық мүдде, елдік мұрат жолында әрқашанда тізе біріктіріп, жұрт үшін жұмыла еңбек етулері қажет екенін уақыт көрсетіп отыр.

1. Деннис Э. Беседы о масс-медиа. – М.: Вагриус, 1997. – 158 с.
2. Кузьмен О.В. Социология общественного мнения. – Новосибирск, 1996. – 102 с.
3. Солодун Ю.Н. Российские средства массовой информации: являются ли они “четвертой властью”? // СМИ в политических технологиях. – М.: Энигма, 1995. – 204 с.
4. Кургиян С.Е. “Седьмой сценарий”. – М., 1992. – Ч. 2. – С. 190-196.
5. Мерилл Д. Беседы о масс-медиа. – М.: Вагриус, 1997. – 213 с.
6. Жүніс Е., Ашанова А., Ануарбекова А. Қазақ өзін қалай ұстауы керек? Қазақ әдебиеті, 15- 25 желтоқсан 2009
7. Ануарбек А. Әнертапқыш, Қазақ әдебиеті, 16 қазан, 2009





Қаламқас Ерходжаева,

2-курс магистранты

«АРЫС» БАСПАСЫНАН ЖАРЫҚ КӨРГЕН КІТАПТАРҒА СЫН

Еліміздегі баспа ісіне қатысты ғылыми жұмыстар әлі жан-жақты, толық жүргізіле қойған жоқ. Қазақстанның кітаптану саласын зерттеу ісі де қалыптасып, жоғары дәрежеде дамып отыр деп айту да ерте. Сондықтан да баспа ісі және кітаптану ғылымының өркендеуіне азғантай болса да, үлесімді қосуды көздеймін.

Қазіргі кезде елімізде 300-ден астам баспа ұйымдары және 800-ден астам баспахана ашылып, жұмыс істейтіні жөнінде мәліметтер бар.

Міне, Қазақстандағы осынау баспаларда белгілі бір бағыттарда және арнайы атаулармен сериялы кітаптар шығару үрдісі бұрыннан қалыптасқан.

Сонау ұзақ жылдар бойы жұмыс істеп келе жатқан «Қазақстан» баспасында «Фибратты ғұмыр» сериясымен: Нұрғиса Тілендиев, Дмитрий Снегин, Герольд Бельгер, Зия Сәмәди, Павел Атрушкевич, Мұхтар Әлиев, Нина Қайыпова, Шапық Шөкин, Ебіней Бөкетов, Нәзір Төрөқұловқа арналған кітаптар жарық көрген.

Қазақстанның бұрынғы көркем әдебиет баспасы, 1964 жылдан «Жазушы» деп атала бастаған баспа «Халық ауыз әдебиеті» сериясымен көптеген

кітаптар шығарды. Сонымен бірге кеңестік дәуірде шығаруға тыйым салынған Алаш зиялыларына арналған арнайы серия бойынша Кенесары, Нысанбай жырау, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Б.Майлин және т.б. классиктерімізге арналған кітаптар да осы баспа арқылы жарық көрген.

«Өлке» баспасында саяси қуғын-сүргінге ұшырап, көпуақыт оқырмандарынан қолүзіп қалған қазақ әдебиетінің арыстары – Алаш көсімдері Ә.Бөкейхановтың, Х.Досмұхамедұлының, К.Кемеңгерұлының шығармалары «Алаш мұрасы» сериясымен басылған.

Кезінде жастарға арналған кітаптар шығаруға мамандандырылған «Жалын» баспасынан бөлініп шығып, сәбилерге әріп үйретіп, оларды түрлі-түсті қызықты кітапшалармен қамтамасыз етуді мақсат еткен «Балауса» баспасында «Ойлан, тап!», «Өзің боя!», «Менім сүйікті кітабым», «Менім алғашқы кітабым» сериялары бойынша кітаптар шығарылып келеді. Бұл сериялар бойынша негізінен кішкентай балалардың оқуына қолайлы, шағын көлемдегі, суреттері мол, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, суретті әліппелер, жазушылардың қысқа әңгімелері, өлең-жырлары жинақталған кітаптар бөбектер назарына ұсынылып келеді.

«Санат» баспасы шығарған кітаптардың ішінде «Қазақстан тарихы: зерттеулер, құжаттар» сериясымен шығарылған еңбектер ерекше орын алады.

«Қайнар» баспасынан «Қазақтың көрікті жерлері» сериясымен қазақ және орыс тілдерінде «Сарыарқа», «Есіл жағалауы», «Іле Алатауы» атты кітаптар шығарылды.

«Раритет» баспасынан қазақ тілінде «Алтын көр», орыс тілінде «Раритетная коллекция» сериялары бойынша кітаптар шығарылады. «Раритетная коллекция» сериясы қазақстандық жазушылардың шығармаларын оқырмандарға ұсынады. Ал «Жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар» сериясының кітаптары Республикалық және Халықаралық кітап жәрмеңкелеріне қатысқан.

«Елорда» баспасынан «Қазақ прозасының «Алтын қоры», «Қазақ поэзиясының «Алтын қоры» сериясымен қазақтың майталман сөз зергерлерінің шығармалары мен өлеңдері жарық көріп келген. Осы баспадан «Ғибраты мол ғұмыр» сериясымен «Хайдолла Тілемісов», «Әбдімәлік Нысанбаев», «Бәйкен Әшімов», «Мақтай Сағдиев», «Хадиша Бөкеева» атты кітаптар жарық көрген. Ал, шетелден елімізге қайта оралған ақын-жазушылардың шығармалары «Атамекен» сериясымен басылған.

Міне, осындай сериялы кітаптар шығару

дәстүрін «Арыс» баспасы да жалғастырып келеді.

Бүгінде кітап ісімен шұғылданатын танымал мекемелердің қатарынан өз орнын тауып отырған «Арыс» баспасының құрылуы – еліміздің рухани және мәдени өмірімен тығыз байланысты.

Мен таңдап алған тақырыптың тағы бір өзектілігі – кітаптану және баспа ісі саласын дамытудың жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастырумен қатар, оларды еліміздің мүддесін үшін еңбек ететін азаматтар етіп тәрбиелеудегі маңызы орасан зор. Өйткені адам баласының санасын әртүрлі сипаттағы толассыз ақпараттар жаулап алған бүгінгі заманда кітаптың мәні мен маңызы арта түспесе, кеміп отырған жоқ.

Бірақ мәселе – кітаптардың өтпеуінде емес, олардың оқырман қауымға жетпеуінде екенін ұмытпауға тиіспіз. Бұл жөнінде «Арыс» баспасының негізгі құрылтайшысы, белгілі ғалым Ғарифолла Әнес былай дейді: «Басты мәселе – біз оқырманды жоғалтып алып отырмыз. Адамдардың кітапқа деген қызығушылығы, құрметі жыл санап кеміп барады. Соған сай қазіргі таңдағы қазақтың ең үлкен қасіреті білім дәрежесінің төмендеп бара жатқаны. Мен өзім университетте дәріс беремін, сонда байқағаным, әр бес жыл сайын студенттердің білім деңгейі түсіп келеді. Мұның түптамырына үңілсем, мәселе мынада екен: 90-жылдары экономикалық қиын кезең туғанда мектепті кітап оқымай бітірген бала университет табалдырығын аттап үлгерді. Көрдіңіз бе, бір кездері баланы назардан тыс қалдырып едік, салдары қандай болып қайтып жатыр? Егер де біз оқырман мәселесін шешпейтін болсақ, ешқашан қазақ кітабының мәселесі шешілмейді».

Тақырыпты жан-жақты талдауға кіріспес бұрын «Арыс» баспасы туралы айта кетуді де жөн көрдім.

«Арыс» баспасының іргесі 2001 жылдың 10 желтоқсанында қаланған. Дәл сол күні ол Алматы қалалық Әділет басқармасында заңды тұлға, яғни жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде тіркеліп, қазіргі уақытқа дейін тоқтаусыз жұмыс істеп келеді.

Баспа алғашында 1992 жылы Алматыда қуғын-сүргінге ұшыраған Қазақ зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қоры болып құрылып, 1994 жылдан бастап өз жанынан кітаптар шығара бастады. Бірнеше рет әлеуметтік маңызды әдебиеттерді шығаруға мемлекеттік тапсырыс алып, 300-ден астам кітап шығарғаннан соң, жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып қайта тіркеледі.

Баспаның негізгі бағыттары: Алаш



қайраткерлерінің еңбектері мен олар туралы кітаптар, түрлі энциклопедиялық басылымдар мен анықтамалар; тіл саясатына қолдау көрсету; тілші-лингвистердің еңбектерін жарыққа шығару болып табылады.

«Арыс» баспасында әр кездерде М.Ізімов, М.Тәжі-Мұрат, Ә.Ақпамбетов, З.Әйтімов, А.Кеңшілікұлы, Г.Гайжанова, Л.Қапашев, Г.Құныпияұлы, Қ.Ахметов, Е.Тілеген, С.Қалов және т.б. редактор болып қызмет істеді.

«Арыс» баспасының құрылып, қалыптасу және даму жолы еліміздің рухани және мәдени өмірімен тығыз байланысты. «Баспа оқырманға қажетті кітаптарды шығару, оларды дер кезінде тарату сияқты жұмыстарды қалай атқарып жүр? Баспаның кітаптану саласындағы жалпы жағдайы мен орны қандай?», деген сауалдарға келсек, оның жауабын Г.Әнестің төмендегі пікірінен де таба алатын сияқтымыз:

«Осыдан 20 жыл бұрын Алаш арыстарының еңбектерін шығару мақсатында ашылған «Арыс» қорының баспасында бүгінде 10-нан аса серияда кітаптар шығарылады. Алайда, Үкіметтен соның екі-ақ сериясын шығаруға қаржы бөлінсе керек. Қалған 10 серия баспаның өз қаражатына шығады. Егер осы кітаптар түгел өтіп, қарды айналымы бір ізге түскенде, аспа сол қаржыға 20 серия кітап шығара алады екен. Алайда, бар мәселе тағы да тиражға, оқырманға келіп тіркеледі. 1000, 2000, тіпті 3000 тираждың өзі баспаға бір тиын пайда әкелмейтін секілді. Ол тек қана шығын екен. Өйткені бізде кітап өндірісі жолға қойылмаған. Ал кітап өндірісі қалыптасу үшін кеңестік кезеңдегідей кітаптар жүз мыңдаған таралыммен басылуға тиіс. Оған оқырман жоқ. Бірақ, бұл осы саладағы сан проблеманың тек бірі ғана. Келесі айтар уәжіміз, кітаптың ең басты жауы теледидар. Неге десеніз, теледидардан күндіз-түні ағылып жатқан кино не болмаса түрлі бейнеклиптер оқырман қалдырмай, барлығын көрерменге айналдырып бара жатыр. Одан қалса интернет те уақытты білдірмей жымқыратын «ұры».

Осындай күрделі жағдайға қарамастан, «Арыс» баспасының «XX ғасыр тұлғалары – Личности XX века» сериясы бойынша көптеген Алаш зиялыларының мұралары, елге белгісіз болып келген «ақтандақ» мәліметтер ортамызға оралды. «Жаңа энциклопедия – Новая энциклопедия» сериясы бойынша «Батыс Қазақстан об-

лысы», «Жетісу», «Северо-Казахстанская область», «Отырар» аймақтық энциклопедиялары және тағы басқа энциклопедиялар жарық көрді. «Қазына» сериясы бойынша «Қырымның қырық батыры», 50 томдық «Атырау ақын – жазушылары кітапханасы», араб қарпімен ондаған естелік кітаптар паракқа шықты. «Сыр сүлейлері» сериясы бойынша да кітаптар шығарылуы үстінде. «XX ғасыр тілшілері – Лингвисты XX века» және «Тіл - құрал» серияларының мақсаты – қазақ тіл білімі ғылымының тұтас антологиясын жасау.

«Арыс» баспасының жоғарыда аталған сериялар бойынша шығарылған кітаптарынан аталған баспаның «Тұлға - Личность» сериясы арқылы жарық көрген жинақтардың негізгі ерекшелігі – Махамбет, Құрманғазы, Дина, Халел Досмұхамедұлы сияқты т.б. жеке тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы, ол кісілердің көзін көрген азаматтардың естеліктері, ол кісілер тіралы жарық көрген түрлі еңбектер, мақалалар, очерктер, библиографиялық деректер жүйеленіп, жинақналған. Бұл кітаптардың энциклопедиялық сипаты басым, кезінде мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген, белгілі бір кітаптарда, жинақтарда басылған нақты еңбектер тақырыптық, мазмұндық жағынан топтастырылып, оқырманға ыңғайлы сипатта ұсынылған.

«Арыс» баспасы сан ғасырлық тарих көшінде аты аңызға айналып, даңқы бүгінге жеткен халқымыздың ардақты ұл-қыздарын ұлықтау мақсатында «Тұлға - Личность» атты жобаны 2004 жылдан бастап қолға ала бастаған. Осы сериядағы кітаптар Атырау облыстық әкімдігінің қолдауымен, Ақтөбе қаласындағы «А-Полиграфия» баспасымен бірлесе отырып, Алматы қаласында жарық көрген.

Яғни дүниені ұшқыр ақпараттар легі билеген қазіргі заманда «Арыс» баспасы шығарған «Тұлға-Личность» сериясымен жарық көрген кітаптардың да өзіндік орны бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Өйткені бұл кітаптар халқымыздың өткен тарихын танып-білуге, еліміздің көрнекті тұлғаларының бұған дейін беймәлім болып келген өмір қалтарыстарына назар аударуға, жалпы алғанда, жас ұрпақтың мәдени, тарихи сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оған қоса, аталған серия бойынша шығарылған кітаптарды зерттеу арқылы кітаптану және баспа ісі саласын ғылым ретінде дамытуға белгілі бір дәрежеде өз үлесімді қосамын.

ҰЛТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИ- КАДАҒЫ РЕСМИ АҚПАРАТТЫҢ БЕРІЛУ ҚИСЫНДАРЫ

Дана Байгожина,
2 курс магистранты

Ақпараттың жеткізілу техникасы дұрыс болса, халық оны қандай ақпарат екендігіне қарамастан қабылдайды.

Терри Гудкайн

Тарихы сан ғасырлардың қойнауына кететін еліміздің арғы - бергі тарихына қарайтын болсақ, халқымыздың басып өткен жолдарын айқындауға септігі бар үлкенді - кішілі деректердің саны қанша ма? Кемеліне келген елдер өз тарихының әрбір бетін қастерлейді. Сол сияқты, біздің тарихымызда да үлкен бір "заңдылық" бар. Тоқсан тарау тағдыр, танымы терең тарих тоғысының өзі том-том тарих таразысымен тоқайласпаушы ма еді?

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері орасан өзгерістерге түсті, әлі де түсуде. Қоғам өзгерді. Адам өзгерді. Сана өзгерді. Жаксы да болып жатыр, жаман да болып жатыр. Қазақ тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық. Бүгінде "елім" деп өтірік емеурін танытқан көп, оларға басты қарсылық көрсетушілер аз емес. Бүкіл әлем өте қызықты кезеңде өмір сүруде, барлығы бірге біз де, қазақстандықтар да өте маңызды оқиғалардың қатысушылары және куәгерлері болып отырмыз. Біздің көз алдымызда әлемдік ауқымдағы жылдам өзгерістер, тіпті, қоғамдық қауымдастықтың, жеке индивид өмірінің белгілі бір қырлары бір сәтте әсер етуі мүмкін өзгерістер болуда. Біздің еліміз

Журналистика — актуализация мировоззрения социальных групп средствами подбора фактов, оценок и комментариев, которые злободневны и значительны в данное время. Под журналистикой понимают также практику сбора, интерпретации информации о событиях, темах и тенденциях современной жизни, ее представления в различных жанрах и формах, и последующего распространения на массовую аудиторию. Информация — сведения об окружающем мире и протекающих в нем процессах, воспринимаемые человеком или специальным устройством. Основной фундамент государство- журналистика. А народной национальная журналистика.

Journalism - update world of social groups by means of selection of the facts, estimates and comments that are topical and important at this time. By understanding and journalism, the collection, interpretation of information about events, themes and trends of modern life, its representation in various genres and forms, and subsequent distribution to a mass audience. Information - information about the world and place it in the process, perceived a man or a special device. The basic foundation of the State zhuranlistika. A People's National Journalism.



Қазақстанда да әсері бір мысқал кем емес үлкен процестер өтіп жатыр және бола береді де.

Тәуелсіз еліміз орта мектепті бітіретін жас түлектердің жасына енді келді. Бұл қысқа мерзімді кезең адам өмірімен есептегенде де, тарихи тұрғыдан алып қарағанда да көп уақыт емес. Мемлекеттіліктің барлық атрибуттары белгілерніп, нығайып, қанаты қатайып, биікке, алысқа, қиырға ұшыратын жасқа енді келді. Бірақ, осындай қысқа мерзімге қарамастан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы экономика - әлеуметтік қиыншылықтарды еңсере жүріп, елімізді әлем мойындаған құбылыс. Еліміздің саяси өмірі жаңғыртылып, түбегейлі өзгерістер жасалды. Мемлекеттіліктің институттары құрылып, экономикамыз нарықтық жолға түсті. Мемлекеттік шекарамыз айқындалып, елдің тұтастығы, жердің бүтіндігі, мемлекеттің тәуелсіздігі мойындалды. Ұдайы экономикалық даму негізінде Қазақстан әлеуметтік салада секіріс жасап, өмір сүру деңгейі жағынан Еуропалық даму үрдісіне жақындайтын ТМД мемлекеттері арасында жетекші елге айналуға. Бірақ, билік басшылары уақыт факторымен есептесіп, біздің көш басында тұрғанымызға қарамастан, асығыстық жасап, алға кетудің еш қажеті жоқ екенін жақсы түсінеді. Әрине, ешқандай ағаттық жоқ десек, ол да шындыққа жанаспайтыны белгілі.

Саяси мәселелер нақты проблемалар екені мәлім. Өйткені, саяси ағаттықтар адамдардың нақты жағдайларда жіберген қателіктері.

XX ғасырдың соңғы он жылы еске түсіп отырған жаһандану белгісімен өтті, жаһандану қоғамдық қызметтің барлық салаларын қамтыды. Жаһандану сипаты көп қырлы, ол экономиканы, мәдениетті, ғылымды, идеологияны және әрине халықаралық саясаттың түрлі салаларын қамтиды.

Ал, XXI ғасыр-ақпарат ғасыры. Бүгінде кәсіби қолдағы БАҚ- қоғам пікірінен құралған үнтаспа кассетасы./1/ Жаңа ақпараттық технологиялардың дамуы, еліміздің экономикалық, саяси тіпті әлеуметтік өміріне өзгерістерін енгізбей қоймайды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі аралықты жаңа ақпараттық революцияның куәсі болып отырмыз.

"Адамдардың түрлі оқиғалардан хабардар болуына мүмкіндік беріндер, сонда ғана ел қауіпсіздікте болады",-депті кезінде АҚШ-тың он алтыншы президенті Авраам Линкольн. Сондай -ақ, оның "Идея ағыны, жан -жақты ойластырылған шешеім қабылдай білу, сынауға мүмкіндік алу - осының бәріне негізделген саяси демократия көп жағдайда ақпаратқа тәуелді" //,-деген сөздері ақпарат ұғымының мәнін білдіріп

тұрса керек.

Жалпы, "ақпарат ұғымы" латын тілінен аударғанда, "мағлұмат беру, хабарлау, мазмұндау" деген мағына береді. Қоғамдық, әлеуметтік қызмет саласындағы мәні белгілі бір деректі жинақтау мен өңдеу, таратумен айқындалады. Ақпарат белгілі бір объект пен аудитория арасында дәнекерлік рөлін атқарады. Сондай -ақ, ақпарат- қоғамдық пікір қалыптастыратын құрал.

Бүгінде ақпаратты тұтынбайтын адам жоқ. Күнделікті өмірдегі шағын ақпараттан бастап, қоғамдық, саяси ақпаратқа дейінгі мағлұматтың бәрі құнды. Бұқаралық ақпарат құралдарынан бастап, БАҚ-пен байланысты қызмет жүйесінің барлығы бүгінде қоғамға құнды ақпаратты жинау, өңдеу, тарату, сақтау бағытында жұмыс атқарады. Фактілерді іздеп, өңделгенін қоғамға таратып, әлеуметтік ой қозғайтын қоғамдық пікір тудырушыларымыз - журналистер.

"Қалам ұстағандардың бәрі ел жадында қалардай жақсы журналист атана бермейтіні аталмыш мамандықтың қиындығын әйгілері ақиқат. Ең әуелгі алдындағы ақ қағазға, қаламға адалдық керек: қарақан бастың қамынан гөрі ел мүддесі, халқы таңдыры, Отанның бүгінгі мен келешегі қашанда бірінші орында тұруы -басты талап. Ондай журналистер қатары көптеп саналары да құпия емес. Ел - жұрттың жайын өткір, шыншылдықпен айта білу де жеткіліксіз, тәуелсіз мемлекетіміздің алғы күнге озған мүддесін әркім де білетін шығар, дегенмен ол да журналистің қайығын жағаға жұрт назарына еріксіз шалынады, оқылады". /2/

Журналистика - қазір бағы жанып тұрған мамандық, бұл салаға сіңірген еңбек бірнеше есе боп қайтады. Біздің ерекшелігіміз де, құдіреттілігіміз де, қиыншылығымыз да сонда. Өйткені, журналистің жетістігін де, кемшілігін де халық біледі. Бұқаралық ақпарат құралдарының күнделікті жұмысы , іс -әрекеті - қоғамды да, билікті де үнемі замана ауқымында айнадағыдай көрсетіп отырады. Ұсақ -түйектен бастап, ұлт ретінде сақталып ғана қоймай, өсіп -өркендеуіне негіз қалайтын мәселелердің баршасы, соның ішінде қазақ халқының өз алдында ел болып, өркениетті елдер қатарына ұмтылу жолындағы қыруар іс -шаралар, ең алдымен, осы басылым бетінде талқыға салынып, содан кейін шешімін тауып отыруы- соның бұлтартпас дәлелі.

Бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде, баспасөздің алатын орны бөлек. Өйткені, электронды ақпарат құралдарына қарағанда баспасөздің өзіндік ерекшеліктері бар. Айтарлық, радио, телевидениедегі эфирден айтылған сөз кейде сол сәттің, сол мезеттің ақпараты ретінде

калып жатады, ал газет -журналда басылған сөз - мәңгілік. Оны бірнеше жылдан кейін де, тіпті ғасырлар өткенде де тасқа басылған сөз ретінде пайдалануға болады.

"Газет әдебиет тобына жататын нәрсе болғандықтан жазылған сөздер мағына жағынан толымды, көңіл жағынан қонымды, тізуі тәртіпті, сын алдында сымдай боларға тиіс" /3/.

Кешеге дейін ресми негіздегі жағымды және жағымсыз ақпарат бойынша "айыпталып" келген басылымдар тек "ақталып" ғана қоймай, бүгінгі таңда сол мәселелер бойынша қадір -қасиетінің еселеп артып отырғандығына көз жеткізу талабынан туды. Сол арқылы "Егемен Қазақстан", "Жас қазақ", "Жас алаш", "Алаш" газетінің ұстанған бағыты, мақсат -мұраты және ұлттық сананы оятып, қалың қазақ елін азаттық күреске жетектеп алып шыққан қызметі жан -жақты талданып, тартыла зерттелді. Оны ел егемендігінің іргетасы қаланып жатқан бүгінгі заманмен байланыстыра қарастыруды да ұмыт қалдырғанымыз жоқ .

БАҚ-тағы сараптамалық материалдар халықтың дүниетаным көкжиегін оятып, көзқарастарын кеңейтіп, қалыптастыруға қызмет етеді. Сондай баспасөздің бірі - "Егемен Қазақстан" газеті. Бұл басылымның рөлін бөле -жара атап өтудің маңызы зор. Биылғы жылы шыға бастағанына бір ғасыр толатын бұл қарт басылымның еліміздің тыныштығы мен бейбітшілігі жолындағы қызметін ерекше атап өтуге тұрарлық . Бастысы өз ішіміздегі сенім -наным өкілдері тату -тәтті өмір сүруін, ұлт пен ұлыстың өкілдерін, келісім мен тұрақтылықты орнатып жатқан саяси аспектілерді насихаттауда "Егемен Қазақстан" газеті оқырмандарды жаңа мыңжылдықтың, жаңа ғасырдың тың талаптарына сай болатындай етіп ширатуды мақсат тұтады. Бүгінгі қазақ баспасөзінің халықтың рухын көтеру, елдің еңсесін биіктету жөнінде атқаратын миссиясы өте қастерлі. Сонау еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары идеологиямыз қандай болу керек деген стихиялы әңгіме бізде де өрбіген еді. Зиялы қауым ешкімнің нұсқауынсыз жүректегі сөзін айта бастады. Ел тағдырына жанашыр болып жүрген Шерхан Мұртазаның сөздерінде: "Жетпіс жыл марксизм мен ленинизмге сеніп, шекеміздің қызғаны шамалы. Ендігі жерде тәуелсіз еліміздің идеологиясын мұсылманшылыққа негіздеу дұрыс" деген пікір айтылды. "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған көлемді мақаласында Өзбекәлі Жәнібеков осы ойды әрі қарай дамыта түсті. Тек мұсылманшылыққа құрылып жасалған идеология барлық ислам дініндегі елдерге бірдей

ортақ болып шығады. Сондықтан қазақ елін, жерін, халқының психологиясын, экономикасын, тарихын ескере отырып, оны өзіне ғана дәлдеп, лайықтап қабылданған сенім ғана жұртты мұратына жеткізеді деген нақты тұжырым жасалды.

Тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап дербес мемлекет ретінде алға қарай аттаған әрбір үлкенді -кішілі қадамдарымыз, Елбасымыздың елімізді көркейту жолындағы әрбір іс -әрекетінің "Егемен Қазақстан" газетінің бетінен орын алуы заңды. Президент Н.Ә.Назарбаевтың еліміздің дамуының 2030 жылға дейінгі стратегиялық бағдарламасы, әр жылды саяси қуғын -сүргін құрбандарын еске алу, Ұлттық тарих, Ауыл жылы деп жариялануының арқасында тындырылып жатқан ауқымды іс -шаралардың әрқайсысы газет бетінен үзбей орын алып келеді. Сонымен қатар елімізде іс тетігін ұстаған, әр саланың басшыларына сөз беріліп, олардың атқарып жатқан шаруаларына, жетістіктері мен кемшіліктеріне барлау жасалып отырады. Ел газеті "Егемен Қазақстан" Елбасымыздың әр елдерге сапарының әлемдік саясаттағы мән -маңызына, халықаралық қарым -қатынастарда алар орнына, ұлы елдермен көршіліктің жүктейтін ұлы жауапкершіліктері туралы сараптама материалдарды ұсынып келеді.

"Егемен Қазақстан" газетіндегі әрбір мақаланың жастарымыздың бойында отансүйгіштік, патриоттық рухын қалыптастырып, адамгершілігі зор, өткенге, ұлттық тамырына зор құрметпен қарайтын азаматтар тәрбиелеудегі маңызы орасан зор. Кейінгі жылдарда еліміздің аға газеті 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін көрген, жазықсыз жапа шеккен ерлеріміз туралы, жалпы елі үшін көзсіз ерліктерге барған асыл азаматтарымыз туралы материалдарды көптеп беруде. Қоғам өміріндегі игі өзгеріс, батыл бетбұрыстарды насихаттаумен қатар, көлеңкелі тұстарды орағытып өтпей, сын терезесіне салып отыру - газет редакциясында ежелден қалыптасқан дәстүр. Осының арқасында бүгінгі күні газеттің беделі көтеріліп, шын мәніндегі жалпыұлттық газетке айналғанын көріп отырмыз. Бұл газет тізгінін ұстаған қаламы қарымды, қайраткер қаламгерлеріміз Шерхан Мұртаза, Нұрлан Оразалин, Уәлихан Қалижан, Ержұман Смайыл, Сауытбек Абдрахмановтардың шығармашылық әрі ұйымдастырушылық қарымының мықтылығымен келген бедел екендігін айтуымыз керек. /4/

Қорыта айтсақ, әрбір мемлекеттің көзі, құлағы БАҚ құралдары, БАҚ өкілдері. Қай мемлекеттің баспасөзі мықты болса, сол мемлекеттің өзі де нық сенімді өмір сүреді. Негізгі

бағыт -ұлтына деген,халқына деген махаббат пен сүйіспеншілік қана және дұрыс қоғамдық сана қалыптастыру. Қоғамдық сананың өзгеріп, өсуі қоғам мүшелерінің мемлекет өмірімен күнделікті мол, әрі объективті мағлұмат алу дәрежесіне тікелей байланысты,қоғамдық сана өз кезегінде қоғамдық пікір негізінде қалыптаспақ. Қоғамдық

пікір билік тармақтарының белгілі бір шешімінің терістігіне БАҚ арқылы көз жеткізсе, ол шешімді өзгерту үшін тағыда сол ақпарат қызметін пайдалана отырып ықпал ете алады. БАҚ -ның "төртінші билік" аталуы оның осындай саяси әлеуметтік қызметтерінің маңыздылығынан туындаса керек.

Сілтеме:

1. www.google.ru. Нақыл сөздер.Терри Гудкайнд
2. Омашев Н. «Қазақ журналистикасы» I том. Алматы, 2008 ж.
3. Байтұрсынов А. Орынбор ,2-інші ақпан\Қазақ газеті,1917 №3.
4. Омашев Н.»Қазақ журналистикасы» I том. Алматы, 2008 ж.



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САНДЫҚ ТЕЛЕВИЗИЯНЫҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ



Гүлаим Қабатан,

2 курс магистранты

Тәуелсіздігіне жиырма жыл толып отырған бүгінгі қазақ ұлты – бұрынғы көшпенді тұрмысқа бейімделген дала халқы емес. Біз өркениет орталығы саналатын қала халқына айналып, сапалық жағынан көп ілгерілеп, бүтіндей аграрлық жағдайдан гөрі, индустриялық-инновациялық мемлекет құруға көшіп отырған елміз. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік гүлденуі, халқының білімі мен бұқаралық ақпарат құралдарының заман талабына сай өзгеріп отыруымен тығыз байланысты. Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде телевидениенің орны бөлек. Онсыз қоғам өмірін көзге елестету мүмкін емес. Ол барлық уақытта қоғам өміріне араласа отырып, баға берумен, қорытындылар жасаумен, ұсыныстар айтумен зор қозғау салады. Әсіресе, саясат, экономика, экология, қоғамдық-әлеуметтік қатынастар және тағы басқа көптеген салаларда шешімге келіп, жүзеге асыруға ықпалы зор. Сондай-ақ, ол адамдардың идеялық тәрбиелеу құралы болып келіп, адам санасын көтеруге, рухани әлемін байытуға себепкер болады. Адамды аз уақыт ішінде жаулап алатын, өмірдің қыр-

Основная цель статьи, показать перспективы развития цифрового телевидения в Казахстане. Автор показывает, что в наше время глобализация несет в себе технологии нового типа. Именно поэтому в статье рассматриваются особенности цифрового телевидения и его развитие в Казахстане.

Article main objective to show prospects of development of digital television in Kazakhstan. The author shows that presently globalization bears in itself technologies of new type. For this reason in article features of digital television and its development in Kazakhstan are considered.

сырына үйрететін, халықпен тікелей байланыс жасататын осы телевизия екеніне көзіміз жетіп, оны жан-жақты зерттеп келеміз. Ендігі кезектегі мақсатымыз отандық телевизияның сандық телевизияға көшу әрекетін мақтау немесе даттау емес, зерттеу нысаны ретінде көрермен көзімен баға беру.

Қазіргі заманғы телевизия көптеген тарихи кезеңнен өтіп, бірнеше жетістіктерге жетіп, енді заман талабына байланысты сандық телевизияға көшу үрдісін жүргізіп келеді. Көптеген мемлекеттер толық сандық жүйеге көшіп те үлгерді. Қалғандары көшуге тырысып жатыр. Қазіргі таңда сандық телевизия ұғымы бұқаралық ақпарат құралдарында молынан кездесіп жатқанына қарамастан, оны әлі де дұрыс түсіне алмаған аудитория жеткілікті. Сондықтан да сандық телевизияның әлі де толық ашылып үлгермеген сыры мол. Оның не екенін түсіну үшін: біріншіден, оған анықтама берген жөн.

Сандық телевизия – бұл ақпараттарды сандық модуляция мен сығымдау әдістерін пайдалана отырып, бейне және дыбыс сигналдарын транслятордан теледидарға беру жүйесінің моделі. Қазіргі заманғы сандық телевизияның басты негізі MPEG сығымы болып табылады /1/.

Дүниежүзі бойынша сандық телевизия 1998 жылы тарала бастағаны белгілі. Он екі жыл ішінде осы салада біршама тәжірибе жинақталды деуге әбден болады. Ендігі мәселе – сандық телевизияның енгізілуі қай елде, қалай жүргізіліп жатыр? Мәселен, Америка Құрама Штаттары сандық жүйе нарығына бірінші болып кірді. Ал 2009 жылдың 12 маусымында олар толықтай аналогтық жүйеден бас тартты. Сандық жүйеге көшу үшін АҚШ үкіметі 2 миллиард қаржы жұмсады. Еуропа мемлекетінде де бұл үрдіс белсенді жүріп келеді. Бельгия, Германия, Люксембург, Нидерланды, Финляндия және Швеция аналогтық эфирлі телевизиядан толықтай ауысты, ал оның қалған мемлекеттері 2012 жылға дейін жоспарлап отыр.

Біз 2015 жылға дейін сандық телевизияға толықтай көшуіміз керек. Мұндағы шекті уақыттың белгіленуі міндетті, өйткені 2007-ден 2015 жылға дейінгі аралық Халықаралық электрлік байланыс одағының шешімі бойынша «Женева-2006» келісіміне қатысушы барлық мемлекеттер үшін «аналогтық» хабар таратудың бұған дейінгі дәстүрлі түрінен сандық түріне көшудегі өтпелі кезең болып саналады.

Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрі Асқар Жұмағалиев сандық және эфирлі телевизияның таяу болашақтағы

даму жоспарлары туралы ой тарқатты. Оның айтуынша: «Бүгінде елімізде эфирлік, спутниктік және кабельді телевизия жұмыс істейтінін білеміз. Сандық телевизия – осы ортадан алшақ кетпей-ақ, белгіні өңдеудің жаңа тәсілі. Цифрлық стандартқа ауысу техникалық ілгерілеушіліктің арқасында болғандықтан, оның артықшылығы мен мүмкіндіктері де ауқымды болмақ. Біріншіден, белгі мен бейнені беру сапасы жақсарады. Екіншіден, радиожилікті пайдалану тиімділігі артады. Ең бастысы, сандық телевизияға ауыспауға да болмайды. Өйткені еліміз енетін «1 аудан» үшін аналогтық жиілік жоспары 2015 жылға дейін ғана жұмыс істейді. 2015 жылдан бастап тек сандық таралымның жиілік жоспары қолданыста болады. Егер осы кезге дейін «санға» көше алмасақ, онда ел аумағындағы радиоэлектронды құралдар көрші елдердің радиоэлектронды құралдары тарапынан түрлі бөгетке тап болады. Ал сандық телевизия ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететінін ұмытпаған жөн» /2/.

Тағы бір артықшылығы – егер бүгін бір жиілікте бір ғана телеарна берілсе, санға көшкенде осы жиілікте 10 бағдарламаны көруге болады. Демек, радиожилік спектрінің тиімділігі бірнеше есе ұлғаяды. Мәселен, алыстағы ауылдарда қазір 2-3 арнаны көрсетсе, ол кезде 20-30 арнаға жол ашылады. Осы орайда «қаптаған арнаны немен толтырады?» деген сауал туындайтыны сөзсіз.

Сандық телевизияны дамыту бағдарламасына сәйкес, тұңғыш мультиплекске барлық әлеуметтік маңызы бар бағдарламалар енуі тиіс. Осы қоржынға ие әрбір азамат ел ішінде және сыртта болып жатқан жаңалықтардан қалыс қалмайды. Сондай-ақ бағдарламаның басқа да қоржындары болады. Мәселен, біреуге футбол, біреуге саз әлемі қызықты. Сөз жоқ, бұл кең таралған кабельді телеарнаның пакеттерін еске түсіреді. Жоспар бойынша, бірінші әлеуметтік бағдарлама – тегін, ал қалғандары ақылы болмақ. Ең бастысы, таңдау бар».

Сандық телевизияға көшу үш кезеңде жүзеге асырылады.

- Бірінші кезеңде (2009-2010 жж.) сандық телевизияның ұлттық стандарттарын, нормативтік-құқықтық базаны, жиілік-аймақтық жоспарды бекіту және әлеуметтік міндетті теле-радиоарналардың тізімі жөнінде келісу. Сондай-ақ осы мерзім ішінде пилотты аймақтарда таралым тәжірибе жүзінде іске асырылады.

- Екінші кезеңде (2011-2013 жж.) бірінші кезеңде қамтылмаған өңірлерде жоба жұмыстары мен жүйені өрістетуге жалғасады. Осы үш жыл ішінде аналогті таралымды тоқтатудың шекті мерзімі белгіленеді.

- Үшінші кезеңде (2014-2015 жж.) сандық таралым желісі еліміздің барлық аймақтарын қамтитын болады /3/.

Қазір біз атқарып жатқан жұмыс — алғашқы кезеңге, яғни, спутниктік кезеңге жатады. Бұл кезеңде елді мекендерге бұрынғы эфирден тарайтын хабар қабылдағыштар (приемник) орнатылады. Әрі қарайғы кезеңде хабар таратқыштар (передатчиктер) қондырылатын болады. Жаңа жүйені қондыру үшін әр отбасы арнайы спутниктік қабылдағыш пен телевизиялық қобдиша (приставка) сатып алу қажет.

Бұрын бір арнаны көру үшін елді мекендерге бір хабар таратқыш қондыру қажет болса, енді 18 арнаға бір құрылғы қоятын мүмкіндік туды. Облыстағы елді мекендер бұрын 2-3 арнаның хабарларын ғана көріп отырса, ендігі жерде 40 арнаны тегін тамашалай алады, яғни жаңа жүйенің базалық пакетінде 40 арна болады. Базалық па-

кеттен басқа қосымша ақылы үш пакет бар: эконом пакет — 48 бағдарлама, стандарт пакет — 62 бағдарлама және 94 бағдарламаны қамтитын элит пакет бар. Тұрғындар 40 бағдарламаны тегін көре алады немесе қалауынша осы үш пакеттің біреуін қосып ала алады /2/.

Ерекшелігі сол, бұрын бір жиілікте бір ғана арна берілсе, сандық жүйенің арқасында бір жиілікте бірнеше бағдарламаны көруге мүмкіндік болады. Жаңа жоба, негізінен, ұлттық бағдарламаларды қолдауға бағытталған. Қазақстанмен шекаралас Ресей ауылдарында тұратын қазақтар да бұл жобаның игілігін көруге, яғни ұлттық бағдарламаларды тамашалауға қол жеткізе алады. Ол үшін олар Қазақстанға келіп, тапсырыс беріп, рәсімдейді.

Қазіргі таңдағы жаһандану кезеңінде сандық телевизияға көшу біз үшін үлкен жетістік болып табылмақ. Телеиндустрияның бүгінгі мүмкіндіктері мұнымен де шектелмейді. Ол жоғары динамикалық өсу кезеңін бастан кешіруде және болашақта бұл үрдістер одан әрі дами түсіп, жаңа тауқыметтерді туғызуы мүмкін.

1. www.ru.wikipedia.org/wiki/Цифровое_телевидение

2. Омашев Н. Қазақ журналистикасы. 2-том. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008.

3. Ахметова Г. «Сандық телевизияға көшу – заман талабы» // Алаш айнасы.

4. Рахатқызы М. Сандық телевизия: Ұлттық мүддені көздейтін жаңа жүйе, Ақтөбе облыстық саяси-қоғамдық газет, 19 Мамыр 2011



КНИГИ ИЗДАТЕЛЬСТВА «ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ»

В продаже

Әсембаева Б. Баспа ісінің менеджменті мен маркетингі: оқу құралы. – 2011. – 108 б.

ISBN 978–601–247–251–6

Оқу құралында баспа қызметіндегі менеджмент пен маркетингтің теориялық, әдістемелік және тәжірибелік мәселелері қарастырылады. Кітап кәсіпорындарының оқырмандардың сұранысына ие болатын жоғары сапалы өнімдерді басып шығаруы оның менеджменттік және маркетингтік қызметті өз деңгейінде жүргізуіне тікелей байланысты.

Қабылғазы К. Хабар технологиясы: оқу құралы. – 2011. – 76 б.

ISBN 978–601–247–256–1

Оқу құралында телерадиохабар жасаудың технологиясы туралы айтылады. Оқу құралы журналистика факультетінің студенттеріне, сырттай оқушыларға және хабардың жасалу технологиясын өздігінен үйренушілерге арналған.

Тлепбергенова А. Страновой имидж: учебное пособие – 2011. – 65 с.

Учебное пособие является базовым при изучении курса «Страновой имидж». Рассматриваются структурные составляющие понятия имиджа страны и государства, а также роль государственной политики, информационных технологий, международных связей в системе построения странового имиджа.

Альжанова А. Б.

Связь с общественностью: учебное пособие. – 2011. – 116 с.

ISBN 9965-29-765-7

В пособии рассматриваются основы PR: изучение общественного мнения, система мониторинга и анализа СМИ в Казахстане, формы отношений с прессой, использование PR в политике.

Мусинова А. Культура и СМИ: культура и искусство в прессе Казахстана. – 2011. – 164 с.

ISBN 9965-29-715-0

В монографии дана характеристика ситуации в области культуры Казахстана и её отражение на страницах республиканских СМИ. В хронологическом порядке изложена история группы периодических изданий, посвященных культуре и искусству, от первых газет и журналов до последних новинок. Более детально исследована пресса периода независимости.

По вопросам приобретения обращаться в отдел продаж издательства «Қазақ университеті» Ихсановой Г.З. Контактный тел.: 8(727)377-33-36, 377-33-37, доб. 13-69. Мобил.тел. 8-777-316-03-97. E-mail: Gulnara.Ikhsanova@kaznu.kz. www.read.kz